



Энси
Семос

ЙЕЛДЕР
СЕНЕТІН ӨТІРІК



ЖӘНЕ АЗАТ ЕТЕТІН АҚИҚАТ

АЛҒЫ СӨЗ



анашыр да көреген әйел Нэнси Лей Демосс батылы барып, әйелдердің қиялдары мен адасушылықтарының, үміттері мен қорқыныштарының, сәтсіздіктері мен қайғы-қасіреттерінің тереңіне бойлай зерттеу жүргізді. Егерде осыдан отыз жыл бұрын басымызға тасқындай төгілген: «бәрі өз қолыңда»; «аяушылықтың қармағына түспе», «біз еркектер істегеннің бәрін, тіпті, олардан да артық істей аламыз» деген жалған ұстанымдар болмағанда, аталмыш қиыншылықтардың мүлде болмауы да мүмкін еді.

Әрине, бұл өтірік әлдеқайда ерте пайда болды. Құдай алғашқы еркек Адамға берген әйел Азғырушыға құлақ асты: Құдай сендерге шынымен солай деп айтты ма...? Хауа жыланның айтқанына ерді. Күйеуі әйелінің одан әрі қарай өтіріктің ықпалында кетуіне кедергі жасаған жоқ, өзінің әрекеті арқылы ол: «Егер ол осыны қаласа, солай болсын» дегенді білдірді. Нәтижесінде, бұл дүниеге күнә, ал күнәмен бірге — өлім келді. Хауа өзінде бардан бас тартып, оған берілмеген нәрсеге ие болды. Былайша айтқанда, ол: «Менің еркім болсын», — деді.

Ақтап алудың бар екендігіне Құдайға шүкір! Құдайды қастерлейтін ауыл қызына періште көрініп, таңқаларлық хабарды жеткізді: Мәриям Құдай Ұлының анасы болады. Алғаш абдырап қалған Мәриям ақыры бұл хабарды қабыл алды. Ол: «Мен Жаратқан Иенің күңімін; айтқаныңыз болсын!» — деді.

Мен осы кітапты оқығандарыңызда сіздерді Құдай Рухының жете-леуі үшін мінажат етемін. «Шынайы құтқарылудың мәні, — деп жа-

зады автор, — тәубеге келу дерегінің өзінде немесе қайырымды істерде емес; ол — адамның өзгеруінде: «Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол — жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды!»

Элизабет Эллиот



❧ КІРІСПЕ ❧



Едемнен құылған, үстіне аң терісінен киім киіп, ашулы күйеуінің қасында келе жатқан, ең алғашқы кісі қолынан өлетін баланың және оны өлтірушінің болашақ анасы Хауа өзін бақытсыз, далада қалған, жолы болмайтын адам ретінде сезінген болар.

Адаммен бірге Едем бағынан онда күн көрудің өзі қиынға түсетін шығысқа қарай бет алу, сірә, ол үшін өте ауыр болған шығар. Жұмақта тұрып, ал кейін одан кетуге мәжбүр болу қандай қиын десеңізші!

Сол сәтте Хауа бәрінен бұрын нені қалады?

Ал сіз нені қалар едіңіз?

Мен Хауаның тиым салынған жемістің дәмінен әлі татпаған, қолдары жақсылық пен жамандықты білдіретін бұталарға қарай жаңа ғана созылған, әлі де жағдайды түзеуге мүмкіндік бар сәтті кейін қайтаруды бар жан-тәнімен қалағанына сенемін.

Оны бәрін кейін қайтару, шешімді өзгерту, дұрыс әрекет жасау тілегі мазалады.

Біздер де Хауаға ұқсаймыз.

Біздің әрқайсымыздың басымызда жеңістер мен жеңілістер, қайғы мен жан аурулары болды.

Бәріміз өзімізді тілектерді, ашуды, көре алмаушылық пен қайғыны басымыздан өткердік.

Мүмкін, біздің жеңілістеріміздің кейбірі соншалықты қорқынышты емес болар. Олар бүкіл адамзаттың өміріне әсерін тигізетіндей апатқа алып келген жоқ. Мүмкін, бұлар «кіші-гірім» қателіктер болар. Бі-

рақ солардың өздері біздің жүректеріміздің кіршіксіздіктен қаншалықты алыс екендігін көрсетеді. Біз бәрін басынан қайта бастауды, үйлестік пен татулықта өмір сүруді бар жан-тәнімізбен қалаймыз.

Мен әр конференцияда әйелдерден мінежат мұқтаждықтары жазылған қағазды толтыруларын сұраймын. Конференциядан кейін әлгі қағаздарды жинап алып, үйге апарып оқимын. Оларды оқып отырып жиі жылаймын, өмірлері бүлінген әпке-сіңділерім үшін жүрегім ауырады.

Некелері қыл үстінде тұрған әйелдер үшін...

Балаларын ойлап уайымдайтын әйелдер үшін...

Өткендегі сәтсіздіктерін ұмыта алмай, жан жаралары жазылмай жүрген әйелдер үшін...

Өз-өздерімен күресте жүрген әйелдер үшін...

Рухани өмірлері күмәнға толы әйелдер үшін.

Бұл әйелдер біздің жанымызда өмір сүріп жатыр. Олардың бастарындағы жағдай — біздің де басымыздағы жағдай. Олардың көпшілігі өмір бойы қауымға барып жүреді. Кейбіреулері сіздің қауымыңызға барады. Олардың бірі сіздің балаңыз баратын жексенбілік мектептің мұғалімі болуы мүмкін. Екіншілері, әр апта сайын болатын Киелі кітапты зерттеу сабақтарына қатысады, тіпті, сол сабақтарды жүргізулері де мүмкін. Көп жағдайда сіз олардың іштерінде қандай күрестің жүріп жатқанын біле алмайсыз да. Егер сіз олардан жағдайларының қалай екенін сұрайтын болсаңыз, олар күлімсіреп: «Шүкір», — деп жауап береді.

Менің осы кітапты жазуыма сол әйелдердің бастарынан өткізген оқиғалары түрткі болды.

Өтінемін, бұлар сирек кездесетін, ерекше куәліктер емес екенін түсініңіздер. Мен «ауытқулары бар» әдеттен тыс әйелдер жайлы әңгімелемеймін. Мен бұған ұқсас көптеген оқиғаларды естідім және көрдім. Олардан жеке бір кітап құрастыруға болар еді.

Біздің қоғамымыз «жан ауруына» шалдыққан және мұндайлар сенушілердің арасында да бар.

Егер маған соңғы жылдары кездестірген мәсіхші әйелдердің өмірлерін бейнелеуге тура келсе, онда мен төмендегі сөздердің бірін немесе бірнешеуін таңдап алатын едім:

<i>әлсіреген;</i>	<i>жеңіліске</i>	<i>шырмалғандар;</i>
<i>шаршаған;</i>	<i>ұшыраған;</i>	<i>өз-өзіне сенімсіздер;</i>
<i>қажыған;</i>	<i>торыққан;</i>	<i>өздерін жалғыз</i>
<i>шатасқан;</i>	<i>өздерін үнемі кінәлі</i>	<i>сезінетіндер;</i>
<i>ашынған;</i>	<i>сезінетіндер;</i>	<i>өз-өздеріне қол</i>
<i>түңілген;</i>	<i>сезімде</i>	<i>жұмсауды ойлай-</i>
<i>көңілдері қалған;</i>	<i>тұрақсыздар;</i>	<i>тындар.</i>

Қауымдағы әйелдердің кейбірінің өз-өзіне қол жұмсау туралы ойлағандарын білгенде, сіз қатты таңданып қалатын боларсыз. Мен осы жолдарды оқып отырған сіздердің араларыңыздағы кейбіреулеріңіздің қазірдің өзінде әзер жүргендеріңізге күмәнім жоқ. Мүмкін, бұл сіз боларсыз. Мүмкін, сіз бұдан былай өмір сүрудің мәні жоқ екенін сезінетін боларсыз. Қымбатты сіңдім, сізге үміттің бар екенін айтқым келеді! Сіздердің қиындықтарыңыз осы кітапты оқи сала жоқ болып кетпейді, бірақ мен оның сізге Көмектесе алатынға жол сілтейтініне сенімдімін. Өтінемін, әрі қарай оқи беріңіз.

Қазіргі мәсіхші әйелдер туралы ойлағанда менің ойыма келетін тағы бір сөз — бұл құл болу. Әйелдердің көпшілігі құлға айналған — олар көбіне өз еріктерімен құлдыққа түскен. Мысалы, көптеген әйелдер өздерін кінәлі сезініп, өз-өздерін айыптап өмір сүреді. Олар Құдайдың рақымы мен сүйіспеншілігінің рахатын еркін сезіне алмайды.

Көпшілігі өз өткендерінің құллығында. Оларда өздерінің немесе өзге адамдардың сәтсіздіктерінің салдары қандай болмасын, солар мойындарында ауыр жүк болып асылып тұрады және олар оны өмір бойына көтеріп жүреді.

Екіншілерін Киелі кітап «адамдар алдындағы қорқыныш» деп атайтын нәрсе азапқа салады. Олар адамдар менен теріс айналады, адамдар мен туралы не айтады деген қорқыныштың құллығында. Өз

сезімдерінің құлы болып, қорқынышта, сары уайымда, ашу-ызада, өзіне деген аяныштың ықпалында жүрген әйелдер де бар.

Әйелдерді құлдығында ұстайтын ең кең тараған саланың бірі — бұл тамақтану. Бұл мойындауды мен әр түрлі формадағы көптеген әйелдерден естідім. Біреулері еш тоқтай алмай, үнемі тамақтана беретін болса, екіншілері — өз-өздерін зорлап тамақ іше алмайды. Біріншілері де, екіншілері де құлдықтың құрсауында.

Мен әйелдердің бәрі де осындай әлсіздікке ерік береді деп айтқым келмейді (бірақ, кей кездері әрқайсымыз да өзімізді сол топтардың бірінің қатарына жатқыза аламыз). Менің айтқым келетіні, жалпы мәсіхші әйелдер салмақты тоқырауды бастарынан өткереді. Оның шешімін табу үшін үстірт байламдар мен жауаптар жеткіліксіз болады.

Жазбаға назар аударған кезімізде біз Құдайдың өзіміз үшін мұндай өмірді ойластырмағанын көреміз. Жохан жазған Ізгі хабардан Исаның сөздерін оқып, Құдайда біз үшін одан гөрі жақсырақ нәрсенің бар екенін білеміз:

Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім.

Жохан 10:10

Сіз осы рухани игілікке толы өмірге иемін деп айта аласыз ба? Әлде, тек жай ғана өмір сүріп жатырсыз ба?

Мен сізден басыңызда қиындықтарыңыз бар ма деп сұрамаймын. Мен білетін өмір сүйгіш, ашық-жарқын әйелдердің кейбірі некеде бақытсыз немесе ұлдарын немесе қыздарын жер қойнауына берген; басқалары қатерлі ісік ауруына шалдыққан немесе кәрі, ауру әке-шешелерін бағып отыр. Бірақ осы қиындықтардың арасынан олар қандай да бір жолмен өздерінің өлім алқабы арқылы сенімді әрі жайбарақат жүріп өтулеріне көмектесетін өмір бастауын ашып алған.

Ал сіз ше? Сіздің өміріңізде де осындай құлдық аймақтары бар ма? Қиындықтармен шырмалған, бақытсыз болудың орнына сіз:

*еркін
қуанышты
өмірге риза
сүйөші
жарқын*

*құлтырған
мейірбан
байсалды
тұрақты әйел
бола аласыз.*

Сіз осындай әйелге айналғыңыз келе ме?

Мүмкін, сіз өз өміріңізде Құдайдың батасы мен тыныштықғын сезінетін боларсыз. Сіз Мәсіхті білетін, бірақ сонда да әлі құллықтың құрсауында жүрген әйелдерді білетініңіз анық. Оларға азаттықтың жолын қалай көрсетуге болатыны туралы білгіңіз келе ме?

Мен барлық аурулардан бір сәтте арылтатын керемет бір құрал туралы айтып тұрған жоқпын. Мен жеңіл өмірге бастайтын қысқа жолды да ұсынбаймын және қиындықтар мен жан ауруларының болмайтынына уәде де бере алмаймын. Өмір өте қиын — бұған ешнәрсе істей алмайсың. Мен өмір бізге ұсынатын қиындықтар, түңілулер, жан жарақаттары, тіпті, өлім арқылы қалай азаттықта және қуанышта өтуге болатыны туралы айтпақпын.

Сіздер: «Мен дәл осындай өмірді қалаймын! Мен мұны өзім үшін де, өзгелер үшін де қалаймын. Неден бастайын?» — деп сұрарсыз.

Әйелдердің бастарындағы қиындықтарды көп көріп, көп жылдар бойы бұған жауап іздеген мен Құдай Сөзінен ауыртпалықтарымыздың көбінің шынайы себебін таптым:

СІЗДЕР ЖӘНЕ МЕН АЛДАНҒАНБЫЗ!



БІЗГЕ ӨТІРІК АЙТҚАН!



Мен сіздерге қиындықтарымыз басталған жер: Адам мен Хауаның алғашқы тұрағы болған тамаша Едем бағына қайтып оралуды ұсынамын. Онда болған жағдай біздің қазіргі өмірімізге де әсерін тигізуде.

Бір өтіріктің жер бетіндегі барлық бәленің бастауына қалай айналғанын қараңыз. Хауа бұл өтірікті тыңдады, оған сенді және соның негізінде әрекет ете бастады. Барша қиындықтың, соғыстардың, бұзылған қарым-қатынастардың, жан азабының тамыры — сол бір жалғыз өтіріктен басталды.

Әдеттегісіндей, бір өтіріктің орнында өтіріктің бүтіндей жүйесі пайда болды. Хауа өтірікке сенді, ал біз, Хауаның қыздары, оның жолын қудық. Біз бір өтіріктен кейін екіншісін тыңдаймыз, оған сеніп, соған сәйкес әрекет жасаймыз. Әр тараудың басында ойдан шығарылған «Хауаның күнделігінен» үзінділер келтірілген. Бұл, мүмкін, өзінің өмірінің түрлі кезеңдерінде Хауаның сенген өтіріктері туралы ой толғау. Мүмкін, оның күнделігі сіздің де күнделігіңізге ұқсас болар?

Әр замандағы әйелдер кездестірген өтіріктің түрлерінің бәрін санап шығу мүмкін емес. Бірақ қазіргі мәсіхші әйелдер солардың кейбірін өте тез қабылдайды. Менің мақсатым — осы кітапта өтірікті әшкерелеп, оның шынайы мәнін ашып беру. Өтіріктің кейбір түрлерінің кең таралғаны сондай, оларды танудың өзі қиынға түседі. Бірақ «жақсы өтірік» — бұл шындыққа өте ұқсайтын өтірік. «Жаңа» өтірік — бұл өте көнеден келе жатқан өтірік.

Менің мақсатым, мәсіхшілер арасында кең таралған өтіріктердің кейбіреулерін әшкерелеп беру ғана емес, сондай-ақ оны айтушының бетіндегі бет пердесін сыпыру. Шайтанның өзі «өңін айналдырып, нұрлы періште болып көрінеді» (2 Қорынт. 11:14). Ол бізді бақытты етуге уәде береді және біздің қамымыз үшін әрекет ететін секілді болып көрінеді. Бірақ ол өтірікші және бұлдіргіш; оның мақсаты — біздің көмегімізбен жүрегіміздің тағынан Құдайды алып тастау. Мен сіздерге шайтанның сізді және сіздің жақындарыңызды алдап, құрту үшін өмірлеріңізде қолданған болуы мүмкін аса шебер жасырылған өтірікті (немесе жартылай шындықты) ашып бергім келеді.

Бірақ өтірікші мен оның өтірігін әшкерелеп қана қою жеткіліксіз. Сіздерге ақиқаттың күшін және сенімнің, ақиқатқа негізделген өмірдің осы бір бұзылған, азап шеккен дүниеде шындықтан қашуға емес, нағыз азаттыққа қалай алып келетінін көрсеткім келеді.

Осы аптаның басында мен Жазбаның кейбір тұстары туралы ойла-
нып, көше бойымен серуендеп жүрдім. Сонда Құдай маған Жақыптың
жолдауындағы соңғы екі аяттың мәнін ашып берді:

Бауырластарым, қайсыбіреуің ақиқат жолынан тайса, басқа біреуің
оны кері қайтарсын! Естеріңде болсын: кім күнәкарды теріс жолдан
қайтарса, сол оның жанын рухани өлімнен құтқарып, көптеген
күнәларының кешірілуіне себепші болады.

Жақып 5:19,20

Осы үзіндіде Құдайдың маған осы кітапты жазудың мақсаты мен
мәнін ашып көрсеткенін бірден түсіндім. Миллиондаған мәсіхші
әйелдер алдауға түсіп, шындықтың жолынан тайды. Мен Құдайдан
бұл кітапты олардың кейбірін сауықтырып, құлдықтан құтқаруы үшін,
олар батаға ие болып, игілікке толы өмір сүрулері үшін пайланауын
сұрадым.

Менің кейбір сөздерім сіздің ашуыңызға тиюі мүмкін. Мен сы-
пайы әрі жұмсақ болуға тырысқан жоқпын. Менің мақсатым бәрі ба-
старын изеп, келісетіндей бірнеше жақсы ойларды жазу емес. Менің
ойымша, тек хирургиялық араласу, яғни, ой тұрғымызды түбегейлі өз-
герту ғана жүрегіміздегі жарақаттардың тамырын жойып, бізді сауық-
тыра алады. Кейде шындық жанға батады. Бірақ сізді азаттыққа жет-
кізетін шындықпен бөліспеу, менің тарапымнан үлкен әділетсіздік
болар еді.

Төменде шындықтың күші жайлы куәлік ететін екі оқиғаны келті-
ре кетейін.

*Міне, ақыры азаттық алдым! Үмітім үзіле бастаған еді, бірақ Құдай
мені көп жылдарға созылған құлдықтан толықтай азат етті.*



Бұл сөздерді маған оңаша әңгімеде бір жас әйел айтқан болатын.
Ол өз өмірінде Құдайдың қалай әрекет етіп жатқаны туралы әңгіме-

леді. Ол он үш жасынан бастап өзінің жаман әдеттің құлдығында болғанын айтты.

Мен мұндай әдетімнен арылуға көп талаптандым, қолымнан келгеннің бәрін де жасадым. Киелі кітапты зерттеп, мінажат еттім, құрбыммен сырластым — бірақ бәрібір де құлдырай бердім. Сәтсіздікке ұшыраған мен күнәмді мойындап, Құдайдан кешірім сұрадым, бірақ тағы да қателік жасайтынымды біліп жүрдім. Мен өзіме тоқтау қоя алмадым.



Ал мына әйел көп жылдардан бері Мәсікке сенеді. Күйеуімен бірге Құдайға қызмет ету істеріне белсене араласады. Оның жүрегі адал және Құдайға ұнамды болуға барынша тырысады, ол Мәсіх жайлы көп куәлік етіп, адамдарға қызмет етеді. Бірақ ол көңілі қалушылық сезімінен және кінәлілік сезімінен еш арыла алмады.

Содан кейін ол өзінің азаттыққа қалай қол жеткізгені туралы әңгімеледі:

Ақыры мен батылданып, бір тәжірибелі мәсіхші әйелден көмек сұрадым. Ол мені өзімнің қандай өтірікке сенім артқаным туралы Құдайдан сұрауға түрткі салды. Мен өзімнің қандай да бір өтірікке сенетінім туралы мүлде ойламаған едім. Бірақ мінажат ете бастаған кезімде Құдай маған өмірімде өтірікке ерген басты екі тұсты көрсетіп берді. Бұл өтірік мені он жыл бойы өз құрсауында ұстап келді! Мен өтірікке сенгенім үшін Құдайдан кешірім сұрадым және Одан өмірімнің шайтанның енуіне жол берген аймағын «қайтарып» беруін сұрадым.



Бұдан әрі не болғанына куәлік еткенде оның жүзі жайнап кетті. «Содан бері қарай, — деді ол, — мен өзімді құрыш құрсауында ұстаған құлдықтан толықтай азат болдым. Оның үстіне, Құдай менің өткен өмірімде азғырулар болған басқа да аймақтарында жеңіске жетуіме

көмектеседі. Өзімнің қандай қуаныш пен еркіндікте жүргенімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын! Шындықтың күшінде шек жоқ!»

Мен шындықтың күшінен куәлік ететін тағы бір оқиғаға куә болдым. Бір әйел өзінің қауымының бағушысына ғашық болып қалған екен. Бұл туралы естіген кезде мен оның жұмысына қоңырау шалдым, себебі күйеуінің бұл туралы білетініне сенімді емес едім. Ол хатшы болып істейтіндіктен, біз қызмет телефонымен ұзақ сөйлесе алмайтын едік. Өзімнің кім екенімді айтып бірден іске көштім:

«Егер мен түн ортасында терезеден сыртқа көз салып, көршімнің үйі өртеніп жатқанын көрсем, онда далаға жүгіріп шығып, оларды оятып, жанып жатқан үйден сыртқа алып шығу үшін қолымнан келгеннің бәрін жасар едім. Егер қажет болса, мен бар дауысыммен айқайлап, есіктерді тоқпақтар едім. Мен олардың түн ортасында оятқаныма қалай қарайтындары туралы ойланып жатпас едім. Олардың мазасын алғаныма еш өкінбес едім».

Содан соң мен әлгі әйелге: «Сіздің де өртеніп жатқан үйдің ішінде; үлкен қауіптіліктің алдында тұрғаныңызды ескерткім келеді. Бұл өте жаман жағдай болғандықтан, мен сіз не ойлайды немесе әрекетім көңіліңізге келер деп уайымдап жатпаймын. Сіз әлі кеш болып кетпей тұрғанда жанып жатқан үйден шығып кетуіңізге көмектесу үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын», — дедім.

Мен көзіме жас ала отырып, әлгі әйелден оның өмірінде шын мәнінде не болып жатқанын түсінуін сұрадым. Мен одан өз еркімен тап болған бұл қауіпті жағдайдан шығу үшін тез арада түбегейлі шешім қабылдауын өтіндім.

Әңгіме кезінде Құдай оның жүрегіне Өзінің жарығын түсірді. Келесі күндері болған нәрселерді мен өзімнің еңбегім деп есептей алмаймын — «Себебі Өзіне ұнайтын істерді қалап, жүзеге асыруларыңа түрткі болушы — Құдай» (Філіп.2:13). Сол әйелдің дұрыс шешім жасап, өз өміріне, отбасына және адамдармен қарым-қатынасына қатысты Құдайдың еркін қабылдағанын көру мен үшін қандай қуаныш болды десеңізші. Әйел бір қиын қадамның артынан екіншісін жасаған сайын, Құдай оның сезімдеріне, ескі әдеттері мен терең тамыр жайған ой тұрғысына қарамай алға жылжуына күш беріп отырды. Әйел қайтадан

нұрда өмір сүре бастады. Сонда ол өзінің жаңа жолын — азаттық пен батаның жолын тапты.

Ақиқат осындай және осы ақиқат сіздің өміріңізде де болуын қалаймын, қымбатты оқырман.

Біз шыққалы отырған саяхат оңай болмайды. Кейде сіз құлына айналған өтіріктің әрекет ететін аумағын анықтау, оның түп тамырын табу өте қиынға түседі. Бірақ мен сіздерді өте жақсы көретін, сіздер үшін өмірін қиған сіздерді қолдарыңыздан жетелеп, шөбі шүйгін, суы тұнық аймаққа алып баратын «Ізгі Бағушыны» білемін.

Мәсіх бізді еркін өмір сүрсін
деп азат етті. Енді табанды болып,
құлдықтың қамытын қайта кимеңдер!

Галат. 5:1

Қиналып қатты шаршап-шалдыққандар,
еңселерін тым ауыр жүк басқандар, Менің қасыма келіңдер,
бәрің, жандарыңды Мен рақатқа бөлеймін! Қамытымды бірге киісіп,
үйреніңдер Өзімнен, өйткені жуас, кішіпейілмін шын жүректен,
тыныштық табады сонда көңілдерің, Себебі ыңғайлы —
қамытым Менің, әрі жеңіл — жүктейтін міндеттерім.

Матай 11:28–30



☞ I БӨЛІМ ☞

СӨЗБАСЫ



PROLOG

Қымбатты күнделік,

Менің басым шыр айналып кетті. Тіпті, әңгімемді неден бастарымды да білмеймін. Бақтағы барлық күндеріміз секілді, бұл күн де тамаша басталды. Құдаймен бірге серуендеу үшін біз Адам екеуміз әдеттегідей ерте тұрдық. Біздің бұл серуеніміз күннің ең жарқын, ең маңызды бөлігі болатын.

Сол күні таңертең бәріміз біраз уақыт үнсіз жүрдік. Біз үшін бәріміздің бірге жүргеніміз сондай жақсы еді. Содан соң Құдай ән сала бастады. Бұл сүйіспеншілік әні болатын. Ол әннің қайырмасына жеткенде біз де қосылып кеттік — алдымен Адамның зор дауысы естілді, содан соң мен де қосылдым. Біз сүйіспеншілік, жұлдыздар, қуаныш және Жаратушы жайлы әндер шырқадық. Ақыры біз Бақтың ортасындағы үлкен ағаштың көлеңкесіне келіп отырдық. Біз Құдайға Оның қайырымдылығы үшін алғысымызды білдірдік, өзіміздің тек Оған қуаныш әкелуді және қуанышты одан гана тапқымыз келетіні жайлы әңгімеледік. Бұл сондай керемет шақ еді және үшеуміз бас қосқанда ылғи да осылай болатын.

Содан кейін не болғанын қалай түсіндірерімді білмеймін. Күтпеген жерден біз бұрын ешқашан естімеген бір дауысты естідік. Артыма бұрылып қараған мен бұрын соңды өзім көргендердің ішіндегі ең әдемі жаратылыс иесін байқадым. Ол бірден мені сөзге тартты. Ол сөйлеп отырғанда мен өзімді маңызды адам ретінде сезіндім және оны үздіксіз тыңдай бергім келді.

Сол сәтте Құдайдың қайда болғанын мен білмеймін. Сірә, Ол бізді тастап кетпеген секілді. Менің ойымша, мен оның жанымызда екенін ұмытып кеттім. Тіпті, мен біраз уақытқа Адамның жанымда тұрғанын да

ұмытттым. Мен өзімді осы бір көз қарықтыратын, жұмбақ жаратылыс иесімен жалғыз тұрғандай сезіндім.

Содан кейінгі әңгіме менің есімде мәңгіге қалады. Ол маған өзім бұрын ол туралы ешқашан ойланбаған сұрақтарды қойды. Содан ол маған өзім бұрын ешқашан қажет етпеген нәрселерді ұсынды. Құдайдан және Адамнан тәуелсіздік. Жағдай — бұрын мен үнемі Құдай мен Адамға қарайтын болсам, енді олар маған қарайтын болады (ол осылай болады деп уәде етті). Білім — тек Құдайға ғана белгілі құпияларды білу. Рұқсат Бақтың ортасындағы ағаштың жемісінен дәм татуға.

Мен алғаш тек тыңдап, оған қараумен болдым. Мен ойланып, өзіме сұрақтар қойдым, қарсыластым. Құдайдың осы ағаштың жемісінен жеуге тиым салғанын Адам маған неше рет айтқан болатын. Ал мына жаратылыс иесі менің көздеріме тура қарап, сондай жұмсақ үнмен сөйлеп отыр. Ақыры мен оның айтқанына сендім. Маған ол дұрыс айтып отырған секілді болып көрінді. Сөйтіп, мен берілдім. Мен алдымен жасқана, содан соң батылырақ қолымды создым. Мен жемісті үзіп алып, жедім. Сосын Адамға да бердім. Біз сол жемістен жедік. Біз бірге жедік — алдымен мен, содан кейін Адам жеді.

Одан әрі не болғаны еміс-еміс есімде. Менің бойымда бұрын өзім ешқашан сезінбеген сезімдер пайда болды. Мен тиым салынған құпияны біліп қойған секілді жаңа сезім. Қуанышты да, қорқынышты да бір мезетте сезіндім. Азаттық. Түрме. Жоғарылау. Құлау. Сенімділік. Қорқыныш. Ұят. Мен таза емеспін. Мен тығылып тұрмын — бұл күйімде Оның алдында тұра алмаймын.

Мен жалғызбын. Жападан жалғызбын. Мен алдауға түстім.

1-ТАРАУ

АҚИҚАТ... НЕМЕСЕ САЛДАР

«Аяққа арналған магнитті массаж жасағыш! 15 минут ішінде сіз өмірге қайта келгендей боласыз!»

«Фортепианода ойнауды... 40 сағат ішінде қалай үйрену!»

«Бар-жоғы 10 минут ішінде үш кило артық салмақтан арылу!
Және тәттіден бас тартудың қажеті жоқ!»



Біздің қоғамымыз алдауға толы. Алдау барлық жерде бар, мына мағынасыз жарнамалар соның айқын дәлелі бола алады. Кейде алдауды оңай аңғаруға болады (мысалы, 10 минут ішінде 3 килограммға арықтайсыз дегенді). Бірақ, өкінішке орай, алдаудың басым көпшілігін аңғару өте қиын.

Жарнамадағы алдау адамның табиғи қалауларын оятады. Біздің он минут ішінде артық салмағымыздан арыламыз дегенге сенгіміз келеді — бұл үшін тер төгудің, белгілі бір тәртіпке бағынудың, көп ақшаның, күш жұмсаудың қажеті жоқ. Сондықтан да біз жарнамаланатын дәрілерді, ас қоспалары мен жаттығуға қажетті құралдарды сатып аламыз.

Мақсаты Адам мен Хауаның Жаратушыға көзқарастарын өзгерту болған әккі саудагер алғашқы жарнаманы ұйымдастырды. Шайтан олардың арасына қабырға тұрғызуға ұмтылды. Ол еркек пен әйелдің Құдайға ашық қарсы шығуға бармайтындарын өте жақсы білді. Шай-

тан оларды алдап, оларға Құдайдың бекіткен ережелеріне ашық қарсылық болып көрінбейтін нәрселермен еліктіру керек екенін түсінді.

Шайтан Хауаны шындықтың пердесін жамылған таза өтірік пен жартылай шындық қоспасы арқылы алдады. Ол әйелдің санасында Құдайдың шын мәнінде не айтқаны жайлы күмән тудырудан бастады. (Құдай... шынымен айтты ма? Жар. баст. 3:1).

Содан кейін ол әйелді Құдайдың айтқанына немқұрайды қарауға және Оның шын мәнінде айтпаған нәрсесіне сенуге мәжбүрледі. Құдай: «Мына ағаштың жемісінен жемендер», — деді. Бірақ, Хауаның айтуы бойынша Құдай: «Одан жемендер, әрі оған тиіспендер», — деген-мыс.

Шайтан Хауаны арбап, Құдайдың рақымдылығына, Оның сүйіспеншілігі мен игі ниетіне күмәнін туғызды. «Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемендер деп шынымен айтты ма?» — деп сұрады ол. Мұны: «Сонда қалай, Құдай сендердің бостандықтарыңа шектеу қойды ма?! Сірә, Ол сендердің бақытты болғандарыңды қаламайтын секілді!» — деп түсінуге болатын.

Ал шын мәнінде Құдай оларға: «Бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады. Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің...» — деген болатын.

Үлкен бақта Құдай тиым салатын бір ғана белгі қойды: «Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің!» Бұған қоса, осы жалғыз тиымды Құдай Адам мен Хауаның игілігі үшін қойды және ол солардың мәңгілік бақыттары мен баталы өмірлерінің кепілі қызметін атқаруға тиіс болатын. Егер сол ағаштың жемісінен тартар болса, онда олардың өлетіндерін Құдай білді; олардың Құдаймен қарым-қатынастары бұзылады; олар шайтанның, күнә мен өз қара бастарының құлдарына айналады.

Содан кейін шайтан Хауаны Құдайға құлақ аспаса ештеңе де болмайтынын айтып, егер ағаштың жемісінен жесе, онда оның көптеген игіліктерге қол жеткізетінін айтып, азғырды. (Жар. баст. 3:5 қараңыз). Ол әйелдің алдынан білім мен тәжірибенің үлкен әлемі ашылатынын уәде етті («көздерің ашылады»). Шайтан оның Құдаймен бірдей болатынын — яғни, оның өзінің құдай секілді болатынын айтып сендірді («Құдай сияқты боласыздар»).

Ақыры, шайтан ненің жақсы, ал ненің жаман екенін оның өзі шеше алатынын айтты («Сонда сендер ненің жақсы, ненің жаман екенін айыра алып...») Құдай Адам мен Хауаға ненің жақсы, ал ненің жаман екенін түсіндіріп қойған болатын. Бірақ шайтан оны: «Бұл Оның пікірі; ал сенің өз ойыңды білдіруте құқың бар — өзің үшін ненің жақсы, ал ненің жаман екенін өзің шеше аласың», — деп азғырды, сөйтіп оны өзінің көріп тұрғандары мен сезімдерінің негізінде шешім қабылдауға мәжбүрледі.

Әйел ағаштың жемісіне қарап, оның жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі екенін және өзін ақылды етуге қызықтырып тұрғанын көрді. Содан ол ағаштың жемісінен алып жеді...

Жар. баст. 3:6

Хауа жемістің дәмін татты. Бірақ уәде етілген игіліктердің орнына ұятты, кінәлілікті, қорқыныш пен шеттетілуді сезінді. Ол алданып қалды.

Пуритандық бағушы Томас Брукс былай деп жазады:

Шайтан жақсы нәрсені уәде етеді, бірақ орнына жаман нәрсе береді; ол құрметті уәде етіп, оның орнына масқаралықты береді; ол рахатты уәде етіп, оның орнына жан ауруын береді; ол табысты уәде етіп, оның орнына жоғалтуды береді; ол өмірді уәде етіп, орнына өлімді береді.

Бір жағынан алып қарғанда, біздің бұл дүниедегі қиындықтарымыздың бәрі — алдаудың жемісі, жалған нәрселерге деген сеніміміздің нәтижесі.

Шайтан бізді «нағыз өмірдің» керемет болашағы туралы айтып азғырады; бірақ ол өзіне құлақ асқандардың өлімге душар болатынын біледі. (Нақылдар 14:12 қараңыз).

Сонымен, біз неге оның алдауына көнеміз? Неге біз оның құрған тұзағына түсеміз? Мұның себептерінің бірі, шайтан әдетте жыланның бейнесінде келе бермейді. Ол ділмарлықтың беделді журналдың, фильмнің, телешоудың немесе белгілі әннің артына жасырынады. Ол

бізге шын ақылын беретін туысымыз немесе досымыз арқылы, дәрігеріміз, тіпті, мәсіхшіл жазушы, уағызшы немесе жан қамқоршымыз арқылы сөйлей алады.

Оны кімнің айтқанына қарамастан, Құдай Сөзіне сәйкес келмейтін кеңес алған сайын, біз шайтанның өзімізді алдауға немесе кесірін типізуге талпынып жатқанына сенімді бола аламыз. Оқығанымыз немесе естігеніміздің бізге дұрыс болып көрінуі мүмкін, бірақ егер ол Құдай сөзіне қайшы келетін болса, онда ол дұрыс емес. Егер біз уылжып пісіп тұрған, сондай тәтті тиым салынған жемістің қашан да өлім мен қирату әкелетінін көре алсақ қой.

Алдаудың тәсілі

Алдау — шайтанның тәсілдерінің ішіндегі ең негізгісі болды және солай болып қала береді. Исаның айтуы бойынша, алдау шайтанның үйреншікті ісі, оның табиғаты сондай:

Ол әуел бастан-ақ кісі өлтіруші болып келеді,
ақиқат жағында тұрған да емес, өйткені онда ақиқат жоқ.
Әзәзіл өтірікті өз болмысына сай айта береді, себебі ол —
өтірікші, өтіріктің бастауы

Жохан 8:44

Бізге белгісіз себептермен, шайтан өзінің нысанасы ретінде әйелді таңдап алды. Жаңа Өсиетте елші Пауыл дәл әйелдің алдауға түскені жайында екі рет айтады: «Әзәзіл жыланның қулықпен Хауа ананы алдап, азғырғанындай...» (2 Қорынт. 11:3); «...Адам ата емес, әйел әзәзілге алданды. Осылай ол Құдайдың бұйрығын бұзды...» (1 Тимоте 2:14).

Кейбір Құдай Сөзін зерттеушілер Хауаны осал болған, ол өзінің болмысы бойынша азғырылуға немесе арбалуға бейімірек болған деп есептейді. Ал екіншілері Құдай оны күйеуіне бағынышты етіп жаратқандықтан, осы рухани қорғаныстан шыға салысымен оны алдау оңайға түсті деп санайды.

Қалай болғанда да, біздердің, әйелдердің алдануға айырықша бейім екеніміз анық. Шайтан алдымен еркекке баруға талпынған да жоқ;

ол әдейілеп әйелге барып, оны азғырды. Дәл әйел күйеуін күнәға батырды және екеуі бірігіп бүкіл адамзатты күнәһар етті (бірақ, сайып келгенде, отағасы ретінде бәріне Адам жауап берді). Шайтанның қазір де әйелдерді азғыруына түсіруді алдына мақсат етіп қоятынын ұмытпағанымыз маңызды деп ойлаймын. Бұл оның тәсілдерінің бір бөлігі. Егер біз оның алдауына сенетін болсақ, онда айналамыздағы еркектерге ықпал жасайтынымызды және біздің күнәһар таңдауымыздың келесі ұрпаққа да үлгі болатынын ол біледі.

Хауамен болғандағыдай, шайтан кейде бізді ашық алдайды. Бірақ көбіне ол азғыру құралы ретінде өзге адамдарды пайдаланады.

Ефестікерге жазған хатында елші Пауыл былай деп ескертеді: «Ешкім де сендерді өтірік сөздерімен алдамасын...» (Ефес 5:6). Ол Құдай халқын бір-бірлеріне шындықты айтуға қайта-қайта шақырады. Егер біз бір-бірлерімізбен адал болмасақ, онда шайтанның елшілері ретінде әрекет жасап, шын мәнінде оған қызмет жасаймыз.

Жазбада бізді Құдайдың отарын бағу және Оның халқына ақиқатты жеткізу жауапкершілігі жүктелген рухани жетекшілердің де алдаулары мүмкін екені айтылады. Халықты алдаған көсемдерге Құдай Езекиел пайғамбардың аузымен былай дейді:

...сендер оларға өтіріктеріңді айтып,
жүрексіндіріп түнілдірдіңдер. Ал зұлымдар арам
істерін қоймаса да, сендер оларды жігерлендіріп,
қолдадыңдар. Сол себепті теріс жолдарынан қайтпаған
олар өмірлерін сақтап қалмады

Езекиел 13:22

Мен мұның қазіргі мәсіхшілер әлемінде болып жатқан жағдайларға нақты түсіндірме екеніне сенемін. Мәсіхшілердің дүкендерінде, журналдарда, рухани теле және радиоарналарда, белгілі мәсіхшіл психотерапевтердің сөздерінен кейде өтірік айту байқалады. Менің ойымша, көп жағдайда бұл байқаусызда айтылып кетеді, ол адамдардың өздерінің өтірік айтып тұрғандарын сезбеулері де мүмкін. Бірақ шын мәнінде олар өтірік айтады.

Көп жағдайда психотерапевтер тәубеге келудің қажеттілігінің жоғын айтып, заңсыздықты қолдайды. Адамдарға Құдайдың батасы мен игіліктерін уәде етеді. Алайда Құдайға құлақ аспаған, жүрегінде тәубеге келмеген адам батаға қол жеткізе алмайды. Олардың ілімдері адамдардың теріс қылықтарын ақтауларына көмектеседі:

- ашу (бұл сіздің шынайы сезімдеріңіздің дұрыс көрінісі),
- өзімшілдік («сіз өзіңізден өте көп нәрсені талап ететін адамдармен араңызға шек қоюға тиіссіз»),
- көзге шөп салушылық («сіз жұбайыңызбен ажырасып, тағы да үйленуге еріктісіз; Құдай сізге тағы бір мүмкіндік береді»).

Сонымен бірге олар әділ адамды «жүрексіндіреді» немесе оны жалған кінәлілік сезіміне ұрындырады:

- жауапкершіліктің орнына («сіз өзгелерге тәуелдісіз»),
- қызметшінің жүрегі үшін («сіз адамдардың өзіңізді пайдалануларына жол бермеуге тиіссіз»),
- уәдеге берік болудың орнына («Құдай сізден мұндай некені сақтап қалуыңызды күтпейді»).

Көздеріңізді ашыңыз

Адамдардың көпшілігінің, тіпті, мәсіхшілердің өздерінің өтіріктің ықпалына түскендері сондай, олар қандай жағдайға тап болғандарын сезбейді де. Алдаудың болмысы да осы — ол біздің көзімізді байлап, алданғанымызды көруге ерік бермейді.

Бұл кітаптың мақсаттарының бірі — мәсіхші әйелдердің көздерін ашып қарап, айналасында болып жатқан нәрселерге баға берулеріне түрткі болу. Оларды оятып, осы дүниеге және мәсіхшілер әлеміне еніп алған өтірікті олардың алдарында ашып беру. Біздің күнделікті өмір салтымыздағы көптеген нәрселер жалған ойларға негізделген! Соның нәтижесінде үй сусылдаған құмның үстіне салынады. Бір өтірік екіншісіне, ал ол — келесі өтірікке апарады және осылай жалғаса береді.

Өкінішке орай, көптеген адамдар көргендері мен естігендерін еш ойланбастан бойларына сіңіре береді. Өзімізге маңызды сұрақтарды қоймастан, біз әуендер тыңдаймыз, кітаптар мен журналдар оқимыз, фильмдер көреміз, айтылған кеңестерді тыңдаймыз және жарнамаға назар аударамыз. Мысалы:

- Автордың «жолдауы» қандай? Оның не айтқысы келеді?
- Бұл шынымен де солай ма?
- Ақиқатқа қайшы келетін жалған ой маған кедергі жасай ма?

Шайтан Хауаға: «...сеңдер осы жемісті жеген кезде көздерің ашылады. Сонда сеңдер ненің жақсы, ненің жаман екенін айыра алып, Құдай сияқты боласыңдар!» — деген ғажайып уәде берді (Жар. баст. 3:5 қараңыз). Мұндай керемет ұсыныстың алдында кім шыдап тұра алады?

Тиым салынған жеміс «жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі және ақылды етуге қызықтырып тартымды болып тұрды (Жар. баст. 3:6 қараңыз). Сіз қалай ойлайсыз, егер ол жеміс мұншалықты тартымды болмағанда, Хауа мұндай ұсынысты қабыл алар ма еді? Егерде әлгі жеміс шіріген, құрттаған болғанда, Хауа Құдайдың айтқанын орындамау туралы ойлар ма еді? Шайтанның ұсыныстарын дәл осы тартымды және «дұрыс» болып көрінетін түрі еліктіреді.

Мәселе мынада, Хауа болып жатқан нәрсені бағамдап жатпады. Ол өтіріктен шындықты ажыратуға тырысқан жоқ. Ол өзінің істегелі тұрған нәрсесінің салдары қалай болатыны туралы ойланған жоқ. Егерде Хауа таңдауының өз өміріндегі, Құдаймен қарым-қатынасындағы, некесіндегі, балалары мен балаларының балаларының және сондай-ақ (күйеуінің күнәсінің кесірінен) жер бетінде дүниеге келетін әрбір адамның өмірінде болатын сиықсыз, жанды ауыртатын, өлімге әкелетін салдарын көз алдына елестете алған болса, онда ол шайтанның айтқанына еріп, Құдайдың айтқанына құлақ аспауға барар ма еді? Бұған менің күмәнім бар.

Бірақ біздің алдымызда да дәл осы мәселе тұр. Мен мәсіхшілердің аз ғана бөлігі өз таңдауларының салдары жайлы шындап ойланатындарын байқадым. Біз әншейін өмір сүреміз, өзге адамдармен

қандай да бір қарым-қатынастар жасаймыз, қазір нені қалап тұрсақ — соны жейміз, жарнамадан көрсетілетін техниканың соңғы шығарылған түрін сатып аламыз, сәннің соңғы үлгілерін, достарымыздың құндылықтары мен өмір салттарын ұстанамыз. Мұның бәрі бізге сондай жақсы, табиғи және еш кінәратсыз болып көрінеді. Бірақ біз нәтижесінде адамдармен қарым-қатынасымызды бұлдіреміз, қарызға батып, ашуға, сары уайымға берілеміз. Өзімізді жеңіліс тауып, тұзаққа түскендей сезінеміз. Біз алдандық. Біз өтірікке сеніп қалдық.

Осындай алдауға түсудің жарқын мысалын келтіре кетейін: жеті баласы бар жас әйел маған өзінің ғаламтор арқылы бір еркекпен танысып, оны жақсы көріп қалғанын айтты. Әлгі әйел сол еркек үшін күйеуінен кету жайлы ойластыра бастапты. Біз әңгімелесіп отырған кезде ол өзінің бұл қылығының дұрыс емес екенін мойындады. «Бірақ, — деді ол, — ол маған және менің балаларыма сондай қайырымды».

Екі сағат бойы мен әлгі еркектің оның балаларына жаны ашымайтынын, егер жаны шын ашитын болса, онда оның некесін бұзуға тырыспайтынын; егер ол оны шын сүйетін болса, онда Құдайдың заңдарын бұзуға итермелемейтінін түсіндіруге тырысып бақтым. Мен әйелге оның түскелі тұрған жолы қаншалықты тартымды болып көрінгенімен, міндетті түрде апатқа әкеліп соғатынын ескерттім. Мен оның алдауға түскенін және ендігі жалғыз үміті — ақиқатқа сенім артып, соған сай өмір сүру екенін көрсетуге тырыстым.

Алдаудан құлдыққа түсу

Келесі тарауларда біз әйелдер сенетін өтіріктің ең кең таралған және ең бұлдіргіш түрлерін қарастырамыз. Бірақ алдымен өзіміздің алдаудың нысанасына қалай айналатынымызды және өтіріктің құлдыққа қалай әкелетінін көрейік.

Жалпы, адамдар құлдыққа кенеттен түсіп қалмайды. Ешкім де өзінің аяқ астынан ашуланшақ немесе тамақсау болып кеткенін байқамайды. Құлдыққа апаратын жол — бұл ұзаққа созылатын әрекет.

БІЗ ӨТІРІКТІ ТЫҢДАЙМЫЗ



Едем бағында бәрі осыдан басталды. Хауа шайтанның өтірігін тыңдады. Бұл өтіріктің соңы неге әкелетінінен оның еш хабары болмағанына сенімдімін. Мүмкін, ол шайтанның айтқанын жай ғана тыңдауда, оның не айтқысы келетінін білуде тұрған қауіпті ештеңе жоқ деп ойлаған болар. Жай ғана тыңдау Құдайдың айтқанына құлақ аспау болып табылмайтын. Бірақ бұл жерде маңызды бір нәрсе бар: Құдайдың сөзіне қарама-қайшы келетін пікірді тыңдаудың өзі Хауаны мойынсұнбаушылыққа алып баратын тайғанақ жолға түсірді, ал ол өз кезегінде тәни және рухани өлімге қарай бастайды.

Ақиқат болып табылмайтын нәрсені тыңдау — бұл құлдық пен өлімге қарай апаратын алғашқы қадам. Сондықтан да жүрегіміз бен санамызға енетін ақпараттарды мұқият тексерудің маңызы өте зор.

Мен отбасымыздағы жеті баланың ең үлкенімін және ата-анам берген ұстанымы үшін Құдайға алғысымды айтамын: олар балалары алатын ақпараттарды қатал сүзгіден өткізіп отырды.

Менің ата-анам алғашқы буынның мәсіхшілері бодды — олар Құдайға жас кездерінде сенім артты. Ол кезде қазіргідей тамаша кітаптар, семинарлар болған жоқ. Бірақ балаларын рухани «жылыжайда» өсірулеріне Құдай батылдық пен даналық берді. Олар бізді теріс әсерлерден сақтау үшін қолдарынан келгеннің бәрін жасады және бізді рухани ақпараттармен қоректендірді. Сондықтан да біздің жүректеріміз сенімді қорғаныста бодды. Күнәні алыстан сезуді және жақсылықты жамандықтан айыруды біз бала кезімізден-ақ үйрендік.

Мұндай тәрбие түрі ол кезде бізге ұнамайтын. Бірақ мен ата-анамның: «Біз балаларымызды осы дүниені жайлаған өтіріктің ықпалына бере алмаймыз», — деп батылдықпен айта алғандары үшін Құдайға алғысымды айтамын. Олар Құдайдың сөзі мен жолдарына сүйіспеншілікпен қарап өскенімізді, жүрегімізге ақиқаттың жан бергенін және ақиқатты өзіміз тани білгенімізді қалады. Ата-анамыз бізді жылыжайдан осы дүниеге шығарған кезде, олар біздің ақиқат бойынша жүре бергенімізді және барша алдау мен өтірік атаулыдан бас тартқанымызды қалады.

Қазір мен есейіп кеттім және өз санамды тазалықта сақтаудың — таңдауды дұрыс жасап, өзімді Құдайға ұнамсыз ойларға жетелейтін

нәрселерден бас тарту қажет екенін қазір де көріп жүрмін. Азғырғыш ойлар түрлі жақтардан — теледидардан, журналдардан, фильмдерден, музыкадан, достарымыздан, дүкендерден және тағы да басқа көптеген нәрселерден келеді. Ненің шын мәнінде де құнды және маңызды екенін таңдауымызға тек қатаң ішкі тәртіптілігіміз ғана көмектесе алады.

Зиянсыз өтірік болмайды. Біз осы дүниенің алдамшы ойлау салтын қабылдап, бірақ сонымен бір мезетте бүлінбеген, таза қалпымызда қала алмаймыз. Хауаның ең алғашқы қателігі оның жемістен дәм тауы емес, жыланды тыңдауы болды.

Шындыққа сәйкес келмейтін кеңесті немесе пікірді тыңдау — бұл бізді нәтижесінде құлдығына түсіретін теріс ойларға апаратын алғашқы қадам. Егер біз өтірікті тыңдаған болсақ, құлдыққа апаратын келесі қадам...

СОЛ ӨТІРІК ТУРАЛЫ ОЙЛАНУ



Алдымен біз өтірікті тыңдап, содан кейін ол туралы ойланамыз. Біз дұшпанның не айтқаны жайында ойлана бастаймыз. Сөйтіп әлгі ақпаратты «қорытамыз». Осылайша дұшпанмен пікірлесе бастаймыз. Мүмкін, оның айтып отырғаны дұрыс болар деген ой келеді. Мұны бақшаны өңдеумен немесе тұқым себумен салыстыруға болады. Алдымен топырақ өңделеді — біз өзімізді Құдай Сөзіне қайшы келетін әсерге ашып береміз. Содан кейін тұқым себіледі — біз өтірікті тыңдаймыз. Содан кейін топырақ суғарылып, тыңайтқыш шашылады — біз әлгі өтірік туралы ойлана бастаймыз.

Егер біз ақиқат болып табылмайтын нәрсе туралы ойлауға ерік берсек, онда ерте ме, кеш пе...

ӨТІРІККЕ СЕНЕ БАСТАЙМЫЗ



Себілген тұқым осы кезеңде өсе бастайды. Хауа алдымен жыланның сөздерін тыңдады. Содан соң ол бұл туралы ойлана бастады да, онымен сөйлесті. Арада көп өтпей-ақ Хауа Құдайдың берген ақи-

қатына қайшы келетіні айқын көрініп тұрғанына қарамастан, оның айтқандарының шындық екеніне сенді. Хауа өтірікке сенгеннен кейін, оның келесі қадамды жасауы қиынға түскен жоқ. Өтірікті тыңдап, ол туралы ойланыңыз және оған сеніңіз, сонда сіз ерте ме, кеш пе...

СОЛ ӨТІРІКТІҢ НЕГІЗІНДЕ ӘРЕКЕТ ЕТЕ БАСТАЙСЫЗ



Суарылып, тыңайтқыш себілген тұқым енді өсіп, жеміс бере бастайды азғырудың жемісін, әрине. Сенімнің артынан белгілі бір әрекет орын алады. Өтірікке сенудің арты күнәһар әрекеттер жасауға апарды. Біздің сеніміміз өмір салтымыздан көрінеді, ал әрекеттеріміз үнемі біздің сенімімізге — сөз жүзіндегі емес, істеріміз дәлелдейтін сенімге негізделеді. «...ол қара басының ғана қамын ойлайды...» (Нақылдар 23:7).

Өміріміздегі кез келген күнә өтіріктен бастау алады. Біз өтірікті тыңдаймыз, ол туралы ойланамыз, оған сенеміз және ақырында сол өтіріктің негізінде әрекет ете бастаймыз.

Әрі қарай не болатынына қараңыз. Біз ақиқаттан бас тартып, өзімізге болымсыз болып көрінген нәрседе Құдайдың Сөзін бұзамыз. Бірақ келесі азғыру кезінде біздің күнә жасауымыз оңайға түседі, одан кейінгі азғыруда — одан да оңай болады. Біз күнәні кездейсоқ жасамаймыз — жүрегімізде күнәға әдетену деген сара жол пайда болғанға дейін қайта-қайта күнә жасай береміз. Не болып жатқанын әлі де түсінбестен, біз құлдықтың құрсауына түсеміз. Күнәнің қамалы қаланды. Шайтан жемтігін тастады, біз оны жұтып алдық, енді ол бізді тұзағына түсіріп алды да, біз оның олжасына айналдық.

Бәрінің неден басталғанын ұмытпаңыз:

БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДІҢ КЕЗ КЕЛГЕН САЛАСЫНДАҒЫ КҮНӘ ӨТІРІКТЕН БАСТАЛАДЫ.



Тұқым себіді; ол суарылып, тыңайтылады, өсіп, жеміс әкеледі және бір ғана жеміс емес, құлдықтың, бүлдіру мен өлімнің бүтіндей астығын әкеледі.

Құлдықтан азаттыққа өту

Көпшілігіміздің тыңдап, оған сенім артып және соның негізінде әрекет ете бастауымыздың нәтижесінде құлға айналған тұстарымыз бар. Бұл құлдықтан қалай құтылып, азаттықтың жолына қалай түсуге болады? Бізді құлдығына түсірген белгілі бір өтіріктен құтылып, азаттыққа жеткізетін ақиқатты тани алуымызға көмектесетін үш қадам мынадай:

1. *Өміріңіздің құлдықтағы немесе күнәһар әрекеттегі тұстарын анықтаңыз.* Мұның қандай құлдық екенін ендігі өзіңіз де білетін шығарсыз. Бірақ көзге айқын көрінбейтін басқа тұстары да болуы мүмкін. Құдайдан өміріңіздің құлдықтағы нақты тұстарын көрсетуін сұраңыз. Жазба былай дейді: «...адам неден жеңілсе, соның құлы болар» (2 Петір 2:19). Өміріңіздің қай саласында Құдай баласы ретіндегі еркіндікте өмір сүрмейсіз?

Өміріңіздің тәндік саласында құлдық бар ма (тамақсаулық, дұрыс тамақтанбау, шылым шегу, ішімдікке құмарлық, нашақорлық)? Сіз сезімнің саласында (мазасыздық, қорқыныш, сары уайымға салыну, жүйкенің жұқаруы), жыныстық (порнография, құмарлық, көзге шөп салу, мастурбация, гомосексуализм) немесе қаржы жағынан (ақшаны орынсыз жұмсауға бейімділік, сараңдық) секілді нәрселердің құлдығында емессіз бе? Тез ашулануға немесе өтірік айтуға бейім емессіз бе? Үнемі қолдауға мұқтажсыз ба, өте ұяң емессіз бе, үздіксіз сөйлесуге қажеттілікті немесе телесериалдарға, махаббат жайлы романдарды оқуға тәуелділікті сезінбейсіз бе? Құдай өміріңіздің құлдықтағы басқа салаларын да есіңізге сала алады.

Оларды байқай салысымен бір нәрсені өзгертуге тырыспаңыз. Мүмкін, сіз бұрын да осылардан бас тартуға әрекеттеніп, бірақ оныңыз сәтсіз аяқталған болар. Егер сіз өз бақшаңыздағы арамшөптерді жойғыңыз келсе, онда олардың сабақтарын жинап алу жеткіліксіз. Олардың орнына жаңасы шығады. Арамшөптерден біржолата арылудың жалғыз жолы — бұл оларды тамырымен жұлып алу. Келесі қадамның маңыздылығы, міне, осында.

2. Құлдыққа түсуге немесе теріс әрекет жасауға түрткі болған өтірікті анықтаңыз. Қандай өтірікті естідіңіз, не нәрсеге сендіңіз, сізді не құлдығына түсірді? Бұл сұраққа жауап табу, сірә, оңай бола қоймас: өйткені өтірік өзінің болмысы бойынша алдамшы болып келеді және оның тамырлары әдетте көзге көрінбейтін тереңге жасырынады. Біз өзіміздің қандай өтірікке сенетінімізді түсіну үшін Құдайдың көмегіне мұқтажбыз.

Келесі тарауларда біз көптеген мәсіхші әйелдердің өз өмірлерінде тамыр жайып, жеміс беруіне жол берген өтіріктің қырық түрі туралы әңгімелейміз. Құдайдан кітапта көрсетілген немесе басқа өзіңіз құлдығына түскен өтіріктердің нақты түрін көрсетіп беруін және соны мойындауыңызға көмектесуін сұраңыз. Сонымен, сіз өзіңіздің дәл қандай өтірікке сенім артқаныңызды анықтадыңыз. Әрі қарай не болады?

3. *Өтірікті шындықпен алмастырыңыз. Шайтан — күшті дұшпан.* Оның басты қаруы — азғырып, еліктіру. Оның өтірігі өте әрекетті. Бірақ шайтанның өтірігінен де күшті нәрсе бар, — бұл шындық. Егер біз өзіміздің қандай өтіріктің құлы болғанымызды түсініп, оған сенгеніміз үшін өкінетін болсақ, онда біз өтірікті жеңуге көмектесетін күшті құрал — шындықтың қаруына ие боламыз.

Әрбір өтірікті шындықпен алмастыру қажет. Өтірікті естіп, ол туралы ойланған және соған сеніп, соның негізінде әрекет ете бастаған жерімізде біз енді шындықты тыңдап, ол туралы ойлануға, соған сенім артып, сол шындықтың негізінде әрекет етуге тиіспіз. Осылайша, Киелі Рухтың күшінің көмегімен біз құлдықтан азаттыққа өте аламыз. Иса айтқандай, бұл «бізді азаттыққа жеткізетін» ақиқат (Жохан 8:32 қараңыз).



☞ II-БӨЛІМ ☞

ӘЙЕЛДЕР СЕНЕТІН ӨТІРІК



2-ТАРАУ

ӘЙЕЛДЕР СЕНЕТІН ӨТІРІК... ...ҚҰДАЙ ТУРАЛЫ

Қымбатты күнделік,

Мен мүлде шатасып кеттім. Кеше таңертең ғана мен ертеңгі күніме сенімді едім, ал қазір неге және кімге сенетінімді білмеймін. Құдай Өзінің сүйіспеншілігіне күмәндануыма ешқашан себеп берген емес. Менде Оның рақымды екеніне сенуіме мыңдаған себептерім болды. Мен Құдай бізге шындықты айтып тұр ма деп ешқашан ойланған емеспін. Мен Оған сенім арттым. Мен Оның сөздеріне сендім.

Қазір Ол маған Жұмақ бағында бізбен бірге серуендеп, күнде таңертең ән айтып берген Құдайға ұқсамайтын секілді болып көрінеді. Егер Ол соншалықты рақымды болса, онда неге сол кезде біздің Жыланмен әңгілемізді бөліп жібермеді немесе менің жемістен жеуіме кедергі жасамады. Неліктен Ол сол жемісті соншалықты көз тартатын етіп жаратты? Жалпы, Ол сол ағашты баққа не үшін орнатты? Оның жемісінен біздің дәм татпауымыз Құдай үшін неге маңызды болды?

Құдай соншалықты алыс секілді болып көрінеді. Мен Одан қорқамын. Егер біз сол ағаштың жемісінен жейтін болсақ, онда Ол біздің өлетінімізді айтты. Бұл жаза соншалықты қатал, әділетсіз болып көрінеді. Себебі бұл біздің жасаған алғашқы қателігіміз еді ғой. Бүгін Ол бізге Жұмақ бағынан кетуді бұйырды. Неге Ол бізге тағы бір мүмкіндік бере алмады? Жалпы, біздің болашағымыз Оны алаңдата ма?

Мұның бәрі соншалықты қиын және түсініксіз. Құдай шынымен де ештеңе істей алмайтын ба еді?

Біздің әйелдер сенетін өтірік түрлерінің бәрін бірдей қарастырмайтынымызды бірден ескерте кеткім келеді. Шайтан — өтірік айтудың шебері және оның өтіріктерінің түрлері шексіз. Менің мақсатым — өтіріктің сенуші әйелдер арасында кең тараған кейбір түрлерін қарастыру. Мен қазіргі көптеген мәсіхші әйелдердің қиындықтарының негізгі себебі осы өтірікте екеніне сенімдімін. (Өрі қарай кітапта мен қандай да бір өтірікке сенгенде бастарынан өткізгендері туралы куәліктерін келтірдім).

Әрине, өтірік атаулыға әйелдердің барлығы бірдей сене бермейді. Мүмкін, сіз өзіңіздің де қандай да бір өтірікке сенуге бейім екеніңізді байқайтын боларсыз. Шайтан сіздің әлсіз жерлеңізді біледі және өз қаруын дәл сонда бағыттайды.

Алғашында сіздің: «Жоқ, мен бұл өтірікке сенбеймін», — деуіңіз мүмкін. Шайтанның тәсілдерінің бірі — біздің көзімізді байлап, өзіміз сенген өтірікті көре алуымызға кедергі жасау; шындықты білетіндігімізден, соған сеніп тұрмай деп ойлауымызға мәжбүр ету. Мен өздерім шындыққа сенеміз деп есептейтін көптеген әйелдермен әңгімелестім. Бірақ олардың өмірлері — жасаған шешімдері, ұстанымдары, қайғы қасіретке көзқарастары шын мәнінде олардың шындыққа сенбейтіндерін дәлелдейді. Біздің сеніміміз сөзбен емес, істерімізбен дәлелденеді. Сонымен, өтіріктің түрлерін қарастырған кезде біздің өзімізден: «Мен бұған сенемін бе?» — деп сұрауымыз жеткіліксіз. Бұған қоса, әрқайсымыз өзімізден: «Мен осы өтірікке сенетіндей өмір сүремін бе?» — деп сұрауға тиіспіз.

Ашық өтірікке қарағанда жартылай шындыққа көбірек ұқсайтын болғандықтан, өтіріктің кейбір мұндай түрлері аса қауіпті. Себебі жартылай шындық те дәл таза өтірік секілді құлына айналдырып алады.

Біз әрбір өтірікке егжей-тегжейлі тоқталмаймыз. Бұл туралы жеке кітаптар жазылған. Менің мақсатым — өтіріктің әрбір түріне жеке тоқталу емес, көптеген мәсіхші әйелдердің өмірлері мен отбасыларын бұлдірген дүние танымдарына жалпылама мінездеме беру.

Кітаптың соңында кітаптың негізгі тақырыптарына қатысты әдебиеттердің тізімдері келтірілген. Әсіресе қиын жағдайда жүрген

болсаңыздар, онда өздеріңізді мазалаған нақты тақырыптар бойынша әрі қарай көмек алу үшін осы бөлімге назар аударуларыңызды сұраймын.

Кейбір тақырыптарды өзекті мәселе деп атауға әбден болады. Олар, тіпті, мәсіхшілер әлемінің өзінде көптеген талас тудырады. Кейбір жағдайларда сіз: «Мұны өтірік деп ойламаймын!» — деп, менімен келіспейсіз.

Сіздер менімен келіспейтін нақты тақырыптар кітапты әрі қарай оқуларыңызға кедергі келтірмесін. Мен жай ғана Жазба осыған үйретеді деп есептеген нәрселерімді жаздым. Ақиқатты айқындайтын соңғы орын мен емеспін, шындық — Иса Мәсіх пен Оның Сөзі. Менің мақсатым сіздердің менімен келіскендеріңіз емес, Құдай Сөзі арқылы ашылатын шындықты іздеу үшін менімен бірге сапарға шығып, өз өмірлеріңіздің әрбір саласын тексеріп шығып, оны шындықтың тұрғысынан бағалағандарыңыз.

Бастамасы үшін мен Құдай туралы бірнеше жалған тұжырымдамаларды таңдап алдым, себебі біздің Ол жайындағы көзқарасымыз аса маңызды. Өзінің «Самоотверженность Бога» кітабында Ханна Уайтолл Смит былай деп жазады:

Біздің рухани өміріміз қандай Құдайға табынатындығымызбен байланысты. Себебі табынушының мінезі қашан да табынатын Құдайының типізетін әсеріне байланысты өзгеріп отырады. Егер Құдай қатігез де кекшіл болса, онда оған табынушы да дәл сондай болады; ал егер Ол мейірімді, сүйші, кешірімді, жанын қиюға даяр Құдай болса, онда Оған сенуші де Соның кейпіне енеді.

Біздің Құдайдың мінезі туралы түсінігіміз — біздің сенім жүйелерімізді негізі. Егер біздің Құдай туралы түсінігіміз дұрыс болмаса, онда барлық нәрселер жайлы түсінігіміз де дұрыс болмайды. Құдайды түсінуіміз біздің өмір салтымызды айқындайды. Ал егер біздің Құдай туралы түсінігіміз жалған болса, онда біз осы өтіріктің негізінде әрекет жасап, нәтижесінде құлдыққа түсеміз.



Құдай соншалықты бір рақымды емес, әйтпесе Ол...

Бұл өтірікке саналы түрде сенетіндер кемде-кем. Біздің көпшілігіміз ешқашан да: «Құдай соншалықты бір рақымды емес», — деп айтпаймыз. Біз шындықты білеміз. Теория жүзінде, санамызбен Құдайдың рақымды екенін білеміз. Бірақ біздің жүрегіміздің тереңінде, мүмкін, ол шынымен де рақымды емес, басқасын айтпағанда, Ол менің өз басыма рақымдылық көрсеткен жоқ деген күмән бар.

Мен бұл өтіріктің Құдай жайлы көптеген қате түсініктердің негізінде жатқанына сенемін. Шындығында, Хауаны азғырғанда шайтан да дәл осы туралы айтты. Құдай еркек пен әйелге батасын беріп, олар рахатын көру үшін жұмақты жаратты. Ол бақтағы тек бір ағаштан өзге ағаштардың жемістерінен жей берулеріне ерік берді.

Егер сіздің көңіліңізде Құдайдың рақымдылығына деген қандай да бір күмән болса, онда артқа оралып, Жаратылыстың басталуы кітабының алғашқы екі тарауын оқып шығыңыз. Сонда сіз Құдайдың қайырымды да жомарт екенін көресіз. Оның жаратқандарының бәрі рақымдылыққа толы болды, себебі бәрі де Оның рақымдылығын көрсетіп тұрды.

Әйелді Құдайға қарсы шығуға итермелемек болған кезде шайтан оның санасына Құдайдың рақымдылығына деген күмәннің ұрығын септі: «...Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемендер деп шынымен айтты ма?» (Жар. баст. 3:1). Оның бұл сұрағының мағынасы мынадай: «Сірә, Құдай онша қайырымды емес, әйтпесе Ол сендердің қалауларыңды еш қайтармаған болар еді».

Егер сіздің өміріңіз аласапыран болып, басымызға күн туса, егер біз сүйіктілерімізден айырылып күйзеліске ұшырасақ, егер бәрі күткеніміздей немесе жоспарлағанмыздай болып шықпаса, шайтан бізді ойлануға мәжбүр етіп, азғыра бастайды: «Ал Құдай шынымен рақымды ма? Егер Ол қайырымды болса, бұлай болуына қалайша жол берді?» немесе «Ол неге менің арманымды орындамайды?» Апаттар мен аштық билік құрып, үздіксіз соғыстар жүріп жатқан осынау күнәһар әлемде әзәзіл Құдайды жаман атауға тырысады: «Шын мәніндегі

қайырымды Құдай осындай апаттарға жол бере ме? Эфиопиядағы аштыққа немесе Колумбиядағы жаппай қыруға жол берер ме еді?»

Құдайдың рақымдылығына күмәндана бастасақ болды, біз Оның еркінен бас тартып, ненің жақсы, ал ненің жаман екенін өзіміз шеше бастаймыз.

Бірақ Құдай шын мәнінде де рақымды. Ол Оның шешімдері бізге қандай болып көрінетініне қарамастан рақымды. Ол біздің мұны сезінетін-сезінбейтінімізге қарамастан рақымды. Мұны өмірлік жағдайлар дәлелдей ме, жоқ па, бәрібір Құдай рақымды.

Мен өзімнің осы шындықты сезініп, алғаш рет тыныштыққа ие болған күнімді ешқашан ұмытпаймын. Мен демалыс күндерімді үйде, ата-анаммен және бауырларыммен бірге өткіздім. Сол кезде жасым дәл 21-ге толған болатын. Сенбі күні ата-анам мені әуежайға шығарып салды да, мен өзім бір қауымда қызмет етіп жүрген Вирджинияға ұшып кеттім.

Ұшақ жерге келіп қонған кезде анам қоңырау шалып, әкемнің жүрек талмасы ұстап, бірден о дүниелік болып кеткенін хабарлады. Ешқандай ескертусіз, ешқандай қоштасусыз кете барған. Қырық жастағы анам алды жиырма бірге, ал арты сегізге жаңа толған жеті бала-сымен жесір қалды.

Келесі күндер, апталар мен айлар бойы көз жасымыз көл болып ақты. Әкеміз тамаша адам еді. Арт Демоссты жеке таныған әркім үлкен қайғыны бастан өткерді.

Бірақ әкемнің өлімі туралы естіген сәтімде Құдай маған айрықша рақымдылығын көрсетті — Ол шындықты менің есіме салды. Алғашқы ойлар келмес бұрын, алғашқы көз жастары келмес бұрын Ол менің осыдан бірнеше күн бұрын оқыған аятымды есіме салды: «Ізгісің Сен, істейсің игі істеріңді...» (Зәбүр 118:68).

Бүкіл өмір бойы әкем мені осы шындыққа үйретті. Енді, міне, осындай маңызды сәтте осы шындық менің жүрегімдегі нағыз қамалға айналды. Мен әкемді қатты сағынып жүрдім және арада жиырма бес жыл өткенде — қазір де сағынамын. Маған оның айтатын әңгімесі жетіспейтін. Біз әлі де көп нәрселер жайында сөйлесуге тиіс едік. Бірақ мен Құдайдың рақымды екенін, Оның бәрін біздің игілігімізге бола істей-

тінің сол кезде білдім және қазір де білемін. Бұл туралы Ханна Уайтолла Смит жақсы айтып кетті:

Құдайдың данышпан шешімдері кейде рақымдылыққа ұқсамайды. Бірақ та сенім осы құпиялардың алдында басын иіп: «Тәңір игі, сондықтан маған қазір қалай болып көрінетініне қарамастан, Оның істегенінің бәрі игілік болуға тиіс. Мен Оның түсіндірмесін күтемін».



Құдай мені сүймейді

Бұл өтірік көбіне алдыңғы өтірікпен тығыз байланыста болады. Бұл жерде де оған сенетінін мойындайтындар кемде-кем, себебі сана-сезіміміздің деңгейінде біз Құдайдың сүйіспеншілігіне сенуіміз керектігін білеміз. Бірақ көптеген әйелдердің білетіндері мен сезінетіндерінің арасында үлкен шыңырау орнайды. Біздің қиындықтарымыздың бірі де осында: біз өзіміз шыңдық ретінде білетін нәрсеге емес, сезімдеріміздің жетегіне ереміз. (Өсіресе әйел заты).

Біз өзіміздің отбасылық ара қатынасымызға — сүйіспеншілігі жоқ некемізге, бұрынғы күйеуіміздің ұсынысы бойынша болған ажырасуымызға, қоңырау шалмайтын және үйімізге келмейтін ересек балаларымызға қараймыз, жасымыздың қырыққа келіп қалғанын және енді күйеуге шығудың мүмкіндігі тым аз екенін түсінеміз, сонда сезімдеріміз: «Мені ешкім, тіпті, Құдай да жақсы көрмейді. Мүмкін, ол бүкіл әлемді немесе басқа біреуді сүйетін шығар, бірақ мені Ол сүймейді. Олай болмағанда мен өзімді жалғыз және ешкімге керексіз сезінбес едім», — деп байбалам салады. Біз мұны ешқашан дауыстап айтпаймыз, бірақ мұны сезгендіктен, осыған сенеміз. Осылайша біздің санамызға өтіріктің ұрығы себіледі. Біз ол туралы ойланып, сене бастаймыз және ерте ме, кеш пе, осы өтірікпен өмір сүре бастаймыз да, нәтижесінде оның құлына айналамыз.

Мүмкін, Викторияның басынан өткен жағдай сізге де таныс болар.

Біздің отбасымыздың бір-бірімен қарым-қатынастары өте суық болды. Сүйіспеншілік біз үшін қашан да шартты түсінік қана бо-

латын. Сондықтан да Құдайдың мені ешқандай шартсыз сүйі мүмкін дегенге сену мен үшін өте қиынға түсті. Қателік немесе күнә жасаған кезімде бұл менің бойымда өз-өзімді айыптау мен кінәлілік сезімдерін туғызатын (мен күнәге назар аударудың мүлде қажеті жоқ дегелі тұрған жоқпын). Мен Құдайдың өзімді кешіретініне сенбедім.



«Құдай мені сүймейді» деген өтіріктің жаны бар. Ол біздің өміріміз бен адамдармен ара қатынасымыздың әр саласында өзінің ізін қалдырады. Санамызда тамыр жаюына ерік берген кішкентай ұрық бойлай өсіп, ағыл-тегіл жеміс береді.

Шындық — Құдайдың бізді шын мәнінде сүйетіндігінде. Біз өзімізді сүйікті сезінбейміз бе, жаман қылықтар істедік пе және өткеніміздің қандай екеніне қарамастан, Құдай бізді адам, ақылы жетпейтін шексіз сүйіспеншілігімен сүйеді.

Құдай мені Оған ұнамды болғым келетіні үшін, конференцияларда сөз сөйлеп немесе кітаптар жазғаным үшін сүймейді. Құдай мені Өзі Сүйіспеншілік болғандықтан сүйеді. Оның маған деген сүйіспеншілігі менің істеріме негізделмеген. Оның сүйіспеншілігі менің талпыныстарыма негізделмеген. Мен Оның сүйіспеншілігіне татымаймын және ешқашан оған өз еңбегіммен қол жеткізе алмаймын.

Құдай мені Оның дұшпаны болып тұрған кезімде-ақ жақсы көрген. Сіз: «Сондай кішкентай бола тұра, сен Оған қалай дұшпан болуың мүмкін?» — дерсіз. Киелі кітап менің күнәһар болып дүниеге келгенімді және Оның жазасына лайық болғанымды айтады (Рим. 5:6–10 қараңыз). Әлі де күнәһар болып жүрген кезімде Ол мені жақсы көріп, Өзінің Ұлын мен үшін өлуге жіберді. Ол мені өткендегі бүкіл мәңгілікте жақсы көрді және ол мені болашақтағы бүкіл мәңгілікте де жақсы көреді. Оның мені азырақ жақсы көруі үшін мен еш нәрсе істей алмаймын және оның мені көбірек жақсы көруі үшін де еш нәрсе істей алмаймын.

Менің құрбым Мелана Монро ұзақ уақыт бойы омырауының қатерлі ісігімен алысумен болды. Жақында маған жазған хатында ол екі омырауын кесіп алып тастағандағы күйеуінің әрекетінің арқасын-

да Құдайдың таң қаларлық сүйіспеншілігін түсіне бастағаны туралы айтады:

Отадан кейін ол менің омырауымды алғаш шешкен кезде күйеуіміз екеуіміз де көз жасымызға ие бола алмадық. Омырауымның орны тыртық, шашым тақырайтып алынып тастаған менің түрім өте сұрықсыз еді. Мен күйеуіме бұрынғыдай толыққанды жар бола алмайтыным туралы ойлап қатты уайымдадым. Стив мені қатты құшақтап, көздеріне жас тола: «Мелана, мен сені Мәсіх секілді, ештеңеге қарамастан сүйемін», — деді.

Мен бірден күйеуімнің бойынан Мәсіхті көрдім. Бәріміз — Оның Қалыңдығымыз және бізді де қатерлі ісік, күнәнің қатерлі ісігі жеп жатыр. Біздің денеміз тыртықтарға толы, бірақ Ол бізді жақсы көреді, өйткені Оның болмысы сондай. Мәсіхтің назарын біздің әдемілігіміз тартпайды, Оның болмысы бізді жақсы көруге итермелейді.



Ханна Уайтолл Смит бізге Құдайдың сүйіспеншілігінің ұлылығы, оның тереңдігі мен ауқымдылығы туралы ойлануды ұсынады:

Өзіңіз білетін ең нәзік сүйіспеншілікті, бір кезде басыңыздан өткерген ең күшті сүйіспеншілікті және бүкіл әлемдегі сүюші жүректерді бір-біріне қосып, оны мәңгілікке көбейтіңіз — мүмкін, сонда сіз Құдайдың сүйіспеншілігін бұлыңғыр болса да көз алдыңызға елестете бастайсыз.



Құдай дәл менің әкеме ұқсайды

Бізде, әйелдерде Құдай туралы түсінік көбінесе таныс еркектер, әсіресе әкелеріміздің әсері арқылы қалыптасады. Олар біздің Құдайды қабылдауымызға жақсы немесе жаман әсерлерін тигізеді. Мен Құдайдың маған берген ерекше батасы — сүюші, сенімді, менің жағдайымды ойлаушы әкем үшін алғыс айтамын. Соның арқасында менің Көктегі Әкеге сенім артып, Оның сүйіспеншілігін қабылдауым оңайға түсті.

Бірақ көптеген әйелдердің өмір тәжірибелері мүлде басқаша. Мүмкін, сіздің әкеңіз қатал, ашушаң, қагігез немесе сүйіспеншілік көрсетуге қабілетсіз адам болған шығар. Егер бұл солай болса, онда Құдай — біздің Әкеміз деген ойдың өзі сізге ұнамсыз болады. Мүмкін, сіздің өміріңізде мыналарға ұқсас жағдайлар болған шығар:

Менің өгей әкем маған өте қатал қарады, сондықтан Құдай ондай емес дегенді қабылдау мен үшін өте қиын болды.

Менің әкем мәсіхші және жалты жақсы адам болды. Бірақ мен одан ешқашан қолдайтын сөздер естіген емеспін. Мысалы, мен оған қоршауды бояуға көмектескен кезімде одан: «Дұрыс істеп жатырмын ба?» — деп сұардым. Әрине, мен: «Ой, қандай керемет, жарайсың!» — деген сөздерді естуден үміттендім. Бірақ мұның орнына ол: «Ұқыптырақ істеуге тырыс», — деді. Мүмкін, сол себептен де маған үнемі Құдай бойымнан бір кемшілік іздеп тұратындай, Ол мені сүймейтіндей және қабылдамайтындай болып көрінетін.



Егер бір кездері әкеңіз немесе өзіңіз сенген ер адам жаныңызға жара салған болса, сіздің Құдайға сенім артуыңыздың қиынға түсуі мүмкін. Тіпті, сіздің Одан қорқуыңыз немесе Оған ашулануыңыз мүмкін. Маған сеніңіз, Құдай сіз білген еркекке ұқсамайды. Жердегі ең дана, ең қайырымды әке — бұл біздің Көктегі Әкеміздің әлсіз бейнесі ғана. Киелі кітаптың Құдайы аса тамаша, таза және Ол біздің жер бетіндегі ең керемет әкеден де артық сүйеді. Сондықтан да Құдай жайлы түсінікті өзге адамдардың әсері арқылы қалыптастырмаудың маңызы зор. Себебі олардың ең жақсы дегендерінің өздері — бар болғаны Құдайдың бұрмаланған бейнесі ғана.

Егерде Құдайдың шын мәнінде қандай екенін білгіңіз келсе, онда Оны бізге айқын бейнелеп беретін Құдай Сөзіне жүгініп, «Құдайдың болмысының дәлме-дәл сипаты...» (Евр. 1:3) болып табылатын Исамен танысу қажет.

Киелі кітаптың Құдайы — бұл жанашыр, мейірімді Әке. Бұл Ол біз не қаласақ, соны береді дегенді білдірмейді, — ақылды әкелердің бірде-бірі балаларының қалағандарының бәрін бірдей орындамайды. Бұл біз Оның шешімдерін әрдайым түсіне береміз дегенді білдірмейді — Ол өте ұлы. Бұл Құдай біздің жан ауруына душар болуымызға ешқашан жол бермейді дегенді білдірмейді — кейде бізге жан ауруы мен қиындықтарды Оның өзі жібереді. Неліктен? Өйткені Ол бізді сүйеді. Өйткені Ол бізге немқұрайлы қарамайды. Өйткені Ол бізге адал. Киелі кітап былай дейді: «...Құдай бізді нағыз игілігіміз үшін басымызға қиыншылықтар туғызып тәрбиелейді. Осылайша Өзінің қасиетті болғанындай бізді де қасиетті етуді көздейді» (Евр. 12:10).

Біздің нені сезініп, не ойлайтынымызға қарамастан, дерек дерек күйінде қалады: Ол — Өзінің балаларын өте сүйетін рақымды Әке. Ол — өмірімізді сеніп тапсыруға болатын Әке. Ханна Уайтолл Смит Құдайдың әкелік жүрегіне сенім артудың нені білдіретіні туралы көп жазды:

Егер сіз Құдайды Әке ретінде таныған болсаңыз, онда өзіңізді қорғансыз сезініп, мазасыздану мүмкін емес.

...Жердегі жақсы әке ешқашан істемейтін нәрсені Көктегі Әке де ешқашан істемейді және жақсы әке істеуге тиіс нәрсені Көктегі Әке міндетті түрде істейді. Әкенің Өзі Ұлын қалай сүйсе, бізді де дәл солай сүйетінін түсінуіміз үшін Мәсіх бізге Әкенің атын ашып берді. Егер біз бұған сенген болсақ, онда жүрегімізде титтей де болса бүлікшіл немесе мазасыз ой туындар ма еді? Тіпті, і ең қиын деген жағдайлардың өзінде біз Құдай Әкеміздің қамымызды ойлап, барша мұқтаждықтарымыздың орнын толтыратынына сенбес пе едік?



Бақыт үшін Құдай жеткіліксіз

«...Менің бар мұқтаждығым — Сен» ...Мұндай тамаша әнді қауымда айту бір басқа да, қауымның есігінен қиын да шытырман осы дүниеге шығу бір басқа. Сонда біз өзімізге керектің — тек Сол ғана екеніне шын сенеміз бе? Өтіріктің алғашқы үш түріндегі секілді, бұл жерде біздің мұны дауыстап айтуға батылымыз бармайды: бұл өтірікке

саналы түрде сенетіндер аз. Бірақ біздің өміріміз дәл осыған сенетінімізді дәлелдейді.

Шынайы қиындықтар туындаған кезде біз мұны шешуге Құдайдың Сөзі жеткілікті екеніне сенбейміз. Әрине, Оның өзге адамдарға көмектесуі мүмкін, бірақ оның менің қиындықтарым мен мұқтаждықтарыма еш қатысы жоқ. Маған Құдайдың Сөзіне қоса әлгі мәсіхшілер дүкеніндегі сегіз кітап қажет, маған Құдай Сөзіне қоса таспалар, конференциялар, жанқамқоршылары қажет.

Әрине, маған Құдай керек. Бірақ маған Оған қоса жақын достар, маған Оған қоса жақсы денсаулық, маған Оған қоса күйеуім, маған Оған қоса балаларым, маған Оған қоса жақсы ақы төленетін жұмыс, маған Оған қоса жақсы жабдықталған үй керек...

Егер сізде Құдай болса, осының жеткілікті екеніне шын сенесіз бе? Әлде сіз мына әйелдерге көбірек ұқсайсыз ба:

Материалдық жағдайлар мен адамдарға қаншалықты үміт артатынымды сезенімше, мен өзімнің «Бақыт үшін Құдай жеткіліксіз» деген өтірікке сенетінімді білген жоқпын. Мен толықтай Құдайға үміт артатыным деп ойлайтынмын және күйеуіме тек Құдайға үміт артуымыз керектігін айтатынымын. Ал содан кейін өзім некеміздегі немесе қаржы жағындағы қиындықтарды талқылау үшін достарыма жүгіретінмін.

Біздің отбасымызда қиындықтар басталған кезде мен жұбанышты тамақтан таптым. Неке құрған қырық жыл ішінде мен 20 килограмм салмақ қостым.

Мен Исамен жақын қарым-қатынас менің тілектерімді қанағаттандыра алады деген шындықты мойындамадым. Айналамдағыларға өзімнің бүкіл өміріммен бақыт үшін маған керегі — «заттар» екенін көрсеттім. Мен бәрін сынга алдым, ашуланып, үнемі шағымданып жүрдім. Мен осы өтірікте өмір сүрдім.



Біз Құдайдың шынымен де жеткілікті екеніне сенеміз бе, әлде жүрегіміздегі бос орынды толтыру үшін әлденені немесе әлдекімді — тамақты, заттарды, достарды, ойын-сауықты, жұмысты немесе отбасын іздейміз бе?



Құдай менің еркіндігімді шектегісі келеді

Құдай заңдары біздің игілігіміз бен қорғанысымызға арналғанын Жазба бізге үсті-үстіне үйретеді. Азаттыққа апаратын жол мойынсұнушылық арқылы. Ал шайтан Құдайдың заңдары ауыр, ақылға сыймайды және әділетсіз, Оған бағыну арқылы сендер бақытсыз боласыздар деп сендіргісі келеді. Пейіш бағында ол Хауаның назарын Құдай белгілеген жалғыз тиым салуға аударды. Алдамшының ұраны — «Нені істегің келсе, соны істе. Саған нені істеуге, ал нені істемеуге болмайтын белгілеуге ешкімнің қақысы жоқ».

Біздің көпшілігіміз Сара есімді мына әйелге ұқсайтынымызды мойындай алар едік:

*Мен шектеулердің өзімді рахат пен қуаныштан айырғанын сезіндім.
Мен қашан, не жегім келсе, соны жедім. Өйткені егер «жоқ» десем,
онда өзімді жазаланғандай көрдім.*



Көптеген әйелдердің қиындықтары тағамға қатысты болатыны мені жиі таңдандырады. Мұның Жаратылыстың басталуы кітабының 3-тарауына қатысы бар екеніне сенімдімін. Сайып келгенде, ең алғашқы күнә неге қатысты болды? Бұл тағаммен байланысты күнә болатын. Тағамға қатысты жалғыз шектеу Хауа үшін адам төзгісіз болды. Сара секілді, ол да шектеу қоюдың өзін рахат пен қуаныштан айырғанын сезінді. Сонда ол не істеді? (Естеріңізде болсын: біздің әрекетімізді сеніміміз айқындайды). Ол қалаған нәрсесін жеді.

Біз бір беткейлікпен өз қалауымызды істеп, шектеулерді ысырып тастаймыз. Хауаның тиым салынған жемістен жеуге ерікті болғаны секілді, біз де қалағанымызды таңдап алуға еріктіміз. Бірақ біздің

бір нәрсені ғана таңдауға еркіміз жоқ — бұл өз таңдауымыздың салдары.

Егер біз өтірікке сеніп, соның негізінде әрекет ететін болсақ, нәтижесінде құлдыққа түсетініміз туралы жоғарыда айтып кеттік. Ал енді Сарамен әрі қарай не болғанын тыңдаңыз:

Шынайы азаттықтың — мойынсұнушылықтың жемісі екенін сезінген кезімде, мен тағамға құмарлығымнан азат болдым — 29 килограмм салмақ түсірдім және оған қоса сары уайымнан арылдым.



Бір кезде Сара қай уақытта не қаласа және қанша қаласа сонша жегуге бел байлады. Еркіндік деген осы секілді болып көрінеді ғой, солай емес пе? Бірақ қараңыздар: Сараның өзінің айтуы бойынша ол еркін болмаған. Ол еркіндікке қол жеткізем деп ойлады, бірақ оның бақыты баянсыз болып шықты. Мұның орнына ол «тағамның құлына» айналып, 20 килограмм салмақ қосты және сары уайымға салынды.

«Шынайы азаттықтың — мойынсұнудың жемісі» екенін түсінген кезде ол шындықта өмір сүре бастады және шын мәніндегі азаттыққа қол жеткізді.



Құдай менің қиындықтарымды шешуге тиісті

Мұндай түсінік екі жақты алдануға алып келеді. Біріншіден, бұл Құдайды біздің тілектеріміз бен қалауларымызды орындау үшін ғана өмір сүретін сиқыршының, ауызыңнан бұйрық шығар шықпастан құлдық ұрып жүгіріп келетін құлақкесті малайдың дәрежесіне төмендетеді. Бұл өтірік міндетті түрде Құдайдан көңіл қалуға алып келеді: егер біздің қиындықтарымыз шешілмесе, яғни, онда Құдай бізге көмектесуге асықпады.

Екіншіден, бұл өтірік өмірдің мақсаты — еш қиындықтың болмауы, ауыр, жағымсыз нәрселердің бәрінен арылу дегенді білдіреді. Біздің қоғам қиындықтармен өмір сүруге болмайды, әрбір қиындық шешімін табуға тиіс деп ойлауға үйренген.

- Басыңыз ауыра ма? Ауруды басатын дәрі ішіңіз.
- Бастығыңыз ұнамай ма? Басқа жұмысқа ауысыңыз.
- Бағушыңыздың уағыз айтқаны ұнамай ма? Басқа қауым тауып алыңыз.
- Жаңа көлік сатып алуға қаражат жеткізе алмай жүрсіз бе? Жалға алыңыз.
- Еркектер сізге назар аудармай ма? Қылымсыған мінез көрсетіп, олардың назарын өзіңізге аударатындай киім киініңіз.
- Күйеуіңіз сізге көп назар аудармай, спортты ғана ойлай ма немесе алғашқы кездескен кездеріңіздегідей сезімтал емес пе? Онда жұмысыңыздан (немесе қауымнан) өзіңіздің қамыңызды ойлап, сөзіңізге құлақ асатын басқа еркек тауып алыңыз.

Көптеген адамдар үшін мәсіхшілік — бұл өз қиындықтарын шешудің кезекті бір жолы іспетті. Жай ғана мінажат етіп, Құдайға сен, сонда банкіде көп ақшаң болады, досың қатерлі ісік ауруынан сауығады, енді сен бұрынғыдай жалғыз болмайсың, отбасың сақталып қалады, бұрынғыдай жаман әдеттермен күресуіңе тура келмейді, сен бақытты да дені сау әйелге айналасың.

Осы өтірік Холлидің қомағайлығынан арылуына кедергі болды:

Мен қомағайлықтан және артық салмақтан зардап шектім. Құдайдың осылардан азат етуі үшін мен ұдайы мінажат етумен болдым. Бірақ менің мінажаттарым да, сұраған нәрселерім де өзімшіл болатын. Менің сырттай әдемі болғым келді.



Мен нәтижеге тез қол жеткізуді қаладым және ештеңені құрбандыққа шалғым келмеді. Менің өзіммен жұмыс істегім келмеді. Менің мінажаттарым мынадай болып келетін: «Тәңірім, менің басыма қиындықтар туды. Мен ерік-жігерімді күшейткім келеді, бірақ онымнан ештеңе шығар емес. Өтінемін, осыны өзгертші. Осы қиындықты шешу үшін маған Өзіңнің күшіңді берші». Бірақ бәрібір ешқандай өзгеріс болмады.

Мұндай теріс ойлар көптеген мәсіхші әйелдердің неліктен ашу мен қайғыда өмір сүретініне, олардың өмірден неге көңілдері қалғандарына түсініктеме береді. Олар егер Исаны қабылдап, қауымға барып жүретін болса және «мәсіхшілерше» өмір сүруге талпынатын болсақ, онда бізде ешқандай қиындықтар болмайды деп ойлаған.

Мойынсұнып өмір сүру — бұл Құдайсыз және Құдайдың еркіне сай емес өмірдің табиғи салдары болып табылатын көптеген қиындықтардан алыс болу дегенді білдіреді. Бірақ бұл Мәсіхшілер барлық қиындықтарынан бір сәтте арылып кетеді деген сөз емес.

Шындықтың мәні — өмірдің қиын нәрсе екендігінде. Біз бүлінген әлемде өмір сүріп жатырмыз. Тіпті күнәларынан ақталғандардың өздері жерлік тәнде өмір сүріп жатыр және күнәмен (өздерінің немесе өзге адамдардың күнәларымен), азғырумен, аурумен, жан күйігімен және өліммен бетпе-бет келулерін жалғастыруда. Біздің мәсіхшілерге, тіпті, көпті көрген, әділетті мәсіхшілерге айналғандығымыздың өзі бізді еш зақымданбайтын, ештеңе дарымайтын адамдарға айналдыра алмайды. Құдай қайтадан жаңа жер мен жаңа аспан жаратпайынша, біз күнәнің бүлдіргіш әрекеттерінен толықтай азат бола алмаймыз. Сол күнге дейін бізде көз жасы да, қиындықтар да, қайғы да болады.

Бірақ Құдайдың біздің қиындықтарымыздан бойын аулақ салмайтыны қандай жақсы. Ол біздің қалай қиналып жатқанымызға жоғарыдан қарап отырмайды. Жоқ! Киелі кітаптың Құдайы — «...қиын кезде сенімді көмекшіміз...» (Зәбүр 45:2). Бұл біздің барша қиындықтарымыз сиқырлы таяқшаның көмегімен бірден жоқ болып кетеді дегенді білдірмейді. Бұл Құдай қиындықтарды біздің мінезімізді қалыптастыру үшін, өмірімізді өзгертіп, бізді «ауыр азаптар шеккен кезінде де Әкесіне мойынсұнуға үйренген...» (Евр. 5:8 қараңыз) Өзінің Ұлы Исаға ұқсас ету үшін қолданады дегенді білдіреді.

Біз барша қиындықтарымызды Құдайдың шешіп бергенін қалаймыз. Бірақ Ол былай дейді: «Мен қиындықтарды сені өзгерту үшін және бүкіл әлемге өзімнің игілігім мен құдіретімді көрсету үшін қолданғым келеді». Бұл шындық — және осы шындық сіздерді азаттыққа жеткізеді.



АҚИҚАТТЫ ӨТІРІКKE ҚАРСЫ ҚОЙ



ӨТІРІК

1. ҚҰДАЙ СОНШАЛЫҚТЫ
БІР РАҚЫМДЫ ЕМЕС,
ӘЙТПЕГЕНДЕ ОЛ...
2. ҚҰДАЙ МЕНІ СҮЙМЕЙДІ.
3. ҚҰДАЙ ДӘЛ МЕНІҢ
ӘКЕМ СЕКІДІ
4. БАҚЫТ ҮШІН ҚҰДАЙ
ЖЕТКІЛІКСІЗ.
5. ҚҰДАЙ МЕНІҢ
ЕРКІНДІГІМДІ ШЕКТЕУДІ
ҚАЛАЙДЫ.
6. ҚҰДАЙ МЕНІҢ
ҚИЫНДЫҚТАРЫМДЫ
ШЕШУГЕ ТИІСТІ.

ШЫНДЫҚ

- Құдай рақымды және Оның істерінің бәрі біздің игілігіміз үшін.
- Құдай ешқашан да қателік жасамайды.
- Құдайдың маған деген сүйіспеншілігі шексіз және шүбәсіз.
- Маған Құдайдың сүйіспеншілігі мен рақымдылығын жаулап алуға тырысудың қажеті жоқ.
- Құдай қашан да менің пайдам үшін әрекет етеді.
- Құдай Өз Сөзінде Өзін қалай ашса, дәл сондай.
- Құдайдың данышпандығында шек жоқ, ол мені жердегі ең жақсы әкеден әлдеқайда артық жақсы көреді.
- Бақыт үшін Құдай жеткілікті. Егер менде Құдай бар болса, онда менде өзіме керектің бәрі бар.
- Құдай әрқашан ең дұрыс шешім қабылдайды.
- Құдайдың шектеулері қашан да менің игілігім үшін.
- Құдайдың шектеулеріне қарсылық менің өміріме жанжал мен жан ауруын алып келеді.
- Өмір қиын.
- Құдай менің бар қиындықтарымды шешуді емес, Өзінің Атының дәріптелгенін, ал менің өзгергенімді қалайды.
- Қиындықтар арқылы Құдай мені мәңгілік межеге қарай жетелейді.
- Құдай мені тазарту барысында мендегі қиындықтарды да пайдаланады
- Қандай қиындықтармен кездесетініме қарамастан, маған Құдайдың рақымдылығы жеткілікті.

❁ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ ❁

Жақыптың хатында айтылғандай (1:21–25), шындықты естіп қана қою жеткіліксіз. Біз шындыққа бағынып, оны өміріміздің және ойлау салтымыздың ажырамас бөлігі етуіміз қажет. Егер біз шындықты біле тұра, ол бойынша өмір сүрмейтін болсақ, онда біз ақымақпыз және өзімізді өзіміз алдап жүрміз. Егер біз шындыққа бағынатын болсақ, онда біз жарылқанғанбыз.

Тараулардың соңында келтірілген «Іс жүзінде қолдану» деп аталатын бөлімдер бұл кітаптың ең маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Келесі тарауға өтпес бұрын, өзіңіздің қазір ғана оқыған шындығыңыз жайлы пікір білдіруге уақыт бөліңіз. (Мүмкін, біздің сұрақтарымызға өз күнделігіңізге жауап жазғыңыз келетін болар. Болашақта өзіңіз үшін жаңа ойлар мен Жазбадан аяттар жазу үшін әр бөлімнің соңынан орын қалдырыңыз).

1. Құдаймен КЕЛІСІҢІЗ.

Сіз Құдай жайлы қандай өтірікке сендіңіз?

2. Жауапкершілікті ӨЗ МОЙНЫҢЫЗҒА АЛЫҢЫЗ.

Бұл өтірікке сену сіздің өмір салтыңызға қандай әсерін тигізді (адамдармен қарым-қатынасыңызға, іс-әрекеттеріңізге)?

3. Шындықты ЖАРИЯЛАҢЫЗ.

Жоғарыда келтірілген әрбір шындықты дауыстап оқып шығыңыз. Олардың қайсысы қазір сіз үшін аса маңызды?

Өз санаңызды Құдайдың Сөзімен жаңартыңыз. Келесі үзінділерді дауыстап оқыңыз. Бұл аяттар Құдайдың мінезі, Оның Өзінің балаларына қатысты жоспарлары туралы не айтады?

Зәбүр 99:5

Зәбүр 22

Зәбүр 120

Рим. 8:28–39

4. Шындықтың негізінде ӘРЕКЕТ ЕТІҢІЗ.

Өміріңіздің шындыққа сәйкес болуы үшін қандай қадамдарды жасау қажет?

5. Құдайдан шындықта жүруіңізге көмектесуін СҰРАҢЫЗ.

Әке, Сенің рақымды екеніңді, істеріңнің бәрінің менің игілігім үшін екенін мойындаймын. Сенің қателіктер жасамайтының үшін және дүниедегінің бәрін, бүкіл өмірімді Саған сеніп тапсыра алатыным үшін рахмет. Менің қамымды ойлайтыныңа және қашан да Өзіңнің кемелді жоспарыңды жүзеге асыруға ұмтылатыныңа сенемін. Өтінемін, Сенің даналығыңа, рақымдылығың мен сүйіспеншілігіңе күмәнданғаным үшін кешіріші. Сен туралы өте аз білетінімді және Сенің ойларыңды жиі дұрыс түсінбейтінімді мойындаймын. Мені өзіңді тануға, сүюге және өзіңе сенім артуға үйретші. Амин.

3-ТАРАУ

ӘЙЕЛДЕР СЕНЕТІН ӨТІРІК... ...ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Қымбатты күнделік,

Соңғы бірнеше апта менің өмірімдегі ең қиын апталар болды. Маған біреумен ойларымды бөлісу аса қажет. Адам екеуіміз жұмақтан қоныс аударғаннан кейін, біздің ара қатынасымызда бір нәрсе дұрыс болмай жүр. Ол маған бір кездері қайтадан сенетін бола ма, білмеймін. Әрине, мен оны кінәлай алмаймын, себебі оның өмірін астан — кестен қылған менмін ғой. Мен өзімді сондай ақымақ сезінемін. Әлгі жыланның маған қандай әсер тудырғанын Адам түсінбейді. Ол сондай тартымды болып көрінгені соншалық, мен оған қарсы тұра алмадым...

Мен алғаш рет өзіме көз салып, жалаңаш екенімді түсінген сәтім үшін әлі уайымдаймын. Содан соң мен Адамға қарап, оның да осы туралы ойлап тұрғанын түсіндім. Екеуіміз кездескеннен бері мен алғаш рет оның көзіне тура қарай алмадым. Бұған дейін біз ешқашан бір-бірімізден ұялмаған едік. Енді біз қатар жүрген кезде өзімізді жиі жайсыз сезінеміз. Құдай бізге пайдасы жоқ інжір жапырақтардың орнына нағыз киім бергенімен, мен өзімді бәрібір де... сырттай ғана емес, іштей де қорғансыз сезінемін.

Мен Адамның көз алдында қалай көрінетінім туралы ешқашан ойламаған едім. Оның мені сүйетінін және мені Құдайдың жаратқандарының ішіндегі ең әдемісі деп ойлайтынын білетінмін. Ал қазір мен оның өзімді сүйетініне және ең тартымды әйел деп есептейтініне жиі күмәнданамын. Мүмкін, ол бір кезде Құдайдың мені өзіне бергеніне өкінетін де болар?



Осыдан бірнеше апта бұрын көзім қатты ауырып, контактылы линзаларымды таға алмай қалдым. Алғашында мен көздерімнің еттері тітіркеніп тұрған болар деп ойлап, оны дәрінің көмегімен қайтаруға талпындым. Бірақ онымнан еш нәтиже шықпады. Мен сол күйі линза арқылы жақсы көре алмай, көргендерім бұрмаланып, бұлдырап көрінуін жалғастыра берді. Ақыры линзаны шешіп, көз дәрігеріне баруыма тура келді.

Менің көздерімді қарап шыққан ол мәселенің тітіркенуде, тіпті, менің көздерімде де емес, линзада екенін айтты. Ол қандай да бір жолмен бүлініп, жалпайып кетіпті де, көзіме батып жүріпті. Көзді қайта қалпына келтіру үшін жаңа линза сатып алуға тура келді.

Құдайдың мінез-құлқы туралы біздің түсінігіміздің маңызы өте зор, себебі ол басқа түсініктеріміздің бәріне әсерін тигізеді. Құдайды бұрмаланған күйде тану біздің шынайы нәрселерге деген көзқарасымызды өзгертеді. Көбіне біз наразылықтарымыздың немесе жан-дүниеміздегі абыржушылықтардың себебі адамдарға немесе жағдайларға емес, бәріне ақаулы линза арқылы қарайтындығымызда екенін түсіне бермейміз.

Құдай туралы түсінігіміз әсіресе біздің өзіміз жайлы түсінігімізге қатты әсер етеді. Егер біз Оны шын мәнінде қалай болса, сол күйінде көрмейтін болсақ, егер біз Оның тұлғасы жайындағы өтірікке сенетін болсақ, онда өзіміз жайлы міндетті түрде теріс ойлайтын боламыз.

Егер біз Құдайды төмен бағалайтын болсақ, онда өзіміз де бейшараның күйіне түсеміз. Егер біз қиялымызда әлемге билігін жүргізе алмайтын әлсіз Құдайды көретін болсақ, өзімізді де шарасыз күйде көреміз, онда біз қиын жағдайларды жеңе алмаймыз. Егер біз Құдай жайлы өтірікке сенген болсақ, онда өзіміз туралы өтірікке де сенеміз. Мысалы, мынандай өтірікке...



Мен түкке тұрғысызбын

Біз сауалнама жүргізген әйелдердің 42 пайыздан астамы өздерінің осы өтірікке сенетіндерін айтты. Бұл өте күшті өтірік, оған сіздер олардың куәліктері арқылы көз жеткізе аласыздар:

Мен өзімді өзгелерден нашар сезінемін және бұл менің өмірлік қасіретім болды. Көпшіл адам екеніме қарамастан, бұл мені көптеген адамдармен қарым-қатынастан бас тартуға мәжбүр етті.

Мен айналамдағы адамдардың өзімді үнемі мақұлдап жүрулеріне мұқтажбын, өйткені мен өзімді түкке тұрғысыз адам ретінде сезінемін! Егерде адамдар мені жақынырақ таныса, онда менің дәл сондай екеніме көздері жететін еді.

Бақытсыз некенің кесірінен мен өзімді бейшара сезіндім. Мені ешкім, тіпті, Құдай да сүйе алмайды деп ойладым. Мен үнемі: сүйікті болу үшін кіршіксіз болу қажет деп есептейтінмін.

Мен ешқандай жақсы үлгіге сәйкес келмеймін, сондықтан Құдай да мені жақсы көре алмайды. Өзін түкке тұрғысыз көру — көбіне біз айналамыздағы адамдардан, әсіресе бала кезімізде естіген өтіріктің нәтижесі болып табылады.



Бала кезімде маған өзімнің зердесіз, түкке тұрмайтыным туралы айтатын. Уақыт өте келе мен мұның дәл осылай екеніне сендім. Міне, әлі күнге дейін осы қорқыныштан арыла алмай келе жатырмын.

Жас кезімде маған осылай айтқандықтан, мен осы дүниеде бір нәрсеге қол жеткізе алатыныма сенбейтінмін. Адамдар мені ештеңе түсінбейтін, ой-санасы дамымай қалған адам секілді қабылдайтын. Осылай екеніне өзім де сендім. Мен тұйықталып, адамдармен қарым-қатынас жасаудан қашқақтадым. Мен өмір бойы өзімде ешқашан жақсы достарымның, отбасымның болмайтынына сенімді болдым. Мен өзімді өмір бойы қинаған жан азабымның мезгілсіз, ерте өлуіме себепкер болатынына сендім.



Мәселенің мәні мынада, біздің өз-өзімізді бағалауымыз көбіне біз жайындағы өзге адамдардың пікіріне сәйкес анықталады. Кейде олар-

дың сөздері дұрыс әрі пайдалы болып шығады. Бірақ үнемі бұлай бола бермейді.

Егерде біз пікіріне құлақ асқан адам қандай да бір себеппен бізге ақаулы линза арқылы қарайтын болса, онда оны қабылдау да бұрмаланады. «Қисық» айнадағы бейнемізді шындық ретінде қабылдаған біздің кейбіріміз бүкіл өмірімізді сезімнің қапасында өткіздік.

Тіпті адамдардың сөздері теориялық жағынан дұрыс болған күннің өзінде, әзәзіл бұл ақпаратты бізді өзінің құлына айналдыру үшін пайдалануы мүмкін. Мысалы, кішкентай қыз өзінің алты жасар құрбысына: «Сен семізсің!» — деп шындықты айтуы мүмкін. Егер әлгі кішкентай қыз осы сөзден шығарған: «Мен семізбін. Сондықтан:

- Мен өмір бойы семіз боламын,
- мені ешкім ешқашан жақсы көрмейтін болады және менімен ешкім достаспайды,
- мен түкке тұрмаймын
- айналамдағы адамдарға ұнау үшін мен отырыстардың гүліне айналуға тиіспін» деген теріс қорытындысына сүйеніп өмір сүретін болса, оның бір күні құлдыққа түсуі мүмкін.

Кейде бала күнінде естіген жалғыз ескертуі адамды өмір бойы қинап өтуі мүмкін. Миндиден осылай болды:

Шамамен алты жасқа келген кезімде маған өмір сүруге қақым жоқ екенін және жалпы дүниеге келмеуге тиіс болғанымды айтты. Мұны кімнің айтқаны есімде жоқ, бірақ жанымда тұрған анамның бұған қарсы ештеңе айтпағаны есімде. Содан кейін мен томаға-тұйық болып кеттім және адамдармен сөйлесу мен үшін өте қиын болды.

Жетінші сыныпта мені арнайы мектепке ауыстырмақ болды. Мені ол жерге қабылдады, бірақ онда оқушылар өте көп болғандықтан, менің бұрынғы мектебіме қайтып оралуыма тура келді. Бірақ мен өзімнің орнымның сонда екеніне ешқашан сенген емеспін.

Бүгінгі күнге дейін мен өзімнің топас, есерсоқ екеніме және мені адамдардан аулақ бір жерде қаманда ұстауға тиіс екеніне сеніп келдім.

Үлкен сыныптарда менің достарым болған жоқ, ал адамдар мені әдейі ренжітуге тырысатын. Нәтижесінде, мен одан әрмен тұйықталып, сары уайымға салындым және ұйықтап кетіп, содан ешқашан қайтып оянбауды армандадым.



Бұл оқиғада адамның құлдыққа қалай түсетіні анық көрінеді. Алдымен, әлі бала кезінде әлгі әйелге сұмдық, бүлдіргіш өтірікті айтқан. Әйел өтірікті тыңдап, содан соң оған шындықты қарсы қоюдың орнына ол туралы ойлана бастады да, нәтижесінде оның шындық екеніне сенді. Сөйтіп ол осы өтіріктің негізінде әрекет ете бастады («Мен тұйықталып...») да, өтірік оны құлына айналдырды: («сары уайымға салындым және ұйықтап кетіп, содан ешқашан қайтып оянбауды армандадым»).

Адамның өзін қабылдауы оның болашағын, бүкіл өмірін айқындайды. Егер біз өтірікке сеніп, соның негізінде әрекет ететін болсақ, онда құлдыққа түсеміз. Мұны келесі куәліктер дәлелдейді:

Мен ұзақ уақыт өзімнің түкке тұрмайтындығыма сеніп келдім. Тіпті таубеге келгеннен кейін де осылай ойлауымды жалғастыра бердім. Соның кесірінен сары уайымға салындым. Адамдардан оқшауланып, нәтижесінде Құдай өзіме арнаған қуанышты өмірді сүре алмадым.

«Мен түкке де тұрмаймын» — мен өмір бойы осыған сеніп келдім. Мен үнемі осы өтірікпен және өзімнің айналамдағылардың мақұлдауына мұқтаждығыммен күресіп келдім. Не істерімді білмей, бәрінің көңілін табуға талпындым. Өзім қалай көрінуге тиіспін деп ойласам, адамдарға дәл солай көрінуге тырыстым.



Бұл осындай куәліктердің бір бөлігі ғана. Қазір көптеген әйелдер адамдардың өздеріне дұрыс қарым-қатынас жасауының жолдарын жанталаса іздейді; оларды айналадағы адамдардың мақұлдауына ие болу тілегі жетелейді. Олар өткен өмірдегі өздеріне деген жаман қарым-қатынастың орнын толтыруға ұмтылатындай болып көрінеді. Бірақ көп

жағдайда қанша жақсы тілектер естігендерімен, бұл оларды өздерінің бейшара екендігіне сенуге мәжбүр еткен жанға бататын сөздердің жаман әсерін жеңе алмайды. Мақұлдау қашан да жеткіліксіз болады. Олар өздерінің түр келбеттеріне немесе жұмыстарына қатысты жүздеген мақтау ести алады, бірақ отбасы мүшелерінің бірі жаман бір сөз айтса болды, бәрі бұрынғы орнына қайтадан келеді. Неліктен? Өйткені олар өз құндылықтарын өзге адамдардың анықтауларына жол береді.

Петірдің жазған бірінші хатында Исаның құндылығының қалай анықталғанын көрсететін аят бар — ол адамдардың Иса туралы пікірі арқылы емес (мейлі, ол жақсы не жаман пікір болсын), Оның Көктегі Әкесі көрсеткен шындық арқылы айқындалды. Адамдар Одан бас тартты, бірақ Құдай Оны бағалы деп таңдап алды (1 Петір 2:4 қараңыз). Исадан Ол Өзі үшін жаратқан, оларды сүйіп, солар үшін өмірін қиған адамдар бас тартты. Бірақ Оның құндылығын бұл айқындаған жоқ. Оны Құдай таңдап алды, Оның құндылығын, міне, осы айқындады.

Сурет өнерінен хабары жоқ біреу тамаша бір суретті қоқыс жәшігіне тастай салды дейік. Бұдан оның құны түсе ме? Әрине, олай емес. Оны өнерді бағалаушы біреу тауып алып: «Бұл баға жетпес туынды, мен ол үшін кез келген соманы төлеуге дайынмын», — деген кезде әлгі туындының шынайы құндылығы айқын болады.

Құдай Өзінің жалғыз рухани Ұлы Иса Мәсіхті сіздің және менің күнәларымызды өтеу үшін осы жердің бетіне жіберген кезде, Ол біздің жандарымыздың құнын бағалағандай болды, Ол біздің жанымыздың бүкіл әлемнен де артық тұратынын жариялады. Сіз кімнің пікірін қабылдайсыз? Өтірікке сену сізді құлдыққа түсіреді. Ақиқатқа сену — азаттыққа жеткізеді.



Маған өзімді жақсы көріп үйрену қажет

«Өзін төмен бағалау» — біздің заманымыздағы ең кең тараған диагноздың бірі. Кәсіби психологтар өз қаралушыларына осылай баға береді, ұстаз оны оқушыларына қояды, бұл туралы бағушылар қауымға келушілерге, ата-аналар — балаларына айтады және сансыз көп

адамдар мұны өз-өздеріне мойындайды.

Өзін төмен бағалайтын адамдарға осы дүниенің ұсынатын емі мынандай: «Саған өзіңді жақсы көруге үйрену қажет». Бұл қазіргі психология мен өздерін жақсы көрудің жолдарын іздеген адамдардан тұратын бүгінгі қоғамның аузынан түспейтін сөздерге айналды.

Бір діни тауарлар топтамасында кеудесіне мынандай өлең сөзі жазылған футболка бар: «Өзіңді сүй»

Келесі бір жарнамада мынандай бір «сиқырлы пижаманы» ұсынады. Оның кеудесіндегі сөздер адам айнаның алдында тұрғанда дұрыс оқылатындай етіп аударылып жазылған:

«Мен тамаша, ерекше, құнды, жомарт, таптырмайтын, қасиетті, толық қанды, лайықты, құрметті тұлғамын». Бұл пижама сіздің «қаншалықты бағалы, ерекше» адам екеніңізді ескі салып тұруға арналған.

Әдетте жиі болатынындай, мұндай жарнамадағы өтірік шындыққа толықтай қарама-қайшы емес. Киелі жазба Құдайдың бізді рухани жағынан өзіне ұқсас және бейнелес етіп жаратқанын, Оның бізді сүйетінін және біздің Ол үшін қымбат екенімізді айтады. Бірақ бұл жерде біздің сіңірген еңбегіміз жоқ. Егер біз өзімізді жаппай мақтауға кіріссек, бұдан Құдайдың сүйіспеншілігі айқын сезіле түспейді. Керісінше, Иса біздің жанымызды оны жоғалту арқылы ғана табатынымызды айтты. Өзіне деген сүйіспеншілік туралы ілім адамдарды жалғыздық пен бақытсыздыққа алып келеді.

Адамдар: «Мен өзіме ешқашан ұнаған емеспін» немесе «Ол өзін сүймейді» деген сөздерді қаншалықты жиі айтады? Жазба бойынша, біз өзімізді жақсы, тіпті, өте жақсы көреміз. Иса бізге маңайымыздағыларды өзімізді сүйгендей сүйуді бұйырғанда, бұл біздің өзгелерді сүйу үшін алдымен өзімізді сүйуіміз керектігін білдірмейді. Иса біздің табиғи түрде өзімізге көрсететін қамқорлықты өзгелерге де көрсетуіміз керектігін айтады.

Егер менің тісім ауыратын болса, мен ем қабылдап, мәселені шешуге тырысамын. Ал егер мен «өзімді сүймесем», онда тісімнің ауырғанына назар аудармаған болар едім. Ал басқа біреудің тісі ауырып тұрса, маған жайбарақат отыра беру өте оңай — себебі бұл оның басындағы қиындық. Біз өзімізді табиғи түрде жақсы көреміз және өзгелерді дәл

осылай табиғи түрде жақсы көрмейміз.

Ефестіктерге жазылған хатта да дәл осы туралы айтылады. Онда Пауыл еркектердің әйелдерін дәл өздеріндей жақсы көрулері керектігін айтады: «жұбайларын өз тәніндей жақсы көру — күйеулердің міндеті. Әйелін сүйген өзін де сүйеді. Ешкім де өз тәнін жек көрмейді, қайта, оған нәр беріп, баптап күтеді» (Ефес 5:28–29).

Біз үнемі өз қамымызды ойлап, басымызға түскен ауыртпалықтар жайлы қатты уайымдаймыз, өзге адамдардың әрекеттерінің бізге қатты әсер ететінін сезінеміз. Кейбіріміздің жанымыздың тез жараланғыштығының себебі біздің өзімізді жек көретіндігімізден емес, қайта, өте жақсы көретіндігімізден! Біз өзімізді жақсы қабылдағанды, мейірімділікпен қарағанды қалаймыз. Егер біз өзімізді соншалықты қатты жақсы көрмесек, онда бізден бас тартқандары үшін, бізді елемей, лайықты ілтипат көрсетпегендері үшін еш уайымдамас едік. Өйткені біз өзімізді жек көрмейміз, сондықтан бізге өзімізді сүйуге үйренудің қажеті жоқ. Құдайды және айналамыздағы адамдарды шын сүйу үшін бізге өзімізден бас тартуға үйрену қажет. Біздің ауруымыз — «өзімізді төмен бағалау» және өзімізге жаман қарау емес. Мұны Құдайды төмен бағалау деп айтуға болады. Біздің қиындығымыз — «өзімізді дұрыс қабылдамау емес», «Құдайды дұрыс қабылдамауымызда». Бізге енді өзімізді жақсы көрудің қажеті жоқ, Оның бізге деген шексіз сүйіспеншілігін, Оның біздің өмірімізге қатысты жоспары мен мақсатын қабылдауымыз қажет.

Біз Оның сүйіспеншілігін қабылдаған кезде, өзімізді өзгелермен салыстыру қажеттілігі жоғалады. Біз «өзіміз» туралы көп ойламайтын боламыз. Оның орнына біз Құдайдың сүйіспеншілігін өзге адамдарға жеткізушілерге айналамыз.



Мен өзіммен ештеңе істей алмаймын

Бұл адамдарды өмір бойына құл етіп алатын өтіріктің тағы бір түрі. Бұл өтірікке бір кездері біздің бәріміз де сендік. Мүмкін, төменде күәлік еткен әйелдердің бірінен сіз өзіңізді танырсыз:

Мен «қашан да ата-анам секілді боламын, бұл қан арқылы берілетін нәрсе ғой, бұған ештеңе істей алмайсың» деген өтірікке сендім. Әкем дін қызметкері болды. Бірақ ол анам екеуі Құдайдан және қауымнан бөлек кетті. Мен Құдайға үнемі адал болып жүру мүмкін емес деп есептедім. Егер бұл ата-анамның қолынан келмесе, онда менің де қолымнан келмейді. Өзіммен ештеңе істей алмаймын деп есептеп, мен өзімнің жалқаулығым мен тәртіпсіздігімді сол арқылы ақтамақ болдым.

Мен өзімнің толықтығымның себебі әкемнің бүкіл отбасының артық салмақтан зардап шегетіндіктерінің кесірінен екеніне сендім. Мен олардың осындай дене бітімдерін мұраға алдым, сондықтан өмір бойы осыдан азап шегетін боламын. Онымен күресуден пайда жоқ — мен бәрібір тола беремін. Сондықтан мен өзімнің тамаққа құмарлығымға соларды кінәлі деп есептедім.



Біз бойымыздан өзімізге немесе Құдайға ұнамсыз нәрселерді байқаймыз. Бірақта өз шешімімізге, мінез-құлқымыз бен әрекетімізге жауапкершілікті өз мойнымызға алудың орнына, біз ақталудың 101 түрін ойлап табамыз:

- Біздің үйіміз сондай тар, сондықтан да бәрі менің жүйкеме әсер етеді.
- Менің жұмысым өте қиын, сондықтан мен үйге келгенде балаларыма ашуланбай тұра алмаймын.
- Қиын жағдайдамын, етеккірім келіп жатыр.
- Менде гормональдық олқылық.
- Менің шаршағаным сондай, ештеңе істеуге шамам жоқ.
- Біздің отбасымызда ұрыс-керісті басып, оны дұрыс шешетін ешкім болмады. Біз бәрін ішімізге жинап, ештеңе болмағандай түр көрсететінбіз. Мен әлі күнге дейін өзімді қинаған жайттар туралы ешкімге ашып айта алмаймын.
- Ата-анам мені ешқашан мақтамайтын және мен өзімді ешқашан сүйікті сезінген емеспін.

- Менің анам мен әжем сары уайымнан азап шегетін. Сірә, бұл мұраға берілетін секілді.
- Анам мен үшін ешқашан нағыз ана болған емес, сондықтан да мен балаларымды қалай тәрбиелеу керек екенін білмеймін.
- Менің балалық шағым ауыр болды, сондықтан да мен адамдарға сене алмаймын.
- Бұрынғы күйеуім мені үнемі қорлайтын, менің өзімді төмен бағалауыма сол кінәлі.

Бұл сөздер бәріне айналамыздағы адамдар кінәлі, ал біз тек құрбандықтармыз және өзге адамдар салған жарадан азап шегіп жүрміз дегенге саяды.

Соған қарамастан, Хауаның тарихы туралы ой толғай келе, біз бұл әйелдің бақытсыздығына не күйеуінің, не балаларының кінәлі болмағанын түсінеміз. Әйелдердің барша қиындықтарына тек қана еркектер кінәлі деп есептейтін заманауи феминизмге қарсы айтар уәжіміз — Хауаның өмірін еркек бүлдірген жоқ. Хауа бұған өз ортасын да кінәлай алмас еді. Керісінше, оның жағдайында табысқа жетіп, бақытты болу өте оңай еді. Хауа мен оның күйеуінде қаражат жағынан қысылушылық та, жұмыстарында қиындықтар да болған жоқ. Олардың жағымсыз көршілері болған жоқ. Оларда тіпті, ата мен енеге қатысты қиындықтар да болған жоқ!

Болған жайға Хауа ешкімді кінәлай алмас еді. Мәселе оның өзінен басталды. Хауа өз таңдауын жасады — бұған басқа ешкім кінәлі емес. Бұл таңдауы оны азаттықтан айырып, оның өзін, отбасын және бүкіл келер ұрпақтарын үлкен қасіретке душар етті.

«Мен өзіме ештеңе істей алмаймын» деген өтірік бізді айналамыздағы адамдардың, сыртқы жағдайлардың құрбанына айналдырады. Ол біздің болашағымыз үшін басқа біреу немесе бір нәрсе жауап береді, біздің өзгеруге билігіміз жетпейді, біз бар болғаны ойыншықтармыз дегенге сендіруге тырысады. Неге екені белгісіз, бізді біреу жіптен тартып қозғағанда ғана алға жылжи аламыз дегенге сеніп алғанбыз.

Бұл өтірік біздегі өзгеруге деген үмітті үзеді. Шайтан егер біз өзімізді бақылауға қабылетсізбіз деген өтірікке сенетін болсақ, онда

ешқашан өзгермейтінімізді біледі. Онда біз құлдықта өмір сүреміз. Егер біз әуел бастан жеңіліс табуға, бақытсыз болуға немесе күнә жасауға жаралғанбыз дегенге сенетін болсақ, онда біз жеңіліс табамыз, бақытсыз боламыз және күнә жасаймыз.

Бірақ бізде таңдау бар. Біз өз шешімдеріміз үшін жауап береміз. Біз Киелі Рухтың күшімен өзгере аламыз. Шындықты танып, оны қабылдаған сәтімізде біз өткеніміздің, жағдайлардың және санамызға терең тамырланып алған ойлау түрлерінің құрсауынан құтыла аламыз.



Менің құқым бар

«Тартып алынбайтын құқық»... «Сенің өз өміріңді өзің басқаруға құқың бар!»... «Сенің сапалы қызмет көруге құқың бар!» Ата заңнан бастап мейрамханаларға дейін, барлық жерде «Менің құқым бар» деген осы ұран жазылған. Бұл батыстың дамуының өзіндік шартты белгісіне айналды. Біздің заманның әйелдері бұған қос қолдап жармасып алды.

Қазіргі заманғы феминисткалар қозғалысы әйелдің: сайлауға, үй шаруасындағы жұмыстардан азат болуға, қызметте еркектермен теңдей мүмкіндікке ие болуға, жалақыны еркектермен бірдей алуға, айтқысы келгенін айтып, істегісі келгенін істеуге, егер қаласа күйеуінің тегін алмауға және басқа да ерлер тарапынынан болатын «қысымшылықтарға» тәуелді болмауға деген құқыларын қорғауды алдарына мақсат етіп қойған.

Әйелдерді азаттық пен бақытқа өз құқыңды қорғай алсаң ғана жетесің деп сендіріп қойған. Сайып келгенде, «егер өзіңе өзің көмектеспесең, саған басқа ешкім көмектеспейді!» Бірақ қазір әйелдердің дәл осындай аянышты халге дәл осы өз құқықтарын қорғаудың кесірінен түскендеріне сенімдімін. Мен «құқықты қорғаудың» үнемі күткен нәтижесі әкеле бермейтіні туралы жиі естимін:

Менің құқым бар дегенге сенім көптеген қажетсіз жанжалдарға себеп болып, менің өмірімді адам төзгісіз етті.

Өзімнің қалағанымды талап еткенде, мен аз уақытқа ғана қанағат сезіміне ие боламын, бірақ арада көп өтпей-ақ қайтадан торыға бастаймын.



Шын мәнінде бүкіл әлемде табысты қарым-қатынас пен жақсы мәдениетті адамдар өз құқықтарын қорғаудың емес, өзгелерге жол берудің арқасында құрып жатыр. Тіпті, бұл ұстаным біздің жол жүру ережесінде де бар. «Сіздің жүруге құқыңыз бар» деген белгіні сіз еш жерден көре алмайсыз. Керісінше, біздің белгілер: «Жол бер» дейді. Бұл ұстаным жол қозғалысы жүйесі үшін аса қолайлы. Ол біздің өмірімізге де өте ыңғайлы болар еді.

Бірақ өз құқын қорғау туралы ой бәрінің санасын жаулап алған. Алпысыншы жылдардағы былықтар мен абыржушылық дүниеге құқықтар туралы пәлсапаны әкелді. Бұл ой біздің мәсіхшілік мәдениетіміздің де бір бөлігіне айналды. Ол біздің әңгімемізге ұрлана еніп жатыр. Ол біздің дүние танымымызды қалыптастыруда. Төмендегілер қазір әдеттегі нәрсе болып табылады:

- сіздің бақытты болуға құқыңыз бар;
- сіздің адамдардың түсіністігіне ие болуға құқыңыз бар;
- сіздің сүйікті болуға құқыңыз бар;
- сіздің белгілі бір өмір қалпына, жақсы жалақы мен кейбір жеңілдіктерге құқыңыз бар;
- сіздің жақсы некеге құқыңыз бар;
- сіздің достықты және махаббатты сезінуге құқыңыз бар;
- сіздің қызметтестеріңіздің құрметіне ие болуға құқыңыз бар;
- сіздің күйеуіңіз бен балаларыңыздың құрметіне ие болуға құқыңыз бар;
- сіздің демалуға құқыңыз бар;
- сіздің ұйқыңыз қанғанша ұйықтауға құқыңыз бар.
- Сізде күйеуіңіздің үй жұмысына көмегіне құқыңыз бар.

Ал ең бастысы, егер сіздің кез келген құқыңыздың бірі бұзылатын болса, онда қарсылық білдіруге құқыңыз бар. Сіздің ашулануға құ-

қыңыз бар. Сіздің уайымға салынуға құқыңыз бар. Сіздің қандай да бір әрекет жасауға құқыңыз бар. Сіздің өз құқыңыздың сақталуын талап етуге құқыңыз бар!

Көнеәсиеттік Жүніс пайғамбар өз құқын қорғауға және бұл «құқықтар» бұзылған кезде ашулануға деген адамның табиғи бейімділігін бейнелейді. Жүніс өзінің Ниневи халқын жек көруге құқы бар екенін сезінді. Оның қайда қызмет еткісі келсе, сонда қызмет етуге құқығы бар еді. Оның пұтқа табынушыларды Құдайдың қалай жазалайтынын көруге құқы бар еді.

Құдай өзі күткендей әрекет жасамаған кезде «...Жүніс бұған қатты ренжіп, ашуланды» (Жүніс 4:1). Оның қатты ашуланғаны сондай, тіпті Құдайдан өз өмірін алуын сұрап жалбарынды. Өлім туралы ой сезімдердің шарықтауының нәтижесі еді.

Құдай Жүністің қорланған сезімдерін аяған жоқ, керісінше, Ол бүлік шығарған пайғамбардың алдына құқық туралы сұрақты қабырғасынан қойды: «Сенің ренжіп, ашулануға қандай қақың бар?»

Жүніс бұл сұраққа жауап беруден бас тартты.

Жүніс Ниневидің сырт жағына барып, өзіне қарапайым күрке жаппа алды да, соның көлеңкесінде қаламен не болатынын көрмек болып күтті. «Сонда Құдай Ие Жүніске саясы түсіп, оған әлдеқайда қолайлы болу үшін бір бұтаны өсіріп шығарды. *Бұта Жүніске керемет ұнады*» (Жүніс 4:6).

Жүністің сезімдік жағдайы оның құқын қорғауына қалай тәуелді болғанын көріп тұрсыз ба? Ол өзі жек көретін пұтқа табынушыларға Құдайдың мейірімділік көрсеткеніне наразы болып, Оған ашуланды. Ал Құдай оған жұбаныш — көлеңкесі түсіп тұратын бұтаны берген кезде Жүніс қуанып қалды.

Бірақ оның қуанышы ұзаққа созылмады, өйткені Құдай келесі күні таң сәріде бұтаны кеміретін құрт жіберіп, содан бұта солып қалды. Күн көтерілгеннен кейін Құдай күншығыстан аңызак жел соққызды. Басын күйдірген күннің аптабынан Жүніс әлсіреп қалды. Ол өлім тілеп: «Маған тірі жүргенше өлген артық!» — деп налыды. Құдай оған: «Бұтаға бола ренжіп, ашулануға қандай қақың бар? — деген сұрақ қойды. Жүніс: «Менің тіпті өлгенше ашулануға қақым бар», — деп жауап берді (Жүніс 4:9).

Жүніске өзінің өмірі мен сыртқы жағдайларды басқаруға, айналадағының бәрі оның қалауы бойынша жүруіне, бір нәрсе дұрыс болмағанда ашулануға құқы бар секілді болып көрінді. Өз құқыларының сақталуына қол жеткізуге тырысуы Жүністі сезімдік тұрақсыздыққа, жалғыздық пен Құдайдан жатырқануға алып келді.

Жүністің басында болған оқиғаның кейде менің басымда болатын жайттарға да өте ұқсайтыны өкінішті. Мен жағдайдың өзім ойлағандай болып жатпағанына ашуланатынымды жиі байқаймын. Жұмыста менің орныма қабылдаған шешімдер, автобустағы дөрекі жүргізуші, дүкендегі ұзақ кезек күту, жақын адамымның ойланбай айтып қалған сөзі, досыма деген болмашы реніш, маған сенімін жоғалтқан адам, көзім жаңадан ұйқыға кеткен кезде соғылған қоңырау... егер осының бәріне өзімнің құқымды білдіретін болсам, онда менің көңіл-күйімнің нашарлайтыны, шамадан тыс талапшылдық пен ашудың пайда болатыны айдан анық.

Осы бір сезімдік және рухани әткеншекті тоқтатудың жалғыз тәсілі — осы өмірдегінің бәріне құқы Барға құқымызды беру. Бұл — бізді азаттыққа жеткізетін шындық.



Ішкі сұлулықтан сыртқы келбеттің сұлу болғаны маңызды

Біздің қоғамымыз осы өтірікті әйелдер мен қыздарға олардың жас кездерінен бастап уағыздайды. Бұл өтірік барлық жерде: теледидарда, фильмдерде, әндерде, журналдарда, кітаптар мен жарнамаларда айтылады. Бізді сыртқы сұлулық бәрінен де маңызды деп сендіруге тырысады. Әйелдер олардың сөздеріне сенеді: иә, ең бастысы — сұлулық, тәни сұлулық. Тіпті ата-аналар, балалар, мұғалімдер мен достарымыз да еріксіз осы әуенге қосылып кетеді: «сүйкімді» балалар көптің назарында болса, онша әдемі емес балалардың жағымсыз ерскертулер естіп, немқұрайды қарым-қатынасқа, тіпті, ашықтан-ашық бөлектеуге ұшыраулары мүмкін.

Мен сырт келбетке құмарлықтың алғашқы әйелде пайда болғанына сенемін. Тиым салынған жемістің Хауаны несімен өзіне тартқаны есіңізде ме?

Әйел ағаштың жемісіне қарап, оның жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі екенін және өзін ақылды етуге қызықтырып тұрғанын көрді. Содан ол ағаштың жемісінен алып жеді...

Жар. Баст. 3:6

Ағаштың жемістері пайдалы еді («жеуге жақсы»), сондай-ақ олар Хауаға ақылдылық сыйлауға уәде етіп тұрғандай болды. Бірақ оның «көз тартарлық әдемі» болғаны да маңызды рөл ойнады. Әзәзіл әйелді сенім және мойынсұнушылық секілді аса көзге ұрып тұрмайтын қасиеттерден сыртқы келбетті артық бағалауға мәжбүр етті. Мәселе ағаштың әдемілігінде емес еді — оны Құдай солай жаратты. Хауаның Құдай жаратылыстарының әсемдігінен рахат алуына болар еді, бірақ сыртқы келбетке баса назар аударды. Ол өтірікке сеніп, соның негізінде әрекет жасады.

Тәни тартымдылыққа басымдық беру барлық адамдар үшін үйреншікті нәрсеге айналды. Сол сәттен бастап Хауа мен оның күйеуі өздеріне және өз денелеріне басқаша көзқараспен қарай бастады. Олар өздеріне сырттан көз тастап, сүйші Құдай шеберлікпен жаратқан өз денелерінен ұялды. Бір-бірлерінің алдында жалаңаш қалудан қорыққан олар дереу тәндерін жасыратын нәрсені іздей бастады.

Сыртқы әдемілік жүректің, рух пен өмірдің әдемілігінен маңыздырақ деген өтірік әйелдер мен еркектерді өздерін сиықсыз сезіндіріп, өздерінен-өздері ұялуға мәжбүр етеді. Бірақ сыртқы әдемілікке ұмтылу міндетті түрде көңіл қалуға әкеледі, бұл қол жетпейтін мақсат.

Тіпті ең сұлу деген әйелдердің өздері өздерін әдемі емеспін деп есептейтіндерін мойындайды. Голливудтың белгілі әртістерінің бірі Мэг Райан былай дейді: «Мен өзімді бір түрлі болып көрінемін деп ойлаймын. Егер мен сырт келбетімді өзгерте алатын болсам, онда ұзын аяқтарды, кішкентай табан мен кішкентай мұрынды таңдар едім».

Мүмкін, сіз біздің тәни, сыртқы келбетімізді өте бағалайтынымызда тұрған асқан бір зияндылықты байқамайтын боларсыз. Келіңіз, өзіміздің негізгі ойымызға қайтып оралайық; өмір салтын сенімдеріміз айқындайды. Егер біз өтірікке сенетін болсақ, онда ерте ме, кеш пе,

сол өтіріктің негізінде әрекет ете бастаймыз. Ал егер біз өтірікке сеніп, соның негізінде әрекет жасасақ, онда құлдыққа түсеміз.

Мына әйелдердің әрқайсысы сұлулық жайындағы белгілі бір өтірікке сенді. Бұл олардың өздеріне деген көзқарастарын өзгертті және соған сәйкес олардың мінез-құлықтары да өзгеріп, нәтижесінде құлдыққа тап болды:

Мен әйел ең бірінші сырттай әдемі болуға тиіс дегенге сенгендіктен, ешқашан өзімді әдемімін деп есептеген емеспін. Мен арқам мен аяқтарымдағы тыртықтардан ұялатынмын. Бұл тыртықтар арқа омыртқамның қисаюына байланысты жасалған операцияның салдары болатын. Менің арқам өте тік болатын және маған бұл өзімді қандай да бір ерекше әдеміліктен айыратын секілді болып көрінетін. Мен өзімді әдемі емеспін деп есептеп, содан қысылатынмын.

Мен сыртқы әдемілік (менің денем) — менің әсіресе еркектердің алдындағы басты бөлігім екеніне сендім. Мен өзіме назар аударту үшін осыны пайдалануға бел байлап, құмарлыққа берілген әйелге айналдым.

Менің әткем өте әдемі, мен оны сондай жақсы көремін, бірақ өзім әдемі емеспін. Мен әрдайым өзімнің өзгелерден кем екеніме, адамдардың мені қабылдауы үшін барымды салуым керек екендігіне сенетінмін. Мен әдемі адамдардың жолы болғыш екендерін көріп жүрмін. Менің басымда мұндай болмайтынын жақсы түсінемін және сыртқы келбетім жайлы түсінігімнің құлдығында өмір сүріп жүрмін.

Мен өмір бойы өзімнің құндылығым сыртқы келбетіме қарап өлшенетініне сендім. Әрине, мен ешқашан осы дүние талап ететін қалыпта әдемі болған жоқпын. Сондықтан мен әрдайым өзімді төмен санайтынмын. Мен дұрыс тамақтанбай, қомағай бола бастадым және өзімді сиықсыз санағанымның кесірінен күйеуіммен арамызда да қиындықтар туындай бастады. Маған ол үнемі менен әдемірек әйелдерге көз салатындай болып көрінетін.



Өзін өзгемен салыстыру, көре алмаушылық, бақталастық, бейәдеп мінез-құлық, жыныстық қатынасқа деген құмарлық, дұрыс тамақтанбау, сәнқойлық, еркектерге қырындау — бұл сұлулық туралы қате түсініктің салдарының бір бөлігі ғана. Әйелді бұл құлдықтан не құтқара алады? Біз сенген өтірікті тек шындық қана жеңе алады. Құдай Сөзі бізге тән сұлулығының өткінші, ал ішкі сұлулықтың тұрақты әрі маңызды екендігі жайлы шындықты ашып береді:

Әсемдік өткінші, алдамшы сұлулық та,
Тәңір Иені қастерлейтін әйел лайық мадаққа.

Нақылдар 31:30

Сендердің көріктерің сыртқы әшекейлерге:
шашты ерекшелеп жинау, алтын әшекей бұйымдар тағып,
көз тартарлық әдемі киімдер киюге тәуелді болмасын.

Қайта, көріктерің жүректеріңдегі көзге көрінбес ізгі
қасиеттеріңнен тұрсын; мейірімді де сабырлы жан
дүниелеріңнің мәңгі солмайтын көркі Құдай алдында
аса бағалы. Ежелгі заманда үміттерін Құдайға артып,

Оған бағышталған әйелдер өздерін
дәл осылайша әшекейлеген.

1 Петір 3:3–5

Бұл аяттар тәни сұлулықтың күнәһарлық екені немесе сыртқы бейнеге мүлде назар аударуға болмайтыны туралы айтпайды. Сыртқы сұлулық — өмірдегі ең басты нәрсе деген тұжырым қандай қате болса, мұндай түсінік те сондай қате.

Жазба еш жерде сыртқы сұлулықты айыптамайды және еш жерде сыртқы келбеттің ешқандай мағынасы жоқ екенін айтпайды. Ол Құдай берген сұлулығына тым масаттанып, тәни сұлулыққа тым қатты мән беретін немесе тәни сұлулықтың қамын жүрегінің қажеттіліктерінен артық көретін адамды айыптайды.

Шайтанның тәсілдерінің бірі — бізді басымызды тауға да, тасқа да соғуға мәжбүр ету. Біздің тұрмысымызда қазір киім киюдегі ұқып-

тылық, ережелер мен жақсы талғам бағаланбайды. Кейде менің мәсіхші әйелдерге: «Сіздер өздеріңіздің кім екендеріңізді білесіздер ме? Құдай сіздерді әйел етіп жаратты. Оның осы сыйын қабылдаңыздар. Әйелге тән биязы болып, тәни және рухани сұлулықтарыңызды көрсетуден қысымаңыздар. Сіздер Құдайдың балаларысыздар. Сіздер — Мәсіхтің Қалыңдығысыздар. Сіздер патша тұқымынансыздар. Киген киімдеріңіз бен мінез-құлықтарыңыз өздеріңіздің қасиетті, де таңдаулы халық екендеріңізге сай болсын. Құдай сіздерді осы дүниенің ішінен таңдап алды, енді өздеріңізді осы дүниенің өз ырқымен жүргізуіне ерік бермеңіздер. Осы дүниеше киініп, осы дүниеше ойламаңыздар және осы дүниеше әрекет жасамаңыздар. Оның өз өмірлеріңізді іштей де, сырттай да қалай қатты өзгерткенін адамдардың көрулеріне мүмкіндік беріңіздер».

Біздер, жүректерінде Мәсіх өмір сүретін әйелдер, сұлулықты, тәртіпті, Құдайдың батасы мен ұлылығын ішкі де, сыртқы да дүниелеріміз арқылы көрсетуге тиіспіз.

Мәсіхші-әйелдің бұл сұрақта қажетті тепе-теңдікті іздеуге одан да көп себептері бар. Нақылдар кітабындағы «Еңбекқор, жақсы әйел» ширақ және жақсы киінген (Нақылдар 31:17, 22 қараңыз). Ол күйеуінің атағын шығарады.

Егер әйел салақ киінетін болса, егер ол сырт келбетіне мүлде назар аудармайтын болса, онда ол өзінің күйеуін (және көктегі Күйеу Жігітін) ұятқа қалдырады. Мұның сыртында, егер ол күйеуінің алдында тартымды болып көріну үшін ешқандай қадамдар жасамайтын болса, онда күйеуінің назарын жаулап алуға басқа әйелдің талап жасайтынына күмәніңіз болмасын.

Елші Пауыл Тимотеге қауым істерінің қалай жүргізілуі керектігі туралы жазғанда, ол әйелдердің қалай киінулері керектігі туралы да жазды. Оның нұсқаулары біздің әйелдің ішкі дүниесінің, оның жүрегінің, мінез-құлқы мен сыртқы келбетінің арасындағы тепе-теңдікті табуымызға көмектеседі. Пауыл әйелдерді мынандай болуға шақырады:

... әйелдер әдеппен әрленіп-сәнденсін:
шаштарын тым баптай бермей, алтын, інжу-маржан

және қымбат киімге үйір болмай, киімдері қарапайым да сыпайы болсын. Оларды істеген игі істері көркейтсін.

Бұл Құдайға ұнамды болуға ұмтылған
әйелдерге лайық.

1 Тимоте 2:9–10

Мәсіхші әйелдің сырт келбеті оның қарапайым, таза жүрегін көрсетуге тиіс; оның киімі, шаш қоюы адамдардың назарын өзіне аудармауға, олар әдеттен тыс немесе арнайы болмауға тиіс. Сонда ол өзінің жүрегіннің жағдайы мен Құдаймен қарым-қатынасын көрсетіп тұратын болады.

ҚЫРЫҚ ЖАСТАН АСҚАҢДАР ҮШІН...



Жасым қырыққа толысымен адамдар маған қартаюға қарсы түрлі дәрілерді жарнамалайтын топтамалар жібере бастады. Олар менің терімнің жас та таза болып көрінетініне, әжімдердің азаятынына, қайратымның көбейіп, шашымның, тырнақтарымның әдемі болып көрінетініне, ал көз жанарымның өткірленіп, құлағымның жақсы еститін болатынына уәде береді.

Бұл жерде жасы келген әйелдің басты мақсаты әдемі де жас болып көрінуге тырысу деген ой айтылады.

Бірақ мен бәрібір қартайып барамын, яғни, тәнім біртіндеп бұзылып барады. Айнаға қарағанда, осыдан он жыл бұрын болмаған әжімдерді байқаймын. Шашым да ағарып кетті. Ірі әріптермен жазылған Киелі кітап сатып алуыма тура келді. Үздіксіз жаттығулар жасап, диета ұстағанымға қарамастан, мен қазір бәрібір осыдан жиырма жыл бұрынғы қалпымда емеспін.

Бірақ мен бұл үлкен қасірет немесе қайта жасаруға болады деген өтірікке сенуден бас тартамын. Мен өзімнің тәнімнің қартаюын жылдамдатуға тырыспаймын және бәрібір болмай қоймайтын нәрсемен күрес жүргізу де ойымда жоқ. Қартайған сайын мен Құдайдың пікірі бойынша ең маңызды нәрсе не екені туралы көбірек ойланғым келеді,

мысалы, мен Киелі Рухтың жүрегімді қайырымды, дана және адамгершілікті етуіне ерік беріп жүрмін бе?

Қандай сусындарды немесе дәрілерді сатып алатыныма, кімдердің қызметін пайдаланатыныма қарамастан, мен өз тәнімде артқа қайтаруға келмейтін процесстің жүріп жатқанын білемін. Оны кейін қайтаруға болады дегенге сену — бұл алдауға түсу. Сондай-ақ мен «әділдің жолы таң шапағы іспетті, тал түс болғанша жарқырай түсетінін» (Нақылдар 4:18 қараңыз) білемін. Бұл — өмірде тәніміздің әлсірегеніне қарамастан, бізді байыта, жарқырата түсетін айрықша бір өлшемнің бар екенін білдіреді.

Шындық мынау, егер біз өз күшіміз бен уақытымызды жас, сымбаты, әдемі болып қалуға жұмсайтын болсақ, онда біз бұл мақсатымызға тек аз уақытқа ғана қол жеткізе аламыз. Бірақ бір күні біз Құдайға ұнамды және өзімізбен мәңгі бірге қалатын ішкі сұлулық, ішкі мінезқұлықты дамытпағанымыз үшін өкінетін боламыз.



Менің барлық қалауларым міндетті түрде орындалуға тиіс

Бұл тағы бір өгірік, өмірді дұрыс қабылдамау. Біздің қоғамда әрбір қалауымыз (мүмкіндігіне қарай тез әрі оңай) орындалуға тиіс деген пәлсапа билік құрады.

Бұл пәлсапа бізді қалауларымызды анықтап, осы «зәруліктеріміздің» орнын толтыру үшін тездетіп қолдан келгеннің бәрін жасауға шақырады. Осылайша, егер сіз аш болсаңыз — тамақ ішіңіз. Егер қалаған нәрсеңізді сатып алуға мүмкіндігіңіз болмаса, онда қарызға алыңыз. Егер сезімге берілуді қаласаңыз, онда еркектер өзіңізге назар аударатындай киініп, солай әрекет етіңіз. Егер өзіңізді жалғыз сезініп жүрсеңіз, бұл мұңыңызды жұмысыңыздағы әйелі бар еркекке айтып беріңіз.

Келесі жолы дүкенде болған кезіңізде әдетте есіктің алдында сатылатын әйелдерге арналған журналдар мен газеттерге назар аударыңыз. Олардың мұқабалары сіздің қалауларыңызды қанағаттандыруға деген мынандай уәделерге толы:

- «Әдемі көрініп, өмірдің рахатын сезінудің 99 тәсілі!»
- «Тағамнан бас тартпай-ақ салмақ түсірудің жолдары»,
- «Сыртта отыз градус ыстық болып тұрған кезде қалай тамаша көрінуге болады».
- «Өзіңізге күтім жасаңыз: ұзын шаштарға бір сәтте қол жеткізу, үй жағдайында күнге қыздырыну».
- «Сіздің мүсініңізді сақтап, түріңізді жақсартатын және көп күш беретін әдет!»
- «Жеңіл өмір: қызықты жұмыс, сәнді көйлек, ессіз армандар мен олардың оң шешімдері».

Сіздердің қалауларыңызды қанағаттандырудың жолдары қашан да табылады, олар мыналар болуы мүмкін:

- «Қалай...» деп аталатын кітап,
- махаббат,
- дүкен аралау,
- сапарға шығу,
- жаңа шаш үлгісі, жаңа киім, үй, иіссу, жұмыс немесе күйеу,
- дәмді тамақ.

Мұндай ойлар жақсы деген жағдайда әйелдердің күткенін ақтамайды. Олар ішкі жан-дүниелеріндегі бос орынды толтырудың жолын іздеп адасуларын жалғастыра береді.

Ал жаман болған жағдайда бұл өтірік адам төзбес жан ауруын әкеліп, еркіндіктен айырады. Мазасыздыққа, реніш пен сары уайымға түсуге себепкер болады. Бұл өтірік төсектегі жылылық пен достық сезімге деген уәдеге бола көптеген қыздарды пәктіктерінен айырылуға мәжбүр етті. Ол көптеген күйеуі бар әйелдерді әйелдің сезімін түсінетін секілді болып көрінген қызметтестерінің құшағына құлатты. Бұл өтірік көптеген жұптарды мүлде жаңсақ пікірмен некеге отыруға мәжбүрледі.

Ал кейіннен тереңдегі ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру тілегінің кесірінен осы жұптардың көпшілігі ажырасып кетті.

Аленді осы өтіріктің Кармен атты әйелді қайда әкеліп ұрындырғанын көрейік:

Мен өзімнің орындалмас тілектермен өмір сүрмеуім керектігіне сендім. Мен қай кезде нені қаласам, соған қолымды жеткізіп жүрдім. Сәнді киімдер, Еуропаға саяхат, демалыс күндерін шетелде өткізу — мұның бәріне мен несиелік карталар арқылы қол жеткіздім немесе қарызға ақша алдым. Соның нәтижесінде, жасым 22-ге келгенде менің жалпы қарызым 7–10 мың долларға жетті. Бұған қоса мен өзіме міндетті түрде еркек қажет деп ойладым, сондықтан да өзіме аса ұнамайтындармен де, менімен бір түн өткізуді қалайтындармен де кездесіп жүрдім. Кейде өзімді біреудің қалағанын сезіну үшін гана жыныстық қатынасқа баруға өзім бастама жасайтынмын.



Эйлин атты өзге әйелдің тарихы мұндай өтіріктің қаншалықты сезімдік және тұлғалық жағынан бүлдіретінін айқын көрсетеді:

Мен некедегі жыныстық қатынастан ләззат ала алмайтынмын және бұған күйеуімнің кінәлі екеніне сенетінмін. Мен оны айыптап өзге еркек іздей бастадым. Жай гана құмарлық екенін біле тұра, мен мұны маххабат деп атадым. Бірақ мен бұған өзімнің құқым бар екеніне және күйеуімнің мені қанағаттандыруға міндетті екеніне сендім. Басында бәрі де жақсы болатын, бірақ кейін, бәрі ашылған кезде мен ұяттан өзімді қоярға жер таба алмадым. Мен ешқандай бір сәттік ләззатпен салыстыруға келмейтін жан азабын сезіндім.



Қандай шындық бізді өтіріктің бұғауынан құтқарады?

Біріншіден, біз жер бетіндегі өмірімізде орындалмас армандарымыздың қашан да болатынын мойындауға тиіспіз (Рим. 8:23 қараңыз). Ал егер біз бар қалауымызды осында, жер бетінде қанағаттандыра алатын болсақ, онда осы дүниеге толықтай риза болып, өзге ештеңені қаламаған болар едік.

Тілектеріміздің бәрі дерлік жаман емес екенін білгеніміз жөн. Ал шын мәніндегі жаман нәрсе — бұл барша тілегіміздің қайткен күнде де осында және дәл қазір орындалғанын талап ету.

Құдай жыныстық қалауды жаратты. Бұл қажеттілікті қанағаттандыру қажет, бірақ тек некеде ғана. Ал бұл дүние егер жыныстық жақындық тілегі болса, оны орындауға толықтай құқымыз бар және мұны қайда, қалай және кіммен жүзеге асыратынымыздың маңызы жоқ дегенді айтады.

Дәл осы секілді, тәни аштықты сезіну де өз бетінше жаман емес. Сезімдік және рухани қажеттіліктерімізді қанағаттандыруға тырысып, тамақсау болып кеткеніміз жаман.

Құдай тілектеріміздің орындалуына заңды жағдайлар жасағанға дейін, өзімізде барға қанағат етуді үйренуіміз қажет.

Екінші шындық — біздің жүректеріміздің терең қажеттіліктерін ешбір адамның немесе заттың қанағаттандыра алмайтындығында. Бұл маған шынайы рухани азаттық алып келген шындықтардың бірі. Көп жылдар бойы мен өзімді бақытты ете алатындай адамдар мен жағдайларды іздеумен болдым. Олар қайта-қайта көңілімді қалдыра берді де, мен күйзеліске ұшырадым.

Шындық мынау — кез келген жаратылыс иесі сіздің көңіліңізді міндетті түрде қалдырады. Заттардың өртеніп кетуі не бүлінуі, жоғалып кетуі мүмкін. Адамдардың өзгеруі, қоныс аударып кетуі, сізді сатып кетуі немесе қайтыс болып кетуі мүмкін. Мен бұл шындықты біраз уақыт бұрын өзіме қымбат бірнеше жақындарымнан айырылғанда бір-ақ түсіндім. Егер мен жүрегімнің тереңіндегі қалауларымның қанағаттануын адамдардан күтетін болсам, онда үнемі көңілім қалатын болады.

Мен Құдайға берілген көптеген тамаша мәсіхші әйелдермен әңгімелестім. Олар жалғыздықпен күресудің қандай қиын екендігі туралы айтты. Бірақ некенің бәрі бірдей жалғыздықтан құтқара бермейтіні есіңізде болсын. Мен өздерін өте жалғыз, оқшаулықта сезініп өмір сүретін күйеулері бар көптеген әйелдерді білемін. Себебі әйелдің жүрегінің түкпіріндегі барлық қалауын қанағаттандыруға жер бетіндегі ешбір еркектің қабілеті жетпейді. Құдай бізді Өзінен басқа ешкім

және ештеңе ешқашан қанағаттандыра алмайтындай етіп жаратты (Зәбүр 15:11; 33:9–11).

Күйеуіңіздің бар не жоқ екеніне қарамастан, қалаулардың жақсы да, жаман да емес екенін және олар біздің руханилығымыздың деңгейін анықтай алмайтынын түсінуіңіз қажет. Осындай тілектерді қабылдап, оларды Құдайға тапсыру керек және олардың жүзеге асуын күту қажет.

Біз Құдай туралы қате түсініктің өзіміз жайлы қате түсінік қалыптастыратынын және осы өтіріктің өмірімізге ықпалын тигізетінін көрдік. Құдай жайлы немесе өзіміз туралы өтірікке сену міндетті түрде күнә жайындағы өтірікке алып келеді.





АҚИҚАТТЫ ӨТІРІКKE ҚАРСЫ ҚОЙ



ӨТІРІК

7. МЕН ТҮККЕ
ТҮРҒЫСЫЗБЫН.

8. МЕН ӨЗІМДІ ЖАҚСЫ
КӨРІП ҮЙРЕНУГЕ
ТИІСПІН.

9. МЕН ӨЗІММЕН
ЕШТЕҢЕ ІСТЕЙ
АЛМАЙМЫН.

10. МЕНІҢ ҚҰҚЫМ БАР.

11. ІШКІ СҰЛУЛЫҚТАН
СЫРТҚЫ СҰЛУЛЫҚ
МАҢЫЗДЫ.

12. МЕНІҢ БАРЛЫҚ
ҚАЛАУЛАРЫМ
МІНДЕТТІ ТҮРДЕ
ОРЫНДАЛУҒА ТИІС.

ШЫНДЫҚ

- Менің құндылығым өзім туралы өзгелердің немесе өзімнің не ойлайтынымға байланысты анықталмайды. Менің құндылығым мені Құдайдың қалай көретініне байланысты анықталады.
- Құдай үшін менің жаным бүкіл дүниеден қымбат.
- Мен Құдайдың баласымын, Оның асыл қазынасымын.
- Мен Құдайдың сүйіспеншілігін сеніммен қабылдауға тиіспін.
- Мен қазірдің өзінде-ақ өзімді жақсы көремін. Маған өз мүддемнен бас тартуды және айналадағы адамдарға сүйіспеншілік көрсуді үйренуім қажет.
- Егер мен Құдайдың баласы болсам, онда Құдайды саналы түрде тыңдай аламын.
- Мен өз таңдауым үшін тек өзім ғана жауап беремін.
- Мен Киелі Рухтың күшімен өзгере аламын.
- Өз құқыңның орындалуын талап ету, бұл осы құқыңның құлы болуды білдіреді.
- Өз құқыларымнан бас тарту маған азаттық әпереді.
- Сыртқы сұлулық өткінші, ерте ме, кеш пе, ол ғайып болады.
- Құдай үшін менің рухани сұлулығым мен мінез-құлқым бәрінен де маңызды.
- Жер бетінде менің қалауларымның көпшілігі орындалмаған күйінде қалады
- Менің жүрегімнің тереңіндегі қалауларды еш-бір жаратылыс иесі қанағаттандыра алмайды.
- Егер мен өз мұқтаждықтарымды мойындайтын болсам, онда Құдайға көбірек мұқтаж болып, Көкке ұмтылатын боламын.

❁ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ ❁

1. Құдаймен КЕЛІСІҢІЗ.

Сіз өзіңіз жайлы қандай өтірікке сендіңіз?

2. Жауапкершілікті өз МОЙНЫҢЫЗҒА АЛЫҢЫЗ.

Бұл өтірікке сену сіздің өмір салтыңызға қандай әсерін тигізді (адамдармен қарым-қатынасыңызға, іс-әрекеттеріңізге)?

3. Шындықты ЖАРИЯЛАҢЫЗ.

Жоғарыда келтірілген әрбір шындықты дауыстап оқып шығыңыз. Олардың қайсысы қазір сіз үшін аса маңызды?

Санаңызды Құдайдың Сөзімен жаңартыңыз. Келесі үзінділерді дауыстап оқыңыз. Бұл аяттар Құдайдың сізді қалай қабылдайтыны туралы не айтады?

Зәбүр 138:13–18

Ефес. 1:3–8

Рим. 5:6–8

Рим. 8:1–2, 13, 15–17

4. Шындықтың негізінде ӘРЕКЕТ ЕТІҢІЗ.

Өміріңіз шындыққа сәйкес болу үшін қандай қадамдарды жасау қажет?

5. Құдайдан шындықта жүруіңізге көмектесуін СҰРАҢЫЗ.

Әке, Өзіңнен алыстап, Сенің сүйіспеншілігіңнен бас тартқан кезімде мені іздегенің үшін рахмет. Мен өз бойымда жақсы ештеңенің жоқ екенін білемін. Менен бас тартпайтының үшін рахмет. Мені шексіз және ешбір шартсыз сүйетінің үшін рахмет. Менің күнәмнің құнын өтегенің үшін рахмет. Менің қызың етіп таңдап алғаның үшін және мені қазынаң деп есептейтінің үшін рахмет. Менде Киелі Рухтың өмір сүретіні үшін рахмет. Мені Исаға ұқсас етіп өзгертетінің үшін рахмет. Мені Өзіңмен еңбектес болуға үйретші. Мені Исаға ұқсас етіп, Оның жүрегін, мінез-құлқы мен өмірін сыйлашы. Аумин.

4-ТАРАУ

ӘЙЕЛДЕР СЕНЕТІН ӨТІРІК... ...КҮНӘ ЖАЙЫНДА

Қымбатты күнделік,

Едемнен кеткенімізге алты ай болса да, біз бұған әлі де көндіге алар емеспіз. Адам бұрынғысынша бәріне мені кінәлайды. Жыланның айтқанын тыңдамауым керек болғанын білемін. Бірақ сол кезде Адам менің жанымда тұрды ғой. Ол неге ештеңе істемеді? Ол да менімен бірге жемістен жеді ғой.

Шынымды айтсам, ол кезде мен мұның соңы осындай үлкен қиындыққа айналады деп ойлаған жоқпын. Енді мен болған оқиғаға үнемі өзімді кінәлаймын. Құдаймен қарым-қатынасымыздың бұрынғы қалпына келетін күні болар ма екен? Онымен сөйлесуге талпынған сайын, мен арамызда үлкен қабырғаның пайда болғанын сезінемін.

Мен өзімнің осыншалықты қиындыққа тап болатынымды және Құдайға құлақ асудың осыншалық табиғи болмай шығатынын күтпеген едім. Мысалы, бұрын мен қарным ашса, тамақ ішетінмін, ал қарным тойған кезде тамақ ішуімді тоқтататынмын. Ал қазір мен мүлде тоймайтын болдым, тамақ іше бастасам болды, тоқтай алмаймын.

Бұл менің өмірімнің бақылаудан шығып кеткен жалғыз жағы ғана емес. Мені тілім де ұятқа қалдыруда, әсіресе кешегі секілді ауыр күндерде. Кеше мен өзімді нашар сезініп, кез келген ұсақ-түйек үшін күні бойы Адамға ашуланумен болдым. Өзімді осылай ұстаған кездерімді аса жек көремін. Ашушаң, ұрысқақ болған маған ұнамайды. Бірақ кейде маған өз-өзіме ештеңе істей алмайтындай болып көрінемін.

Ромеролар отбасы Салли атты жыланды үй жануары ретінде са-тып алған кезде оның денесінің ұзындығы бар болғаны 30 сантиметр ғана болатын. Арада сегіз жыл өткенде оның денесінің ұзындығы 3,5 метрге, ал салмағы 36 килограммға жетті. 1993-жылдың 20-маусымында бирмалық алып жылан Салли он бес жасар Деректі буындырып өлтірді.

Алғаш зиянсыз да жуас болып көрінген хайуан бір сәтте аса қауіпті құбыжыққа айналды. «Үй жануары» ештеңе ойламастан өзін бағып-қаққан адамдарға қарсы шығып, олардың өмірлерін талқан етті. Бірақ бір жағынан бұған таңдануға да болмайды, өйткені жылан өзі үшін табиғи болып саналатын нәрсені істеді.

Күнә да дәл осылай әрекет етеді. Ол бізбен ойнап, алдандырады, бірақ оның болмысы ешқашан өзгермейді. Ол өзімен достасқандарға міндетті түрде қарсы шығып, оларды жалмап қояды.

Өтірік атаулының бәрі өлім әкеледі. Бірақ шайтанның бізге сіңіргісі келетін Құдай мен күнә жайлы өтіріктен асқан өлім әкелетін өтірік жоқ. Ол бізді Құдай — Өзі айтқандай емес және күнә — Құдай айтқандай соншалықты бір қауіпті емес дегенге сендіргісі келеді. Шайтан бізге Мәсіхтің құдайлығы мен күнәнің қауіптілігі көмескіленіп көрінетін суретті бейнелейді. Ол бізге Құдайды онша жақсы емес, ал күнәні — соншалықты бір жаман нәрсе емес етіп көрсетуге тырысады.

Заманауи технология фотосуреттердегі ең сиықсыз деген бейнелердің өзін әдемі етіп өзгерте алады. Ол бейнені асқан шеберлікпен бұрмалайды да, жаман, сиықсыз нәрсе бізге өнердің теңдесі жоқ туындысы секілді болып көрінеді.

Бірақ күнәнің өзге теріні жамылуы оның болмысын өзгерте алмайды. Мұны сондай зиянсыз, сондай жуас болып көрінген жыланмен салыстыруға болады, бір күні оның өлім әкелетін шынайы болмысы ашылатын сәт туады.

Шайтан өтірікті Едемде бүлік көтеру үшін қолданды, нәтижесінде оның салдары біздің көз алдымызға елестете алатынымыздан әлдеқайда қымбатқа түсті. Оның бүгінгі өтірігінің де мәні жағынан алғашқы әйелге сіңірген өтірігінен еш айырмашылығы жоқ.



Мен күнә жасай аламын және бұл үшін маған ештеңе болмайды

Сірә, бұл шайтанның күнә жайындағы ең негізгі өтірігі болар. Құдай Адамға: «Жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің! Себебі одан жесең, сол күні өлесің», — деді. Бұйрық айқын еді: «Жеме!» Бұл бұйрыққа құлақ аспаудың салдары да айқын болды: «Өлесің».

Хауаны Құдайдың осындай тиым салып, бұлардың өмірін басқаруға құқы бар ма деген сұрақтың төңірегінде ойлануға мәжбүрлегеннен кейін, шайтан одан да әрі кетіп, әйелді күнәнің салдары туралы күмәндануға мәжбүр етті. Ол Құдайдың сөзіне шабуыл жасап: «Жоқ, тіпті де олай емес, өлмейсіңдер», — деді (Жар. баст. 3:4).

Зәбүрдің 9-тарауында автор адамдардың Құдайға неге құлақ аспайтындарының себебін үш рет түсіндіріп өтеді, — олар бұл үшін бізге ештеңе болмайды деп есептейді:

Шайқалта алмас мені еш нәрсе, —

деп ойлайды, — күллі ұрпақтарыма да пәле жоламайды...

Құдай ұмытып кетті, — деп ойлайды, — Ол көзін жұмып, ешқашан назар аудармайды... Зұлымдар неліктен Құдайды қорлай алады?! «Жауапқа тартпайды» деп неге ойлай алады?!

Зәбүр 9:27, 32, 34

Дұшпан бізді:

- күнәміз айыпталмайды;
- мен не ексем, соны ормаймын;
- бүгін өзім жасаған таңдаудың салдары болмайды;
- мен отпен ойнасам да күймеймін дегенге иландыруды қалайды.

Өзге де көптеген өтіріктер секілді, бұл өтірікке де біз жете ұғынбай сенеміз; тіпті, біз мұндай ойларды ынталықпен теріске шығаруға тырысамыз. Ал егер біз күнә жасауға шешім қабылдасақ, онда бұл тек

«мұнда тұрған жаман ештеңе жоқ» деп ойлағандығымыздың себебінен болады. Сонда біз әлдеқашан тойғанымызға қарамастан және...

- бірнеше сағаттан кейін ішіміздің кебетіні;
- ертең салмағымызды өлшеген кезде азғыруға ергеніміз үшін өзімізді айыптайтынымыз;
- мұндай бірнеше «жол берудің» салмақтың қосылуына, кінәлілік сезіміне ұрындырып, күйзеліске ұшырататыны;
- артық тамақ ішудің жүрек ауруына, қант диабетіне немесе жүрек талмасына ұшыратуы мүмкін екені;
- бұл саладағы ұстамсыздығымыздың бізді бұдан гөрі маңыздырақ салаларда одан да әрмен ұстамсыз етуі мүмкін екені;
- орынсыз қалауларымызды мақұлдауымыз балаларымыздың мінез-құлықтарына әсерін тигізіп, олардың да ұстамсыз болулары мүмкін екені туралы ойланбастан, жеңік астың екінші бөлігіне қомағайлана ауыз саламыз.

Біз әділетсіздікті, тұрпайылық пен бейәдеп әрекеттерді заң тұрғысына көтеретін кітаптар, фильмдер, телехабарлар мен әуендер арқылы көңілімізді көтереміз. Осы арқылы...

- күнәдан бас тартуды қойып, оған жақтас бола бастайтынымыз;
- бойымызда қасиеттілікке деген құштарлықтың жоғала бастайтыны;
- Құдаймен қарым-қатынасымызға кедергілер орната бастайтынымыз;
- ой-санамызды осы дүниелік ойлау салтына қарай бағыттап бастайтынымыз (сайып келгенде, ойлау салтымыз біздің өмір салтымызды айқындайды);
- естіген немесе көргендерімізді өмірімізде іске асыру мүмкіндігін арттыратынымыз;
- сексуальдық тартымдылықты осы дүниеше қабылдай бастайтынымыз және сол арқылы тазалығымызды жоғалту немесе некемізді бұлдіру қаупіне ұшырайтынымыз;

- балаларымыз бен немерелеріміздің әділетсіз және әдепсіз болып өсу мүмкіндіктерін ұлғайтатынымыз жайында ойламаймыз да.

Қайғы-шеріміздің ерте ме, кеш пе...

- дұрыс ойлау қабілетімізді бүлдіретініне;
- бізді әділетсіз және сезімдік тұрғыдан тұрақсыз ететініне;
- ағзамызға әсер етіп, тез шаршау, бас ауруы, асқазанның қорытпауы секілді науқастарға ұшыратуы мүмкін екендігіне;
- Құдайдан күнәларымыздың кешірімін қабылдауымызға кедергі жасайтынына;
- Жақындарымыздың өмірін адам төзгісіз етіп, олардың бізбен араласудан бас тартулары мүмкін екеніне қарамастан біз өкпелейміз.

Біз өзіміздің бірге жұмыс істейтін тартымды еркекпен немесе кездейсоқ танысқан еркекпен тым жақын қарым-қатынас орнатуға ерік береміз және сонымен бір мезетте осы арқылы...

- өз жүрегімізде опасыздықтың ұрығын себетінімізге;
- шынайы өмірдің қиялмен теңдесе алмайтындығының себебінен күйеуімізді өзімізге ұнауға тырысу мүмкіндігінен айыратынымызға;
- сол еркектің отбасы мен өз некемізді бүлдіруіміз мүмкін екендігіне;
- өз балаларымыздың өмірлерін бүлдіруіміз мүмкін екендігіне;
- тіпті егер бұл еркекпен зинақорлық жасамасақ та, бәрібір болашақта адамгершілік жағынан құлдырау жолына түсетінімізге;
- күйеуімізден, балаларымыздан, күйеуіміздің туыстары мен Құдайдан шеттеп қалатынымызға сенуден бас тартамыз.

Шайтанның алдамшы екенін біз үнемі есімізге алып отыруымыз қажет. Құдай күнә деп атайтын нәрселер туралы шайтан былай дейді:

Бұл тамаша!	Бұдан қашып құтыла алмайсың!
Бұл қауіпсіз.	Мұнда тұрған жаман ештеңе жоқ.
Бұл сондай тартымды!	Бұл бейкүнә нәрсе.
Сен жай ғана өз мұқтаждықтарыңның орнын толтырып жүрсің.	

- Шындық — бұл күнәнің қауіпті, өлім әкелгіш және бүлдіргіш екендігінде.
- Шындық — бұл біздің не есек, соны оратынымызда.
- Шындық — бұл біздің бүгін жасаған әрбір таңдауымыздың салдары болатынында.
- Шындық — бұл егер біз отпен ойнайтын болсақ, онда міндетті түрде күйетінімізде.
- Шындық — бұл «күнә жасау рухани өлімге ұшырататындығында» (Жақып 1:15қараңыз).

Өкінішке орай, көптеген адамдар өздерінің табиғи, тәндік таңдаулары мен олардың некелеріне, денсаулықтарына Құдаймен қарым-қатынастарына тигізетін әсерінің арасындағы байланысты байқай алмайды.

Күнәнің ләззаты

Шайтан бізге күнә жазаланбайды деп сіңіріп қана қоймайды. Едемде ол Хауаға былай деді:

...Құдай сендер осы жемісті жеген кезде көздеріңнің ашылатынын жақсы біледі. Сонда сендер ненің жақсы, ненің жаман екенін айыра алып, Құдай сияқты боласыңдар!

Жар. баст. 3:5

Яғни, «Егер сендер осы жемістен дәм тататын болсаңдар, онда бұдан белгілі бір пайда көре аласыңдар».

Басқаша айқанда, бұл сіздің өз бетіңізше жасаған әрекетіңізден алған ләззатыңызға татитынын айтты. Хауа бұған сенді, біз де

сенеміз. Сайып келгенде, егер біз күнәдан қуаныш күтпейтін болсақ, онда күнә жасап неміз бар? Дәл осы себептен де «Мен» деп аталатын журналда оқырмандардың сұрауларына психологтың жауап беретін бөлімінде мынадай сөздер жазылған: «ашыналық жасау сіздің некедегі көңіл қалушылықтарыңызды басуыңызға көмектеседі, кейде бұл әйелдің сәтсіз некесіне нүкте қоюына күш береді...»

Бір жағынан алып қарағанда, күнәнің «жағымды» салдары туралы шайтанның айтқандары рас. Еврейлерге жолдауда (11:25) күнәнің уақытша рахат беретіні туралы айтылады. Бірақ та нәтижесінде күнә өзінің бүлдіруші әрекетін жасайды.

Менің бір досым өзінің әмиянында күнәнің салдарының тізімін ұстайды:

- Күнә қуаныштан айырады (Зәбүр 50:14 қараңыз).
- Күнә сенімділіктен айырады (1 Жохан 3:19–21 қараңыз).
- Күнә кінәлілік сезімін шақырады (Зәбүр 50:5 қараңыз).
- Күнә шайтанға билік береді (2 Қорынт. 2:9–11 қараңыз).
- Күнә Киелі Рухтың іс-әрекетін тежейді (1 Салониқалықтарға 5:19 қараңыз).
- Күнә тәнге жара салады (Зәбүр 37:2–12; 30:11 қараңыз).
- Күнә жан азабын әкеледі (Зәбүр 31:3–4 қараңыз).
- Күнә Киелі Рухты ренжітеді (Ефес. 4:30 қараңыз).
- Күнә өзге күнәларға жол ашады (Ишя 30:1 қараңыз).
- Күнә Құдаймен қарым-қатынасты бүлдіреді (Ишя 59:1–2 қараңыз).
- Күнә қорқыныш туындатады (Нақылдар 28:1 қараңыз).
- Күнә мені өзінің құлына айналдырады (Жохан 8:34; Рим. 6:16 қараңыз).

Досымның бойында Құдайға құлақ аспау туралы азғырылу пайда болған кезде, ол осы тізімді алып оқиды. Ол өзіне: «Шынымен де осындай құн төлегім келе ме? Мен бұған жол бере аламын ба?» — деген сұрақты қояды.

Кейде күнәнің салдары арада тек айлар немесе жылдар өткенде, ал кейде олар келесі ұрпақтан көрінеді. Кейбір салдар сот күні, Құдайдың

алдына барғанымызда бір-ақ көрінеді. Міне, біздің күнәнің салдарынан құтылып кеттік деп сенетініміздің себебі осында. Киелі кітапта айтылатындай: «Қылмыстың үкімі тез орындалмаса, адамның жан дүниесі зұлымдыққа батар» (Уағыздаушы. 8:11).

Құдай жазаны бекерден бекер кейінге қалдырмайды. Оның себептерінің бірі — адамдардың тәубеге келулеріне уақыт беру: «Ол бізге төзімділік танытуда: ешкімнің де тозаққа түсуін емес, барлық адамдардың теріс жолдан қайтып, күнәларына өкініп, солардан арылуын қалайды!» (2 Петір 3:9). Бірақ жаза тартатын күн бәрібір келеді және сол күн келгенде Құдайдың әрбір баласы өткен өмірінде өзінің мойынсұну жолын үнемі таңдай бермегені үшін өкінетін болады.

Күнәмен ойнап, оның рахатын көрген жылдары өткеннен кейін, Сүлеймен патша ақыры (және тым кеш) мынадай шешімге келді:

Зұлым адам тіпті жүздеген қылмыс жасап,
 ұзақ өмір сүре берсе де, мен мынаны білемін: Құдайды терең
 қастерлеп, Оның көз алдында адал жүргендер игілікке кенелетін
 болады... Ал енді, айтылғандардың барлығының қорытындысын
 тыңдайық: Құдайды терең қастерлеп, Оның өсиеттерін
 орында! ...Себебі бұл — әр адамның парызы. Өйткені Құдай
 адамның әрбір ісіне, тіпті ешкімге білдірмей жасаған
 не жақсы, не жаман ісіне де Өзінің сотында әділ бағасын береді.

Еккл. 8:12; 12:13–14



Шын мәнінде менің күнәм соншалықты ауыр емес

Осы және келесі тарауда қарастыратын өтірік («Құдай менің қателігімді кешіре алмайды») — бір саланың екі қыры. Егер шайтан бізді бұлардың біріншісіне сендіре алмаса, онда ол біздің бойымызға екіншісін сіңіруге тырысады. Мұның екеуі де тең дәрежедегі өтірік.

Жақсы отбасында немесе көп жылдар бойы қауымға барып, «өздерін жақсы ұстауға» үйренген адамдар бұл өтірікке өзгелерден гөрі сенгіш келеді. Олардың бастарына жезөкшелікпен айналысу, жасанды түсік жасату немесе жыныстық бағытын өзгерту туралы ой ешқашан да кел-

мейді. Олар ешқашан балағат сөздер айтпайды, жұмыс берушісінің ақшасын желге шашпайды немесе ешқашан күйеулерінен ажыраспайды.

«Салмақты» күналар жасайтын адамдардың жанында олар өздерін әлдеқайда жақсымыз деп есептейді. Уақытты бекерге өткізу, ақталу, өзгенің құпиясын жариялау, мөлшерден артық тамақ ішу немесе аздаған ішімдік ішу, ащы тіл, адамдарға сынай қарау, ақшаны жөнсіз шашу, қорқыныш, мазасыздық, өзімшілдік немесе шағым айту секілді күналары олар үшін мүлде болымсыз секілді болып көрінеді. Тіпті, кейде біз оларды күнәға да санамаймыз және бұл біздің әлсіздіктеріміз, әдеттеріміз немесе мінез-құлқымыздың белгілері деп ойлағанды артық санаймыз.

Хауаның да өз күнәсін дәл осылай қарастыруына толықтай болатын. Сайып келгенде, ол күйеуінен кетіп қалған жоқ, Құдайға тіл тигізген жоқ және Оның бар екендігіне күмән келтірген жоқ. Ойлап қарайтын болсақ, ол Құдай жеуге рұқсат етпеген жемістен азырақ жеді, бар болғаны осы. Бұл жердегі мәселе не? Мәселе мынада болатын, Құдай: «Жемейсің», — деді, ал Хауа: «Ал мен жеймін», — деді.

Хауа Құдай тиым салған нәрсені жеді және мұның салдары өте ауыр болды: бұл оның тәніне, ой-санасына, еркіне, сезімдеріне, оның Құдаймен және отбасымен қарым-қатынасына әсерін тигізді. Сол «болмашы» күнә оның күйеуін де еліктірді, нәтижесінде бүкіл адамзат күнәнің құрдымына батты. Көлге лақтырылған тастың ұзақ уақыт бойы су бетінде шеңберлер ойнатып тұратыны секілді, күнә да әлі күнге дейін өзінен белгі беріп келе жатыр.

Егер біз әрбір күнәнің салмақты екенін, әрбір күнәнің бүлік және сатқындық екенін көре алсақ қой! Өз білгенімізше әрекет жасамақ болған әр сәт сайын біз Құдайға және бүкіл әлемнің Патшасына қарсы шығамыз.

Джон Беньян айтқандай: «бір тесік бүтін бір кемені суға батырады және бір күнә күнәһарды бүтіндей жалмап жоқ етеді».

Беньяның замандасы Джереми Тейлор былай дейді: «Қол сағатының құрылымында болымсыз тетіктің болмайтыны секілді, күнәнің де болмашысы болмайды».

Мен қабырғалары әппақ үйде тұрамын. Қалай болғанда да, жылдың басым бөлігінде ол солай болып көрінеді. Бірақ қар жауған кезде менің үйімнің қабырғалары кенеттен сарғыш түске айналып шыға келеді. Тіпті, біз өзге күнәһарлармен салыстырғанда «таза» болып көрінген күннің өзінде, Құдайдың кіршіксіз қасиеттілігімен теңдесе алмаймыз.

Күнә жайындағы шындық Құдайдың қасиетінің жарығында айқын көрінеді. Біз Оның кіршіксіз нұрына көз салған кезде, өз күнәміздің сұрқиялығын айқын сезіне бастаймыз.

VII және VIII-ғасырларда пуритандықтар өздерінің қасиеттіліктері мен мойынсұнушылықтары арқылы белгілі болды. Олардың бойларынан айыптауға лайықты нәрсені табу қиын болатын. Кім-кімнің, ал пуритандықтардың ұлы күнәһарлар болмағанын адамдардың көпшілігі біледі. Бірақ пуритандықтардың кітаптары олардың өздерін ұлы күнәһарлармыз деп есептегендерінен куәлік етеді. Құдаймен тығыз қарым-қатынаста өмір сүргендіктен, олардың күнәларының өзге адамдарға қаншалықты маңызсыз болып көрінуі мүмкін екеніне қарамастан, олардың бойларында өздерінің күнәларын жек көру сезімдері жақсы дамыды. Мұндай сезімдер пуритандықтар мінажат еткен мынадай мінажаттар арқылы келеді:

Оны жек көріп, одан аулақ жүруім үшін

маған күнәнің сиықсыз екендігін ашып бер...

Күнәнің жексұрындығы істелген күнәнің болмысында ғана емес,

Соған қарсы жасалған Тұлғаның

ұлылығына да қатысты екенін ұмытуыма ешқашан жол берме.



Құдай менің қателігімді кешіре алмайды

Мен кешірім туралы тақырыпты көтерген сайын, міндетті түрде біреу маған: «Мен істеген нәрсем үшін өзімді ақыры кешіре алмадым», — дегенді айтады. Олар әлі күнге дейін жасаған істері үшін өздерін кінәлі сезінеді.

Олар Құдайдың өздерін кешіре алатынын біледі, бірақ шын мәнінде толықтай кешірілгендеріне сенбейді. Оларға Құдайдың рақым-

дылығы мен кешірімін қабылдау қиынға түседі. Олар Құдаймен қарым-қатынастарын қалпына келтіріп, Оның рақымына қайта ие болу үшін өздерінің қандай да бір жолмен күнәларын өтеу керектігін, қандай да бір «жаза» тартулары керектігін сезінеді, мүмкін, істеген жамандықтарымызға сонда кешірім алармыз деп ойлайды.

Бірақ кінәні, тіпті, Құдай алдында жасалған жалғыз ғана күнәнің өзін өтеу үшін «жақсы істердің» бүтіндей бір тізімі жеткіліксіз болады. Химиялық тазалаудың өзі кетіре алмаған дақ секілді, күнәнің дағын адамның күшімен кетіру еш мүмкін емес. Істелген күнә үшін кінәні «көтіретін» бір ғана нәрсе бар:

Кінәні не жуа алады? — Тек Мәсіхтің қаны ғана.

Не қайта сауықтыра алады? — Тек Мәсіхтің қаны ғана.

Рухты күнәдан не ақтап алады? — Тек Мәсіхтің қаны ғана.

«Менің күнәм соншалықты салмақты емес» және «Құдай менің қателігімді кешіре алмайды» деген бір-біріне қарама-қайшы екі тұжырым бар. Олардың қайсысы дұрыс? — Шындық тек Ғолғотада ғана ашылады. 84-Зәбүрден біз Исаның айқышта біз үшін не істегенінің тамаша бейнелеуін таба аламыз: «Сонда рақым мен шындық бірге кездеседі, әділдік пен татулық бір-біріне сәйкес келеді».

Дәл осы Ғолғотада Құдайдың күнәһарларға деген сүйіспеншілігі мен рақымдылығы Оның күнәға деген киелі жек көрушілігімен бетпе-бет кездесті. Ғолғотада Құдай бүкіл әлемнің күнәсін Исаның мойнына артты. Сонымен бір мезетте Ол Өзінен бөлектеніп қалған күнәһарларға тыныштық пен татулықты ұсынды. Айқыш Құдайдың күнә жайлы не ойлайтынын айқын көрсетеді. Бізді өзіміз соншалықты жеңіл қарайтын «әлсіздіктерімізден» арылту үшін Ол үлкен күн төледі. Айқыш — Құдайдың рақымдылығы мен сүйіспеншілігінің ең күнәһар деген адамның өзіне көрінуінің белгісі.

Уильям Купер ХІХ-ғасырдағы Англияның ең белгілі жазушыларының бірі болды. Бірақ ол жастық шағында кінәліліктің ауыр жүгі мен торығуды басынан өткерді. Оның жүйкесі сыр беріп, өз-өзіне қол жұмсамақ болып, жүйке аурулары емханасында бір жарым жыл

жатып шықты. Емханада жатып Киелі кітаптан оқыған аяты оның бүкіл өмірін өзгеріске ұшыратты. Ол Иса Мәсіхтің күнәлардың құнын өтеуші құрбандық етіп көрді. «...Соның қаны төгіліп құрбан болғандығына сенгендерді Құдай кешіреді. Құдайдың әділдігі осы арқылы айқын көрінеді. Себебі Ол бұрыннан бері шыдамдылық көрсетіп, адамдарға күнәларына лайықты жазаларын дереу тартқызбай жүрген еді. Ал қазіргі заманда Ол Өзінің әділдігін осылай дәлелдейді: Құдай әділ, Ол Исаға сенуші әркімді ақтап алады» (Рим. 3:25–26).

Купер осы шындықты қабылдаған кезде Мәсіхке сенім артып, күнәларынанкешірім алды. Арада көп жыл өткенде ол құтқарылудың осы ғажайыбын өзінің екі жүз жылдан астам уақыт бойы тәубеге келген күнәһарларға үміт беріп келе жатқан әнұранында бейнеледі



Мен өзімнің әрекеттерім мен іс-қимылдарым үшін толықтай жауап бермеймін

Анна Расселдің «жүйке ауруына шалдыққандардың халық әні» атты әзіл әні біздің өз қателіктеріміз үшін өзгелерді айыптағанды қаншалықты дәрежеде жақсы көретініміздің жарқын бейнелеуі болып табылады:

Егер біз Едемге қайта оралатын болсақ,
онда азғырудың ең көне түрлерінің
бірі дәл сол жерден бастау алғанын көреміз.

Адам мен Хауа тиым салынған жемістен жегеннен кейін Құдай оларды жауапкершілікке тартты. (Киелі кітапта бұл тақырып үнемі қайталанып отырады — біз әрбір ісіміз үшін Құдайдың алдында жауап береміз). Байқап қарасаңыздар, сол сәтте Құдай оларды бүтін нәрсе ретінде қарастырған жоқ. Ол: «Сендер не істедіңдер?» — деп сұраған жоқ. Сондай-ақ Ол Адам мен Хауадан бір-бірлеріңнің әрекеттеріңді түсіндіріп беріңдер деп те талап еткен жоқ. Ол Адамнан: «Хауа не істеді?» немесе Хауадан: «Сенің күйеуің не істеді?» — деп сұраған жоқ. Ол

бірінші Адамнан, содан кейін Хауадан: «Сен не істедің?» — деп жеке-жеке, нақты сұрады.

Құдайдың Адамға қойған сұрағы нақты да айқын болды: «Сен Мен жеуге тыйым салған ағаштың жемісінен жедің бе?» Содан кейін Хауадан: «...Сенің бұлай істегенің не?» — деп сұрады (Жар. баст. 3:13). Құдай олардан жай ғана шындықты мойындауларын сұрады.

Өз қателіктерін мойындап, жауапкершілікті өз мойындарына алудың орнына, сол сәтте Адам мен Хауа болған іске бір-бірлерін кінәлай бастады.

Құдай: «Мен жеуге тыйым салған ағаштың жемісінен жедің бе?» — деп сұраған кезде Адамның берген жауабы мынандай болды: «Қасым Өзің берген әйел маған сол ағаштың жемісінен берді, содан мен жедім» (Жар. баст. 3:12).

«Хауа, сен не істедің?» Жауап: «Мені жылан азғырды, содан мен жедім».

Екі жағдайда да олардың жауаптары дұрыс еді. Шындығында да Хауаны Адамға Құдай берген болатын және тыйым салынған ағаштың жемісінен жеуді күйеуіне ол ұсынды. Және Хауаны шындығында да жылан азғырды. Бірақ кінәні бір-бірлеріне аудару арқылы Адам мен Хауа осы күнәдағы өз жауапкершіліктерін жеңілдетуге тырысты.

Құдай олардан кімнің азғырғаны туралы сұраған жоқ, — Ол өз қателіктері үшін жауапкершілікті олардың өз мойындарына алғандарын қалады. Кімнің ықпал жасағанына қарамастан, бұл олардың өз таңдаулары болатын.

Адам мен Хауа «айыптаушылардың» ұзын кезегінің ең алдыңғылары болды.

Едемнен басталған «ойын» — бұл сіз бен біздің ойынымыз. Болмысымызға сай біз мұны аса шебер ойнаймыз және төмендегі куәліктер бұған айқын дәлел бола алады:

Үнемі өзгелерді, жағдайлар мен Құдайды айыптау арқылы мен өз өмірім, өз күнәларым мен шешімдерім үшін жауап беруден қала бастадым. Соның кесірінен мен өзімді торға түскендей шарасыз сезіне бастадым.

Маған күйзеліске түсу — бұл менің кінәм емес секілді болып көрінетін. Күйзелістің мен ашулануға шешім қабылдаған сәттерімде пайда болатынын сезінген кезімде өз күнәм үшін жауапкершілікті өз мойныма ала бастадым және сол арқылы азаттыққа қол жеткіздім.

Мен өзіммен қызметтес бір еркекпен көңілде болдым. Мен одан сезімдік қолдау мен мейірімділік көрдім, себебі күйеуімнің менен жасырған сырлары болды, ол анайы фильмдерді көргенді ұнататын және мені еш қолдамайтын. Маған өзімнің қызметтесіммен ашына болуыма күйеуімнің осы әрекеттері кінәлі секілді болып көрінетін. Мен өзімді ақтап, «өзімді күйеуіме қарағанда жақсы ұстап жүрмін» деп есептедім.



Ашуланған, күйзелісте, қайғыда, шыдамсыздықта немесе қорқынышта болған кездегі біздің табиғи іс-әрекетіміз — осылар үшін жауапкершілікті өзгелердің мойнына артуға немесе бізді «осылай» еткен жағдайларға жабуға тырысу болып келеді.

Мен бүлінген отбасылары жайлы жүздеген әйелдердің әңгімелерін тыңдаған болармын. Олар үнемі бұрынғы күйеулерінен көрген реніштері жайлы айтып, некелерінің бүлінуіне соларды кінәлі санайды. Мен сол әйелдердің бірде-бірінің: «Некеміздің бүлінуіне мен де өз үлесімді қостым, себебі күйеуіммен дұрыс қарым-қатынас жасаған жоқпын және асығыс шешімдер қабылдайтынмын» немесе «күйеуіммен ажырасқаным дұрыс болмады» дегендерін естіген емеспін.

Сансыз көп әйелдер маған қарызға белшелерінен батуларына, жұбанышты тағамнан іздеулеріне, бейәдеп әрекеттер жасауларына немесе ата-аналарынан алшақтап кетулеріне «мәжбүрлеген» жағдайлар туралы айтатын. Олардың ішінде өздері істеген және өмірлеріндегі қиындықтарға себеп болған әрекеттері үшін жауапкершілікті өз мойндарына алғандары өте сирек.

Бір конференция кезінде орта жастағы бір әйел сахнаға шығып, өзінің куәлігін айтқан күнді ешқашан ұмытпаймын. Ол өзін таныстырды да, жиырма екі жылдан бері психолог болып істеп келе жатқанын

айтты. Оның одан кейінгі айтқан сөздері жиналғандарға қатты әсер етті. Әйел дауысы дірілдеп: «Осы уақыттың бәрінде сіздерді алдап, дұрыс жолдан тайдырып келгенім үшін, Құдайым, сенен және әпкесіңділерім, сіздерден кешірім сұраймын. Мен сіздерге өз әрекеттеріңіз үшін тек өздеріңіздің ғана жауап беретіндеріңіз туралы айтқан жоқпын. Мені кешіріңіздерші!» — деді.

Дұшпан егер біз өз таңдауымыз үшін барша жауапкершілікті мойнымызға алатын болсақ, онда үлкен кінәлілік сезімінен азап шегетінімізді айтады.

Өз таңдауымыз бен айналамыздағы адамдармен қарым-қатынасымыз үшін жауапкершілікті өз мойнымызға алу арқылы ғана біз кінәлілік сезімінен толықтай азат бола аламыз. Жазушылардың бірі айтқандай:

Күнә — бұл біздің қиын жағдайымыздағы ең жақсы жаңалық.

Өйткені егер бұл күнә болса, онда одан шығатын жол қашан да бар. Тәубеге келу мүмкіндігі бар. Сіз тәрбиенің жетіспегені немесе ата-анаңыз салған сезімдік жарақаттар үшін тәубеге келе алмайсыз, — сізге бұдан құтылу жоқ. Бірақ сіз күнәңіз үшін тәубеге келе аласыз. Күнә мен тәубеге келу — қуаныш пен үміттің жалғыз заңды алғышарттары.



Мен күнәні үнемі жеңе алмаймын

Хизер атты әйелдің басынан не өткізгенін, сірә, кез келген мәсіхші өз тәжірибесінен білетін болар:

Менің өмірім күнәга толы! Мен қалай азат бола аламын? Маған өз жағдайым мүлде үмітсіз секілді болып көрінеді. Мен күнәларымнан арылғым келеді, бірақ олар менің бойымды әбден жаулап алған. Маған бір күнәлармен Құдайдың алдына қайта-қайта келе берген ұят. Оның алдына бәрін жайып салған кезімде, жағдайым одан әрмен үмітсіз болып кеткен секілді көрінеді. Өтіріктен қалай құтылсам болады? Менің өзгергім келеді.



Бұл сөздер елші Пауылдың жан айқайын есіме түсіреді:

Осылай мен байқаған заңдылық мынау:
жақсылық жасағым келсе де, бойымдағы жаман құмарлық
қарсы тұрады. Іштей Құдай заңына ризамын, бірақ бойымда
басқа бір заңдылықтың да бар екенін байқаймын: ол ақыл-ойым
қалайтын жақсылыққа қарсы шығып, мені бойымдағы күнәлі
құмарлыққа кіріптар етеді. Сорлы басым-ай! Өлім әкелетін
күнәлі тәнімнен мені кім құтқара алады?

Рим. 7:21–24

Біз сауалнама жүргізген әйелдердің жартысынан көбі өздерінің күнәні үнемі жеңе алмаймыз деген өтірікке сенгендерін мойындады. Сенушілерді азаттықтан айыру үшін шайтанның осы өтірікті қолданатыны айқын көрінеді.

Римдіктерге жолдаудың үзіндісінен көргеніміздей, кез келген Құдайдың баласы Құдайға бағынуды қалайтын жаңа болмысқа ие болады. Әрбір шынайы сенуші жүрегінің терең түкпірінде Құдайға ұнамды өмір сүруді қалайды. (Жүрегінде мұндай тілегі жоқ адам өзінің Құдайға шын бет бұрғанына күмән келтіруі тиіс).

Бірақ Жазба бойынша, тіпті жоғарыдан қайта туылғаннан кейін де біздің «тәніміз» (табиғи бейімділіктеріміз) бойымызда өмір сүріп жатқан Киелі Рухқа қарсы күресін жалғастыра береді.

Рух: Кешір, — дейді.

Ал тәніміз: Кешірме, — дейді.

Рух: Ұстамды бол, — дейді.

Ал тәніміз: Не жегің келсе де, қашан жегің келсе де жей бер, — дейді.

Рух: Бұл ақшаны мұқтаждық көріп жүргендерге бер, — дейді.

Ал тәніміз: Бұл ақшаны өзіңе жұмса, — дейді.

Рух: Бұл уақытыңды Сөзде және мінажатта өткіз, — дейді.

Ал тәніміз: Бүгінгі күнің ауыр болды, енді теледидардың алдында жақсылап демал, — дейді.

Рух: Тіліңе ие бол. Сенің айтпақ болып тұрғаның қатал және қажетсіз, — дейді. Ал тәніміз: Аузыңа келген сөзді ірікпе! — дейді.

Тәннің пайдасына шешім қабылдап, Киелі Рухтың әрекет жасауына жол бермеген әр сәтімізде біз өзімізге шайтанның билік жүргізуіне ерік береміз. Екінші жағынан, Киелі Рухқа «иә» деген сайын біз Оның өмірімізге билігін жасауына көбірек ерік береміз.

Құдайға емес, үнемі шайтанға бағыну арқылы біз бойымызда жаман әдеттердің тамыр жаюына жағдай жасаймыз, күнәнің құлдығын таңдап аламыз. Біз біраз уақыт дұрыс әрекет жасауға талпынамыз, бірақ жеңіліс табамыз, тағы да талпынып, тағы да жеңіліске ұшыраймыз. Сонда шайтан бізді ештеңені өзгертуге болмайтынына, қашан да осы күнәһар әдеттеріміздің құлы болып өтетінімізге сендіре бастайды. Біз: «Тырысқаннан не пайда? Мен бәрібір жеңіліс табамын. Бұл шайқаста мен өмір бойы жеңіліп өтемін», — деп ойлай бастаймыз. Сөйтіп, біз берілеміз. Не болды? Шайтан жеңіске жетті, ол бізді күнә мен азғыруды үнемі жеңіп өмір сүре алмайтынымызға сенуге мәжбүр етті. Кристина мен Шерилдің бастарындағы қиындықтары әр түрлі болғанымен, шын мәнінде олармен бірдей жағдай болды:

Мен өзімнің әйелдерге деген құмарлығыммен күрестім және мұның азғындық екенін анық білдім. Өз ойларыммен қанша күрессем де, бәрі бұрынғыдан да нашарлай түсті. Мен өз ойларымды бақылауымда ұстай алмаймын деп ойладым. Өзімнің Құдайдың алдында таза емес екенімді білдім, бірақ мұнымнан арыла алмадым.

Мен көп жылдар бойына қомағайлықтан азап шегіп келемін. Мен мұныммен күн сайын күресемін. Ешқашан өзгере алмайтынымды және ешқашан жеңіске жетпейтінімді ұдайы сезінемін. Мен біраз уақыт өз-өзімді ұстаймын, бірақ өтірік қайтып оралады да, бәрі басынан басталады.



Есіңізде болсын: біздің ойларымыз өмір салтымызды айқындайды. Егер біз бәрібір күнә жасайтынымызға сенетін болсақ, онда күнә жасаймыз. Егер біз құлдықта өмір сүретінімізге сенетін болсақ, онда құлдықта өмір сүреміз. Егер біз жеңе алмайтынымызға сенетін болсақ, онда жеңе алмаймыз.

Шерил маңызды бір ескерту жасады. Ол өзінің өзгере алмайтынына сенетінін айтты. Бұл қаншалықты түсініксіз болып көрінгенімен, мұны мойындау — бұл күнәні жеңуге жасалған алғашқы қадам.

Сіз де, мен де өзімізді өзгертуге қабілетсізбіз, себебі Иса былай деді: «...Менен бөлініп сендер ешбір игілік істей алмайсыңдар» (Жо-хан 15:5).

Сонымен, не істеуіміз керек? Күнәдан қалай азаттық алуымызға болады? Бізді күнәдан тек шындық қана азат ете алады.

Мәсіхтің құрбандығының арқасында біз күнәні жеңе аламыз. Шайтан енді бізге қожайын емес және біз енді оның құлы болуға тиіс емеспіз. Егер біз Мәсіхте болатын болсақ, онда шындық мынадай...

Күнәнің үстемдігінен босағанда әділдіктің
«құлы» болдыңдар... Себебі Иса Мәсіхпен тығыз
байланыстырып, жаңа өмір сыйлаған Киелі Рух мені күнәлі
құмарлық пен рухани өлімнің күштеуінен азат етті.

Рим. 6:18; 8:2

Күнәһарлар үшін жақсы жаңалық

Жоғарыда көргеніміздей, шайтан Хауаға егер ол тиым салынған жемістен жейтін болса, онда оның Құдай секілді болатынын және жақсылық пен жамандықтың не екенін айыра алатынына уәде етті.

Бірақ, шындығында дәл сол сәтте...

- Ол рухани көрсоқырға айналып, енді шындықты көре алмайтын болды.
- Рухани жағынан Құдайға ұқсас етіп жаратылғанына қарамастан, енді бұл бейне бұрмаланды да, ол жарық түнекке қандай қара-

ма-қайшы болса, Құдайға да дәл солай қарама-қайшы күнәһар болмысты қабылдады.

- Ол шынында да жамандықтың не екенін білді, бірақ Құдаймен қарым-қатынасы бұзылды және енді ол әділетті болып қала алмайтын еді.

Сол уақыттан бастап әрбір адам дүниеге дәл осындай жағдайда: рухани көрсоқыр күнәһар, Құдайдан алыстаған және Оған ұнамды болуға қабілетсіз болып келеді. Өз күнәміздің кесірінен бәріміз де Құдайдың әділетті айыптауына ұшырадық.

Ізгі хабардың мәні — Исаның осы дүниеге келіп, күнәнің бүлдіргіш салдарын өзгерту үшін Хауаның және біздің күнәларымыз үшін болатын жазаны өзінің мойнына алғандығында. Оның күнәсіз өмірі, ҒолҒотадағы өлімі мен жеңімпаз қайта тірілуі арқылы біз барша күнәларымыздан толықтай кешірім алып, өзіміз ренжіткен Құдаймен таталаса аламыз және қасиетті өмір сүруге күш ала аламыз.

Қасиетті Құдайдың алдындағы бұл кешірім мен ақтауды біз мәсіхшілер отбасында дүниеге келіп, қауымға барып жүргендігіміздің арқасында қабылдамаймыз. Мәселе біздің шомылдыру рәсімінен өткенімізде, жақсы істер жасағанымызда, тәубеге келуге шақырғанда алға шығатынымызда, қандай да бір мінажаттарды жатқа білетіндігімізде немесе қауым өміріне белсене ат салысатындығымызда емес. Біз өз күнәларымыздан істеріміз арқылы құтқарыла алмаймыз. Мәңгілік құтқарылуға ие болудың жалғыз мүмкіндігі — Мәсіхтің айқышта атқарғанына сенім арту.

Мен өздерінің құтқарылғандарына күмәндану сезімінен азап шегетін әйелдерден көптеген хаттар аламын. Олардың кейбіреулері «дұрыс жауапты» біледі, бірақ қандай да бір күнәнің кесірінен әлі күнге дейін азап шегеді. Менің ойымша, көп жағдайда олар өз күнәлары үшін шынайы тәубеге келмеген және үміттерін Исаға артпаған, өздерін тек Оның ғана құтқара алатынына сенім артпаған. Олар, мүмкін, діндар адамдар шығар да, бірақ Құдайдың алдында әлі де ақталу ала алмаған.

Ал сіз ше, қымбатты дос? Дұшпан сізді қорқыныштың, күмән мен кінәлілік сезімінің құлдығында ұстауды қалайды. Ал Құдай сіздердің

азаттықпен сенімде өмір сүргендеріңізді және кешірім алатындарыңызға сенімді болғандарыңызды қалайды. Сіздің қаншалықты «жақсы адам» екендігіңізге қарамастан, Құдайдың алдындағы әділдікке апаратын жалғыз жол — бұл Иса Мәсіхке деген сенім. Сіздің қаншалықты дәрежеде күнаһар адам екендігіңізге қарамастан, Оның рақымдылығы сіз үшін жеткілікті. Күнә мәселесін шешудің жалғыз мүмкіндігі — бұл Мәсіхтің өлімі.

Егер сіз өз күнәнің мәселесін ешқашан мұндай тәсілмен шешпеген болсаңыз, егер сіз өзіңіздің Құдайдың баласы екендігіңізге сенімді болмасаңыз, онда келесі тарауға өтпес бұрын Құдаймен қарым-қатынасыңызды қайта қалпына келтіруіңізді ұсынамын. Дұшпанның көзіңізді байлауына немесе тұтқынында ұстауына ерік бермеңіз. Сіздің мәңгіліктегі тағдырыңыз осыған байланысты.

Құдайдың алдында Оның заңына қарсы күнә жасағаныңызды және өзіңізді құтқара алмайтыныңызды мойындаңыз. Исаны сіздің күнәларыңыздың жазасын өтеуге жібергені үшін Құдайға алғысыңызды айтыңыз. Мәсіхтің өзіңізді құтқаратынына сеніңіз және өмірді сыйға қабылдаңыз. Құдайға күнәңізден бас тартатыныңызды, өміріңізге Оның Қожайын болуына ерік беруді қалайтыныңызды айтып беріңіз. Содан соң Оған күнәңізді кешіргені үшін алғыс айтыңыз; Оған күнәні жеңуіңізге күш беретін Киелі Рух сыйы үшін алғысыңызды айтыңыз.

Сенімге жақында ғана келсеңіз де немесе Құдайды біраз уақыттан бері білетін болсаңыз да, келіңіз, көне пуритандық мінажатпен сиынайық. Келіңіз, Құдайдың өзімізді қайдан тапқанын және Оның біз үшін не істегенін есімізге алайық:

Күнәнің жан түршігерлік сұрқиялығын,
Құтқарылудың таң қалдырарлық әділдігін,
Мәсіхтің таң қалдырарлық даңқын,
Қасиеттіліктің таң қалдырарлық сұлулығын,
Рақымдылықтың таң қалдырарлық кереметін ешқашан ұмытпауыма көмектес.



АҚИҚАТТЫ ӨТІРІКKE ҚАРСЫ ҚОЙ



ӨТІРІК

13. МЕН КҮНӘ ЖАСАЙ
АЛАМЫН ЖӘНЕ БҮЛ
ҮШІН МАҒАН ЕШТЕҢЕ
БОЛМАЙДЫ.
14. ШЫН МӘНІНДЕ МЕНІҢ
КҮНӘМ СОНШАЛЫҚТЫ
САЛМАҚТЫ ЕМЕС.
15. ҚҰДАЙ МЕНІҢ
ҚАТЕЛІГІМДІ КЕШІРЕ
АЛМАЙДЫ.
16. МЕН ӨЗ ӘРЕКЕТТЕРІМ
МЕН ІС-ҚИМЫЛДАРЫМА
ТОЛЫҚТАЙ ЖАУАП
БЕРМЕЙМІН.
17. МЕН КҮНӘНІ ҮНЕМІ
ЖЕҢЕ АЛМАЙМЫН.

ШЫНДЫҚ

- Менің бүгінгі жасаған таңдауымның белгілі бір салдары болады. Мен не ексем, соны орамын.
- Күнәнің рахаты өткінші.
- Егер мен отпен ойнайтын болсам, күйемін. Мен өз күнәмнің салдарынан қашып құтыла алмаймын.
- Әрбір күнә — бұл Құдайға қарсы бүлік.
- Кішкентай және болмашы деген күнә болмайды.
- Менің жасаған әрбір күнәмді жабу үшін Мәсіхтің қаны жеткілікті.
- Құдай кешіре алмайтын күнә жоқ.
- Құдайдың рақымы әлемдегі ең үлкен күнәдан да үлкен.
- Меннен Құдай өзге адамдардың жасаған күнәлары үшін жауап беруімді сұрамайды.
- Мен өз таңдауым үшін жауап беремін.
- Егер мен Құдайдың баласы болсам, онда күнә жасамай жүре аламын.
- Мен күнәнің құлы емеспін. Мәсіхте мен күнәдан азат болдым.
- Құдайдың рақымының және Мәсіхтің айқыштағы ерлігінің арқасында мен күнәні жеңе аламын.

❁ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ ❁

1. Құдаймен КЕЛІСІҢІЗ.

Сіз өзіңіздің басымдықтарыңыз жайлы қандай өтірікке сендіңіз?

2. Жауапкершілікті ӨЗ МОЙНЫҢЫЗҒА АЛЫҢЫЗ.

Бұл өтірікке сену сіздің өмір салтыңызға қандай әсерін тигізді (адамдармен қарым-қатынасыңызға, іс-әрекеттеріңізге)?

3. Шындықты ЖАРИЯЛАҢЫЗ.

Жоғарыда келтірілген әрбір шындықты дауыстап оқып шығыңыз. Олардың қайсысы қазір сіз үшін аса маңызды?

Өз санаңызды Құдайдың Сөзімен жаңартыңыз. Келесі үзінділерді дауыстап оқыңыз. Бұл аяттар сіздің өміріңіздегі Құдайдың басымдықтары туралы не айтады?

Зәбүр 31:1–5

Жақып 1:15

1 Жохан 1:5–9

Рим. 6:11–14

4. Шындықтың негізінде ӘРЕКЕТ ЕТІҢІЗ.

Өміріңіздің шындыққа сәйкес болуы үшін қандай қадамдарды жа-
сауыңыз қажет?

5. Құдайдан шындықта жүруіңізге көмектесуін СҰРАҢЫЗ.

*Әке, өмірімді жиі осы дүниелік және уақытша нәрселермен толтыра-
тынымды мойындаймын. Менің Саған ұнамды өмір сүргім келеді. Сен үшін
маңызды нәрселер мен үшін де маңызды болсын. Сенің Сөзің маған Сенің
ойларыңды ашып беретін нұр болсын. Сенің Рухыңды сезінуіме және әр күні
не істеуім керектігін білуіме көмектес. Өтінемін, маған әйелдің айрықша
міндетін қалай орындау керек екенін көрсетіп берші. Менің қажетсіз
істермен айналыспауыма даналық пен батылдық бер. Өмірімнің соңында
Исаға ұқсап: «Маған тапсырған ісіңді аяқтап, жерде Сенің ұлылығыңды
көрсеттім» (Жохан 17:4), — дей алуым үшін өмірімді мәңгіліктің жа-
рығында өткізуіме көмектес. Аумин.*

ӘЙЕЛДЕР СЕНЕТІН ӨТІРІК... ...ӨМІРДЕГІ БАСЫМДЫҚТАР ТУРАЛЫ

Қымбатты күнделік,

Өмірім аласапыран болып кетті! Бірнеше ай бойы өз ойларымды күнделік бетіне түсіре алмадым. Соңғы уақыттарда мүлде қолым тимей кетті. Балаларымыз сондай мазасыз! Олардың соңдарынан еріп жүріп, шашқандарын жинаудан өзгеге қолым тимейтін секілді. Олардың үй ішін қандай жылдамдықпен шаша алатындарына таң қаламын! Олардың тез өсіп келе жатқандары сондай, көзді ашып-жұмғанша есейіп, бізден кетіп қалатын болар. Олар әлі кішкентай кезде ешбір мүмкіндікті жіберіп алмай, олармен ойнауға, бірге жүрген кезіміздің қуанышын көруге және оларды өмірдегі маңызды нәрселерге үйретуге тырысамын.

Астық оратын кез де келіп жетті — бұл Адам үшін жылдың ең ауыр мезгілі. Біз өте сирек көрісеміз. Жай ғана бірге отырып, балалар жайлы, өзіміз және болашағымыз жайлы әңгімелескенді қатты аңсаймын.

Соңғы кездегі әбігершіліктердің кесірінен Құдаймен серуендеп, Онымен әңгімелесуге де уақытым болмады. Балалар дүниеге келмей тұрғанда бәрі де басқаша еді. Ал қазір тәуліктегі сағаттар азайып кеткендей болып сезіледі. Кешкісін сүріне-жығыла құлаймын, ал келесі күні бәрі қайтадан басталады. Күнде көретінім осы...

Біз азғырудың менің пікірім бойынша ең маңызды деген үш саласын қарастырдық: Құдай, өзіміз және күнә туралы көзқарастарымыз. Осылар біздің қалған сенімдерімізді айқындайды. Егер біз осы сала-

ларда алданған болсақ, онда өзге салаларда алдануымыздың мүмкіндігі күрт асады.

Келесі тарауларда біз көптеген мәсіхші әйелдер теріс түсінетін бірнеше практикалық құбылыстарды қарастырамыз және мұны өзіміздің басымдықтарымыздан бастаймыз. Мен осыдан бірнеше жыл бұрын әйелдер киімін сататын дүкеннің қабырғасынан көрген плакат осы өтіріктің кейбір жемістерін айқындайды:

Мен әйелмін.

Мен ешқашан жеңілмеймін.

Мен шаршадым.

Хелен Реддидің (70-жылдардың басында Грэмми жүлдесін жеңіп алған) әнінен алынған бұл сөздер, әрине, күлкіні келтіреді. Алайда сондай-ақ олар күн сайын алдымыздан шығатын өмірдің қиындықтарын қалай жеңуге болады деген сұраққа қайтарып әкеледі.

Мен танитын әйелдердің көпшілігі өздерін ешқашан жеңілмейтін адамдар ретінде сезінбейді. Керісінше, олардың көпшілігі өздерін төмен санау мен өздеріне деген сенімсіздіктен зардап шегеді. Әйелдердің көпшілігі өздерін қалжыраңқы сезінеді. Олар өздеріне таңып берілген көптеген рөлдер мен міндеттемелерді атқаруға қабілетсіз екендерін жиі сезінеді.

Бұл сезімдер сондай-ақ дұшпанның осы қоғамда себетін түрлі өтіріктеріне сенуге итермелейді. Мысалы...



Қажетті нәрселердің бәрін атқаруға менің уақытым жетіспейді

Біздің сауалнамамыздың нәтижесі көрсеткеніндей, бұл ең кең таралған өтірік болып шықты. Әйелдердің жетпіз пайызы өздерінің бұған сенетіндерін айтты. Мұндай нәтиже менің таңдандыра қойған жоқ.

Сайып келгенде, қазір кез келген әйелден: «Жағдай қалай?» — деп сұрайтын болсаң, оның күрсіне:

- Менің ештеңеге уақытым жетіспейді!
- Отбасымда түсініксіз жағдайлар болып жатыр!
- Қажет нәрселердің бәрін істеуге уақытым жетер емес!
- Шаршағаным сондай, құлап қалудың аз алдында жүрмін! — деп жауап беретініне шүбә жоқ.

Өте жиі жағдайда әйелдер (олардың арасында мәсіхші әйелдер де бар) өз істерін атқара алмайтындарын, уақыттарының мүлде жетіспейтінін сезінеді. Соның нәтижесінде олардың көпшілігі тыныштық пен қуаныштан айырылып, тынымсыз жүгірумен болады.

Осыдан көп жылдар бұрын мен қазіргі әйелдердің қарамағында елу-ге жуық малайлары — олардың уақыттарын үнемдеуіне көмектесетін заманауи тұрмыстық машиналардың бар екендігі туралы оқыған едім. Бұл санның дәл болмауы да мүмкін, бірақ бізде бұрынғы заманғы әйелдердің қолдары жетпеген қолайлы заттардың бар екендігі шындық. Өзіңіздің ыдыс жуатын машиналар, қысқа толқынды пештер, шаш кептіргіштер, автокөліктер болмаған немесе, тіпті, электр тоғы немесе үй ішіндегі дәретхана мен жуыну бөлмесі туралы адамдардың түсіне де кірмеген көне заманда өмір сүріп жатқаныңызды көз алдыңызға елетіп көріңізші!

Кішкене кезімде әлемдік жетістіктер көрмесінде болғаным есімде. Оның ұйымдастырушылары «болашақтағы өмірдің» қандай болатынын көрсетуге тырысты. Жаңа техникалық заттар мен электроқұралдар әйелдердің өмірін жеңілдетіп, олардың демалуларына немесе өз уақыттарын «маңыздырақ» бір нәрселерге бөлулеріне мүмкіндік береді. Міне, енді сол болашақ та келіп жетті. Бізде менің жас кезімдегі әйелдердің түстеріне де кіріп шықпаған қондырғылар мен құралдар бар. Бірақ біздің өміріміз неліктен бұрынғыдан да әрмен әбігершілікке толып кетті. Біз неге ештеңеге үлермейміз?

Бұған бірнеше түсіндірмелердің болуы мүмкін. Ал бұл себептердің бірі мынау — біз қажетті нәрселердің бәрін істеп үлгеруге уақытымыз жетпейді деген өтірікке сендік.

Ал біздің уақытымыз өткен ғасырларда өмір сүрген кез келген адамның уақытынан артық та, кем де емес қой. Қызмет дәрежесіне не-

месе беделіне қарамастан, сөткесіне 24 сағаттан артық уақыт ешкімде де болған емес.

Тіпті жер бетінде Исаның Өзінде ақтап алу жоспарын жүзеге асыруға бірнеше жыл ғана уақыты болды. Міне, нағыз ұзын «істердің тізімі» деп осыны айт! Бірақ өмірінің соңында Иса «Маған тапсырған ісіңді аяқтап, жерде Сенің ұлылығыңды көрсеттім» (Жохан 17:4), — деп айта алды.

Бұл мені таңдандырады. Күннің аяғында менің жоспарлаған істерімнің бәрін жүзеге асырдым деп айта алатын кездерім сирек. Керісінше, кешкісін мен жиі өзім жоспарлаған, бірақ жүзеге асырып үлгермеген істерімнің ұзын тізімі жайлы ойлап, төсегіме сүріне-жығыла келіп құлаймын. Осындай қысқа уақыттың ішінде Иса Өз өмірінің ісін қалай атқарып үлгерді?

Бұған жауап — Исаның сөздерінде. Бұл бізді асығыстық пен түңілушіліктің құлдығынан азат ететін күшті шындық. Өзінің жер бетіндегі отыз үш жыл өмірінде Исаның қандай істі атқарғанына назар аударыңыз: «Маған тапсырған ісіңді аяқтадым». Міне, Оның құпиясы осында. Иса шәкірттерінің Өзінен қалаған нәрселерінің бәрін бірдей орындаған жоқ. (Олардың кейбірі тіпті Ол Рим үкіметін құлатады деп үміттенді!) Ол соңынан ерген адамдардың қалағандарының бәрін бірдей орындаған жоқ. (Әлі де көптеген науқастар емделмей қалды). Ол Құдайдың өзіне тапсырған істерін орындады.

Айналадағылардың менен қалайтындарының бәрін 24 сағат ішінде орындап шығуға ешқашан уақытым жетпейді. Және өзімнің қалағандарымның бәрін атқаруға да уақытымның жете қоюы екіталай. Мен өзіммен кездесуді қалайтындардың бәрімен бірдей кездесе алмаймын, әңгімелескісі келгендердің бәріне бірдей қоңырау шала алмаймын. Мұқтаждардың бәріне бірдей көмектесе алмаймын, достарымның пікірлері бойынша өзім жақсы атқаруға тиіс жобалардың бәрін бірдей іске асыра алмаймын. Қызықты кітаптардың бәрін бірдей оқи алмаймын, достарыммен уақытымды қалағанымша өткізе алмаймын және осының бәрімен бір мезгілде кез келген сәтте келіп қалулары мүмкін қонақтар үшін дайындалған бөлмелерді тазалықта ұстап отыра алмаймын. Бұл тіпті мүмкін емес.

Мен осының бәрін орындауға міндетті емеспін дегенді сезіну қандай жеңілдік әкеледі десеңізші!

Шын мәнінде мен тек Құдайдың тапсырмаларын ғана орындауға тиіспін. Құдайдың өзім үшін осы күнге, аптаға және бүкіл өміріме жоспарлағанының бәрін орындауға уақытымның жеткілікті екенін сезінген кезімде, мен шынайы азаттыққа ие болдым!

Егер Құдай өзіме тапсырмаған нәрсе үшін жауапкершілікті өз мойныма алуға талпынсам, онда мен тек жабығып қаламын. Құдайдың менен нені қалайтынын түсінудің орнына мен өз істерімнің тізімін өзім анықтасам немесе өз басымдықтарымды өзгелердің айқындауларына ерік беретін болсам, онда нәтижесінде аяқталмаған, нашар орындалған немесе мүлде басталмаған істердің астында қаламын. Өзімді кінәлі сезініп, асығыстық пен күйзеліске ұшыраймын, Құдай өзіме ұсынатын тыныштықтағы, ретті өмірдің рахатын көре алмаймын.

Құдайдың маған арнаған «істер тізімінің» өзге адамға арналған тізімнен өзгеше екенін есте ұстаудың маңызы зор. Иса: «Маған тапсырған ісінді аяқтадым», — деді. Ол: «Сенің Петірге, Жоханға немесе Менің анама тапсырған ісінді орындадым», — деп айтқан жоқ. Құдайдың маған арнаған ісінің сізге, менің қызметтестеріме немесе достарыма арнаған ісінен айырмашылығы бар. Құдай кішкене үш баласы бар әйелді күйеуге шықпаған қыз немесе балалары ержетіп кеткен әйел істейтін істерді атқаруға шақырмайды.

Мұның сыртында, біздің өміріміз бірнеше кезеңге бөлінеді. Қырық жасқа келгенімде Құдай маған жас кезімдегі немесе мен қартайған кезде істеуге тиіс істерімді тапсырмайды.

Айтпақшы, біздің заманымыздың әйелдері дәл осылай тез еліктейтін тағы бір өтірік бар. Бұл «мен бәрін істей аламын» және «мен тамаша әйел және ана болуға, үйімде тазалық пен тәртіпті сақтауға, дәмді және пайдалы ас дайындауға, балаларымның мектептегі істерінен, қауымда және қоғамда болып жатқан жағдайлардан үнемі хабардар болып тұруға, үнемі жинақы да тартымды болып жүруге және сонымен бір мезгілде толықтай дәрежедегі жұмыс істеуге тиіспін!» деген өтірік.

Жоғарыда келтірілгендердің бәрін орындауға тиіс екендеріне аңдаусыз сенетін әйелдердің шаршау мен түңілудің батпағына барып бір-ақ бататындары анық.

Бүкіл рөлдерді ешбір әйел бір сәтте сапалы атқара алмайды. Ерте ме, кеш пе, біреу немесе бір нәрсе міндетті түрде зардап шегеді.

Түңілу — бұл бізге Құдай тапсырмаған нәрсені орындауға талпынудың нәтижесі. Ал азаттық пен қуаныш және табыс өміріміздің осы кезеңіндегі Құдайдың басымдықтарын анықтауға тырысқанымызда және содан кейін оларды Киелі Рухтың күші арқылы жүзеге асыруға талпынған кезімізде келеді. Сонымен қатар, Оның бізге қажетті нәрсенің бәрін — уақытты да, қабілеттерді беріп қойғанын түсінуіміз қажет.

Төмендегі мына куәліктер басымдықтар мен уақытты бөлу туралы шайтанның өтіріктерінің бізді қалай құлына айналдыратыны және шындықтың бізді қалай азат ететіні жайында:

Мен «әділетті мәсіхші әйелдің» барлық міндеттерін орындай алмай-тыным үшін үнемі өзімді кінәлі сезінетінмін. Қандай да бір ісімнің жақсы шыққанын ешқашан сезінген емеспін. Құдайдың өзімнен қалайтын істерінің бәрін атқаруға уақытымның жеткілікті екенін түсінген кезімде қалай жеңілденіп қалдым десеңізші. Күйзеліске ұшыраған кезімде мен осы шындықты қайта-қайта қайталаумен боламын. Осыны қайталағанның өзі ғана мені сабама түсіреді. Қазір уақытым бұрынғыдай зырылдап өтпейді және мен шын мәнінде де «осы шағыммен» өмір сүре аламын.

Менің ештеңеге уақытым жетіспейді деген өтірікке сендім. Үйімізде үнемі бей-берекеттік орын алып, балаларым тынымсыз болғандықтан, торығу мен үмітсіздікке ұшыраған мен өзімнің міндеттерімді дұрыс атқармадым.

Құдайдың тапсырмаларының барлығын орындауға уақытымның жеткілікті екенін түсінген кезімде, көп жағдайда Оның өзіме жүктемеген істерін атқаруға талпынғанымды мойындауыма тура

келді. Мен өмірімдегі артық нәрселерден арыла бастадым. Өзім атқаруға болмайтын нәрселер мен өзгелерге тапсыруыма болатын нәрселерді айқындайтын болдым. Сондай-ақ ненің маңызды екенін түсіну үшін мұны күйеуіммен ақылдасуды үйрене бастадым. Бұл оңай шаруа емес, бірақ қазірдің өзінде кейбір жағдайларым жеңілдей бастады. Бұл менің өз өмірімді ретке келтіруіме және азаттыққа қол жеткізуіме күш береді деп үміттенемін. Сонда мен Құдайдың барша тапсырмаларын орындай алатын боламын. Бұл тек Киелі Рухтың жетегімен және Құдайдың рақымының арқасында ғана жүзеге асады.

Мен егер қауымым маған мұқтаж болса, онда қызмет етуге міндетті екендігіме сендім. Мен істелуге тиісті нәрсенің бәріне араластым. Соның нәтижесінде мен қауымда күн сайын дерлік қызмет жасадым. Мен мұны қалауым бойынша емес, солай етуге міндетті екенімді сезінгендіктен жасадым. Мен өзіме бірде-бір көмекші таба алмадым, себебі ешкімнің де мен секілді жанталаса жұмыс істегісі келмейтін. Өзіме орнын ешкім баса алмайтын таптырмас жалғыз адам секілді болып көріндім.

Ақыры мен «күйіп» кеткеннен кейін бағушым маған бәрі үшін жұмыс істеуге тиіс емес екенімді, тек Құдайдың тапсырғандарын ғана атқаруым қажет екенін түсіндірді. Қазір мен тек Құдай тапсырған қызметтерді ғана атқарып жүрмін Маған жүктелмеген нәрселерге «жоқ» деп айтуды үйрендім.

Мен жақсы істер жасадым, бірақ Құдай менен бұлай етуімді сұрамаған еді. Өзіне шын мәнінде қызмет етуім үшін Құдай мені жұмыстардың құлдығынан азат етті. Енді мен қызмет жасаудың мүмкіндігін іздемей, Құдайдың еркін түсінуге тырысамын және Оның кез келген шақыруына жауап қатуға әзірмін.





Құдай сөзін күнделікті оқып, сиынбай-ақ қоюыма әбден болады

Біз жоғарыда қарастырып өткен өтіріктен айырмашылығы, көптеген мәсіхшілердің бұл өтірікті ашық мойындауға батылдары жетпейді. Бірақ біз сауалнама жүргізге әйелдердің 48 пайызы өздерінің осы өтірікке сенетіндерін айтты.

Шайтан бізді Құдайға тәуелсіз өмір сүре алатынымызды айтып сендіруге тырысады. Егер дұшпан бізді Киелі Рухтың күшіне емес, өз күшімізге сеніп өмір сүруге мәжбүр ете алса, онда оған біздің Құдайға «сенетініміз», дұрыс жолды ұстанатынымыз және «рухани» істер мен қызметтерге араласатын не араласпайтынымыз жайлы уайымдауының да қажеті болмайды.

Егер ол біздің «мәсіхшілерше» өмір сүруімізге, бірақ сонымен бірге Тәңіріміз Исамен қарым-қатынасымызды әрі қарай дамытпауымызға қол жеткізе алса, онда біз рухани жағынан әлсіреп, жеңіліске ұшыраймыз. Егер ол біздің «Құдай үшін» ұлы істер атқарып, бірақ сонымен бір мезгілде саналы түрде Оның Сөзі мен мінажат арқылы Құдайдың еркін тануға ұмтылмауға мәжбүр ете алса, онда біз діндар адамдар болып көрінеміз, бірақ шайтан үшін қауіпсіз боламыз. Егер ол бізді Құдайдың еркін іздемей, өз ойларымыз бен бастамаларымызға сүйеніп өмір сүруге мәжбүрлей алса, онда күндердің күнінде бұл дүние бізді жаншып тастайды.

Мен Иветта деп атайтын мына әйелдің маған осы өтіріктің салдары жайында не айтқанын тыңдайық:

Уақытымды Сөзде және мінажатта өткізген кезде, мектеп жасына жетпеген үш баламның барлығына қарамастан, менің күнделікті өмірімде айрықша қиындықтар туындамайды. Бірақ содан кейін мен жайбақаттыққа салынып: «Мен қандай тамаша әйелмін!» — деп ойлаймын да, басымдықтарымды өзгертелмін. Сол кезде көзді ашып-жұмғанша өмірім әбігершілікке айналып шыға келеді. Мен балаларыма айқайлап, ашумен оларды ұрып жіберуге шақ қаламын және осындай жағдайға қалай жеткенімді түсіне алмаймын. Не істесем болады? Өкінішке орай, өзімде күштің

жоқ екені және Құдайға мұқтаж екендігім маған бірден жете қоймайды! Шайтанның өтірігі өмірге елеусіз еніп кетеді! Егер мен Сөзде болмасам, онда соған сене бастаймын.



Егер бізді Құдай Сөзіне тәуелсіз өмір сүруге мәжбүрлей алса, онда біздің әлсізденетінімізді шайтан біледі. Дәуіттің Құдайдан ақыл сұрағаны жайлы Көне Өсиетте төрт рет айтылады (1 Патш. 23:2, 4; 30:8; 2 Патш. 2:1; 5:19, 23 қараңыз). Ол өзінің Құдайсыз ешкім емес екенін, ештеңеге қабілетсіз екенін білді. Күнде таңертең, күнделікті шаруасына кіріспес бұрын ол мінажатта өз жүрегін Құдайға бұратын:

Уа, Ием, ертеңгісін ести гөр дауысымды,
таң ата алдыңа келіп, күтемін жауабыңды...

Таң атпас бұрын Сені көмекке шақырамын,
Сенің берген сөзіңе сенімімді артамын.

Зәбүр 5:4; 118:147

Мен күн сайын уақытты Құдаймен оңашада, сөз бен мінажатта өткізудің қаншалықты маңызды екенін білемін. Тіпті, мен бұл туралы кітап та жаздым. Бірақ мен «алдымен Құдайдан сұрамай», осы күннің ұсақ-түйектері мен қамдарына көңілімді өте жиі бөлемін.

Осылай істеу арқылы, мен (мұны ешқашан естіртіп айтпасам да) бүгінгі күнді Құдайдың қатысуынсыз, Оның рақымы мен даналығынсыз — өзім өткізе алатынымды айтамын. Оның көмегінсіз жұмыс істеп, үйдің қамын жасай алатынымды, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасап, қиындықтарға төтеп бере алатынымды айтамын. Тәуелсіздік пен өз-өзіне сенушіліктің бұл рухы — тәкаппарлықтың белгі. Жазба былай деп үйретеді: «Құдай тәкаппарларға қарсы шығады» (Жақып 4:6 қараңыз). Егер мен тәкаппарлықпен өмір сүретін болсам, онда менің талпыныстарыма Құдайдың қарсы шығатынына дайын болуға тиіспін.

Кейде менің бойымда Құдай маған: «Бүгін өз бетіңше өмір сүргің келе ме? Онда алға», — деп тұрғандай сезім пайда болады. Сонда

мұнымнан не шығады дейсіз ғой? Ең жақсы дегенде бұл күнім тек өзіме арналған, бекер, жеміссіз күн болады. Ал жаман болғанда — бұл күнім мен өз қолыммен жасаған астан-кестең әбігершілікке толы болады.

Екінші жағынан, «Құдай кішіпейілдерге рақымын сыйлайды». Күнді маған Құдайдың керек екенін мойындаудан бастайтын болсам, онда мен Оның құдайлық көмегіне үміт арта аламын.

Шындық мынау, Онымен саналы түрде тұрақты байланыста болмай және Оған мойынсұнбай өмір сүру арқылы мен рухани немесе мәңгілік құндылыққа ие болатындай ештеңе істей алмаймын. Әрине, мен көптеген істер атқарып, шешімдер қабылдай аламын, бірақ сайып келгенде өз өмірімде шын мәніндегі құндылыққа ие еш нәрсенің жоқ екенін көремін.

Құдаймен Сөзде және мінажатта байланыста болуға үздіксіз көңіл бөлмей тұрып, әділетті әйел болу мүмкін емес.



Әйел мен ананың рөлінен гөрі, мансап көбірек қанағаттанушылық әкеледі

Осыдан жарты ғасыр бұрын бағыл әйелдердің бір тобы пәлсапалық және мәдени төңкеріс жасауды қолға алды. Еркектердің билігінің бұғауынан босаулары тиіс екеніне сенімді олар кітаптар мен мақалалар жазды, университеттер мен колледждерде дәріс берді, қарсылық шараларын өткізді, Конгреске ұсыныстар жасады және басқа да көптеген тәсілдер арқылы миллиондаған әйелдердің жүректері мен саналарын жаулап алды.

Олар «әйел» түсінігіне өз анықтамаларын жариялады және әйелдің басымдықтары мен оның өмірдегі рөлі жайлы дәстүрлі көзқарастарды шетке ығыстырып тастады. Адамгершілік, тазалық, естілік, шаруақорлық, мойынсұнушылық пен сыпайылық секілді түсініктер сөздіктен алынып тасталды да, олардың орнын таңдау, ажырасу, опасыздық, өмірдің барлық саласында да еркектермен тең құқылы болу деген секілді сөздер алмастырды.

Қазіргі ұрпақ бұдан басқаша мүлде ойлай алмайды.

Әйелдің нәзіктігіне «жаңа» көзқарастың ең бүлдіргіш мақсаттарының (немесе салдарының) бірі — неке мен аналықтың мағынасын төмендету және әйелдерді тәни жағынан да, сезімдік жағынан да үй мен отбасынан зауыттар мен кеңселерге көшіру. Доктор Дороти Паттерсон мынандай тұжырым жасады:

Әйелдер өздері ғасырлар бойы рахатын көріп келген — үйде болу, балаларды тәрбиелеу және шығармашылықпен айналысу секілді нағыз азаттықтарынан «азат болды». Оларды жоғарғы еңбекақы төлетін жұмысының болмауы әйелді өмірден түңілуге, іші пысуға және өз үйінде түрмеде қамаулы өмір кешкендей күйге түсіреді дегенге сенуге мәжбүр етті.

Жұмысқа орналасар кезде, жалақы мәселесін шешуде және білім алу мүмкіндігі жағынан бір жынысқа басымдық беру мүлде төмендеген. Феминистік қозғалыстың белсенділері осыған қол жеткізуге ұзақ уақыт бойы тырысқан болатын. Бірақ осы жаңа азаттықтың «жанама әсері» қандай? Біз төмендегі салдарға тап боламыз деп кім ойлады...

- Әйелдер өздерінің жұмыс істейтін құрбыларының тарапынан үлкен қысым көреді. Олар әйелдерді ана және әйел болып бір орында тұрып қалмауға шақырады.
- Үй шаруасындағы әйел дәрежесін қазір адамдардың көпшілігі күннің жағдайымен теңестіреді.
- Миллиондаған сәбилер мен мектеп жасындағы балаларды таң қараңғылығында төсектерінен тұрғызып алып балалар бақшасына апарып тастайды және ол жерден оларды қайтадан қараңғы түсіп кеткен кезде әкетеді.
- Миллиондаған балалар мектептен ешкім жоқ, қаңырап тұрған үйлеріне оралады немесе уақыты ұзартылған топта қалады.
- Аналар уақыттарының басым бөлігін балалары мен күйеулеріне емес, өзге нәрселерге арнайды және бұл олардың үнемі шаршап, ашушаң болып жүрулеріне себепкер болады.
- Отбасы мүшелері кешкі астарын бірге өте сирек ішеді.

- Түсте балалар жартылай фабрикаттар және бутербродтармен жүре тамақтанады.
- Әйелдердің уақыттарының басым бөлігін күйеулерімен емес, бірге қызмет істейтін еркектермен өткізетіндерінің нәтижесінде сезімдік немесе тәни опасыздық жасаудың қауіптілігі айтарлықтай арта түседі.
- Әйелдер қаржылық жағынан жеткілікті дәрежеде еркіндікке ие болды, ал бұл олардың күйеулерінен қалаған уақытта кете берулеріне мүмкіндік жасайды.
- Жұмыс орнында әйелдер күн сайын боғауыз сөздерді, дәрекілік пен анайы емеуріндерді естиді.
- Әйелдердің өз балаларымен жақын қарым-қатынастарын дамытуға уақыттары да, күштері де жетпейді, сөйтіп, нәтижесінде олар ер жетіп кеткен балаларына жат болып қалады.
- Балалар уақыттарының басым бөлігін теледидардың, бейнефильмдердің, электрондық және компьютерлік ойындардың алдында өткізеді.
- Ата-аналары жеткілікті дәрежеде бақылау жасамайтын балалар порнофильмдер көруге, ішімдікке, есіркіге, жыныстық қатынас пен зорлық-зомбылыққа әуестенеді.
- Қыздары мен келіндерінің жұмыстан қолдары босамай, оларға тиісті дәрежеде қамқорлық жасай алмайтындықтан, ата-аналары қартайғанда қарттар үйінде тұруға мәжбүр болады.

Мәсіхшілік басымдықтарды айқындағанда, бірінші кезекте біз өзімізден: Құдай әйелді не үшін жаратты? Оның жоспары қандай? — деп сұрауға тиіспіз. Құдай Сөзі кез келген буындағы және кез келген ұлттың әйеліне оның жаратылуының мақсаты мен басты міндеті және шақырылуы туралы шындықты ашып береді. Осы шындықтың бетіне тура қарап, өз басымдықтарымыз бен кестелерімізді соның айналасында құрған кезімізде, біз шынайы азаттыққа ие боламыз.

Жаратылыстың басталуы кітабынан (2:18) біз әйелдің жаратылуының мақсаты жайындағы ең бірінші және ең айқын анықтаманы табамыз:

Содан кейін Құдай Ие: «Адамның жалғыз болғаны жақсы болмас. Мен оған өзіне сай көмекші жасап берейін», — деді.

Міне — Құдай әйелді еркекке көмекші болу үшін, ол еркекті толықтырып, оның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаратты. Оның өмірі еркектің айналасында құрылуға тиіс болды. Ол еркектен, еркек үшін жаратылды және оған Құдайдан сый ретінде берілді. Әйелдің күйеуімен ара қатынасы оның Құдайға қызметінің ең бірінші және ең басты саласы болды. Оның күйеуі жұмыс істеуге және отбасын асырауға жауапты болды. Ал әйел оның көмекшісі әрі досы болуға, ол секілді рухани жағынан Құдайға ұқсас болуға, жермен айналысып, жақсы ұрпақ әкелуге тиіс болды.

Олар бірлесе отырып жер бетін Құдайды сүйетін және Оның бұйрықтарын орындауға ұмтылатын жаңа адамдарға толтыруға тиіс болды. Дүниеге жаңа өмір әкелуі үшін Құдай әйелді тәни, сезімдік, саналық және рухани жағынан ерекше етіп жаратты. Ол әйелге отбасына жылулық, рақымдылық пен қуаныш сыйлау қабілетін берді. Өз отбасының ұйытқысына айналған әйелден табысты әйел болмайды.

Тімотеге жазған бірінші хатында елші Пауыл қауымның қандай жесірлерге көмектесуге тиіс екендігі жайлы айтады. Бұл тізімнен біз әйелдің өмірінің кез келген саласындағы басты міндеттерінің суреттемесін табамыз. Пауыл өмірі үйі мен отбасының айналасында өткен, өздерін өзгелерге қызмет етуге арнаған қартаң әйелдерді құрмет тұтқан. Пауылдың талаптары әрбір мәсіхші әйелдің басымдықтарының тізімінде болуы тиіс:

... күйеулеріне адал болған жесірлер ғана таңдалып,
арнайы тізімге тіркелсін. Олардың жасаған игі істері
белгілі болулары керек, мысалы, балаларын тәрбиелеуі,
қонақжайлылық танытуы, Құдайдың адамдарына қарапайым
қызмет көрсетуі, бейшараларға көмектесуі, игілікті
іс атаулының бәріне де өздерін арнауы.

1 Тімоте 5:9–10

Пауылдың бір кездері күйеуде болған әйелдер туралы айтып тұрғаны анық көрінеді және бұл неке — Құдайдың әйелдердің басым көпшілігіне арнаған белгілемесі екені туралы киелікітаптық ілімді тағы бір рет дәлелдейді. Бірақ та Қорынттықтарға жазылған бірінші хатқа сәйкес (1 Қорынт. 7:32–35 қараңыз), үйленбеген әйелдер де «үй құрылысына» шақырылған, бірақ басқа мағынада. Олар өздерін сенімнің үйін тұрғызуға, құрбандықпен өмір сүруге, өз қалауларынан Мәсіхті, оның Патшалығын жоғары қоюлары тиіс.

Жазба күйеуге шыққан әйелдің өмірі өз үйі мен отбасының айналасында өрбуі керектігін айқын айтады. Бұл әйел үйден тыс жерде жұмыс істей алмайды дегенді білдірмейді. Тек бұл жұмыс оның негізгі міндеті — үйіне қызмет етуіне кедергі келтірмесе болғаны. Бұған қоса, әйел өзінің не үшін жұмыс істегісі келетінін түсініп, оның артында қандай да бір өтірік тұрған жоқ па, соны тексеруі тиіс.

Мысалы, қазір отбасы бір ғана адамның жалақысына өмір сүре алмайды деп есептеледі. Шындығында да, феминистер төңкерісінің нәтижесінде біздің экономикамыз ата-ананың екеуі де жұмыс істейтін отбасыларға тәуелді бола бастады. Бірақ бұл отбасылар бір ғана жалақыға күн көре алмайды дегенді мүлде білдірмейді.

Құдай еркекке өз отбасының асыраушысы болу міндетін жүктеді. Ал дұшпан болса бұлай өмір сүрудің адам төзгісіз қиынға айналуының қамын жасап қойды, бірақ шындықта өмір сүруге әрқашан да болады.

Менің алты, жеті, сегіз, тіпті, тоғыз баласы бар және өздерінің бүкіл уақыттарын үйлерінде, балаларының қасында өткізуге бел байлаған көптеген жақын құрбыларым бар. Бұл оңай емес, оларда қазір қажеттіліктер деп саналатындардың көбі жоқ. Иә, бір жағынан алып қарағанда олар көп нәрселерді құрбан етеді, бірақ бұл құрбандықтар олардың есесіне алатындарының жанында түк те емес. Барлық жағдайда дерлік...

- Бұлар бақытты, қуанышты отбасылар.
- Олардың шынайы құндылықтар туралы түсініктері көп жағдайда екі ата-ана да жұмыс істейтін отбасыларға қарағанда дұрыстау болып келеді.

- Олар мінажат етуге және «күнделікті нандарынан» бастап жоғары оқу орнына ақша төлеуге дейін бәрінде Құдайға үміт артып үйренген.
- Ата-аналар қашан да балаларының қайда жүргендерін біледі және оларды бақылап, ойындарын немесе сабақтарын дұрыс жолға бағыттай алады.
- Балалар мен ата-аналары достаса бастайды.
- Олар қауым қызметтеріне белсене араласады, ал ата-аналардың екеуі де жұмыс істейтін отбасыларда бұған уақыт та, күш те жоқ.

Ал енді айтыңыздаршы, кім көп нәрсені жоғалтады?

Тіпті ақсүйек әйелдердің өздерінің көпшілігі әйел мансапты отбасымен қатар алып жүруге тырыса бастаған кезде үй ішіндегі жағдайдың қалай ширыға бастайтынын түсінеді. Актриса Кэтрин Хэпберн бір сұхбатында былай деген болатын:

Мен әйелдің мансапта табысты болып және сонымен бір мезгілде ана бола алатынына сенімді емеспін. Біздің замандастарымыздың қиындығы, олардың бірден бәрін қалайтындықтарында.

Басқа бір актриса Джоан Вудворд онымен келіседі:

Менің мансабым балаларымның кесірінен, ал балаларым мансабымның кесірінен зардап шекті... Мен екі ортада жүгіріп жүріп, олардың ешқайсысында да табысқа жете алмадым. Мен барлық салада табысты бірде-бір адамды білмеймін, есесіне жұмыс істейтін сансыз көп әйелдерді білемін.

Күнәнің былығына белшесінен батқан біздің заманымызда «идеалға» қол жеткізу қиынға түсетін жағдайлар болады. Ажырасулар мен жалғызбасты аналардың аса көптігі бізді идеалымызды одан да әрмен мықты ұстануға мәжбүрлеуі тиіс. Бұл бізді Құдайдың кемелді еркін орындауға итермелеуге тиіс. Біз өз мәдениетіміздің әсеріне қарсы шығуға тиіспіз. Сайып келгенде, ажырасудың, жалғызбасты аналардың шектен тыс көбеюіне, жұбайларына опасыздық жасаудың, дәулет-

ті әйелдердің көбеюіне, жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың және әбден қажыған, бақытсыз әйелдердің көбеюіне дәл осы «жұмыс істейтін аналар» пәлсапасы кінәлі.

Дороти Паттерсон біздің бәрімізге былай деп ескертеді:

Әрине, балаларың өскенше «өз жұмысыңды» табудың көптеген мүмкіндіктерін жоғалтып алуың мүмкін. Бірақ кейінге қалдыруға болмайтын бір міндет бар. — бұл өз балаларыңды тәрбиелеу ісі, өйткені біздің заманымызда көптеген балалардың жанға жайлы үйде өсуге мүмкіндіктері азайып кетті.

Менің тоңазытқышымның бетіндегі даналық

Менің тоңазытқышымның бетінде достарымның суреттері жапсырулы тұр. Магнитті жиектемелерге орнатылған бұл суреттер оның бетінің әрбір сантиметрін дерлік алып тұр. Онда балаларының жалпы саны үш жүзден асатын тоқсан отбасының суреттері бар (ондаған немелерін қоспағанда).

Жақында мен жылда істейтін рәсімімді атқарып, екі сағат бойы оларды өзім Туылу мерекесіне орай алған жаңа суреттермен алмастырып шықтым.

Жаңа суреттердің барлығы орындарына қойылғаннан кейін мен жалпы көріністі байқау үшін артқа шегіндім. Бұл отбасылардың осы жыл ішінде бастарынан не өткергендерін есіме түсірдім. Сегіз отбасына Құдай тағы бір баладан сыйлады. Кем дегенде жеті отбасы немелі болды. Жеті отбасының ұлы не қызы отау құрды. Он бес отбасы қоныс аударды. Алты отбасы қоныс аударуды ойластырды. Суреттегі адамдардың бәрі күлімсіреп тұр. Бірақ осы тамаша бейнелердің кейбірінің артында олардың көрсеткісі келгендерінен де көп нәрселер жасырынып тұр. Бірнеше адам маған жақындарының бірі қаржылық қиындыққа тап болғандарын немесе рухани халдерінің нашарлағаны туралы айтты. Үш отбасы жақындарынан айырылды. Бір жұп ажырасып кетуге сәл қалды.

Мен отбасының құпиясы туралы ойға шомдым: «жақсылықта да, жамандықта да, қуанышта да, қайғыда да бірге болу...» Отбасы — бұл біздің әрбіріміз үшін шын мәнінде маңызды нәрселердің бәрінің түп

қазығы. Егер үйде бір нәрсе дұрыс болмаса, бұл адам өмірінің әр саласына әсерін тигізеді. Балаларының арасында қуаныштан жайнап отырған ондаған әйелдерге қарап, дүниеге келген жаңа өмірді сақтауға бел байлаған аналарға деген алғыс сезіміне бөлендім.

Суреттердің арасына «Өмір — бұл қандай керемет таңдау» деген жазуы бар қағазды жапсырдым. Бұл әйелдер балалар үшін өмірді таңдап алды (мұның тек әйелдердің ғана қолдарынан келетінін айта кету қажет) және:

- дайындаған әрбір түскі астары арқылы;
- әрбір жуған киімдері арқылы;
- балаларымен бірге әрбір азық-түлік дүкеніне, мектепке, тіс дәрігеріне, музыкалық мектепке, спорттық үйірмеге немесе аяқ-киім дүкеніне барулары арқылы;
- әрбір баласының жараланған тізелерін дәрілеп, таңулары арқылы;
- әрбір жылы сөздері арқылы;
- ауырған немесе қорқып жатқан балаларының төсегінің басында өткізген әрбір сағаты арқылы;
- әрбір шешкен жанжалдары арқылы;
- ойыншықтарды құрастырған, суреттерді бояған, есеп шығаруға көмектескен, Киелі кітаптан әңгіме оқыған, күйеуінің немесе балаларының өткен күн жайлы әңгімелерін тыңдаған әрбір минуттары арқылы;
- отбасын сақтау мен олардың рухани өсулері үшін өтініш жасаған әрбір минөттері арқылы олар күн сайын өмірді таңдайды.

Олар күнделікті өздерінің үйлерін құрады, өмір береді, негіз қалайды және әлі талай ұрпақтары тұратын символдық мемориал тұрғызады. Бәрінен де бұрын олар өздерінің Жаратушыларын құрмет тұтады.



АҚИҚАТТЫ ӨТІРІКKE ҚАРСЫ ҚОЙ



ӨТІРІК

18. БАРЛЫҚ ҚАЖЕТТІ
НӘРСЕЛЕРДІ ІСТЕУГЕ
МЕНІҢ УАҚЫТЫМ
ЖЕТПЕЙДІ.
19. МЕН ҰДАЙЫ МІНАЖАТ
ЕТУ МЕН СӨЗДІ
ОҚУСЫЗ-АҚ ТІРШЛІК
ЕТЕ АЛАМЫН.
20. ӘЙЕЛ МЕН АНАНЫҢ
РӨЛІНЕН ГӨРІ ҚЫЗМЕТ
МАНСАБЫ КӨБІРЕК
ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ
ӘКЕЛЕДІ.

ШЫНДЫҚ

- Құдайдың өзімнен қалайтынын атқаруым үшін әр күнде жеткілікті уақытым бар.
- Сөзді оқу және мінажат ету арқылы Құдаймен байланысты дамытпай тұрып әділетті мәсіхші әйел болу мүмкін емес.
- Құдайдың еркі бойынша әйел және ана болудан асқан ұлы да қасиетті міндет жоқ.
- Құдай әйелді ерекше етіп жаратты — тек әйел ғана балаға өмір беріп, бағып-қаға алады.
- Әйел үшін өз үйінің ұйытқысына айналу-дан асқан бақыт болмайды.
- Құдайдың жоспары бойынша әйел ең бірінші кезекте күйеуі мен балаларының қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиіс.

❁ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ ❁

1. Құдаймен КЕЛІСІҢІЗ.

Сіз өзіңіздің басымдықтарыңыз жайлы қандай өтірікке сендіңіз?

2. Жауапкершілікті ӨЗ МОЙНЫҢЫЗҒА АЛЫҢЫЗ.

Бұл өтірікке сену сіздің өмір салтыңызға қандай әсерін тигізді (адамдармен қарым-қатынасыңызға, іс-әрекеттеріңізге)?

3. Шындықты ЖАРИЯЛАҢЫЗ.

Жоғарыда келтірілген әрбір шындықты дауыстап оқып шығыңыз. Олардың қайсысы қазір сіз үшін аса маңызды?

Өз санаңызды Құдайдың Сөзімен жаңартыңыз. Келесі үзінділерді дауыстап оқыңыз. Бұл аяттар сіздің өміріңіздегі Құдайдың басымдықтары туралы не айтады?

Зәбүр 89:10–12

Матай 6:25–34

Лұқа 10:38–42

1 Тімоте 5:9–10

Тит. 2:4–5 (күйеуге шыққан әйелдер үшін)

1 Қорынт. 7:29–35 (күйеуге шықпаған әйелдер үшін)

4. Шындықтың негізінде ӘРЕКЕТ ЕТІҢІЗ.

Өміріңіздің шындыққа сәйкес болуы үшін қандай қадамдарды жасауыңыз қажет?

5. Құдайдан шындықта жүруіңізге көмектесуін СҰРАҢЫЗ.

Әке, өмірімді жиі осы дүниелік және уақытша нәрселермен толтыратынымды мойындаймын. Саған ұнамды өмір сүргім келеді. Сен үшін маңызды нәрселер мен үшін маңызды болсын. Сенің Сөзің маған Сенің ойларыңды ашып беретін нұр болсын. Сенің Рухыңды сезінуіме және әр күні не істеуім керектігін білуіме көмектес. Өтінемін, маған әйелдің айрықша міндетін қалай орындау керек екенін көрсетіп берші. Қажетсіз істермен айналыспауыма даналық пен батылдық бер. Өмірімнің соңында Исаға ұқсап: «Маған тапсырған ісіңді аяқтап, жерде Сенің ұлылығыңды көрсеттім» (Жохан 17:4), — дей алуым үшін өмірімді мәңгіліктің жарығында өткізуіме көмектес. Амин.

ӘЙЕЛДЕР СЕНЕТІН ӨТІРІК... ...НЕКЕ ЖАЙЫНДА

Қымбатты күнделік,

Қазір біздің үйіміз аса тым-тырыс — Адам екеуміздің әңгімелесуге түк зауқымыз жоқ. Кеше кешкісін біз қатты жанжалдасып қалдық. Бұлай болатын жөні де бар. Кешегі күн өте нашар басталды. Қорада, туа алмай жатқан сиырдың жанында болған Адам түнімен ұйқы көрген жоқ. Содан соң қысқа шөп дайындау үшін таң қараңғысынан шабындыққа кетті.

Кешкісін ол үйге үсті-басы малмандай су болып, ашулы келді. Ал күні бойы екі ауру баламен алысып үйде отырған мен кешкі астың неліктен әлі дайын емес екенін сұрағанда: «егер қарның қатты ашса, онда тамақты өзің дайындап іш», — деп жауап бердім. Дәл сол сәтте ненің түрткенін білмеймін, мен оның үйде де бір нәрсе істеуі тиіс екенін, мысалы, шөп басып кеткен бақтың жолын тазалауы керектігін айттым.

Содан жанжал басталып кетті... Ол Әбілге келесі аптада аңға ертіп шығуға уәде етті. Ал менің ойымша аңға шығуға Әбіл әлі жас, оның үстіне, Әбілді ертіп, ал Қабылды тастап кетуге болмайды. Адам айтқанынан қайтады, ақыры біз ұрсысып тындық. Бір-бірімізге көптеген артық сөздер айттық. Мен ерте төсегіме жатып қалдым, ал ол келіп жатқан кезде ұйықтап қалған түр көрсеттім.

Соншама жыл бірге тұрған біздер қиындықтарымыздың барлығын ендігі шешіп қоюға тиіс секілді едік. Бірақ, бір қызығы, Адам біздің некемізді жалпы өте жақсы одақ деп есептейтін секілді. Ал мен өмір бойы бірге тұрып жатсақ та, кейде өзімізді бір-бірімізге жат адамдар секілді сезіне-

мін. Ол қашан да өзінің айтқандарының дұрыс екеніне сенімді. Одан мені тым болмағанда түсінуге тырысуын өтінген кезімде, ол маған ештеңенің жақпайтынын айтады. Менің сезімдеріме оның байыптылықпен қарағанын қалаймын.

Мыңдаған жыл бұрын Едемде орын алған оқиға Құдай мен адамдарға ғана емес, сондай-ақ некеге де қарсы жасалған шабуыл болды. Құдай Некені Өзінің даңқы мен ақтап алу мақсаттарын бейнелеу үшін жаратты. Осы қасиетті белгілемені бұзу арқылы шайтан Құдайдың мәңгілік жоспарына жойқын соққы жасады.

Шайтан бірінші кезекте бекерден-бекер күйеуі бар әйелге шабуыл жасаған жоқ. Ол әйелге Құдай туралы, Оның мінезі мен Сөзі туралы өтірік айтты, күнә мен оның салдары туралы өтірікті оның бойына сіңірді. Әйел бұл өтірікке сеніп, соның негізінде әрекет ете бастады және өзінің күйеуін де күнәға батырды. Бұл олардың некесіне үлкен әсерін тигізді.

Азаттықтың орнына олар ұятқа қалды. Ашық қарым-қатынастың орнына — көлгірсу мен екіжүзділікті алды. Адам мен Хауаның бірлігі енді Құдайға ғана емес, олардың бір-бірлеріне де қатысты жаулыққа айналды.

Әйелін сүйіспеншілікпен басқарудың орнына еркек оны қатаң бақылауына алатын болды немесе одан мүлде оқшауланып алатын болды. Әйелге рухани «басшысының» басқаруымен берілген қорғаныс енді жойылып, оның Құдайға құлақ аспау тілегі күйеуіне әсерін тигізді, осылайша әйел жаңа алдаудың күнә мен дұшпанның шабуылдарының алдында әлсіздене бастады. Еркектің, әйелдің және олардың Құдайларының арасындағы жемісті де қуанышты достық енді үздіксіз шайқасқа айналды.

Сол уақыттан бастап бұл оқиға әрбір некеде қайталануда.

Өміріміздің кез келген саласындағы секілді, өтірік некеде де оның бүлдіргіш мақсаттарына жетуіне көмектесетін құралы болып қала береді. Егер ол әйелдер мен күйеулерді өз өтірігіне сендіріп, соның негізінде әрекет етуге мәжбүрлей алса, онда шайтан оларды құлына айналдырады, оларды қуаныштарынан айырып, қарым-қатынастарын

талқан етеді. Оның неке туралы өтірігі біреу ғана емес — оларда есеп жоқ. Солардың біріншісі мынау:



Бақытты болуым үшін маған міндетті түрде еркек қажет

Өтіріктің өзге де көптеген түрлері секілді, бұл өтірік те — шындықты шеберлікпен бұрмалау.

Шындық мынандай, неке — бұл жақсы және дұрыс нәрсе, адамдарға Құдай осыны қалайды және мәсіхшілердің некесі үлкен қуанышпен батаны білдіреді. Шайтан неке туралы шындықты бұрмалап, әйелдің санасына некенің мақсаты — бұл жеке бастың бақыты мен саулығы, әйел өзін сүйетін және өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыратын еркексіз шынайы бақытқа жете алмайды дегенді сіңіруге тырысады.

Күйеуге шыққан кезде, әйел осы өтіріктің: «Күйеуім мені бақытты етуге тиіс» деген бір түріне сенеді. Мен Мирна деп атаған әйелдің тек бірнеше жылдық жан азабынан кейін ғана бұл түсінігінің қате екеніне көзі жетті:

Он жыл бірге тұрғаннан кейін біз күйеуіміз екеуміз айырылысып кеттік. Мен ол өзімді бақытты етуге міндетті дегенге сендім. Бірақ бұл оның міндетіне жатпайтын және ол мұны істей алмады да. Күйеуім де, мен де осы өтіріктің құлдығында өмір сүрдік.



Некенің түпкі мақсаты бізді бақытты ету емес, Құдайды дәріптеуде. Бақыт іздеп күйеуге шығатын әйелдердің көп жағдайда көңілдері қалады — олар іздегендерін өте сирек жолықтырады.

Бақытты болу үшін өздеріне күйеу қажет деп есептейтін әйелдер көбіне Құдайдың өздеріне арнағанынан кем нәрсеге келіседі. Джоан маған өзінің осы өтіріктің құлы болып, нәтижесінде не болғаны туралы әңгімелеп берді:

Колледжде оқып жүрген кезімде мен үшін бәрінен де маңыздысы Мәсікке сенбейтін болса да, кейін күйеуім болатындай жақсы жігіт табу болды. Мен маған күйеу боларлықтай сенуші еркекті жібергенін күтіп отырды қаламадым. Нәтижесінде, біз күйеуіміз екеуміз Мәсікте бірге өсе алмадық. Қазір, бірге өткізген жиырма сегіз жыл өмірден кейін де біздің араздықта ортақ нәрселер аз. Менің достарым — мәсіхшілер, оның достары — сыра ішуді сүйетіндер. Мен үшін басымдық — балаларым, ал ол үшін — оның жұмысы.



Бұл әйел алдауға түскен. Ол бақытты болу үшін өзіне күйеу қажет екендігіне сенді. Ол осы өтіріктің негізінде әрекет жасап, сенуші емес еркекке күйеуге шықты. Ал бұл Құдай сөзінің іліміне қайшы келеді. Ол өзін қалаған нәрсесіне қолын жеткізгендей сезінді. Бірақ ол күйеуге шығуды қалады да, нәтижесінде жанына жара түсіп, рухани күйзеліске ұшырады (Зәбүр 105:15 қараңыз).

Азаттыққа тек күйеуіңіздің бар — жоғына қарамай шындықты түсінгенде және оны мойындағанда ғана жетуге болады. Келесі күәліктердің әрқайсысы өтірікке сенудің құлдыққа апаратынын, ал шындықтың азат ететінін көрсетеді:

Мен қашан да бақытты болу үшін және өзімді дұрыс бағалауым үшін маған еркек керек деп ойлайтынмын. Бірақ күйеуге шыққаннан кейін де мен бақытқа қол жеткізе алмадым, өз-өзімді бағалауым да сол төмен күйінде қала берді. Менің өзіме көзқарасым Құдайдың мені рухани жағынан өзіне ұқсас етіп жаратқанына сенім артып, Оның өзім туралы пікірін қабылдаған кезімде өзгерді. Бұл мені азат етті және мен енді өз қажеттіліктерімнің қанағаттануын еркектің сүйіспеншілігі мен қолдауынан іздемейтін болдым.

Мен он төрт жасымда әкемнен айырылдым, ал он алты жасымда күйеуге шықтым. Қазір ойласам мен күйеуге шығуымның себебі, ол менің қорғаныма және өмірімнің мәніне айналғанын қалағанымды түсінемін. Балаларымыз ержеткенде және күйеуіміз екеуміздің ара-

мызда үлкен қиындықтар басталған кезде мен құлдыңтың құрсауына түстім: мен күйеуімсіз өмір сүре алмайтынымды сезіндім. Бұл құлдық дәл терезедегі темір тор секілді өткізбейтін кедергі болды. Қазір сол кездегі жағдайымды есіме алсам, жүрегім қатты-қатты соғып кетеді. Күйеуім менің буындырған құшағымға шыдай алмай, менен азаттық алып, еркін тыныстау туралы ойлай бастады. Достарым арқылы Құдай маған күйеуімді «жіберіп», Өзіне «жармасуым» керектігін көрсетіп берді. Күйеуім сол қиын кезеңге шыдап, мені тастап кетпеді. Некемізді сақтап қалғаны үшін Құдайға үнемі алғысымызды айтамыз. Ал қазір үйленгеніміздің 36 жылдығын тойлауға дайындалып жүрміз.

Мен өзімнің өздігімнен ештеңеге тұрмайтынымға және күйеуге шығуға тиіс екеніме сендім. Бұл өтірікке сену мені өзгелерге қызмет ету қуанышынан (өйткені мен тек өзім туралы ғана ойладым) және Құдайға қызмет ету мен Оған сенім арту әкелетін қанағаттанушылықтан айырды.

Құдайдың өзіме жүктеген жақсы істерін атқарып, көктің байлығын жинауымды қалайтын Билеуші екенін түсінуіме көптеген жылдар қажет болды.

Қазір, қырыққа келген шағымда мен қалған өмірімді Оған қызмет етуге арнауға талпынамын. Оның мені өзгертіп, рухани жағынан Мәсіхке ұқсас әйелге айналдыруына дайынмын. Бұл өмір сондай қысқа. Ол мені бәріне мәңгіліктің тұрғысынан қарауға үйретті, енді мен осы дүниенің барша қиындығы мен ауыртпашылықтарын қуанышпен көтере аламын.



Бақыт некеде емес (және оның сыртында да емес). Бақыт жалпы адамдардың қарым-қатынасында емес. Шынайы қуаныш тек Иса Мәсіхте ғана.

Құдай бізге қажеттілердің бәрін беруге уәде етті. Егер Ол біздің некеде Өзіне көбірек даңқ әкелетінімізді көрсе, онда Ол бізге некені береді.

Қанағаттанушылық барша игілікке ие болудан емес, Құдайдан өзімізге ендігі беріліп қойғандарды қабылдаудан келеді.

Ештеңеге қарамастан өз мақсаттарына жетуге ұмтылатындар басы артық қиыншылықтарға кездеседі, ал Құдайға үмітін артқандар қашан да Одан бар жақсыны алады.



Мен өз күйеуімді өзгертуге тиіспін

Біздердің, әйелдердің көпшілігі табиғатынан өзгерістер жасауға ұмтылғыш болады. Егер бізге бір нәрсе ұнамайтын болса, онда оны түзетуді біз өзімізге міндет санаймыз. Әңгіме әсіресе бізбен бір шаңырақтың астында тұратындар жайында болған кезде бұл түйсігіміз мүлде дерлік ырыққа көнбейтін секілді болып көрінеді. Бірақ айналамыздағыларды өзгерту — бұл біздің міндетіміз деп ойлайтын болсақ, онда міндетті түрде көңіліміз қалады және түрлі кикілжіңдерге тап боламыз.

Некеде бұл өтірік әйелдің өз парызын орындау жайлы ойлауды қоюына әкеліп соқтырады. Мұның орнына ол өзге адамның қателіктері мен міндеттері туралы ойлап мазасыздана бастайды. Ол өзінің күйеуінің (немесе балаларының) жүрегін өзгерте алмайды. Бірақ ол Киелі Рухтың өз жүрегін өзгертуіне көмектесе алады.

Егер әйел үнемі күйеуінің қателіктері мен кемшіліктерін түзете беретін болса, онда ол Құдай өзіне бермеген жауапкершілікті мойнына алады. Оның бұл әрекеті көңілі қалумен және күйеуіне, тіпті, Құдайға деген үлкен ренішпен аяқталуы әбден мүмкін. Өзінің осындай әрекеті арқылы ол күйеуін Құдайдың өзгертуіне кедергі жасауы мүмкін. Егер әйелдер Оның ойлағанын іске асыруына жол бергенде, Құдай қаншама еректерді өзгерткен болар еді десеңізші!

Сенуші әйелдердің көпшілігі өз қолдарында күйеулеріне ықпал жасайтын мықты екі «құралды» ұстап тұрғандарын түсінбейді. Олардың әсері құлақ етіп жеп, ақыл айтқаннан немесе айыптағаннан әлдеқайда күшті. Бірінші құрал — әділетті өмір сүру, Құдай осыны үлгі етіп еректегі жиі әшкерелеп, оның бойында рухани зәрулікті тудырады (1 Петір 3:1–4 қараңыз).

Екінші құрал — мінажат. Егер әйел күйеуін өзгерткісі келетінін үнемі оның есіне сала беретін болса, онда оның қорғануы және қарсылық көрсете бастауы әбден мүмкін. Ал өз мазасыздықтарын Құдайға ақтару арқылы әйел бұған жоғарғы күштердің араласып, күйеуіне ықпал жасауға шақырады. Еркекке үнемі құлақ етін жей беретін әйелінен гөрі Құдаймен қарсыласу әлдеқайда қиын болады!

Осыған қатысты маған Исаның анасы Мәриямның мысалы қатты ұнайды. Мәриямға періште көрініп, жақында оның Құтқарушының анасына айналатынын айтты. Былай алып қарағанда бұл мүлде адам сенбейтін жағдай еді! Бұл туралы Жүсіпке айтқан кезде, періштені көрмеген оның алғашында бұған сенгісі келмеді. Жүсіп Мәриям маған адал болмаған екен деген миға қонымды ойға келді.

Киелі кітаптан біз Мәриямның Жүсіпті Құдайдың сөздеріне сенуге мәжбүрлеуге тырысқаны жайлы бірде-бір сөз таба алмаймыз. Мұның орнына ол күйеуіне мұны Құдайдың Өзінің айтып бергенін күтті және бұл солай болды да. Періште Жүсіпке көрінген кезде ол оған сенді және өзін дұрыс ұстады. Мәриям шындықты жүрегінде сақтап оны көңіліне түйе білді (Лұқа 2:19 қараңыз). Құдайдың құдіретті екенін білгендіктен және Оның Өз жоспарын бұлардың отбасында жүзеге асыратынына сенгендіктен Мәриям жайбарақат күте алды.

Он жеті жылға жуық уақыт көрмеген бір әйел жақында бір таныстарымыздың тойында маған жақындап келіп: «Менің некемді сен сақтап қалдың!» — деді. Мен одан жағдайдың қалай болғанын есіме салуын өтіндім. Сонда ол осыдан он жеті жыл бұрын өзінің күйеуінің рухани жағдайы туралы мазасыз ойларын менімен бөліскенін айтып берді: «Сен күйеуді өзгерту менің емес, Құдайдың ісі екенін және онымен ашық сөйлесіп, содан кейін бір шетке ығысып, қалғанының бәрін Құдайдың атқаруына ерік беруім керек екенін айттың. Мен сенің кеңесіңе құлақ астым және осы жылдардың бәрінде осы кеңесіңді өзімнің таныстарыма да беріп келемін».

Содан кейін ол Құдайдың күйеуін өзгертуді қашан бастайтынын күтудің қаншалықты қиынға түскені жайлы айтты. Ол он алты жыл бойы мінажат етіп, Құдайдың мінажатын естігеніне немесе мінажаттарына жауап қайтару ойы бар-жоғын біле алмаған. Күйеуі өзін

мәсіхшімін деп есептегенімен, не рухани ынтасың, не жемістерін көре алмаған әйелі оның Құдайға шын мәнінде сенім артқанына күмәнді болған.

Содан соң арада көп жыл өткенде, «күтпеген жерден» Рух оның күйеуінің жүрегіне жарығын түсіріп, оны бүтіндей өзгертеді. Ол дәл бір ауыр ұйқыдан оянғандай болады. Ол ешқандай себепсіз Құдай сөзін оқуға ынтығып, Киелі кітаптан бас көтермейді. Күнделік жүргізіп, онда Сөз арқылы ашылған Құдайдың аяндарын жаза бастайды. «Бұрын мен таңғы асын ішуге төсегінен тұрғыза алмайтынмын. Ал қазір ол күн сайын таңертең сағат алты жарымда басталатын ерлер мінажат тобының жиналысына баратын болды!» — деді әйел. Тіпті, жақында ол Құдайға қызмет етуге көбірек уақыт бөлу үшін жеке кәсібін сатпақ ойы бар екенін айта бастапты. Бұл еркекпен болған жайдың ешқандай айқын түсіндірмесі жоқ — мұны тек Құдай және күйеуі үшін шынайы мінажат етуді үйренген сенімді әйел ғана істей алды.



Күйеуім маған қызмет етуге тиіс

Жиырма жылға жуық уақыттан бері мәсіхшілер әлемінде сенуші еркектерді Құдайға жағымды күйеу болуға, әйелдері мен балаларын сүюге және бұл сүйіспеншіліктерін аянбай қызмет етулері арқылы көрсетуге шақыратын қуатты қозғалыс әрекет етіп келеді. Құдайдың еркектерді қалай өзгертіп, олардың жүректерін Өзіне және отбасыларына қалай бұрып жатқанын көру бір ғанибет. Бірақ біз Құдайдың өзімізге, әйелдерге арнаған рөлі жайлы да ұмытпауға тиіспіз. Қазіргі уағызшылар әлемінде ерлерді әйелдеріне қызмет етуге шақыру «дұрыс» деп есептеледі. Бірақ неге екені белгісіз, әйелдерге күйеулеріне қызмет етуге тиіс екендері жайлы естеріне салу «дұрыс емес» деп есептеледі.

Бірақ Құдай еркекті әйеліне «көмекші» болу үшін жаратқан жоқ қой. Керісінше, Ол әйелді күйеуіне «көмекші» ретінде жаратты. Әрине, бұл күйеулер әйелдері мен балаларына қызмет етуге тиіс емес дегенді білдірмейді. Егер де еркектер әйелдерін Мәсіхтің Қауымды сүйгеніндей сүюге тиіс болса, онда олар әйелдері үшін жандарын қиюға дай-

ын болуға және Мәсіх Өзінің қалыңдығына қалай қызмет етсе, олар да әйелдеріне солай қызмет етуге тиіс.

Бірақ та егер біз, әйелдер, өзіміздің неге «лайық екеніміз», өз құқықтарымыз, еркектердің біз үшін не істеуге «міндетті» екендері туралы ойлана бастайтын болсақ, онда міндетті түрде үмітіміз ақталмай, өкінішке ұрынатын боламыз. Игіліктер тек алуға ғана емес, беруге ұмтылып, отбасымыздың мүшелеріне қызмет етудің мүмкіндіктерін іздеген кезімізде келеді.

Біздің ойлау салтымыз әйелдің үйдегі қызметінің құндылығын біршама төмендетуге үлкен үлесін қосқан заманауи феминистік қозғалыстың әсерімен қалыптасты. Мэри Кассиан өзінің «Феминист әйелдердің Інжілі» атты кітабында 1974-жылы социолог Энн Уонклидің үй шаруашылығы тақырыбына қатысты жүргізген зерттеуіне сілтеме жасайды:

Оукли... әйел еңбегінің жан шошытарлық жағдайы туралы статистикалық тұрғыдан айтып жеткізуге тырысты. Бұл адамдардан оқшау, ешқандай ақы төленбейтін, ешқандай жеңілдіктер, демалыстар, зейнеткерлік пен еңбек жағдайын жақсарту дегендер мүлде болмайтын дерлік аса ауыр, көп сағаттық жұмыс... Оукли әйелдің үйге, балаларына қарауы біреудің еңбегін пайдалану мен құлдықта ұстау болып табылатынын дәлелдеуге тырысты... Оуклидің пікірі бойынша... әйелдердің барлығы күйеулерінің езгісінде жүргендерін түсінбей тұрып, феминист әйелдердің қозғалысы өзінің алға қойған мақсатына жете алмайды.

Менің анам осындай «езгідегі» әйелдердің бірі болды. Менен аналар мен қыздарға арналған кітапқа бір тарау жазуды ұсынғанда, мен анамның өмірін былайша бейнеледім:

Анам алдында таңдау мүмкіндігі болған аса дарынды адам болғандығына қарамай, күйеуіне «сәйкес көмекшісі» болу үшін әншілік мансаптан қуана бас тартты.

... Әйелдерді тәуелсіз болуға, жеке бастың мансабымен айналысуға, өзгелерге өздерін мойындатуға шақырып жатқан алпысыншы жылдары менің анам мүлде басқа рөлді атқарды — ол күйеуінің қызметіне ыңғайланып әрекет етті.

Ол күйеуінің өмірі әйелінің қажеттіліктерінің айналасында өткенін күтпей, қайта, өз өмірін күйеуінің мүддесіне негіздеп құрды.

Әкемнің анамнан «көмекшінің» рөлін орындауын талап етпегенін айта кетейін. Анам еш күңкілдеген жоқ және наразылық та танытпады. Ол күйеуін шын сүйді және оны қолдай отырып өмірде қатар жүруден ләззат алды.

Әкемнің Құдайдың еркін табысты орындауы үшін, анам біздің үлкен шаруашылығымыздағы бар жұмысты қуана атқарды. Қазіргі әйелдердің көпшілігі мұндай өмірді езгіде болу деп бағалаған болар еді. Бірақ менің анам «езілген және зәбір көрген» әйелге мүлде ұқсамайтын. Керісінше, әкем өзіне Құдай берген көмекшісін жоғары бағалап, еркелететін және оған Құдайдан берілген қабілеттер мен дарындардың қалай көбейіп жатқанына қарап қуанатын.

Шындық — Исаға және айналамыздағыларға қызмет ету арқылы біздің Оған ұқсас болатындығымызда. Өзгелерге қызмет етуден асқан қызмет болмайды.

Нақылдар кітабының 31-тарауында әңгімеленетін әйелдің тарихында мені бәрінен де оның мүлде өзімшіл болмағандығы таңдандырады. Ол «өзін көрсетуге» талпынбайды, мансабының, банкідегі есепшотының өсуін ойламайды, алғыс айтқанды немесе даңқты күтпейді. Керісінше, ол өз мүдделері мен қажеттіліктері жайлы мүлде ойламайтын секілді; мұның орнына ол күйеуі мен балаларының және сондай-ақ айналасындағы адамдардың мұқтаждықтарының қамын ойлайды. Жоғарыда келтірілген үзіндіні оқып отырып, алғашында Энн Оуклидің үй шаруасындағы әйелдер — олар бақытсыз, езгіге түскен жандар деген шешімімен келісуге болатын секілді болып көрінеді. Бірақ бұл әйелге тағы бір рет көз салып қараңызшы:

- Ол әдемі киінген (Нақылдар 31:22 қараңыз).
- Оның үйінде өздері ішуге және өзгелермен бөлісуге ас жеткілікті (Нақылдар 31:15, 20 қараңыз).
- Ол сезімдік жағынан тұрақты және болашағына шаттана қарайды (Нақылдар 31: 21, 25 қараңыз).
- Күйеуі оны аса жақсы көреді. Ол әйеліне адал, ол әйелін «миллионның ішінен кездесетін біреу» деп есептейді. Ол әйеліне бұл

туралы айтады және достарының алдында әйелін айтып мақтанады (Нақылдар 31:11, 28–29, 31 қараңыз).

- Балалары оны құрметтейді және мақтан тұтады (Нақылдар 31:28).

Ол езгіге түскен әйелге мүлде ұқсамайды! Өз еңбегі үшін осындай сыйлыққа ие болуды қандай әйел қаламас еді? Бірақ ол бұған қалай қол жеткізді? — Ол күйеуінен жеңін түріп алып, үй шаруасына араласуын талап еткен жоқ (күйеулердің үй шаруасында әйелдеріне көмектескендерінде тұрған жаман ештеңе жоқ екендігіне қарамастан). Ол қызмет ету жолын таңдап алды және оның басымдығы (Құдаймен қарым-қатынасынан кейінгі) жақындарының қажеттіліктерін қанағаттандыру болды.

Вика есімді әйел күйеуім маған қызмет етуге міндетті деген өтіріктен Құдайдың қалай азат еткені жайлы былайша баяндайды:

Осыдан біраз жыл бұрын мен салмақты өтіріктен азат болдым. Мен үнемі күйеуім маған қызмет етіп, үй шаруасын атқаруға, балаларға қарауға көмектеседі деп күтетінмін. Егер ол бұларды істемесе немесе жеткілікті дәрежеде жақсы атқармаса, онда мен оған өкпелеп қалатынмын. Маған оның артынан заттарын жинап жүру және оған жұмыс істеу ұнамайтын. Мен Хауаның Адамға көмекші ретінде жаратылғанын қашан да білетінмін, бірақ бірде Киелі Рух маған бұл шындықты айқын көрсетіп, менің күйеуіме көмекшілік рөлді дұрыс атқармай жүргенімді әшкерелеп берді.

Қазір мен оның шашылған шұлықтары мен газеттерін жинап жүремін және күйеуіме «қызмет» етіп жүргенімді есімде ұстаймын. Оның маған үй шаруасына көмектесетініне қуаныштымын (ал ол көп нәрселерді істейді екен). Одан көмек күтудің орнына (өз мақсаттарыма жету үшін), мен оның алдына қойған мақсаттарына жетуіне көмектесуге тырысамын (оны үйдің күйбең тіршілігінен босатамын, балалардың оған кедергі жасауына жол бермеймін және т. т.) Бұл біздің некемізді құтқарып қалды.





Егер күйеуіме бағынатын болсам, онда бақытсыз боламын

Осыдан бірнеше жыл бұрын некедегі бағыныштылық туралы «жаңа» көзқарастарды жариялаған бір ірі протестанттық деноминация інжіл әлемінің наразылығын тудырды:

Қауымның Мәсіхке қуана бағынатыны секілді, әйел де өзін сүйетін күйеуіне дәл солай өз еркімен бағынуға тиіс.

Бағынуға қатысты қиындықтар біздің заманымыздың әйелдеріне ғана тән емес. Едемде Хауа дәл осы қиындыққа тап болды. Жылан Хауаға былай деді: «Сенің өміріңді басқаруға Құдайдың құқы бар ма?» Басқаша айтқанда, ол Хауаның бойына: «Сен өз өміріңді өзің басқара аласың, сен ешкімге бағынуға міндетті емессің», — деген ойды сіңірді.

Ол Хауаны егер Құдайдың нұсқауларына бағынатын болса, онда бақытсыз болатынына және көп нәрсені жоғалтатынына сендірді. Сол сәттен бастап шайтан әйелдерді бағыну — бұл жаман сөз екенін, өмірді бұлай түсінудің өте тар екенін және мұның оларды азаттықтан айыратынын айтып шеберлікпен азғырып келеді. Ол тамаша, қасиетті және күшті шындықты сұрықсыз, адамды қорқытатын және өзінен кері итеретін жаман нәрсеге айналдырды.

Егер біз Құдай Сөзінің ең азат етуші шындықтарының бірі — киелікітаптық бағыну туралы шындықты түсінетін болсақ, онда оны қуана қабылдайтынымызды шайтан жақсы біледі. Ол біздің бағыну жолын қабылдауымызға жол бере алмайды, өйткені мұндай болған жағдайда ол біздің және бізге қымбат адамдарымыздың өміріне жүргізетін билігінен айырылып қалады.

Адамзаттың құлдыраған болмысының негізі (менің ойымша, сондай-ақ феминистік идеологияның) — билікті қабылдамауда. Біз өзімізге біреудің жол сілтегенін ұнатпаймыз. Біз өз өмірімізді өзіміз басқаруды, шешімдерді өзіміз қабылдағанды қалаймыз. Жаңадан жүре бастаған сәбилер заттарды ұстауларына тиым салғанды аса жаратпайды. Жасөспірімдер өздерінің үйге қай уақытта оралуға тиіс екендері жай-

лы айтқанды ұнатпайды. Біз, ересектер, елді мекендер ішімен сағатына 60 шақырымнан артық жүруге болмайтынын немесе қауіпсіздік белбеуін тағыну керектігін айтқанды жек көреміз.

Көптеген әйелдер өз күйеулеріне бағынбайды және олардың арасында мәсіхші қауымдардың әйелдерінің саны да артып келеді. Менің ойымша, бұл бір жағынан киелікітаптық ілімді жеткілікті білмеумен және бағынудың мәні мен құндылығын түсінбеумен байланысты. Шайтанның өтірігі тағы да түрлі бейнелерге енуде.

Бағыну туралы өтірік

1. *«Әйел күйеуінен төмен»*. Жазба еркектің де, әйелдің де Құдайға рухани жағынан ұқсас етіп жаратылғанын, Құдайдың алдында олардың тең екенін және Оның ақтап алушы рақымын тәубеге келу мен сенім арқылы қабылдай алатындарын айтады (Жар. баст. 1:27; Ғалат. 3:28; 1Петір 3:7 қараңыз).

2. *«Басшы ретінде күйеуі әйеліне қатал болуға құқылы»*. Күйеулерге Мәсіх Қауымды қалай сүйіп, ол үшін жанын қалай қиса, олар да әйелдерін солай сүю өсиет етілген (Ефес 5:25–29 қараңыз).

3. *«Әйел күйеуіне өз ойын немесе көзқарасын айтуға тиісті емес»*. Құдай әйелді күйеуіне «сәйкес көмекші» етіп жаратты. Бұл күйеудің әйелінің көмегіне мұқтаж екенін білдіреді. Ол қандай да бір жағдайға әйелінің қалай қарайтынын білуге тиіс. Сондай-ақ егер әйелі күйеуіне жүрегіндегіні момындықпен және сүйіспеншілікпен айтып беретін болса, бірақ күйеуі шешімді бәрібір оның пікірін есепке алмай қабылдаса, онда ол бұған көнуге және күйеуінің таңдауының нәтижесін Құдайға сеніп тапсыруға тиіс.

4. *«Күйеудің айтқаны қашан да дұрыс»*. Елші Пауыл сөзін күйеулері «сөзге бағынбайтын» әйелдерге арнайды. Күйеудің сенбеуші болуы және өз өмірінің кейбір саласында Құдайға бағынбауы мүмкін. Петірдің бірінші жолдауына (3:1) сәйкес, мұндай еркектерге ықпал жасаудың құралы жалыну да, үнемі еске салуда да емес, бағынудың күшінде:

Сол сияқты сендер, әйелдер,
күйеулеріне мойынсұнындар. Осылайша,

олардың кейбіреулері Құдайдың сөзіне құлақ аспаса да, өздерінің айтқан сөздерімен емес, игілікті мінез-құлықтарымен оларды баурап алып, Мәсіхтің иелігіне айналдырындар.

Олар таза да ізетті мінез-құлықтарыңды көргенде ғана бұлай болмақ.

1 Петір 3:1-2

Бағыну туралы азат етуші шындық

Құдайдың билікті жалпы не үшін жаратқанын түсінгеннен кейін, мен бағынудың мәніне басқаша көзқараспен қарай бастадым. Құдай билікті рухани қолдау мен қорғаныстың құралы ретінде ойластырды.

Екі жасар ұлыңызға ересектердің көмегінсіз көшеден өту тиым салған кезде, сіз мүлде қаталдық жасамайсыз. Сіз көшемен «жаман» көліктердің жүретінін білесіз және балаңыздың мүддесі үшін әрекет жасайсыз. Балаңызды қорғау үшін сіз өз билігіңізді қолданасыз (ол өзінің мұндай қорғанысқа мұқтаж екенін әлі білмейтін болса да).

Бізге Құдайдан берілген биліктің рухани панасының астына тұрған кезімізде, Ол бізді қорғайды. Екінші жағынан, біз өз дегенімізге сүйеніп, қалқанның астынан шығатын болсақ, онда дұшпанның алдында қорғансыз тұрамыз

Мен дәл осы күйеуінің билігіне бағынбаудың себебінен көптеген мәсіхші әйелдердің саналары, еріктері мен сезімдері шайтанның шабуылына ұшырағанына сенімдімін. Маңызды мәселе немесе болмашы болып көрінетін нәрседе болсын, біз бағынудан бас тартқан кезде, дұшпанның оңай олжасына айналамыз.

Мен бағыну әйелге автоматты түрде кез келген азаптар мен зорлық-зомбылықтан қорғанысты қамтамасыз етеді деп тұрған жоқпын. Сондай-ақ бұл зорлық-зомбылық үнемі әйелдің заңды билікке бағынудан бас тартуының кесірінен болады дегенді де білдірмейді. Жазба бойынша, әділ, мойынсұнған адамның азап шегуі және зорлық-зомбылық көруі мүмкін. Петірдің бірінші жолдауы Құдайдың азап шегуге не үшін жол беретінін және әділдік үшін азап шегетін болсаң, өзіңді қалай ұстау керектігін түсіндіреді.

Егер күйеуімен бірге қалу өмірге қауіпті болса, онда бағынышты әйелдің өзін және балаларын оның ықпалынан қорғаштауына тура келетін жағдайлар болады. Бірақ осындай жағдайлардың өзінде әйел күйеуінің жағдайына деген құрметін сақтай алады және солай етуге тиіс те. Оның мақсаты — күйеу ретінде оны қорлау немесе оған қарсы тұру емес, оның өзгеруін және Құдайға бағынышты болғанын тілеу. Егер ол күйеуін ашындыратын болса немесе өзінің қатынасы арқылы жағдайды ушықтыратын болса, егер өзінің сөздері немесе әрекеттері арқылы Құдайға кедергі жасайтын болса, онда ол Құдайдың араласуы мен қорғанысынан үміттен алмайды.

Егер сіз немесе таныстарыңыздың бірі осындай жағдайға тап болса, онда Құдайдан сізге жақсы ақыл бере алатын адамды көрсетіп беруін сұраңыз. Ол сіздің қауымдарыңыздың жетекшілерінің бірі болса тіпті жақсы болады.

Мен Құдайға сенім артуға және Оның билігіне бағынуға келісемін бе, жоқ па, негізгі мәселенің осында екенін түсіндім. Егер мен Оны тыңдауға дайын болсам, онда Ол менің үстімнен қойған адамның билігіне бағынуым әлдеқайда оңайға түседі.

Нақылдар кітабында (21:1) «Патшаның жүрегі Жаратқанның қолында, ұқсайды аққан суға өзен салаларында: Жаратқан бағыттайды оны қалаған жағына» делінеді. Құдай берген билікке бағынуға деген тілегіміз біздің сенімімізді білдіреді және Құдайдың біз үшін қаншалықты ұлы екенін көрсетеді.

Кез келген адами биліктің үстінде жоғарғы билік тұр. Сайып келгенде, біздің өмірімізге бірде-бір адам билік жүргізе алмайды. Бағыну бізді «патшаның жүрегін қолына ұстап тұрған», дана, сүйеші, құдіретті Көктегі Әкеміздің қалқанының астына кіргізеді.

Мәселе мынада: Құдайдың кез келген адамның билігінен жоғары екеніне шынымен сенеміз бе? Оның қажет болған жағдайда биліктің басында тұрған адамның жүрегін өзгерте алатындай дәрежеде күшті екеніне сенеміз бе? Егер біз өз орнымызда тұрсақ және үстімізге қойылған билікке бағынатын болсақ, онда Оның бізді қорғай алатындай дәрежеде күшті екеніне сенеміз бе? Біз үшін ненің жақсы екенін Оның жақсы білетініне сенеміз бе және Ол Өзінің кемелді,

мәңгілік еркін жүзеге асыруы үшін Оған сенім артқанды қалаймыз ба?

Шындық мынада, Петірдің бірінші жолдауынан (3:1–2) көргеніміздей, әйел күйеуіне бағынғанда, ол Құдайдың оны мойынсұнушылыққа алып келуіне ерік береді. Содан кейін Петір бағынышты жүректің әйелге ең таңқаларлық және ең ұзаққа жететін сұлулықты сыйлайтынын айтады:

Сендердің көріктерің сыртқы әшекейлерге:
шашты ерекшелеп жинау, алтын әшекей бұйымдар
тағып, көз тартарлық әдемі киімдер киюге тәуелді болмасын.
Қайта, көріктерің жүректеріңдегі көзге көрінбес ізгі
қасиеттеріңнен тұрсын; мейірімді де сабырлы жан
дүниелеріңнің мәңгі солмайтын көркі Құдай алдында аса бағалы.
Ежелгі заманда үміттерін Құдайға артып, Оған бағышталған әйелдер
өздерін дәл осылайша әшекейлеген. Солардың бірі Сара еді;
ол Ыбырайымның айтқандарына құлақ асып, оны «қожайыным» деп
атайтын. Егер сендер ешқандай қорқынышқа көнбей, адал
өмір сүрсеңдер, Сараның рухани ұрпағы боласыңдар.

1 Петір 3:3–6

Егер әйел күйеуіне, оның рухани жағдайына тәуелсіз бағынатын болса, онда ол қорқыныштан шын мәнінде азат болады. Өйткені ол, сайып келгенде, күйеуін де, орын алған жағдайды да басқарып тұратын Құдайға сенім артты.

Сьюзан Хант өзінің «Нағыз әйел» атты кітабында бағынудың мәнін былай деп тамаша тұжырымдайды:

Мен бағынудың қажеттілігін қисындық жағынан дәлелдей алмаймын. Исаның көктегі барша даңқын неліктен тастап келгенін түсіндіруге келгенде қисын шарасыз. Бағыну қисынның шеңберіне сыймайды, бағынудың мәні — сүйіспеншілікте.

Исаның бізді сүйгендігі сондай, ол өз еркімен айқышқа барды. Оның өсиеті мынандай: әйелдер күйеулеріне бағынулары тиіс. Бұл сыйды біз сүйікті

Құтқарушымызға мойынсұнушылықта сүюге уәде еткен күйеуімізге өз еркімізбен бере аламыз.

Құдай еркекке көмекші қажет екенін айтты. Нағыз әйел бұл қызметке қуанады және оған қарсы шықпай, күйеуін қолдайды, оның қарсыласына емес, серіктеріне айналады. Ол сырт көз үшін емес, шын жүрегімен бағынады.

Нағыз әйел бағынудан қорықпайды. Ол өз құқыларының орындалуын талап етпейді, жағдайды уысында ұстауға талпынбайды. Оның қорқынышы Мәсіхтің берген уәдесінің нұрында жойылып кетеді. Бағыну — бұл тек Құдайдың шексіз құдіретіне деген сенімділігінің белгісі ғана. Бағыну — бұл оның ақталғанының дәлелі.



**Егер күйеуім енжар болса,
онда мен бастаманы өз қолыма алуға тиіспін,
әйтпесе біз алға қарай жылжи алмаймыз**

Біз әйелдерден қандай өтірікке сенгендерін сұрағанымызда, бұл өтірік тізімде үшінші болды. Әйелдерді енжар еркектерден артық ештеңе де қапаландыра алмайды. Және бұл да жаңадан пайда болған нәрсе емес. Бұл Едем бағында да болған.

Әйел ағаштың жемісіне қарап,
оның жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі екенін
және өзін ақылды етуте қызықтырып тұрғанын көрді.
Содан ол ағаштың жемісінен алып жеді. Әйел қасындағы
күйеуіне де содан берді, ол да жеді.

Жар. Баст. 3:6

Бұл үзінді менің қиялымда сұмдық жағдайды суреттейді. Ерлі-зайыптылар бақ ішінде серуен кұрып жүреді. Оларға жылан жақындап келеді де, Құдайдың еркекті әйелден жоғары қойғанын және екеуінің де Құдайдың билігінің астында екендерін біле тұра оны елемей, әдейілеп әйелді әңгімеге тартады. (Бірінші болып әйелге сөйлеу арқылы шайтанның қалай Құдайдың тәртібін бұзуға тырысқанына назар аударыңыз). Шайтан әңгімені сұрақтан бастайды: «Құдай сендерге

бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемендер деп шынымен айтты ма?» (Жар. баст. 3:1).

Осы жерде әйелдің нені істемегеніне назар аударыңыз. Ол жанында тұрған күйеуін есіне алмайды. Ол жыланға: «Сені күйеуіммен таныстырғым келеді», — демейді. Ол күйеуіне бұрылып, одан: «Қымбаттым, бұл жайында сен не ойлайсың?» — деп сұрамайды немесе «Адам, мүмкін, Құдайдың өзіне не айтқанын оған сен айтып берерсің», — демейді. Ол жанында күйеуі мүлде жоқ адамдай жыланмен әңгімелесуін жалғастыра береді.

Содан кейін, таңдау жасау керек болған сәтте ол бәрін өз қолына алады. Ол күйеуімен ақылдаспайды, оның пікірін сұрамайды, ол жай ғана әрекетке көшеді: «...содан ол ағаштың жемісінен алып жеді...» (Жар. баст. 3:6).

Ал бұл кезде Адам не істеді? Ол әйелдердің айтулары бойынша еркектердің үнемі істейтін нәрсесін істеді, яғни, ештеңе істеген жоқ. Ол іске араласқан жоқ, әңгімеге қатысқан жоқ, тек әйелі берген жемістен жеді. Осы жерде күтпеген жерден ең алғашқы рөлдердің ауысуы орын алды.

Құдай еркекті бірінші жаратты және өзінің қарамағында болатындарды жетелеп, оларға азық тауып беруді оның мойнына жүктеді. Шын мәнінде еркектен жаратылған әйел күйеуінің бастамаларын қолдау үшін жаратылды. Тіпті еркек пен әйелдің тәндік өзгешеліктердің өзі осы негізгі айырмашылықты көрсетеді.

Бірақ бұл оқиғада кім басшы және кімді кім тамақтандырды? Еркек емес, әйел. Ал кім қабылдады? Әйел емес, еркек. Бұл жерде бір нәрсе дұрыс емес және сол сәттен бастап тәртіптің бұлай бұзылуы алғашқы жұптың ұлдары мен қыздарының өмірлерінде ұдайы орын алып келеді. Рөлдердің бұл ауысуы адамзат күнәмен құлдырағаннан кейін әйел мен еркектің ара қатынасындағы үйреншікті нәрсеге айналды.

Едемдегі сол бір қатерлі күннен бастап әйелдердің бойларында еркектерді бақылауда ұстауға, оларды басқаруға және олардан тәуелсіз болуға деген ырық бермейтін тілек пайда болды. Біз бәрін өз қолымызға алуға, бастаманы өзіміз көтеруге бейімбіз, бірақ тағдырдың тәлкегімен, сондай-ақ біз жай ғана қабылдауды және жау-

ап беруді, еркектің бір нәрсе істегенін қалаймыз. Құдай бізді осылай жаратты.

Адам мен Хауа секілді, бұл мәселеде біз ырқымыздан тыс бір-бірімізді айыптаймыз. Біз бар кінәні бірден енжар еркектерге аудара саламыз және егер олар сәл де болса ынталы болғанда, егер олар тым болмағанда бір нәрселер істегенде, оларды бақылап отырмайтын едік деп сендіруге тырысамыз.

Көптеген жылдар бойы әйелдер өздерінің өз беттерінше әрекет етулеріне күйеулерінің енжарлығы себеп болғанын айтумен келеді:

- «Күйеуім жұмыс істемейді. Егер мен жұмыс таппағанда, біз аштан өлетін едік!»
- «Егер қаржы мәселесін күйеуімнің шешуіне ерік беретін болсам, ол біздің отбасымызды лезде тақырға отырғызады.»
- «Оның бала тәрбиесіне араласқысы келмейді. Егер мен оларды жазалап, дұрыс әрекет жасауға мәжбүрлемегенде, олар бізге бағынбай кеткен болар еді!»

Менің өзім де біршама белсенді адаммын және кейбір еркектердің енжарлық танытып, ештеңе істегілері келмейтіндерінің қандай болатынын білемін. Осы өмірімде мен көптеген жиындарға қатыстым. Сол жиналыстарға қатысып отырған сенуші еркектердің жеткілікті дәрежеде белсенділік көрсетпегендеріне қарап (маған солай болып көрінетін), мен бәрін өз қолыма алғым келіп әрең төзіп отыратынмын.

Бірақ еркектер мен әйелдердің ара қатынастарын бақылап және осыған ұқсас жағдайларда өзімнің жасаған әрекеттерімнің қорытындысын әділдікпен бағалай келе, мен жиі: олардың әрекет жасауларына Құдайдың түрткі жасауын күтпей, бәрін өз қолымызға алу арқылы еркектерді белсенділік танытудан айырып жүрген біз, әйелдердің өздері емес пе екен деп ойлаймын. Еркектерді орындарынан қозғалып, бізге жол бастау тілегінен айыру өте оңай. Бұған қоса, олар ақыры іске кіріскен кезде қолдау күткен әйелдері олардың істеріне түзетулер жасайды немесе өзіміз бұдан да жақсы істеген болар едік дегенді айтады.

Бір еркектің осыдан көптеген жылдар бұрын, үйлену тойлары өте сала әйеліне бірге мінажат етуді ұсынғанын айтқаны есімде. Олар мінажат етіп болғаннан кейін әйелі оның қалай мінажат еткенін сынға ала бастайды. Арада жылдар өткенде күйеуінің: «Бұл біздің бірге жасаған соңғы мінажатымыз» дегеніне таңдануға болмайды. Ол өзінің еркектік бастауына шүбә келтіргенге төзе алмады. Тек арада көптеген жылдар өткенде ғана Құдай оның жүрегін батамен қайта жаңартты да, ол қайтадан әйелімен бірге мінажат ете бастады.

Шынын айтқанда, бастаманы әйел көтерген кезде, көп жағдайда еркек қасында жай ғана қарап тұрғанды дұрыс көреді. Элизабет Райс Хэнфордтың айтуы бойынша:

...еркектердің көпшілігі отбасылық ұрыс-керісті аса жек көреді. Олар әбігершілік пен бей-берекеттікті ұнатпайды. Олар үйлерінде тыныштық болуы үшін бәріне де баруға даяр. Керісіп қалмау үшін олар әйелдеріне бәрін өз қалауларында жасауларына ерік береді. Бірақ осы тыныштық үшін төленетін күн — олардың өз батылдықтары. Күйеуіңіздің отбасының басшысы қызметін орындамайтынына шағымданбас бұрын, өз жүрегіңізді мұқият зерттеп шығыңыз. Сіз күйеуіңіздің пікіріне сенім артасыз ба? Оның шығарған шешімдеріне бағынуға дайынсыз ба? Егер олай болмаса, онда оның белсенділік танытпайтынын айтып шағымданбаңыз. Тыныштық пен жайлылыққа бола ол өз беделі үшін күресуге бармайды.

Екі орындыққа бірден отыру мүмкін емес. Бәрін бақылауда ұстап және сонымен бір мезгілде еркектер белсенділік көрсетеді, бәрін өз қолдарына алып, «рухани көшбасшыларға» айналады деп күту қисынсыз.

Күйеулерінің енжарлығына ренжіп жүрген әйелдерден мен кейде: «Егер де сіздер іске араласып, өз беттеріңізбен әрекет ете бастамағанда не болар еді?» — деп сұраймын. Ол жұмыс іздейтіндіктен, сізге оны өзіңіздің іздеуіңіз керек секілді болып көріне ме? Қарны ашса, ол бірден жұмыс істей бастайды! Сізге ол ақша ұстай алмайтындықтан, қаржыны өзіңіз ұстауыңыз керек секілді болып көріне ме? Оның сізді тақырға отырғызуы да мүмкін. Бірақ, Құдай тек осылайша ғана оның

назарын осы мәселеге аударып, өзгертуі мүмкін. Сіз оның қателік жасауына жол беруге және сонымен қатар түбінде сіздің қауіпсіздігіңізді күйеуіңіз емес, сізді ешқашан ұятқа қалдырмайтын ұлы Құдайдың қамтамасыз ететініне сенуге тиіссіз.

Киелі кітаптағы Сара — күйеуін сыйлайтын және оның айтқандарына құлақ асатын әйелдің жарқын үлгісі. Бірақ кем дегенде бір рет оған Құдай тым баяу әрекет ететіндей болып көрініп, ол тұзаққа түсті және одан шығатын жолды өз бетінше табуға талпыныс жасады. Он жыл бұрын оның күйеуі Ыбырайымға Құдай олардың ұрпақтарының көп болатынын және олардың ұлы халыққа айналатынын айтып уәде берген болатын. Қазір оның жасы жетпіс алтыға келді, ал балалары болса әлі жоқ. Күтуден шаршаған ол бір әрекет жасайтын уақыт келді деп шешті де, тым болмағанда бір нәрсе істеуін сұрап күйеуін қыса бастады:

... Оның Ажар атты мысырлық күні бар болатын.

Сонда Сарай күйеуіне: — Жаратқан Ие маған ана болуды сыйламаған екен. Ал енді, күңіммен жақындас. Мүмкін, соның арқасында балалы болармын, — деп ұсынды. Ыбырам бұған көніп, Сарай оған мысырлық күні Ажарды қосты.

Жар. баст. 16:1–2

Сара бедеу әйелдің күндерінің бірі арқылы балалы болуына мүмкіндік беретін көне дәстүрді пайдалануға бел бұды. Алғашында Сараның жоспары сәтті секілді болып көрінді — арада көп өтпей Ажар бала көтерді. Бірақ аз уақыттың ішінде жағдай түбегейлі өзгеріп, Сара мен күннің ара қатынастары адам төзгісіз бола бастады. Сонда Сара: «Менің жәбір көруіме сен кінәлісің...», — деп Ыбырайымды айыптай бастады (Жар. баст. 16:5).

Он үш жылдан кейін, Сараның жасы тоқсанға келген кезде Ыбырайым мен Сараға бала беру үшін Құдай оларға тағы да көрінді. Ысқақ қартайған жұпқа және сондай-ақ адамдардың бүкіл келер ұрпағына ұлы игілік әкелуге тиіс болды. Бірақ Ыбырайым мен Ажардан туған Исмаил олардың үнемі ұрыс-керіске баруларына себепкер болды. Сонда

Сара: «Құдайды неге күте тұрмадым екен? Неге өзімше әрекет жасадым екен?» — деп қаншама рет өкінді десеңізші.

Біз көптеген мәселелерді өз бетімізше шеше аламыз, тіпті, олардың жедел нәтижелерін де көре аламыз. Бірақ, ақырында біз далада қаламыз, өзімізді осындай әрекет жасауға итермелегендей болып көрінген адамдарды жек көріп, оларды кінәлай бастаймыз.

Бізді айналамыздағы еркектерді басқару тілегінен не азат ете алады? Біз Құдайға үміт артуды және күтуді үйренуге тиіспіз, себебі уақыты келгенде Ол Өз жоспары бойынша Өзіне сенгендерге қорған болады.

Әрдайым Жаратқанға арт сенімді,
батыл болып, нығайта түс жүрегіңді! Әрқашан
Жаратқанға арт сенімді!

Зәбүр 26:14



Бақытсыз некеде өмір сүргеннен гөрі, кейде ажырасып кеткеннің өзі артық

Дұшпан бізді басымызға түскен, үмітсіз секілді болып көрінетін жағдайдан шығаратын «дұрыс» жол жоқ дегенге сендіруге тырысады. Бұл өтірік көптеген некелердің бүлінуіне әкеліп соқтырды.

Иә, неке — оңай нәрсе емес, ал жақсы неке одан да қиын. Кез келген неке — бұл болмыстары бойынша өзімшіл екі адамның одағы екенін айтпағанның өзінде, еркек пен әйел бір-бірінен мүлде өзгеше болғандықтан, ерлі-зайыптылардың барлығы да «бір-бірлеріне сәйкес келмейді» деп есептеуге болады. Бір шаңырақтың астында тұратын адамдар кейде бір-бірлеріне қаталдық танытады, олардың араларында кейде түсініспеушіліктер пайда болады, олар барлық уақытта бірдей бір-бірлерінің қажеттіліктерін қанағаттандыра бермейді. Үйленіп, «ұзақ та бақытты өмір сүретін» жағдайлар тек ертегілерде ғана болады. Жаратылыстың басталуы Кітабының 3-тарауында баяндалған күннен бастап жер бетінде ешқашан да кіршіксіз неке болған емес.

Үйлену тойында ғашықтар «иә» деген сөзді айтқан сәттен бастап-ақ Жылан өзінің сүйкімсіз басын көтеріп, осы некені бұлдіре бастайды. Ол әрбір ажырасу — бұл Құдайға және Оның ақтап алу жоспарының жердегі бейнесіне жасалған шабуыл екенін біледі. Үйлену тойы аяқталмай жатып Дұшпан жаңа үйленгендердің жүректеріне өтіріктің ұрығын себудің мүмкіндіктерін қарастыра бастайды.

Алдау әдетте оны байқап, бас тарту қиынға түсетін жасырын, көзге айқын көрінбейтін өтіріктен басталады. Ол жартылай өтірікпен араласқан жартылай шындықтан басталады. Ол шындық секілді болып көрінетін елеусіз ойлардан және шынайы болып көрінетін сезімдерден басталады.

Сонымен, сіздің жаңа үйленген күйеуіңіз сіздердің танысқан күндеріңізді ұмытып қалады. Немесе ол...

- кездесуге 1 сағатқа кешігіп келеді немесе қоңырау шалуды ұмытып кетеді;
- алдын ала сізбен келіспей тұрып, ол сіздердің екеулеріңізді де қауымдағы балалар қызметіне жаздырып қояды;
- сіз Туылу мерекесін өз ата-анаңызбен өткізуге үміттеніп жүрген кезіңізде, ол өз ата-анасына бұл мерекені солармен өткізетіндеріңізге уәде беріп қояды.

Кешіріп, өз талаптарыңнан бас тартудың орнына реніш сақтау, бұл уақыт өткен сайын өсе беретін өтіріктің алдында әлсізденуді білдіреді.

- Ол қашан да тек өзі туралы ғана ойлайды.
- Менің көңілімді қалдырғаны оның ойына да кіріп шықпайды.
- Онымен бірге тұру мүмкін емес.
- Ол ешқашан өзгермейді.
- (жұмыстағы немесе қауымдағы әлдебір еркек) оған қарағанда әлдеқайда қамқоршы және мейірімдірек. Оның әйеліне бұлай қарамайтыны айдан анық!
- Біздің некемізді сақтап қалу мүмкін емес.

- Егер _____ (басқа еркектің аты) тұрмысқа шыққанымда, әлдеқайда бақытты болатын едім.
- Егер күйеуім мені сүймесе және сыйламайтын болса, онда одан кетіп қалуға құқым бар.
- Кейде екі адам бірге тұра алмайды, сірә, біз бір-біріміз үшін жаралмаған болармыз.
- Некеде бақытсыз болғанша, ажырасып кеткенім жақсы.
- Менің басқа амалым жоқ. Енді онымен бірге тұра алмаймын.

Осылайша әйел өзін бәріне толықтай (тым болмағанда басым бөлігіне) күйеуінің кінәлі екендігіне сендіреді. Ол күйеуінің қажеттіліктері мен өзінің қателіктерін көрмейді немесе өзінікінен гөрі оның кінәларын көбірек көреді. Ол өз кінәсын телескоп арқылы, ал оның кінәсін — микроскоп арқылы көреді. Әйел өзінің күнәһар екенін мойындамайтыны секілді, оның Құдайдың рақымына мұқтаж екенін де мойындамайды.

Бұған қоса, оның өмірі тек өз басының айналасында ғана құрылады — ол тек өз бақыты мен реніштері жайында ғана ойлайды. Ол күйеуімен татуласу және бірлескен өмірлеріне Құдайдың батасын беруін сұраудың орнына өз қиындықтарының шешілуі мен өз қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы жайлы көбірек ойлайды. Ол өзінің күйеуі үшін Құдайдың игіліктері бастау бола алатынын көрмейді немесе ондай құнды төлегісі келмейді.

Ең бастысы — ол болып жатқан жағдайлардан Құдайды сызып тастады. Ол некені Құдайдың белгілі бір мақсатпен белгілегенін түсінбейді. Сондай-ақ ол күйеуінің қиындықтары мен кемшіліктерін Құдайдың өз мақсаттары үшін пайдалана алатынын да түсінбейді. Ол тіпті өзін де, күйеуін де өзгертуге, олардың некелерін тамаша нәрсеге айналдыруға қабілетті Құдайдың құдіретті күшіне сенім артуға талпынбайды да. Ажырасуға ұмтылу арқылы ол өзінің жеке басының қамын некелік уәделер мен олардың бұзылуының салмақтылығы жайлы Құдайдың пікірінен де жоғары қояды.

Осындай адасушылық Анетті мынандай байламға келуге мәжбүр етті:

Менің бақытты болуға құқым бар. Өмірімнің жартысы өтіп кетті, енді оның қалған жартысын өзімді шын сүйетін адаммен бақытты өткізуге тиіспін, ал ондай адамның менің күйеуім емес екені анық.



Жылдар бойы жиналып қалған жан азабын Құдайдың әдістерінің көмегімен жеңу қажет, әйтпесе адам өзі ешқашан сенбеген нәрсені ақтай бастайды және өзі ешқашан қолдамаған шешімдерді қабылдай бастайды. Әрі қарай адамның жүрегі қаталданып, ол үмітін жоғалтады. Яғни, ол шайтанның қақпанына түсіп, оның өтірігінің торына шырмалады.

Бұл күнәһар шеңберді үзіп, азаттыққа қол жеткізудің жалғыз ғана тәсілі бар — бұл сана мен сезімді жайлаған өтіріктен бас тартып, оған Құдай сөзінде ашылатын шындықтарды қарсы қою. Олар мынандай:

- Құдай сауықтыра алмайтындай неке жоқ. Құдай өзгерте алмайтындай адам жоқ.
- Некенің басты мақсаты бақытты болуда емес, Құдайды дәріптеуде және Оның ақтап алушы сүйіспеншілігін көрсетуде.
- Құдай кемшіліктерді күйеуді өзгерту үшін және оны Мәсіхке ұқсас ету үшін пайдаланады. Күйеуіңіздің әлсіздіктері сіздің әділетті әйелге айналуыңызға көмектесе алатын Құдайдың қолындағы құралына айнала алады.
- Шынайы сүйіспеншілік — Құдайдың сүйіспеншілігі — ешқандай шартсыз және ол ешқашан таусылмайды. Біз Құдайдың көмегінсіз шын сүйе алмаймыз. Ал егер Оған ерік беретін болсақ, Құдай біздің жүрегімізбен кез келген адамды сүйе алады. Сүйіспеншілік — бұл сезім емес, өзге біреудің мүддесіне сай әрекет етуге деген шешім. Бұл адамға деген ешқандай жылы сезіміміз болмаса да, Құдайдың рақымымен біз оны сүюді үйрене аламыз.
- Неке — бұл келісім. Біздің Құдайымыз — келісімнің Құдайы. Оның жалған тәңірлерге беріліп, «ашыналарына ергеніне» қарамастан,

Құдай өзінің Исраилге берген уәделерін орындады (Иер. 11:10; Иез. 20:16; Ошия 2:13 қараңыз). Тіпті біз Оған адал болмасақ та, Иса Өзінің Қалыңдығы — Қауымның алдында берген уәделерін орындайды. Ол Өзінің уәделеріне берік болғандықтан, біздер де Құдай мен Оның халқының арасындағы ақтап алу жоспарының бейнесі ретінде ойластырылған неке келісімін бұзбауға тиіспіз.

- Құдай бізге қашан да кешірімді болуды өсиет етті.
- Біздің адалдығымыз бен жұбайымызды аянбай сүюге деген ұмтылысымыз оның рухани сауығуына әсерін тигізуі қажет. Мәсіхтің азап шегуі де бізді дәл осылай сауықтырды (1 Петір 2:24–25; 1 Қорынт. 7:12–14 қараңыз).
- Күйеуіңізді ауыстырғаныңызбен, сіздің қиындықтарыңыз шешілмейді (есеп бойынша, екінші некелерде ажырасу бірінші некеден де көп болады).
- Сіздің жұбайыңызға адалдығыңызды сақтауыңызға, оны шын сүйіп, шексіз кешіруіңізге Құдайдың рақымы жеткілікті.
- Құдай сізді ешқашан тастап кетпейді. Өмірдегі жағдайларыңыз қандай болмасын, Ол сіздің жаныңызда болады және жарыққа алып шығады.
- Бұл өмірде сіз адалдығыңыз үшін болатын сыйға ақыры қол жеткізе алмауыңыз мүмкін, ол сізді тек мәңгілікте күтеді. Адалдық үшін сый міндетті түрде болады және ол оны күтуде татиды!

Көптеген жылдар бұрын мен сөз сөйлеген конференциядан кейін бір әйел маған хат жолдады. Оның бірінші жолдарына мынандай сөздер жазылыпты:

Кешірім — бұл Құдайдың біз үшін даярлап қойғандарына қол жеткізудің ең жақсы тәсілі!

Содан кейін ол әрқайсысын жаңа жолдан бастап бірнеше сөйлемдер жазыпты. Бұл осы әйелдің өмірінен, оның өтіріктен шындыққа, құлдықтан — азаттыққа апаратын жолды қалай тапқанынан жан тебірентерлік сыр шертеді.

Көп жылдар бұрын күйеуім көңілімді қатты қалдырды.

Мен ажырасуға арыз бердім.

Содан кейін мен әйелі қайтыс болған досымнан хат алдым. Онда: «Бой ұсын» деген екі-ақ ауыз сөз жазылыпты.

Мен ешқандай қуанышсыз солай істедім.

Мен өзімді қаншалықты төмен ұстап, күйеуімді жақсы көруге қаншалықты талынған сайын, ол Құдайдан болған гажайып күйеудің бейнесіне соншалықты жақындай берді.

Арада көп өттіей мен оның әйелі екендігімді мақтан тұта бастадым. Бұл маған өте ұнады!

Туылу мерекесі күнгі түнде біз құшақтасып, бір-бірімізге таңдана қарастық. Құдай біздің некемізді толықтай қайта қалпына келтіріп, оны біздің көз алдымызға елестете алатынымыздан да тамаша етті.

26-желтоқсанда біз бірге мінажат етіп, құшақтастық. Мен соңғы рет оның бетінен сүйдім. Бір сағаттан кейін ол қайтыс болды.

Құдай маған керемет дарын — ештеңеге өкінбеу дарынын берді. Онсыз өмір сүру қаншалықты қиын болғанымен, бұл бәрібір мүмкін нәрсе, өйткені мен күйеуіммен бірге өткізген өміріме еш өкінбеймін.

Күйеуге шыққан әрбір әйелге былай дегім келеді: қымбат уақытты жоғалтмай, Құдай өздеріңе беретін жақсы нәрсені жай ғана қабыл алыңдар. Өздеріңді төмен ұстаңдар. Күйеулеріңнің Құдайға ұнамды күйеуге айналуларына уақыт пен орын беріңдер. Бұл үшін уақыт және құрбандық қажет, бірақ оның әкелетін батасы таң қаларлық болады!

Дұшпан отбасылық байланысты адамды қорқытатын және өзінен кері итеретін құбыжық секілді нәрсеге айналдырды. Оның өтірігі өте әрекетті болып шықты, мұның дәлелі — бүлінген отбасылар мен талқан болған тағдырлар. Тек шындық қана сіздердің некелеріңізді қайта қалпына келтіріп, жаңартуға қабілетті.





АҚИҚАТТЫ ӨТІРІКKE ҚАРСЫ ҚОЙ



ӨТІРІК

21. БАҚЫТТЫ БОЛУЫМ
ҮШІН МАҒАН МІНДЕТТІ
ТҮРДЕ КҮЙЕУ ҚАЖЕТ.

22. МЕН КҮЙЕУІМДІ
ӨЗГЕРТУГЕ ТИІСПІН.

23. КҮЙЕУІМ МАҒАН
ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ТИІС.

ШЫНДЫҚ

- Бақыт некеде емес (және одан тыс та емес).
- Менің жүрегімнің тереңіндегі қажеттіліктерімді ешбір адам да қанағаттандыра алмайды.
- Құдайдан өзге ешкім және ештеңе де мені шын мәнінде бақытты ете алмайды.
- Құдай маған қажетті нәрселердің бәрінің қамын жасауға уәде етті. Егер менің некем Құдайды дәріптейтін болса, онда Ол маған күйеуді береді.
- Құдайға үмітін артқандар қашан да Одан ең жақсыны алады. Ал өз дегенін жасауға ұмтылатындардың көп жағдайда тек көңілдері қалады.
- Өділетті өмір мен мінажат — күйеуге ықпал етудің басты құралдары.
- Күйеуді өзің өзгертуге тырысқаннан гөрі, мұны Құдайдан сұраған әлдеқайда пайдалы.
- Егер мен өзгелердің өзіме қызмет етулерін күтетін болсам, онда міндетті түрде көңілім қалады.
- Егер мен есесіне ештеңе күтпей, өзгелерге қызмет етуге ұмтылатын болсам, онда ешқашан көңілім қалмайды.
- Құдай әйелге еркекті емес, еркекке әйелді көмекші етіп жаратты.
- Өзгелерге қызмет еткен кезімізде, біз Мәсіхтің бейнесіне енеміз.

24. ЕГЕР ДЕ КҮЙЕУІМЕ
БАҒЫНАТЫН БОЛСАМ,
ОҢДА БАҚЫТСЫЗ
БОЛАМЫН.
- Бағыну маған «патшаның жүрегін қолында ұстап тұрған» Құдайдың қорғанысын қамтамасыз етеді. Күйеуімнің билігінің астынан шығып кеткен кезімде, мен дұшпанның алдында әлсіз болып қаламын.
 - Менің Құдай берген билікке бағынуға деген тілегім — Құдайға деген құрметімнің айқын дәлелі.
 - Құрметпен бағыну — Құдайдың алдында жүрмейтін күйеуге ықпал етудің ең үлкен құралы.
 - Әйелдің күйеуінің билігіне бағынуы Қауымның Исаға бағынуын бейнелеуге тиіс.
25. ЕГЕР КҮЙЕУІМ ЕНЖАР
БОЛСА, ОҢДА МЕН
БӘРІН ӨЗ ҚОЛЫМА
АЛУҒА ТИІСПІН, ӘЙТЕСЕ
БІЗ АЛҒА ҚАРАЙ
ЖЫЛЖИ АЛМАЙМЫЗ.
- Құдай бастаманы еркектің көтергенін, ал әйелдің оған бағынғанын қалайды.
 - Егер әйел күйеуінің әрекет жасауына Құдайдың ықпал жасағанын күтпей, бәрін өз қолына алатын болса, онда күйеуі белсенділік көрсетпейді.
26. НЕКЕДЕ БАҚЫТСЫЗ
ӨМІР СҮРГЕНШЕ, КЕЙДЕ
АЖЫРАСЫП КЕТКЕННІҢ
ӨЗІ АРТЫҚ.
- Неке — бұл өмір бойына кететін келісім, бұл Құдайдың Өзі уәдесіне адалдығының белгісі. Ол Өзінің адамдармен жасаған келісіміне қалай адал болса, біздер де өзіміздің некелік келісімімізге дәл солай адал болуға тиіспіз.
 - Құдай сауықтыра алмайтын неке жоқ. Құдай өзгерте алмайтын адам жоқ.
 - Күйеудің кемшіліктерін Құдай оны өзгертіп, Мәсіхке ұқсас ету үшін пайдаланады.
 - Сіздің жұбайыңызға адалдығыңызды сақтауыңызға, оны шын сүйіп, шексіз кешіруіңізге Құдайдың рақымы жеткілікті.

✿ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ ✿

1. Құдаймен КЕЛІСІҢІЗ.

Сіз неке жайындағы қандай өтірікке сендіңіз?

2. Жауапкершілікті ӨЗ МОЙНЫҢЫЗҒА АЛЫҢЫЗ.

Бұл өтірікке сену сіздің өмір салтыңызға қандай әсерін тигізді (адамдармен қарым-қатынасыңызға, іс-әрекеттеріңізге)?

3. Шындықты ЖАРИЯЛАҢЫЗ.

Жоғарыда келтірілген әрбір шындықты дауыстап оқып шығыңыз. Олардың қайсысы қазір сіз үшін аса маңызды?

Өз санаңызды Құдайдың Сөзімен жаңартыңыз. Келесі үзінділерді дауыстап оқыңыз. Бұл аяттар Құдайдың түсінігіндегі неке және әйелдің рөлі туралы не айтады?

Марқа 10:6–9

Нақылдар 31:10–12

Ефес. 5:22–24, 32–33

1 Петір 3:1–6

4. Шындықтың негізінде ӘРЕКЕТ ЕТІҢІЗ.

Өміріңіз шындыққа сәйкес болуы үшін қандай қадамдарды жасауыңыз қажет?

5. Құдайдан шындықта жүруіңізге көмектесуін СҰРАҢЫЗ.

Әке, жер бетінде некені тағайындағаның үшін алғысымды айтамын. Неке бізге Сенің сүйіспеншілігіңнің жер бетіндегі бейнесін, Сенің ұлы ақтап алу жоспарың мен Иса Тәңіріміздің Өз Қауымымен қарым-қатынасына түсінік беретіні үшін рахмет. Өтінемін, мен некенің не екенін дұрыс түсінемін бе, соны көрсетіп берші. Бәріміз де тәкаппар, өзімшіл адамдар болғандықтан, жер бетіндегі ең жақсы деген отбасылардың өздері Сенің жоспарыңның шыңына жете алмайтындарын мойындаймын. Еркектерді әйелдерін Мәсіхтің Өзі Қауымын сүйгеніндей сүюге үйрете алатын және әйелдердің күйеулерін Қауымның Күйеу Жігітін сыйлағандай құрметтеулеріне күш бере алатын рақымдылығың үшін алғысымды айтамын.

(Күйеуге шыққан әйелдер): Сен өзіңнің уәдеңе адалсың және өмірімнің соңына дейін мен де күйеуіме адал болғым келеді. Өтінемін, оны Өзің өсиет еткендей сүюіме (Тит. 2:4 қараңыз), оның әлсіздіктерін кешіруіме және бізге қарап өзгелердің де Мәсіхке жақындап, Оған бағынуды қалаулары үшін отбасының басшысы ретінде күйеуіме бағынуыма көмектесші. Күйеуімнің өмірінің барлық саласында да Өзіңе бағына алуы үшін мені таза, момын рухқа кенелдір.

(Күйеуге шықпаған әйелдер): Мені өзге отбасыларды қолдауға, оларды қорған жүруге үйрет. Мені тазалықта сақта, өзгенің қасиетті некесін бұзуыма жол берме. Көктегі Күйеу Жігітім Иса үшін Саған рахмет. Саған толықтай адал болайын. Мені өзіңмен бірлікті іздеуге және өзімде барға қанағат етуге үйрет. Амин.

ӘЙЕЛДЕР СЕНЕТІН ӨТІРІК... ...БАЛАЛАР ЖАЙЫНДА

Қымбатты күнделік,

Жақында Адам үшінші баланы дүниеге әкелу жайлы ой қозғай бастады. Ал мен мұны онша қолдамаймын. Мен балаларымды дүниедегінің бәрінен де артық көремін. Бірақ ана болу сондай қиын!

Соңғы уақыттарда олардың ара қатынастары аса ушығып кетті. Қабыл өзінің інісімен үнемі бақталасып жүреді және ылғи да одан жеңіліс табады. Ол бәріне бір нәрсені дәлелдегісі келетін секілді болып көрінеді. Оның қылықтары адам төзгісіз болып бара жатыр. Ол бәрінен оқшауланып, ылғи түнеріп жүреді. Оның аузынан сөз сұрап ала алмайсың! Мен оның көңілін көтеруге тырысамын, бірақ менің сөздерім ештеңені өзгерте алмайтын секілді. Бұрын ол Құдайға жақын еді, ал қазір өзінің Құдайға сенетінін, не сенбейтінін тіпті білмейтінін айтады.

Әкесі кейде ол үшін қатты уайымдайды. Олардың араларында бір нәрсе дұрыс болмай жүр. Кейде маған Адам оған тым қаталдық жасайтындай болып көрінеді. Бір кездері өзіміздің де осындай қиындықтарды басымыздан өткергенімізді оның есіне салып отырамын.

Мен балаларымды «түзеуге» мүлде қабілетсіз екенімді сеземін. Бұл жағдай Әбілге қалай әсер етер екен деп мазасызданамын. Осындай жағдайда тағы бір баланы қалай бағатынымызды мүлде көз алдыма елестете алмаймын.

Ананың жүрегі — бұл ең ұлы қуаныш пен ең қатігез жан ауруы мен түңілулер жасырынған қазына. Мейлі, баласы спортта үлкен жетістіктерге жетсін немесе өз аяғын дұрыс алып жүре алмайтын жағдайда болсын, жасына қарамай ақылды немесе ақыл-ойы дамымай қалған болсын, өскенде ірі компанияның басшысы болсын немесе қандықол қарақшы болсын, ана бір кезде өзі бесігін тербеткен баласынан үміттенуін, армандауын және ол үшін уайымдауын ешқашан тоқтатпайды.

Адамдардың дәл осы нәзік қатынасы — өз тәні мен қанынан жаралған баласына деген сүйіспеншілігі — әйелдер өмірінің ең осал тұсы. Барлық жердегі секілді, бұл жерде де шайтанның әйелдерге балалар мен ананың рөлі жайында қолданатын өтіріктері жеткілікті.

Бұл өтірікті сіңіру арқылы шайтан аналарды ғана өзіне кіріптар етіп қоймай, олардың шындықты танымай оның азат етуші күшін сезінбеулері үшін бұл өтірікті келесі ұрпақтарға да өткізуге ұмтылады.

Бұл тарауда сіздің назарыңызды мәсіхшілер әлемінде кең таралып кеткен кейбір теріс сенімдер мен «жартылай шындықтарға» аударғымыз келеді. Бұл сенімдер мәсіхшілер отбасыларында көптеген ауыр қиындықтар туындатуда. Егер біз бұл өтірікті анықтап, шындыққа сүйене отырып одан бас тартпайтын болсақ, онда келесі әрбір ұрпақта ол барған сайын өсе түсетін болады.



Қанша баламыздың болуы керектігін тек біз ғана шешеміз

Бүгін таңертең маған басқа штаттағы құрбым қоңырау шалып, төртінші баласына аяғы ауыр екенін хабарлады. Күйеуі бұл жаңалыққа қатты қуаныпты, бірақ бұл қуаныштарын елдің бәрі бірдей қолдай бермейтіндерін байқапты. «Билесің бе, — деді ол, — ең қатал сөздерді мен өзге жерден емес, өз қауымымыздан естідім!»

Ол жаман пікірлердің кейде өзін: «Менің шынымен де есім дұрыс емес шығар?» — деп күмәндануға мәжбүр ететінін мойындады.

Құдай — өмірдің Жаратушысы және Иесі. Құдайдың қас жауы болғандықтан, шайтанның өмірді жек көретініне таңдануға болмай-

ды. Ол үнемі өмірді құртуға тырысумен келеді. Сонда олардың Құдай уәде еткендей өлімге душар болатындарын білетін ол Адам мен Хауаны тиым салынған ағаштың жемісінен жеуге мәжбүрледі. Адам мен Хауаның екі ұлы дүниеге келгенде олардың үлкенінің бойына кішісін өлтіру туралы ойды сіңірді.

Шайтан — ұры, бұл туралы Иса оның «ұрлап, сойып, құрту үшін» келетінін айтты (Жохан 10:10 қараңыз). Оның тілектері мен жоспарлары Құдайдыкіне мүлде қарама-қайшы, өйткені Иса дәл сол аятта былай дейді: «Ал Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім».

Сондықтан да баланың дүниеге келгеніне шайтан ешқашан қуанбайды. Дүниеге келген әрбір сәби Құдайдың рақымын қабылдап, Оның Патшалығына мүше болу арқылы болашақта оның жоспарын бұзуы мүмкін. Сондықтан да ол әйелдердің дүниеге бала әкелмеулері үшін қолынан келгеннің бәрін жасайды, мысалы, ол әйелдердің бойына Құдай берген дүниеге жаңа өмір әкелу борышын орындамау тілегін сіңіреді.

Жасанды түсік жасату, баланы өлтіру мен бір жыныстық қатынас — бұл біздің заманымызда істеуге болатын, тіпті, үйреншікті істерге айналған нәрселердің мысалдарының бірнешеуі ғана. Киелі кітапқа сенетін мәсіхшілер шайтанның бұл істерінің бетін бірден қайтарады. Бірақ әңгіме бұл мәселенің басқа жақтары туралы болғанда інжіл әлемі, оның ішінде көптеген белгілі «өмірдің қорғаушылары» өз көзқарастарын батыл қорғай алмайды және жүктіліктен сақтануға қарсылық танытпайды.

Феминистік идеологияның негізгі тұжырымдамаларының бірі — бала табу керек па, жоқ па, егер табу керек болса қанша бала және қашан табу керектігін қашанда әйелдің өзі шешу құқы болды. 60–70-жылдардағы белгілі феминист-жазушы Суламифь Файрстоун мұны былай деп тұжырымдады: «Әйелдің езгіде болуының негізгі түбірі — оның бала туып, оларды тәрбиелеуге міндетті екендігінде жатыр».

Мәсіхшілер әлемі бұл тұжырыммен еріксіз келісті де, соның кесірінен жүктіліктен сақтану, «отбасын жоспарлау» деген нәрселер

үйреншікті іске айналды. Соның нәтижесінде миллиондаған мәсіхші әйелдер мен мәсіхші жұптар мұны өздері де түсінбестен шайтанның балалардың дүниеге келуін азайту және сол арқылы өмірге зиян келтіруге деген ұмтылысында оның көмекшілеріне айналды.

Бұл туралы өзінің «Үйге апаратын жол» атты кітабында Мэри Прайд былай деп жазады:

Отбасын жоспарлау — жасанды түсіктердің анасы. Жасанды түсік жасату әдетке айналмас бұрын, бүтін бір ұрпаққа балалардың саны мен олардың дүниеге келетін мезгілдерін өзіңе қолайлы уақытқа жоспарлау қажеттігін сіңіру қажет болды. Біздер, осы заманның мәсіхшілері, жасанды түсік жасатуға қарсы дауыс көтереміз және бұл дұрыс та. Бірақ біз бұл күресті осыдан отыз жыл бұрын өзге күресте жеңіліс тапқандығымыздың себебінен ғана жүргізуге мәжбүрміз. Отбасылар балаларды өз қалаулары бойынша «жоспарлауға» болатын өз қолдарындағы іс деп есептей бастаған сәттен бастап, адамдар адам өмірін бағалауды мүлде қойды.

...Жасанды түсік — бұл ең алдымен сіздің жүрегіңіздің ұстанымы. «Мен маңыздырақпын». «Менің мансабым маңыздырақ». «Менің беделім маңыздырақ». «Менің жайлылығым маңыздырақ». «Менің қаржылық жоспарларым маңыздырақ». Осылайша жалғаса береді. Біздің қауымдарымыз отыз жылдан бері уағыздап келе жатқан отбасын жоспарлаудың негізінде дәл осындай көзқарастар жатқан жоқ па!

Адамдардың көпшілігі, оның ішінде сенушілер де бар, өз отбасыларының мөлшерін жоспарлайды және мұның артында қорқыныш, өзімшілдік және ...

- «Тағы бір баланы қалай асыраймыз? Онсыз да жанымызды әрең бағып жүрміз. Олардың оқуларына ақша төлейтін уақыт келгенде не істейміз?»
- «Енді бала туатын жағдайым жоқ. Екі балам бар, солар да жетеді. Онсыз да құр сүлдерім жүр».
- «Егер тағы да дүниеге бала әкелетін болсақ, онда күйеуіміз екеуіміздің бір-бірімізге көңіл бөлуге уақытымыз қалмайды».

- «Достарымыз (немесе ата-аналарымыз) бізді онсыз да балалары көп деп жүр. Тағы да балалы болсақ, олар бізді мүлде есерсоқтар деп ойлайтын болады».
- «Егер қанша баламыздың болуы керектігін Құдайдың анықтауына ерік берген болсақ, онда ендігі біздің жиырма шақты баламыз болатын еді!» — деген секілді адами ойлардың жатқанын түсінбейді.

Осы дүние былай дейді: «Балалы болу — бұл өте қиын». Ал Құдай Сөзі: «Балалар — бұл отбасына берілетін ең ұлы игіліктердің бірі», — дейді. Ал біз аспанға қарап: «О, Құдай, енді бізге мұндай игіліктеріңді жібермей-ақ қой!» — деп мінажат етеміз.

Осы дүние: «Некенің мәні сені бақытты ету. Ал бұл түсінікке балалардың кірмей-ақ қоюларына да болады», — дейді. Ал Құдай Сөзі, керісінше, некенің басты мақсаттарының бірі — Құдайды қастерлейтін балаларды дүниеге әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіру екенін айтады (Мал. 2:15 қараңыз).

Тимотеге бірінші жолдауында Пауыл балаларды дүниеге әкелу — бұл тек әйел ғана атқара алатын Құдайдан берілген маңызды рөл екенін есімізге салады. Пауыл жас жесірлерге олардың күйеуге шығып, балалы болып, үй шаруасын басқаруларын қалайтынын, солай олардың дұшпанымыздың жамандауына жол бермейтінін айтады (1 Тимоте 5:14 қараңыз). Екінші тараудың соңғы аятында, егер әйел «сенім мен сүйіспеншілікті, қасиеттілік пен ұстамдылықты ұстанса, аналық міндетін атқарғанда (күнәнің ықпалынан) аман сақталатынын» айтады.

Әрине, бұл әйелдің тек дүниеге бала әкелу арқылы ғана мәңгілік құтқарылуға қол жеткізе алатынын білдірмейді. Бұл аят дәл Пауылдың Тимотеге айтқан (1 Тимоте 4:16) өсиетіндегідей грамматикалық құрылымға ие: «Өзіңе де, үйретіп отырған іліміңе де мұқият ықылас аудар. Осыларды ұдайы атқара бер, сонда өзіңді және тыңдаушыларыңды күнәнің ықпалынан аман сақтайтын боласың».

Пауыл Тимотенің ісі — уағыздау екенін, ал бұл міндетке адалдықтың дәлелі — шынайы тәубеге келу екенін айтады. Уағыздау — Тимотенің құтқарылуының құралы емес, осы құтқарылудың табиғи жемісі. Дәл осы секілді, әйелдің Құдайдан болған міндеті — дүниеге бала әкелуден

бас тартпай, оны орындауы оның шынайы тәубеге келгендігінің табиғи жемісі. Сондай-ақ оның Құдайға тән екендігінің және Құдайдың жолымен жүретіндігінің дәлелі болып табылады. (Бұл Құдай әйелдердің барлығын бірдей күйеуге шығып, дүниеге бала әкелуге шақырған дегенді білдірмейді. Бірақ, жалпы алғанда бұл Құдай әйелдерге тағайындаған басты рөл).

Назареттік Мәриям — бұл оның жоспарына кірмегеніне қарамастан, дүниеге бала әкелуге дайын болуы арқылы өзінің сенімін дәлелдеген әйелдің жарқын мысалы. Періште оның ұл туатыны жайлы айтқан кезде, жас қыздың жүрегінде қандай қарсылықтардың бас көтеруі мүмкін екеніне біз тек болжам ғана жасай аламыз:

- Мен тым жаспын! Дүниеге бала әкелуге әлі дайын емеспін!
- Мен Жүсіппен және достарыммен бірге қыдыра алмай қаламын, балаға қарап үйде отыруыма тура келеді.
- Алдымен жаңа үйге қоныстанып алуымыз қажет.
- Бұған адамдар не айтады? Ешкімнің түсінбеуі мүмкін!
- Қазір балаға қарайтын жағдайымыз жоқ. Жүсіп жұмысқа жаңа тұрды.
- Сәби дүниеге дәл халық санағы кезінде келеді, ал бұл кезде біз басқа қалада болуға тиіспіз!

Бірақ Жазбада мұндай ойлар мен күмәндардың болғанына емеурін де жоқ. Мәриямның жауабы қарапайым болды: «Мен Жаратқан Иенің күнімін; айтқаныңыз болсын!» (Лұқа 1:38). Басқаша айтқанда, ол: «Сен менің Құдайымсың, ал мен Сенің күніңмін. Менің тәнім Сенің иеліңде, сондықтан өзім үшін даярлап қойған кез келген ыңғайсыздықтар мен қиындықтарыңды қабылдаймын. Мен үшін ең маңыздысы — Сенің еркіңді, мені жаратқандағы мақсатыңды орындау. Мен Сенің еркіңді қуана орындаймын», — деді.

Құдайдың шақыруына дәл осылай жауап қатқан анама менің алғысым шексіз. Дарынды және болашағынан үлкен үміт күттірген жас әнші Нэнси Соссомон Арт Демоссты 19 жасында кездестірді. Оның әншілік кәсібін жалғастыра алуы үшін, олар алғашқы бес жылда ба-

лалы болуды кейінге қалдыра тұрмақ болды. Бірақ Құдайдың оларға қатысты жоспары басқаша еді. Үйленгендерінің алғашқы бес жылында Құдай оларға алты бала берді! Сонымен бір мезетте анам әкемнің жеке кәсібіне көмектесті және осы жылдардың бәрінде анам Құдайдың өзіне сыйлаған балаларын қуана қабыл алды.

Мен одан ана болу бақытын сыйлаған Құдайға алғысынан өзге ешқандай шағымданғанын естіген емеспін.

Назареттік Мәриям мен менің анам — бұл әйелдер балаларға көңіл аударған, оларға уақытын бөлген және Өзінің соңынан ерушілерді де солай істуге шақырған Тәңіріміз Исаны дәріптейді (Матай 19:13–15 қараңыз).



Өмірді білу үшін балалар «шынайы әлемде» өмір сүруге тиіс

Егер шайтан мәсіхшілер отбасында балалардың дүниеге келуіне тосқауыл қоя алмаса, онда ол ата-аналарға олардың тәрбиесі жайында теріс түсінік қалыптастыру үшін қолынан келгеннің бәрін жасайды. Бұл жерде де ол өзінің Хауаға жасаған әдісін қолданады. Шайтан Хауаны егер ол тиым салынған жемістен дәм тататын болса, онда маңызды бір нәрсені ұғатынына сендірді: «...Сонда сендер ненің жақсы, ненің жаман екенін айыра алып, Құдай сияқты боласыңдар» (Жар. баст. 3:5). Шайтанның айтып тұрғаны дұрыс еді — Хауа жемістен жеген кезде, оның көзі ашылды (Жар. баст. 3:7 қараңыз); ол шынында да өзі бұрын білмеген нәрсе — жамандықты білді. Мұның нәтижесі ұялу, кінә және Құдай мен күйеуінен алшақтау болды.

Құдай сіз бен біздің жамандықты жеке басымыздың тәжірибесінде танығанымызды қалаған жоқ. Ол біздің «жақсылыққа дана, жамандықтан аулақ болғанымызды тілейді» (Рим. 16:19 қараңыз). Ал шайтан: «Сен бәрін өзің байқап көруге тиіссің», — дейді. Ол ата-аналарға: «Сендердің балаларың бәрін өздері байқап көрулері керек. Егер сендер оларды шынайы өмірдің қандай екенін көрсетпей өсіретін болсаңдар, олар одан өз орындарын таба алмайды және сол өмірге төзе алмайды», — дейді.

Бірақ шындық мүлде басқада: шындық «өз орындарын таба алатын» немесе тіпті осы дүниеге «төзе алатын» балаларды тәрбиелеп шығаруда емес. Әрбір мәсіхші отбасының міндеті — Құдайды жан-тәнімен сүйетін, Онымен тығыз байланыс орнататын және өмірлері айналасындағы түнекке жарық беріп тұратындай адамдарды тәрбиелеп өсіру. Мәсіхші-ата-аналар жай ғана «жақсы» балаларды емес, шындықта қуанышпен өмір сүретін, әділдікті сүйіп, жамандықты жек көретін, Құдай оларды өмірді өзгерту үшін пайдалана алатындай балаларды тәрбиелеп өсіруге ұмтылулары тиіс.

Мен ата-анам үшін Құдайға алғысымды айтудан жалықпаймын. Олар бізді күнәні жек көруге үйретті. Мұны олар осы дүниенің мәдениеті бізді бұзады деп қорыққандықтан ғана емес, Құдайды құрметтеп, Оны сүйгендіктен істеді.

Бізді жекеменшік ақсүйектер мектептерінің біріне беруге мүмкіндіктері бола тұра, олар бізді «сапасы төменірек» мәсіхшілер мектебінде білім алады деп шешті. Кейбір адамдар бізді одан гөрі жоғарырақ деңгейде білім алуға тиіс деп есептеді, бірақ ата-анамыз «даналықтың басы — Құдайды қастерлеуде» және бізді өмірге Құдай Сөзінің кенестерінен артық ештеңе де даярлай алмайды деп санады.

Олар біздің әлі есеймеген санамыз бен жүректерімізді осы дүниенің әсерінен қорғау үшін нақты қадамдар жасады. Құдай менің анама бізді неден қорғау керек екенін нақты анықтауға даналық берді және бұлар қазіргі көптеген мәсіхші ата-аналар мүлде жайбарақат қарайтын нәрселер болатын. Мысалы, әрбір дерлік құрдастарымыз Барби қуыршағымен ойнап жүргенде, біз ол туралы ештеңе білмедік десе де болады. Анамыз даналықпен егер кішкентай қыз дене бітімі үлкен әйелге келетін қуыршақпен ойнайтын болса, онда бұл оның еркекпен әйелдің арасындағы тәндік айырмашылыққа дұрыс көзқарасының қалыптасуына кедергі болады деп есептеді.

Менің кішкентай кезімде біздің қоғамда бүліктер, ереуілдер мен төңкерістер жиі болып тұратын. Диссиденттер Вьетнамдағы соғысқа қарсы наразалық білдіріп, көшелерге шеруге шықты және туларды өртеді. Миллиондаған жастар есірткінің, жыныстық қатынас пен рок-музыканың құлына айналды. Жоғарғы Сот әйелдердің жасанды түсік

жасатуға құқы бар деген жарлық шығарды. Хрущев Құрама Штаттарды құртып жіберемін деп айбат шекті. Біз бұл жағдайлар туралы білетінбіз, бірақ оларды кешкі жаңалықтардан тыңдамайтын едік. Менің ата-анам кейбір тақырыптар балалардың санасына зиянын тигізеді деп есептеді. Сондай-ақ біздің әлемде болып жатқан оқиғаларға деген көзқарасымызды өздері қалыптастырулары керектігін сезінді.

Мұның нәтижесі қандай болды? Мені «желге-күнге тигізбей» өсірді. Мектеп бітіргенге дейін мен бірде-бір былапыт сөз естіген емеспін. Мен сол уақыттағы белгілі комикстердің кейіпкерлері жайлы, фильмдер мен телехабарлар жайында ештеңе білмедім десем де болады. Бірақ Құдайдың рақымының және дана ата-анамның ықпалының арқасында мен құрбыларымның басым көпшілігі білмейтін нәрсені білдім. Мен жақсылық пен жамандықтың айырмасын түсіндім. Мен Жазбаны жақсы білетінмін — үйде күнделікті оқу мен қауымдағы оқытудан өзге мен Киелі кітапты зерттеудің екі курсын басынан аяғына дейін оқып шықтым (ол біздің мектептің бағдарламасына кіретін). Мен Жазбадан үлкен үзінділерді жатқа білдім, мәсіхшілер ілімінің негізгі жүйелерімен таныс болдым және көп шумақтардан тұратын мәсіхшілік әнұрандарды жатқа білдім. Хадсон Тейлор, Джордж Мюллер, Уильям Карей және Глэдис Эйлворд секілді сенімнің нағыз қайраткерлерінің өмірбаяндарын оқып шықтым.

Бірақ осы «білімдерімнің» бәрінен маңыздысы мен үйден осы әлемге шығып, өз бетімше өмір сүруді бастаған кезімде мені қолдап, дұрыс шешімдер қабылдауыма көмектескен Исаға сенімім болды. «Әкелеріміздің сенімі» менің сеніміме айналды.

Мен бұған мақтанбаймын, себебі мұнда менің сіңірген еңбегім жоқ, бұл Құдайдан және балаларын Құдай үшін тәрбиелеуге деген өз міндеттеріне мұқият қараған ата-анамнан берілген сый.

Балалар өздерінің қалыптасу кезеңі жүріп жатқан сәби кездерінде көргендерін тез қабылдайды. Мен «тәртіпті» мәсіхші отбасылардан шыққан, сенімнің қайраткерлері мен пайғамбарлардан гөрі рок-топтар мен киножұлдыздар жайлы көбірек білетін көптеген жастарды білемін. Олар кез келген белгілі әнді орындап бере алады, бірақ сенімнің ұлы әнұрандарын білмейді. Мен бұдан бір ғана қорытынды шығара

аламын: олар бала кездерінен бастап естіген және көргендеріне үйір болып кеткен.

Егер біз балаларымыздың еш нәрсені майындамауды, бәрін теріске шығаруды «уағыздайтын» әуендерді тыңдауына, фильмдер көруіне, кітаптар мен журналдарды оқуына, достарымен көшеде бос сенделіп жүрулеріне ерік беретін болсақ, олардың былапыт сөздер айтуларына, бей-берекет жыныстық қатынасқа баруларына, бүлік шығарып, зорлық-зомбылық жасауларына жол беретін болсақ, онда олардың осы дүниенің пәлсапасын қабылдағандарына таңдануымызға болмайды.

Қазір, мен осы жолдарды жазып отырған уақытта, далада қалыңдығы 20 сантиметрге жететін қар жатыр. Осындай ауа райында жерге жас өскінді отырғызып, оның аман өсіп шыққанын күту ешкімнің басына келмес еді. Бұл үшін жылыжай бар — онда жас өскіннің өсіп шығуына барлық жағдай жасалған. Ал содан кейін, өсімдік тамырланып, қолайсыз ауа райына қарсы тұруға жеткілікті күш жинаған кезде барып оны жерге отырғызуға болады.

Он жеті жасымда ата-анам мені зиялылар университетінде оқуым үшін Құрама Штаттардың келесі шетіндегі Оңтүстік Калифорнияға жіберді. Мен сол жерде жақсы бір мәсіхшілер отбасының үйінде тұрдым және менде бұрын ешқашан болмаған еркіндік пайда болды. Мен барғым келген жаққа барып, істегім келген нәрсенің бәрін істей алатын едім. Бірақ менің «қалауларым» ол кезде қалыптасып қойған болатын — мен Құдайды сүйдім және Оған ұнамды нәрселерді істегенді қаладым. Мен шешімдерімді ата-анам не ойлайды деп қорыққандықтан емес, Құдайдың қатысын, Оның киелілігі мен сүйіспеншілігін сезінгендіктен жасадым. Сол жылдары бұрын өзімнің қолым жетпеген түрлі пәлсапалық теорияларды зерттеумен айналыстым. Бірақ Құдай Сөзіне сәйкес келмейтін нәрселер мені өзіне еліктіре алмады. Мен басқаша өмір сүретін адамдарды жақсы көрдім және олардың Құдайға келгендерін қаладым. Бірақ олардың жолдары мені мүлде тартқан жоқ.

Құдайды бар жан-тәніңмен сүйіп, Оның еркіне қуана бағынудың қандай бата әкелетінін мен үйімде өз көзіммен көрдім. Мұндай тәрбие менің бойымда Құдайға ұнамды өмір сүру және шындықта жүру тілегін қалыптастырды.

Елші Пауыл барлық уақыттағы және барлық елдердің сенушілеріне былай деп ескертеді: «...Бұл күнәһар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпедер...» (Рим. 12:2). Қайта, біз ой-тілектерімізді Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгертуге тиіспіз (Рим. 12:2 қараңыз). Біз қазіргі мәсіхшілердің көпшілігі секілді өз мәдениетіміздің әсеріне бағынбай, оның орнына өміріміз мәдениетті өзгерте бастайтындай дәрежеде Киелі Рух пен Құдай Сөзіне кенелуіміз қажет. Қазіргі кезде мәсіхші ата-аналардың алдында тұрған міндет: осы әлемге еліктеудің орнына, оны өзгертетін ұрпақ тәрбиелеу.



Балалардың бәрі де бүлік шығару кезеңін бастарынан өткізеді

Дұшпан ата-аналарды балаларымыз жасөспірім шақтарында қасиетті, Құдайға бағынышты өмір сүреді деген үміттерінен айырғысы келеді. Бұл өтірікке сену оларды балаларының ауыспалы кезеңін қуанышпен емес, қорқынышпен күтуге мәжбүр етеді. Ол ата-аналарды балаларының бүлікшіл әрекеттеріне төзуге, тіпті, оны ақтауға мәжбүрлейді. Ата-аналарының өздерінен бүлік шығаруды күтетінін білетін балалардың, әлбетте, олардың күткендеріндей қылықтар істеуге тырысатындары анық.

Бірақ біздің бәріміз табиғатымыздан бүлікшіліміз. Біздің ата-аналарымыз күнәһар болды, біз күнәда дүниеге келдік және біздің балаларымыз бен немерелеріміз де дүниеге дәл осы бүлік шығаруға деген бейімдікпен келеді (Зәбүр 50:7; 57:4; Ишайя 59:2 қараңыз).

Міне, осы жерде Інжіл пайда болады. Алғашқы отбасылық жұп Құдайдың айтқанын орындаудан бас тартқан сәттен бастап Ол Өзінің ақтап алу жоспарын — бізді өзіміз шығарған бүліктің салдарынан құтқарудың жалғыз тәсілін іске асыра бастады. Мәсіхтің біз үшін жасаған құрбандығы күнәға батқан күнәһарларға Құдайдың рақымын сыйлады.

Құдай әрбір келесі ұрпақ Оның рақымын қабылдағанын, өсиетті сақтап, оны өзінің балаларына жеткізіп отырғанын қалады. Сенуші ата-аналарға балаларын Исаға бағынуға үйрету туралы қасиетті тап-

сырма берілген. Ата-аналар балаларын «құтқарылу кемесіне» алып келулері тиіс. Осы ұлы да қасиетті міндетті орындау үшін адамдарға Киелі Рухтың күші мен Құдайдың уәделері берілген.

Он сегізінші ғасырдағы Жаңа Англиялық бағушы Джонатан Эдварстың әйелі Сара Эдвардс аса рухани адам болды, ол шындыққа сенуге және оны өмірінің әрбір саласына ендіруге ұмтылды. Бұл ұмтылысты ол өзінің аналық рөлі жағынан айқын көрсетті — оның он бір баласы болды. Өзінің «Естеліктерінде» Джонатан Эдвардс оның өз міндетіне адал болғанын және балаларын кішкентай кездерінен бастап мойынсұнуға үйреткені туралы жазады:

Ол балаларды таңданарлық түрде тамаша басқара алатын... Ол бір ауыз сөз айтса болды, балалары қуана бағынатын. Күңкілдеу, қарсы сөз айту деген секілді нәрселер оның балаларына жат болатын. Олар ата-аналарын аса құрметтейтін... Оның тәртіпке тәрбиелеу жүйесі баланың өмірінде саби шағынан бастап әрекет жасай бастайтын. Ол баланың көрсеткен қарсылығына немесе бағынбаушылығына бала толықтай ата-анасының еркіне бағынғанға дейін қарсы тұруды ережеге айналдырды. Ол бала алдымен өз ата-анасын тыңдауды үйренбей тұрып, Құдайды тыңдай алмайды деп есептеді.

Балаларды кішкене кезінен бастап: «жастардың көпшілігі үлкендерді тыңдамайды, бірақ бұл үлкейгенде сен де бүлік шығаруға тиіссің дегенді білдірмейді» деп үйреткен жөн. Оларға өзгеше болу арманын сыйлап, қандай адам болулары тиіс екендігі жайлы әңгімелеп беріңіздер. Мойынсұну жолын таңдаудың қаншалықты маңызды және қаншалықты жақсы екендігін үнемі өздеріңіздің жеке бастарыңыздың мысалы арқылы көрсетіп отырыңыздар.

Балалардың бойларында бүліктің ұрығы жаңадан байқала бастаған кезде дана ата-ана иықтарын қозғап: «Сірә, балалардың бәрі осы арқылы өтуге тиіс болар», — демейді. Олар балаларының бойында сезімдік тұрақсыздыққа әкеліп соғуы мүмкін физиологиялық және гормональдық өзгерістердің жүріп жатқанын түсінеді және балаларын ырық бермейтін сезімдермен күресуге үйретеді. Олар пайда болған қиындықты батыл, бірақ сүйіспеншілікпен шешеді, тыныштық-

ты сақтауға ұмтылады және балаларына Құдай жайлы үнемі куәлік етеді. Балалар қате шешім қабылдаған кезде, оның белгілі бір салдарына тап болады, ал күнәларын мойындаған кездерінде рақымдылыққа ие болады. Дана ата-ана өздері қателік жасаған кезде мойынсұнып, кешірім сұраудан қорықпайды.

Ал ең бастысы, олар балалары үшін үлкен ынтымақтастықпен мінажат етеді, олар балаларының жүректеріне енуін күтіп, Киелі Рухқа сенім артады. Сондай-ақ олар өздерінің жасөспірім балаларына Құдайдың ақтап алу туралы өсиетін келесі ұрпаққа жеткізулері қажет екенін ұғындырады.

Балалар бағынудан кетіп бара жатқан қазіргі кезде бізге Құдайдың өсиетін сақтайтын, шындыққа сенім артатын ата-аналар қажет.

Ал Өзін терең қастерлеген жандарға
Жаратқанның рақымы мәңгі жауады да, Иемізбен жасасқан
Келісімін бұзбайтын, Оның бұйрықтарын есінде сақтайтын,
әрі солар бойынша жүріп-тұратын адамдардың келер
ұрпақтарына дағы Құдайдың әділдігі жетіп тұрады...
Жастық шақтан өсіре гөр ұлдарымызды, жақсы өңделген
дала дақылдары сықылды, қыздарымыз болсын безендірген
сарайдағы, әсемдеп өрнектелген бағана сияқты.

Балаларыңның бәрі де Тәңір Иеден тәлім алмақ,
әрі керемет амандық пен тыныштыққа кенелмек

Зәбүр 102:17,18; 143:12; Ишайя 54:13



**Мен баламның сенуші екенін білемін,
себебі ол кішкентай кезінде-ақ мінажат етіп,
Мәсіхке сенім артқан болатын**

Көптеген жылдар бойы мен әйелдердің Құдайдан алыстап кеткен ұлдары не қыздары туралы жылап отырып айтқан әңгімелерін естумен келемін. Әдетте әңгіме ендігі ержетіп кеткен, рухани

мәселелерге еш қызығушылық танытпайтын немесе құдайсыз өмір сүріп жүрген бала (немесе немере) туралы болады. Бірақ соған қарамастан бұл әйелдер балаларының сенуші екендігі сенімді. Төменде келтірілген хаттарда осы тақырып көтеріледі және бұл барған сайын жиі естілуде:

Менің қызым — жалаңаштанып би билеуші (стриптизерша), ал ұлым — қызтеке (гомосексуалист). Мен олардың Құдайға қайтып оралғандарын қалаймын. Бір кездері олардың екеуі де Құдайға сенімге келіп, шомылдыру рәсімінен өткен болатын. Ұлдарымның ешқайсысы Құдай үшін өмір сүрмейді. Балалық шақтарында олар Мәсіхке сенім артқан, бірақ колледжге оқуға барғанда сенімдерін жоғалтты.



Шайтан балаларды түнек патшалығының құлдығында ұстау үшін, ата-аналардың балаларының шынайы рухани жағдайларын байқауларына кедергі жасауға тырысады. Бұл өтіріктің алдында әсіресе балаларын қауымда тәрбиелеген ата-аналар әлсіз болып келеді. Олар балаларын «жақсылықтан жамандықты айыра білуге» үйретті, ал балалары бір кезде қандай да бір жолмен кішкентай кездерінде немесе жасөспірім шақтарында Мәсіхке бет бұрған. Бір кездері олардың рухани мәселелерге үлкен қызығушылық танытқан болулары да мүмкін. Сондықтан мұндай ата-аналар көбіне балаларымыз құтқарылды деп есептейді.

Бірақ Жазба жоғарыдан қайта туылмаған адамның да Құдай туралы бәрін біліп, сұрақтардың бәріне дұрыс жауап беруі, тіпті сенім жағынан терең тәжірибесінің де болуы мүмкін екенін айқын үйретеді. Адамның жүрегін тек Құдай ғана біледі. Бірақ ол бізге өзіміздің немесе өзгенің сенімінің шынайылығын тексеруге болатын белгілі бір өлшемдерді берді. Жоханның бірінші жолдауы жоғарыдан қайта туылғандарға толықтай сенімділік беру үшін және мұндай сенімділікке шынайы негіздері жоқ адамдарға ескерту жасау үшін жазылған. Жохан шынайы құтқарылғандар мен тек Құдайға сенемін деп дәлелдейтін, бірақ шын мәнінде жай ғана діндарлықтан аспайтын адамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін нақты белгілерді береді...

Егер Құдайдың өсиеттерін орындасақ,
Құдайды жақыннан танытынымызды білеміз. Құдайды танымын
дей тұра, Оның өсиеттерін орындамайтын кісі — өтірікші,
соның жан дүниесінен шындық орын алған жоқ. Құдайға
деген сүйіспеншілік Оның сөзін орындаған кісінде шын мәнінде
толық болып, мақсатына жетті. Құдаймен тығыз байланыста
екенімізді мынаған қарап білеміз: Онымен қатынаста
тұрмын дейтін кісі Иса Мәсіх қалай өмір сүрген болса,
солай өмір сүруге тиіс...

Нұрда жүрмін дей тұра, бауырын жек
көретін кісі әлі де түнекте жүр... Осы күнәлі дүниені
және ондағы еш нәрсені сүймеңдер! Осы дүниені сүйгендердің
көктегі Әкеге сүйіспеншілігі жоқ...

Олар ортамыздан шықса да, біздікі болған жоқ,
өйткені егер біздікі болса, бізбен бірге қалар еді.
Бұлардың бәрінің біздікі болмағандықтары
осылайша білініп қалды...

Құдайдың рухани балаларын шайтанның
адамдарынан мынадан ажыратуға болады: әділ өмір
сүрмейтін, әсіресе бауырласын сүймейтін әркім
Құдайдың рухани баласы емес.

1 Жохан 2:3–6, 9, 15, 19; 3:10

Шынайы құтқарылудың мәні тәубеге келудің өзінде немесе жақсы істер істеуде емес, ол — адамның өзгеруінде: «...біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол — жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды!» (2 Қорынт. 5.17). Құдайға шын мәнінде бет бұрған еркектің немесе әйелдің өмірі, жүрегі, болмысы және Қожайыны жаңарады: «...Құдай бізді қара түнектің билігінен құтқарып, сүйікті рухани Ұлы Иса Мәсіхтің Патшалығына енгізді...» (Қолос. 1:13).

Бұл өсиетке біз сенімде нық тұра аламыз деген сенімділік те қоса беріледі. Құдай: «...Ешқашан Менен кері бұрылып кетпеулері үшін Өзімді терең қастерлеуді олардың жүрегіне құятын боламын» (Ер. 32:40). Ал Еврейлерге хатты жазушы ақырына дейін төзу — шынайы сенімнің белгісі екенін айтады: «Алғашқы сенімімізді аяғына дейін берік ұстанғанда ғана Мәсіхпен тығыз байланыста болып, бірге қызмет етеміз» (Евр. 3:14).

Елші Пауыл Ефестегі сенушілерге Мәсіхті білемін дейтін, бірақ өмірлерінен шынайы құтқарылғандарының белгілері көрінбейтіндер туралы жазды:

Мынаны біліп қойыңдар: неке адалдығын бұзатындар,
 ұятсыздар және ашкөз адамдар — жалған тәңірлерге табынушылар.
 Мұндайлардың ешқайсысына да Мәсіхтің және Құдайдың
 Патшалығында орын жоқ. Ешкім де сендерді өтірік сөздерімен
 алдамасын! Себебі Құдайға мойынсұнбайтындарға осы күнәлары
 үшін Оның қаһарлы соты төніп тұр.

Ефес. 5:5–6

Егер ата-аналар балаларымыз жоғарыдан қайтадан туылды деп есептейтін болса, бірақ олардың өмірлерінде құтқарылғандарының белгілері көрінбейтін болса, онда мұның қауіпті салдарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Біріншіден, бұл балалардың бойында болашақтағы тағдырларына қатысты жалған алаңсыздық сезімін туындатуы мүмкін. Бұл ата-аналардың дұрыс мінажат етулеріне және балаларының жандары үшін рухани күрес жүргізулеріне кедергі келтіруі мүмкін. Бұл Мәсіхтің құрбандығы мен тұлғасын төмендететін өзіндік «арзан рақымдылықты» туындатады. Осылайша біздің қауымдар бізде бәрі жақсы деп есептейтін адамдарға толады. Мәсіхпен шынайы қатынасты ұстанбайтындарына, ал өмір салттарының Құдай Сөзіне нұқсан келтіретініне және бүкіл әлемнің алдында мәсіхшіліктің беделін төмендетініне қарамастан олар бұған сенеді.

Әрине, жоғарыдан қайта туылған адамдардың да кейде Құдайға құлақ аспайтын немесе сенімнен жырақтайтын кезеңдері болып тұ-

рады. Бірақ бірде-бір шынайы сенуші Киелі Рухтың әшкерелеуін сезінбестен үнемі және біле тұра күнә жасамайды.

Балалардың немесе (олардың ата-аналарының) рухани мәселелерден қаншалықты хабардар екендеріне, өмірлерінің белгілі бір кезеңдерінде қаншалықты ынталы болатындықтарына қарамастан, егер олар ұдайы Құдай Сөзінен бас тартатын болса, онда оларды жоғарыдан шын мәнінде қайта туылды ма, жоқ па, сол туралы ойлануға мәжбүрлеу қажет.



Біз балаларымыздың таңдап алған өмірлік жолдары үшін жауапты емеспіз

Әйелдердің менімен бөліскен мінажаттық мұқтаждықтарының ішіндегі ең кең тараған түрі, сірә, — бұл Құдайдан алыстап кеткен балалар мен немерелер үшін мінажат ету мұқтаждығы болар. Аналардың жан ауруы мен уайымдары жайында бүтіндей бір кітап жазуға болатын еді:

Осыдан тоғыз ай бұрын менің он алты жасар қызым үйден кетіп қалып, жігітімен бірге тұра бастады. Ол үшін жүрегім қатты ауырады!

Менің жиырма сегіз жасар қызым Мәсікке деген сенімінен бас тартты; ол лесбиянка болып шықты.

Құдайдан менің он сегіз жасар ұлымды анайы фильмдерді көруге деген құмарлығынан азат етуі үшін мінажат етіңіздер. Ол жас кезінен бастап құмарлыққа үйір болды.

Құдайға және онымен байланысты нәрселердің бәріне немқұрайды қарайтын жасөспірім балаларымнан көңілім қатты қалды. Мен балаларымды Құдай үшін тәрбиелей алмадым.



Мұндай жағдайды басынан ешқашан өткермеген адам осы әйелдердің қандай жан азабын тартып жүргендеріне тек болжам ғана жасай алады. Бұл жерде мен ата-аналарды құлдығына түсіру үшін дұшпанның бір-біріне қарама-қайшы екі өтірікті қолданғанын көріп тұрмын. Біріншісі — олар балаларына айтарлықтай ықпал жасай алмайды, олар балалары үшін жауап бермейді және ештеңені өзгерте алмайды деген өтірік. Бұл өтірікке сену ата-аналардың өз балалары үшін жауапкершіліктен бас тартуларына және өздерін дәрменсіз құрбандық ретінде сезінулеріне әкеліп соқтырады.

Екінші теріс түсінік — бұл ата-аналар балалары үшін жүз пайызға жауап береді, бұл толықтай олардың кінәсі деген өтірік. Олар ата-аналарының қандай болғанына қарамастан, өз таңдауы үшін әркімнің өзі жауап беретінін түсіне алмайды.

Балалары бүлік шығарған кезде, шайтан ата-аналарды бастарын тауға да, тасқа да соғуға мәжбүрлейді. Олар бірде кінәлілік сезімінен азап шексе, енді бірде өздерін мүлде кінәсіз санай бастайды. Бұл екі өтірік те — шындықты шеберлікпен бұрмалау, бұл адамға тек торығу мен үмітсіздік қана алып келеді.

Алма ағашынан алысқа түспейді..?

Жазбада балалары әділетсіз болып өскен әділетті ата-аналар және керісінше, балалары Құдайды бар жан-тәндерімен сүйген ата-аналар туралы көптеген мысалдар келтірілген. Мұны түсіндіру мүлде дерлік мүмкін емес. Бірақ балаларының Мәсіхтің шәкіртіне айналғанын қалайтын ата-аналарға көмектесе алатын кейбір мысалдар бар.

Ата-ананың үлгісі мен құндылықтарының қаншалықты күшті болатындығын Ыбырайымның немере інісі Луттың оқиғасы айқын көрсетеді. Лут жеңіл өмірді, байлық пен мансапты жақсы көрді. Осы дүниелік құндылықтары оны отбасымен бірге тұрғындарының тәкаппарлықтарымен, азғындықтарымен аты шыққан қалаға қоныс аударуға мәжбүр етті. Қыздарының Луттың сенімдік «көзқарастарын» жек көретін еркектерге тұмысқа шыққандарына және құрудың алдында тұрған қаладан кету туралы жасаған өтінішіне құлақ аспағандарына таңдануға бола ма? Содомнан қашып шыққаннан кейін қыздарының

Лутты шарапқа мас қылып, ұрпақсыз қалмау үшін онымен кезекпен жыныстық қатынасқа барғандарына таңдануға тиіспіз бе?

Жаңа Өсиет бізге Луттың «әділетті» адам болғанын айтады. Ол Содомдағы ашық жүріп жатқан заңсыздықтарға қатысқан жоқ; тіпті, ол «...олардың арасында тұрып, Құдайдың бұйрығына қайшы іс-әрекеттерін күн сайын көріп, естіп, өзінің әділ ар-ұжданы алдында азап шекті» (2 Петір 2:8). Бірақ сенуші адам бола тұра, ол өзінің жүрегін таза сақтаған жоқ, ол осы дүниелік нәрселерді жақсы көрді. Лут бір аяғымен Құдай Патшалығында, ал екінші аяғымен — осы дүниеде тұруға талпынды. Өзінің үлгісі арқылы ол балаларын да осы дүниемен келісім жолдарын іздеуге үйретті.

Луттың өзінің өтпелі құндылықтары үшін төлеген құны өте үлкен секілді болып көрінеді, бірақ бәріне белгілі заңдылық бойынша: не ексең, соны орасың. «Ата-аналары аз мөлшерде жасағанды балалары жүз есе, мың есе етіп жасайды», — деп бекер айтылмаған.

Елидің отбасының тарихы — ата-аналар балаларының әрекеттеріне Құдайдың өлшемдерін орнатып, содан кейін белгілі бір тәртіпті ұстанулары қажет дегенді білдіретін шындықтың айқын көрінісі. Елді билер басқарған тұста қызмет еткен исаиддық діни қызметкер Ели Құдайға берілген адам болатын. Бірақ аса діндар отбасында тәрбиеленгендеріне қарамастан, Киелі кітапта оның екі ұлы Опни мен Пінехестің «арсыз болғандары және Жаратқан Иеге мойынсұнбағандары» жайлы айтылады (1 Патш. 2:12 қараңыз).

Діни қызметкердің ұлдары болғандықтан олар да тек діни қызметкерлер ғана бола алатын. Бірақ адамдардың шалған құрбандықтарының ең жақсысын өздеріне таңдап алулары және киелі шатырда қызмет ететін әйелдермен жыныстық қатынасқа түсулері арқылы олар халықтың алдында Құдайдың атына кір келтірді (1 Патш. 2:13–17, 22). Құдайға берілген адамның балалары неліктен осылай болып өсті? Оларға күнәдан бұзылған мәдениеттің ықпал еткені күмәнсіз, бірақ Жазба сондай-ақ бұған әкелерінің де өз үлесін қосқанын есімізге салады.

Біз Елидің қартайға кезінде өте «ірі денелі» адам болғанын білеміз (1 Патш. 4:18 қараңыз). Мүмкін оның өзі тамақты тартынып ішпе-

гендіктен, балалары да адамдардың құрбандыққа әкелген еттеріне көп ауыз салған болар?

Жазба бізге Елидің өз балаларының не істеп жүргендері туралы кем дегенде бір рет естіп, оларға ескерту жасағаны жайлы айтады (1 Патш. 2:22–25 қараңыз). Бірақ бұл кезде ол «өте қартайған» еді. Оның неліктен осыншама уақыт күткеніне және балаларының жаман қылықтарына неге назар аудармағанына тек болжам ғана жасауға болады. Қалай дегенде де «ұлдары Елидің айтқанына құлақ аспады» (1 Патш. 2:25 қараңыз). Бұл жерде оның да кінәсі барын көрсету үшін Құдай Елиге екі рет адам жіберді. Елидің балаларының жасаған күнәлары әлдеқайда үлкен болғанымен, шын мәнісінде бұл олардың әкелерінің өмірінің заңды салдары болды:

Ал енді, Менің жер бетіндегі тұрағыма
 әкеліп ұсынуға өсиеттеген құрбандықтарым мен
 сый-тартуларыма сендер неге ашкөздікпен қарап,
 оларды қорлайсыңдар? Неге сен ұлдарыңды Менен артық көресің?
 Халқым Исраилдің Маған арнап шалған құрбандықтарының
 ең жақсы бөліктерін алып, тойып жеп, семіресіңдер!...

Ұлдарының зұлымдығы үшін оларды
 біржолата жазалайтынымды Елиге хабарлағанмын.
 Ол ұлдарының Құдайды қорлағандарын біліп жүрсе де,
 оларды жүгендеп, тоқтатқан емес»

1 Патш. 2:29; 3:13

Ели балаларын бетімен жібергенінің жазасын толықтай тартты.

Бұл мысалдар әрбір баланың рухани жағдайы оның ата-анасының рухани жағдайына тікелей тәуелді дегенді дәлелдемейді. Бірақ олар ата-аналардың балаларына үлкен ықпал жасай алатындарынан және олардың тәрбиесі үшін жауап беретіндерінен куәлік етеді. Бар кінәні құрбыларға, мұғалімдерге, бұқаралық ақпарат құралдарына, қауымдық жастар тобына немесе осы дүниенің мәдениетіне аудару салу оп-оңай. Бірақ біз қалай дегенде де біздің қамқорлығымызға се-

ніп тапсырған отарының рухани жағдайы үшін Құдайдың алдында жауап береміз.

Көптеген сенуші ата-аналар өздерінің жеке бастарының үлгілері және бала тәрбиесінде қабылдаған (немесе қабылдамаған) шешімдері балаларының өмірлеріне қандай әсерін тигізетінін түсінбейді. Кейде ата-аналардың балаларының қандай шешімдерді қабылдауларына ерік беретіндеріне (көбіне жақсы ниетпен) қарап өзімнің қатты таңданатынымды және сол үшін мазасызданатынымды мойындаймын. Олардың балаларына қарсы айтатын уәждері жоқ секілді болып көрінеді. Олар балаларының Құдайды білмейтін құрбыларымен еркін араласуларына, сенбеуші ұл немесе қызбен кездесулеріне, үлкендерге сый-құрмет көрсетпеулеріне, мүлде бейәдеп киінулеріне және осы дүниелік фильмдерді көріп, музыканы тыңдауларына рұқсат береді де, содан кейін балаларының неліктен осы дүниені жақсы көріп, мәсіхшілікті жақтырмайтындарына таңданады.

Жақында менен мәсіхшілер мектебінің оқытушылары мен қызметкерлерінің алдында сөз сөйлеуімді өтінді. Мені шақырған қызметкер әйел балалардың рухани жағдайлары үшін мазасызданатынын айтқан болатын. Ол маған былай деді: «Бұл мектептің балалары Құдайды, Киелі кітапты жақсы көрмейді. Олар рухани нәрселерге мүлде қызықпайды». Егер бұл шынында да осылай болса, онда біз өзімізден: «бұл баалар өз отбасыларында не көрді (немесе көрмеді)? Мұндай жемісті не әкелді?» — деп сұрауға тиіспіз.

Бақытқа орай, бұл ұрпақта көзге айқын көрінетін кейбір ерекшеліктері бар. Бірақ, бүкіл елдегі көптеген қауымдық жастар топтарын бақылай келе, мен «мәсіхшілер отбасында өсіп жатқан» көптеген жастардың рухани мәселелерге мүлде дерлік қызығушылық танытпайтындарын байқаймын.

Егер біздің балаларымыз ержеткеннен кейін Құдаймен ортақ ештеңелерінің болмауын қаласа немесе одан да жаманы, өздерін мәсіхшілерміз деп есептеп, бірақ Құдай Сөзіне қайшы өмір сүрсе, онда мәселенің түбірі бізде — аға буын мәсіхшілерде. Бұл әрбір ізгі мәсіхшінің балалары да тек қана әділетті болып өседі дегенді білдірмейді. Бірақ, егер бізде мәсіхшілер отбасынан шыққан, бірақ ата-аналары сене-

ді деп есептелетін нәрселерден бас тартатын жастардың саны көбейіп келе жатса, онда олардың ата-аналарының қатарлары маңызды бір нәрсені жіберіп алғандарын мойындау қажет.

Егер біз балаларымыз үшін жауап бермейміз деген өтірікке сенуімізді жалғастыра беретін болсақ, онда келесі буынды өзінің патшалығы үшін жаулап алуға ұмтылатын дұшпанға көмектескен боламыз. Жазба әрбір ұрпақтың Құдайға сенім арту мен Оны құрметтеу мұрасын келесі ұрпаққа өткізіп отыруы тиіс екенін айтады. Бұл құрметті құқық және сонымен бір мезгілде салмақты жауапкершілік. Бізді келесі дерек сергітуі тиіс: біз өзіміз сепкен нәрсе үшін жауап береміз және сайып келгенде, өнімді өзіміздің жинауымызға тура келеді. Біз «салқын», тәртіпсіз осы дүниелік өмірді сүріп және бұл келесі ұрпағымызға әсерін тигізбейді деп үміттенеміз алмаймыз.

Әрине, мұны киелікітаптық тағы бір шындықпен теңшеу қажет: өзінің Құдай алдында қалай жүргені және Оған қалай мойынсұнғаны үшін әрбір ұрпақтың өзі жауап береді. Ата-аналарының не істегендеріне қарамастан, бір кезде өзінің таңдауы үшін әрбір адам Құдайдың алдында есеп береді (Заңд. қайталау 24:16; Иер. 31:29–30).

Ата-ана болу — ұлы да қасиетті міндет. Одан маңызды іс жоқ. Жақсы ата-аналар балаларын тәрбиелеуде толықтай Киелі Рухқа үміттерін артады. Ананың қолындағы ең күшті «құралдың» мінажат екендігі де осыдан.

Шындықтың бір ұрпақтан екіншісіне өтуіне кедергі жасау үшін дұшпан ата-аналарды алдайды. Оның өтірігіне сенетін және соның негізінде әрекет ететін ата-аналар өздерін және балаларын құлдыққа душар етеді. Ал шындыққа сеніп, сол бойынша өмір сүретін ата-аналар өз балаларын еркін, қуанышпен сүйе алады және оларды Құдайдың даңқы мен ізгілігін келесі ұрпаққа жеткізуге тәрбиелей алады.



АҚИҚАТТЫ ӨТІРІККЕ ҚАРСЫ ҚОЙ

ӨТІРІК

ШЫНДЫҚ

27. ҚАНША БАЛАМЫЗДЫҢ БОЛУЫ КЕРЕКТІГІН ТЕК БІЗ ҒАНА ШЕШЕМІЗ
- Құдай — өмірдің Жаратушысы.
 - Әйелдің өмір сыйлау туралы Құдайдан берілген міндетіне кедергі жасайтынның барлығы шайтанның өз жоспарын іске асыруына көмегін тигізеді.
 - Некенің мақсаттарының бірі — ізгілікті ұрпақ тәрбиелеп өсіру.
 - Балаларды дүниеге әкелу — Құдай әйелдерге орындауды белгілеген аса маңызды рөл. Балаларды Құдайдың батасы ретінде қабылдау қажет.
28. ӨМІРДІ БЛУ ҮШІН БАЛАЛАР «ШЫНАЙЫ ӘЛЕМДЕ» ӨМІР СҮРУГЕ ТИІС
- Біздің міндетіміз — осы өмірге ыңғайлана алатын немесе жай ғана тіршілік ете алатын емес, Құдай оларды осы дүниені өзгерту үшін пайдалана алатындай балаларды тәрбиелеп өсіру.
 - Жас шыбықтар секілді нәзік балалар рухани есейіп, жамандыққа өздігімен қарсы тұруға қабілетті болғанға дейін осы дүниенің әсерінен қорғалуға тиіс.
 - Құдайды қастерлеу және Оған сенім арту — балаларды зиялы мәдениет пен осы дүниенің өзгерістеріне қарсы тұра білуге даярлаудың жақсы құралдары.
29. БАЛАЛАРДЫҢ БӘРІ ДЕ БҮЛІК ШЫҒАРУ КЕЗЕҢІН БАСТАРЫНАН ӨТКІЗЕДІ
- Егер ата-ана балаларынан бүлік күтетін болса, онда сол бүліктің шығуы әбден мүмкін.
 - Құдай өсиеттерін орындайтын және балаларын да соған үйрететін ата-аналарға батасын беруге уәде етеді.
 - Ата-аналар балаларын Құдаймен өмір сүруге күштеп мәжбүрлей алмайды, бірақ үйінде олардың рухани өсулеріне ықпалын тигізетін жағдай жасай алады.

30. МЕН БАЛАМНЫҢ
СЕНУШ ЕКЕНІН
БЛЕМІН, СЕБЕБИ ОЛ
КІШКЕНТАЙ КЕЗІНДЕ-
АҚ МІНАЖАТ ЕТПІ,
МӘСІХКЕ СЕНІМ АРТҚАН
БОЛАТЫН

- Құдайды сүймейтін, Оны аңсамайтын, Құдайдың сөзі мен жолларынан бас тартатын адам өзінің құтқарылғанына сенімді бола алмайды.
- Әке-шешесінің өмір салтына қарамастан балаларымыз Құдайды таниды деп есептейтін ата-аналар өздеріне де, балаларына да жалған қауіпсіздік сезімін сіңіріп олар үшін тиісінше мінажат етпеулері мүмкін.

31. БІЗ БАЛАЛАРЫМЫЗДЫҢ
ТАҢДАП АЛҒАН
ӨМІРЛІК ЖОЛДАРЫ
ҮШІН ЖАУАПТЫ
ЕМЕСПІЗ

- Ата-аналардың өз балаларына жеке бастарының үлгісі, оқытуы және жетекшілігі арқылы ықпал жасауға мүмкіндіктері бар.
- Әрбір ұрпақ Құдай туралы білім мен Оған деген сенімді ұрпаққа жеткізуге жауапты.
- Ата-аналар Құдайдың өз қамқорлықтарына берген жандар үшін есеп береді.
- Өзінің Құдай алдында қалай жүргені үшін әрбір адамның өзі жауап береді. Ата-аналарының қандай болғанына қарамастан, өз таңдауы үшін Құдайдың алдында әркім өзі жауап береді.

❁ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ ❁

1. Құдаймен КЕЛІСІҢІЗ.

Сіз ата-аналар мен балалар жайындағы қандай өтірікке сендіңіз?

2. Жауапкершілікті ӨЗ МОЙНЫҢЫЗҒА АЛЫҢЫЗ.

Бұл өтірікке сену сіздің өмір салтыңызға қандай әсерін тигізді (адамдармен қарым-қатынасыңызға, іс-әрекеттеріңізге)?

3. Шындықты ЖАРИЯЛАҢЫЗ.

Жоғарыда келтірілген әрбір шындықты дауыстап оқып шығыңыз. Олардың қайсысы қазір сіз үшін аса маңызды?

Өз санаңызды Құдайдың Сөзімен жаңартыңыз. Келесі үзінділерді дауыстап оқыңыз. Бұл аяттар балалар және олардың өміріндегі ата-ананың рөлі жайында не айтады?

Зәбүр 126

Матай 19:13–15

Зәбүр 77:1–8

1 Саллониқалықтарға 2:7

4. Шындықтың негізінде ӘРЕКЕТ ЕТІҢІЗ.

Өміріңіз шындыққа сәйкес болу үшін қандай қадамдарды жасауыңыз қажет?

5. Құдайдан шындықта жүруіңізге көмектесуін СҰРАҢЫЗ.

Қымбатты Әке, әкелік жүрегің үшін Саған алғысымды айтамын. Мені асырап алғаның үшін рахмет. Менің қамымды ойлайтының үшін, қажеттіліктерімді қанағаттандырып, мені рухани есейтетінің үшін рахмет. Саған балаларға деген сүйіспеншілігің үшін алғыс айтамын, маған оларды Өзің секілді қабылдап, өзің секілді сүюді үйретіші. Мені әйел етіп жаратқаның үшін, дүниеге бала әкеліп, оның қамын ойлауды белгілегенің үшін рахмет. Өтінемін, менің тәнімнен жаралған және қамқорлығымы сеніп тапсырған балаларыма ана болу міндетін дұрыс атқаруға үйретіші. Менің өмірім кейінгі ұрпақты әділдікке ұмтылуға, Көктегі Әкеге ұқсас болуға мәжбүр ететіндей болсын. Аумин.

ӘЙЕЛДЕР СЕНЕТІН ӨТІРІК... ...СЕЗІМДЕР ЖАЙЫНДА

Қымбатты күнделік,

Біз Әбілден айырылып қалғалы да екі жылдай уақыт болыпты; мен үнемі ол туралы ойлап, әлі жүрегім ауырады. Қабыл туралы ештеңе естімегенімізге де бірнеше ай болды. Оның не істегені жайлы ойласам кейде қатты ашуға булығамын, ал кейде оны жай ғана құшақтап, сәби кезіндегідей еркелеткім келеді.

Адам өз сезімдері жайлы ештеңе айтпайды. Кейде мен оның мүлде бір нәрсені сезінетініне күмәнданамын. Ол менің өз сезімдерім жайлы айтқанымды ұнатпайды.

Мен жалғыздық азабынан құтыла алар емеспін. Кейде төсегімнен әзер тұрамын. Өзімді қара түнек жұтып қойғалы тұрғандай сезінемін. Шамамның қаншаға дейін жетерін білмеймін. Жанымның ауырмаған кезі есімде жоқ. Бақытқа қол жеткізетін күнім болар ма екен?

Осыдан бірнеше жыл бұрын мен қатысқан бір әйелдер конференциясында бізге тоңазытқышқа жапсыруға болатын қызықты магниттер сыйлады. Онда қысылу, шаттану, ашу, қайғы, сағыныш, қуаныш секілді түрлі сезімдердің тізімі жазылыпты. Әр сөздің үстіне соған сәйкес келетін бейненің күлкілі суреті салынған.

Бұл магнитке кішкентай жиектемеге ұқсас: «Бүгін мен...» деген жазуы бар тағы бір магнит берілді. Оны өзіңнің бүгінгі сезіміңді білдіру үшін соған сәйкес бейненің үстіне жапсыру қажет екен.

Егер де біздің кейбіреулеріміз бұл көрсеткішті сезімдеріміз өзгерген сайын ауыстырып отыратын болсақ, онда басқа ештеңе істеуге уақытымыз қалмас еді. Әйелдердің дәл осы сезімге тез берілгіштігі еректерді қолдарын жоғары көтеріп: «Мен берілдім. Мен сені мүлде түсіне алмаймын!» — деп мойындауға мәжбүр етеді және бұл үшін оларды ешкім айыптай алмайды.

Біз өзіміздің басқаруға көнбейтін сезімдерімізбен күрескен кезімізде, ең оңайы — сезімдер болмыстары бойынша күнәһар, сондықтан да оларды басып тастау қажет деп шешу. Өзіміздің рухани жағынан Құдайға ұқсас етіп жаратылғанымызды есте ұстауымыз қажет, ал бұл біздің түрлі сезімдерді басымыздан өткеруге қабілетті екенімізді білдіреді. Құдай бізге қуаныш, ашу, қызғаныш пен қайғыны қоса отырып таза сезімдердің бүкіл бір тізімін көрсетеді. Ол бізді түрлі сезімдерді Оның жүрегін көрсете алатындай және Оған даңқ әкеле алатындай етіп сезінуге және көрсетуге қабілетті етіп жаратты.

Қиындық бізде сезімдердің бар екендігінде емес — бұл Құдайдан берілген сый. Қиындық — біздің сезімдеріміздің Құдайдың сезімдеріндей емес, олардың күнәмен бүлінгендігінде. Оларды ізгілікпен көрсете алуымыз үшін, біз Киелі Рухтың сезімдерімізді киелендіруіне ерік беруге тиіспіз.

Дұшпанның бізді құлдыққа түсіруге ең қабілетті қаруы — біздің сезімдеріміз. Ол бізді сезімдер жайындағы өтірікке сенуге мәжбүр етеді.



Егер мен бір нәрсені сезінетін болсам, онда мұның шындық болғаны

Дұшпан біздің егер біз өзімізді сүйікті сезінбейтін болсақ, онда бізді шынында да ешкім сүймейді, егер біз қандай да бір қиындықты жеңе алмайтынымызды сезінсек, онда шынымен де ештеңе істей алмаймыз, егер біз Құдайдың өзімізді тастап кеткенін немесе Оның бізге қатысты әділетсіз әрекет жасағанын сезінетін болсақ, онда бұл шынымен де солай шығар, егер біз жағдайымыздың үмітсіз екенін сезінетін болсақ, яғни, шынында да үміт жоқ, егер біз өзіміздің құтқарыл-

ғанмызды сезінбейтін болсақ, онда біз шын мәнінде де құтқарылмаған болармыз деген өтірікке сенгенімізді қалайды.

Бірақ мәселе біздің сезімдеріміз күнәнің кесірінен көп жағдайда шындықпен жанаспайтындығында. Сезімдер көп жағдайда ненің шындық, ал ненің өтірік екенін анықтайтын өлшем бола алмайды. Сезімдеріміз Құдайдың тұрақты шынайылығы мен Оның шындығына емес, үнемі өзгеріп тұратын жағдайларға негізделген кезде, біз рухани тепе-теңдікті сақтау қабілетінен айырыламыз.

Сезімнің көтеріңкі болуы үшін көп нәрсенің қажеті жоқ; бұл үшін жарқыраған шуақты күн, жалақының көбеюі, үлкен бір жобаның жақсы аяқталуы немесе бірнеше килограммды жоғалту жеткілікті болады. Сол секілді сезімнің құлдырауы да түрлі себептердің кесірінен болуы мүмкін, мысалы: жауынды жаз, жұмыс күнінің ауыр болуы, салмақтың қосылуы, ұйқысыз өткен түн немесе жай ғана тым кеш ішкен кешкі асымыз.

Ал бұларға бес жылдың ішінде төрт баланың дүниеге келуі, қоныс аудару, жұмыстан айырылу, жұбайдың немесе баланың қайтыс болуы, қартайып, алжыған ата-анаға қарау немесе қатерлі ісік секілді «салмақты» оқиғаларды қосатын болсақ, онда біз өз сезімдерімізге ие бола алмай қалуымыз мүмкін.

Жүйкеміздің сыр беруіне жол бермеу үшін, бізге жай ғана жүрегіміз бен ойларымызды үнемі шындықтың айналасында ұстауымыз қажет. Ал шындық — менің мұны сезінетін, сезінбейтініме қарамастан Құдайдың рақымды екендігінде. Мұны сезінсем де, сезінбесем де Құдай мені сүйеді. Мен өзімді кешірілген адам ретінде сезінген-сезінбегеніме қарамастан, Иса Мәсіхтің мен үшін төккен қаны маған кешірімді сыйлайды. Құдай мені ешқашан тастап кетпейді, әсіресе өзімді жалғыз, жұртта қалған секілді сезінген кездерімде Ол үнемі менің жанымда болады.

Егер біз шындықта жүруді қалайтын болсақ, онда сезімдеріміздің тұрақты түсініп шындыққа сәйкес келмейтін кез келген сезімнен бірден бас тартуға даяр болуымыз қажет.

Бір әйел (оны Конни деп атайық) өзінің сенімдерінің шындықтан гөрі сезімдерге көбірек негізделгенін мойындады. Өз сезімдерін шын-

дықтың басқаруына ерік бере алатынын түсінген кезде оның ой-санасының қалай өзгергеніне назар аударыңыз:

Құдайдың баласы бола тұра, мен өмір бойы кейбір шындықтар тек менен өзгелер үшін ғана қолдануға лайықты... Құдай маған емес, соларға рақымды. Құдай мені емес, соларды сүйеді... Құдай үшін мен емес, өзгелер қымбат деген өтірікке сеніп келдім. Мен Құдайдың рақымды екендігінің, Оның мені сүйетінін және Ол үшін өзімнің құнды екендігімнің «деректерін» білетінмін. Бірақ менің басымдағы ойлар мен сезімдерім ешқашан сәйкес келмейтін. Егер Құдай мені сүйетін болса және мен Ол үшін соншалықты құнды болсам, онда өзімді сүйікті де қажетті сезінген болар едім.

Сіздердің «Әйелдер сенетін өтірік» атты семинарларыңыздың арқасында менің не сезінетініме қарамастан Өзінің шындығының шындық күйінде қала беретінін Құдай маған ашып берді. Құдайды немесе Оның Сөзінің шындығын, мінез-құлқын ештеңе де өзгерте алмайды. Ол маған рақымды. Ол мені сүйеді. Мен шындықты ұстанатыныма немесе шайтанның өтірігіне сенетініме таңдау жасай аламын. Ал Құдайдың шындығы ешқашан өзгермейді және теріске шығаруға келмейді.



Філіпіліктерге Жолдауының соңғы тарауында елші Пауыл рухани тепе-теңдік пен сезімдегі тұрақтылықты сақтаудың ережесін береді:

*Әрдайым Иемізбен байланыстарыңа қуаныңдар!...
Еш нәрсені уайымдамай, барлық жағдайда өтініштеріңді
Құдайға сиынып тілекпен және шүкірлікпен білдіріңдер!
...Күллi шынайы да қастерлі, әділ де таза, ұнамды
да тартымды нәрселер туралы ойлана беріңдер.*

Нәтиже?

Сонда Құдайдың адам ақылынан асқан керемет тыныштығы сендердің жүректерің мен ой-саналарыңды Мәсіх Исада сақтайды... Сонда тыныштықтың қайнар көзі — Құдай сендерге жар болады.

Філіп. 4:7, 9



Мен өз сезімдерімді басқара алмаймын

Дұшпан бұл өтірікті бізді сезімдерімізге толықтай тәуелді екенімізге сендіру үшін қолданады. Біз шынында да барлық уақытта бірдей сезімдерімізді өзгерте алмаймыз, бірақ біз сезімдеріміздің өмірімізді басқаруына жол беруге тиіс емеспіз.

Мүмкін, сіз медициналық тексерудің алдында толқынысыңызды баса алмайтын боларсыз, бірақ сіз сабаңызға түсіп, тексерудің қорытындысы үшін мазасыздануыңызды тоқтатуыңызға болады. Мүмкін, сіз айдың белгілі бір күндерінде ашушандығыңызды баса алмайтын боларсыз, бірақ сіз жолыңызда кездескеннің бәріне дөрекі сөйлеуіңізді қоя аласыз. Жалғыздығыңыз шегіне жеткен шағында сізге әйелі бар еркек қызығушылық таныта бастаса, мүмкін, өзіңізді әлсіз сезінуден арыла алмассыз, бірақ сіз өзіңізге ие болып, оған ғашық болып қалудан бас тарта аласыз!

Бойымызда буырқанған сезімдерге қарамастан, Құдайдың рақымымен шешім қабылдап, Оған сенім арта аламыз. Бұл ешбір қиындықтарға қарамастан адал болып қалуымызға көмектесетін тыныштық пен игілік әкеледі.

Менің сүйікті жазушым Ханна Уайтолл Смиттің өмірінде болған жағдайлар кімнің де болса жүйкесін жұқарта еді. Ол рухани және сезімдік жағынан тұрақсыз болып шыққан уағыздаушыға күйеуге шықты. Күйеуі оның көзіне шөп салды. Бес баласының екеуі қызамық ауруынан көз жұмды. Бір қызы күйеуінен әлдебір суретшімен қашып кетті; екінші қызы белгілі атеистке күйеуге шықты. Ханнаның өзі артриттен азап шекті. Бірақ ол өз өмірін сезімдерінің негізінде құрған жоқ. Оның кітаптары сезімдерге еш тәуелсіз Құдайдың соңынан еруге және Оған мойынсұнуға деген шешімділікті бейнелейді.

Біздің Құдаймен қарым-қатынасымыз сезімдердің негізінде құрылмауы тиіс. Сезімдер — бар болғаны біздің еркіміздің қызметшілері.

Ерік сезімдерімізді біз саналы түрде соған сәйкес шешімдер қабылдаған кезімізде ғана басқара алады. Сезімдерім деректермен сәйкес келмеген кездерде мен мына шындықты жариялаймын...

Буырқанған сезімдер дауылға ұшыраған кеме секілді, өзін ұстап қалуға қабілетті зәкірді қажет етеді, — егер сіздің еркіңіз оларды құдіретті Құдайға бағындыратын болса, онда олар біртіндеп басылып қалады.

Жазбада ешқандай дауылдарға қарамастан сезімдерді бақылауда ұстауға көмектесетін Құдайдың көптеген уәделері мен өсиеттері бар:

- Құдай Сөзі былай деп уәде етеді: «Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын!» (Матай 28:20). Яғни, біз өзімізді құрсап алған жалғыздық сезіміне бағынуға міндетті емеспіз.
- Құдай сөзі былай деп уәде етеді: «Ол қамдарыңды ойлайды!» (1 Петір 5:7). Яғни, біз ертеңгі күнімізді уайымдамай, тыныш ұйықтай аламыз.
- Құдай Сөзі былай деп уәде етеді: «Таулар қозғалып, төбелер шайқалар, бірақ Менің сүйіспеншілігім сенен айнымас» (Ишая 54:10). Яғни, бізге қорқынышта өмір сүрудің қажеті жоқ.
- Құдай сөзі былай дейді: «Менің беретінім осы дүниенің беретін өткінші тыныштығы сияқты емес, сондықтан көңілдерің қобалжып, қорықпаңдар» (Жохан 14:27). Яғни, қандай жағдайларда болмасын, қорқынышқа берілмеуімізге болады.
- Құдай Сөзі былай дейді: «Еш нәрсені уайымдамаңдар...» (Філіп. 4:6). Бұл біздің барша уайымдарға қарамастан тыныштыққа ие бола алатынымызды білдіреді.
- Құдай Сөзі былай дейді: «...Оған барлық жағдайларда да алғыс айтыңдар!» (1 Салоникалықтарға 5:18). Яғни, айналамыздағының бәрі қирап жатса да біз алғыс айтуға тиіспіз.

- Құдай сөзі былай дейді: «...Жауларыңды жақсы көріңдер!» (Матай 5:44). Бұл біздің Киелі Рухтың күшімен адамдарды ештеңеге қарамастан сүйе алатынымызды білдіреді.
- Құдай Сөзі былай дейді: «...Біреуге өкпелерің болса, оны кешіріңдер!» (Марқа 11:25). Бұл оның бізге қарсы қандай күнә жасағанына қарамастан, біз кешіре алмайтын адамның жоқ екенін білдіреді.

Біз Мәсікке қарап, әрбір ойымызды шындыққа бағындырған кезімізде, Киелі Рух біздің сезімдерімізді киелендіреді және табиғаттан тыс игілікті, жұбаныш пен тыныштықты сыйға тартады:

Сонымен, Мәсіх өлімнен қайта тірілгенде сендер
Онымен бірге рухани тірілдіңдер. Сондықтан көкке
лайықты қасиеттерді иемденуге ұмтылыңдар! Өйткені Мәсіх көкте,
Құдайдың оң жағында отыр. Ойларыңды күнәһар
дүниедегіге емес, көктегіге аударыңдар!

Колос. 3:1-2

...Адамдардың Құдайды тануларына бөгет
болатын тәкаппарлық атаулыны құртып, күллі ой-пікірлерін
Мәсікке бағындырамыз.

2 Қорынт. 10:5

Әрдайым ойын Саған бағыттаған,
әрі сенімін бір Өзіңе артқан жанды сақтайсың
Сен тыныш, аман.

Ишая 26:3



Гормональдық өзгеріс болған кезде, мен өзіме жауап бере алмаймын

Егер біз бұл өтірікті қабылдайтын болсақ, онда көп өтпей-ақ өзімізді шарасыз сезінгенде немесе мазасызданған кезде өз-өзімізді ұстай

алмаймыз деген өтірікке де сенеміз. Біз өз сезімдерімізге сеніп қана қоймай, оларға бағынуға да бейімбіз.

Сонымен, егер түнгі сағат онда аяқ астынан шоколадты балмұздақ жегіміз келсе, онда біз бірден тоңазытқышқа қарай бет аламыз. Егер ұйқымыз келмесе, түннің жарымына дейін фильм қараймыз. Егер келесі күні таңертең төсегімізден тұрғымыз келмесе, біз көрпемен басымызды бүркеп, науқастанып қалған түр көрсетеміз. Егер кешкі ас дайындауға аса құлқымыз болмаса, онда пиццаға тапсырыс береміз. Егер де үйдің ішін жинастырғымыз келмесе, онда үйдегі бұл ретсіздіктің күйзеліске ұрынуымызға себеп болуын күтеміз.

Мәселе мынада, егер біз сезімдеріміздің жетегінде кетіп, өміріміздің тізгінін беріп қоятын болсақ, онда қиындықтар туындаған кезде тағы да соларға құлақ асуымыз әбден мүмкін.

Соңғы жылдары әйел өмірінің бірнеше кезеңі жайында көп айтылады. Кейбір зерттеулер біздің қаншалықты «тамаша жаралғанымызды» түсінуімізге шындығында да көмектеседі. Бірақ қазір көптеген әйелдер тек өз бастарын ғана ойлайтын болды және адамдарға қатысты бұл кешірімсіз қылықтарын ғалымдардың деректеріне негіз деп ақталады.

Кейбір әйелдер жаман көңіл-күйлері мен жағымсыз қылықтары үшін жауапкершілікті өздерінің етеккір циклдарына жүктеуге тырысады (менің де жиі осылай еткім келеді). Бұл адасушылық Марияның некесін талқан етуге аз-ақ қалды:

Менің жасым елу екіде және мен сіз айтып отырған өтіріктің бүкіл өмір бойы жүрегімді билеп келгенін көріп тұрмын. Күйеуім мұны әшкерелеп, маған шындықты ашып беруге тырысты, бірақ менің алдауға түскенім сондай, оған тіпті құлақ асқым да келмеді. Мен тек күйеуім менен кетуге жиналғанда ғана барып есімді жидым.



Кейбір әйелдер өздерінің көңіл-күйлерінің үнемі өзгеріп тұруы мен адам түсінбейтін әрекеттерін жүктіліктің ауыр өтуімен «түсін-

діреді» (ақтайды деп есептесеңіз де болады). Мен етеккірлері тоқтап, бала туудан қалатын мезгілдері жеткенде жүйкелерінің сыр беретініне алдын ала дайындалған әйелдерді де кездестірдім.

Біздің ағзамызда болатын процесстердің сезімдерімізге, ойларымызға, тіпті, рухымызға әсер ететіні сөзсіз. Біз өз тұлғамыздың кейбір құбылыстарын бейтараптандыра алмаймыз — олардың бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Бірақ тәни жағдайымызға немесе гормоналдық өзгерістерге негіздеп, тәни, күнәһар әрекеттерімізді ақтауға тырысқан кезімізде біз шайтанның торына түсеміз.

Он екі жасымда жыл бойы еш себепсіз жылаумен болғаным есімде. Ал қазір сол кезде менің ағзамда салмақты өзгерістердің жүргенін — өзімнің әйелге айнала бастағанымды түсінемін. Бірақ қазір мен сол кездегі ашушаңдығым мен өкпешілдігімді кешіруге мұның себеп бола алмайтынын да түсінемін.

Көп жылдар бұрын жұмыс кестемнің тығыздығынан тәни және сезімдік жағынан қатты шаршап жүрдім. Адамдармен қарым-қатынасым нашарлап, көзіме көрінгеннің бәрін сынай бастадым. Айналадағы адамдарға менің жанымда болу аса қиынға айнала бастады. Сонда бір досым маған былай деді: «Сенің шаршағандығың өзіңді осылай ұстауыңа құқық бермейді». Сол кезде бұл әшкерелеудің маған ұнамағанын мойындаймын, бірақ дәл сол сәтте бұл маған аса қажет еді — бұл жанға бататын, бірақ қажетті шындықты еске салу болды.

Құдай біздің ағзамызды «жыл мезгілдері» мен циклдары болатындай етіп жаратты. Әрине, өмірдің әрбір кезеңінің өз қиындықтары бар. Күнәмен құлдыраудың салдарының бірі — босанудың ауыр болуы. Бірақ әңгіме тек босану туралы ғана емес. Мысалы, кейбір әйелдердің етеккір кезінде тартатын азаптары да күнәмен құлдырауды біздің есімізге салады.

Бірақ етеккір циклы — бұл сондай-ақ Құдайдың бізді әйел етіп жаратқанының, сондықтан біз бала көтеріп, оларға өмір сыйлай алатындығымыздың ескертпесі де. Күйеуге шықпасам да, бұл менің кім екенімді, Құдайдың мені не үшін жаратқаны және Құдайды осында,

жер бетінде қалай дәріптей алатындығымның тамаша ескертуі екенін білемін.

Біздің тәнімізді жаратқан Құдайдың Өзі емес пе? Құдай ағзамыздың қалай орналасқанын түсінбейді дейсіз бе? Сіз шынымен-ақ біздің гормондарымыз, етеккіріміз, жүктілігіміз бен етеккіріміздің тоқтауы Құдайды таңдандырады және Ол осындай кездерде біздің қамымызды қалай жасауды білмейді деп ойлайсыз ба?

Зәбүр жазушы Құдайды қамқорлығы үшін және біздің ағзамызды тамаша етіп жаратқаны үшін мадақтайды:

...Сен іш құрылысымды қалыптастырдың,
ана құрсағыңда мені жараттың... Тамаша жаралдым,
Сені мадақтаймын, керемет ғажап — жасаған істерің,
мұны мен шын жүректен мойындаймын... Мен ана
құрсағыңда қалыптастым, құпия жерде жатқанда жаратылдым,
Сенен таса болмады сонда сүйектерім... Ұрық күйімде мені көзіңмен
көрдің. Сен маған бұйырған күндердің бірі әлі де тумас бұрын,
солардың бәрі Кітабыңда жазулы тұрған еді.

Зәбүр 138:13–16

Қандай тамаша ой! Дүниеге әлі келмей тұрып-ақ Құдай сіздің денеңіздің әрбір молекуласын, өміріңіздің әр күнін мұқият жоспарлап қойды.

Ол сіздің алғашқы етеккір келетін күніңізді белгіледі, қашан және қанша бала көтеретініңізді анықтап қойды. Ол сіздің денеңізде әрбір сәтте не болып жатқанын анық біледі.

Дана әрі сүюші Құдайдың сіздің гормондарыңызбен не болып жатқанын білмеуі немесе өміріңіздің әрбір кезеңінде сізге қамқорлық жасай алмауы мүмкін бе? Ол оңай өмір ұсынбайды, бірақ сіздің барша қажеттіліктеріңізді қанағаттандыруға әрбір кезеңдегі қиындықтарды жеңуіңізге жеткілікті рақымын сыйлауға уәде етеді.

Менопауза мен эстроген туралы кітаптар жазылудан көп бұрын Франциск де Сале (1567–1622) барлық жастағы әйелдер үшін дана сөздер айтып кетті:

Өмірде болатын өзгерістерден қорықпаңдар. Одан да болашаққа өздерің меншігі болып табылатын Құдай сендерді барша жамандықтардан азат егеді деген үмітпен қараңдар. Ол сендерді осы күнге дейін сақтап келді. Сонымен, Оның қолынан мықтап ұстаныңдар, сонда өмірлеріңде Ол сендерді жетелеп жүреді. Ал сендер енді жүре алмайтын болған кезде, Ол сендерді қолына көтеріп алады... Дәл осы күні сендердің қамдарыңды ойлайтын мәңгілік Әке ертең және әрбір күні сендердің қамдарыңды жасайды. Ол сендердің азапқа түсулеріңе жол бермейді немесе оған шыдауға күш береді.

Салониқалықтарға Бірінші жолдаудағы Пауылдың мінажаты тек І-ғасырдағы сенушілерге ғана арналмаған. Және ол тек еркектер үшін ғана емес. Мен бұл мінажаттың әйел өмірінің қай кезеңіне де лайықты екеніне сенемін. Бұл мінажатқа жауап міндетті түрде келеді, бізге тек сенім керек.

Тыныштықты сыйлайтын Құдай сендерді
Өзіне толықтай бағышталдырып, қасиетті өмір сүргізісін.
Иеміз Иса Мәсіх қайтып келгенде мінсіз болуларың үшін
рухтарың мен жан-тәндерің кіршіксіз пәк сақталсын.
Сендерді шақырған Құдай сенімді,
Ол бұларды жүзеге асырады да.

1 Салониқалықтарға 5:23, 24



Күйзелісті ең бірінші дәрінің көмегімен емдеу қажет немесе психиатрға қаралу керек

Осы тарауды жазып отырған кезімде маған бір бағушының әйелі қоңырау шалды. Ол күйеуінің көп жылдан бері күйзелістен арыла алмай жүргені үшін уайымдайтынын айтты. Бұл олардың некелеріне үлкен әсерін тигізуде екен.

Әңгіме барысында ол маған осыған ұқсас жағдайларға тап болған көптеген адамдарды мазалайтын сұрақты қойды: мүмкін, бұл тұқым қуалаған ауру болар? (Оның күйеуінің отбасында өз-өзіне қол салу оқиғалары болыпты). Мүмкін, бұған нашар денсаулығы немесе оның

қабылдаған дәрілері кінәлі болар? Бұл жерде шайтанның қатысы жоқ па екен? Мүмкін, күйеуім белгілі бір рухани шындықты түсінбей, соның кесірінен қобалжып жүрген болар?

Күйзеліс — әйелдердің басты қиындықтарының бірі, біз одан еркектерден екі есе артық зардап шегеміз. Әйелдердің күйзелісі қазір Батыста бұрын ешқашан және еш жерде болмаған деңгейде белең алды. Дәрігерлердің бұл науқасты бастала салған сәтінде анықтап, оны дәрімен және психотерапиямен емдейтіндеріне қарамастан, аурулардың саны тек өсе тусуде және одан айыққандардың пайызы тым төмен.

Киелі Жазба бойынша күйзеліс деп аталатын жан ауруы — күнәмен құлдыраған әлемдегі өмірдің салдары. Римдіктерге Жолдауының 3-тарауында Пауыл барлық жаратылыс иелерінің қарғыс атқан күнәһар әлемнен құтылатын күнді асыға күтіп, «іштей ыңқылдай күрсінетінін» жазады.

Күйзелістің, тұқым қуалау мен өзге де тәни факторлардың арасындағы өзара байланысты анықтау үшін көптеген ғылыми және медициналық зерттеулер жүргізілді. Көп нәрселер әлі күнге дейін зерттелмеген күйінде қалуда, сондай-ақ әр түрлі емдеу тәсілдерінің салдары жайында да көп нәрселер белгісіз. Бірақ біз күйзелістің белгілерінің көп жағдайда қайырымсыздық, шешімін таппаған жанжалдар, жауапкерсіздік, кінәлілік сезімі, қайғы, кешіргісі келмеу, сенімсіздік, өз құқыларының толықтай орындалуын талап ету, ашушаңдық және өзімшілдік секілді рухани және жан сырқаттарының нәтижесінде болатынын анық білеміз.

Егер бұл аурудың негізгі алғашқы белгілерімен күрес жүргізбесе, онда бұл міндетті түрде біздің жандық және тәндік саулығымызға әсерін тигізеді. Кей жағдайларда дәрілер күйзелістің белгілерін әлсірете алады. Бірақ, егер күйзелістің негізгі себебі тән сырқаты болмаса, онда дәрілердің әсері тек уақытша ғана болады. Дұрыс тағайындалған дәрілер күйзелістің ауыр түріне шалдыққан адамның өз-өзіне келіп, сырқатының себебін түсіну үшін айқын ойлай бастауына көмектесе алады. Бірақ бірде-бір дәрі рухтың ауруын жаза алмайды. Өкінішке орай, адамдардың басым бөлігі өз қиындықтарының ше-

шімін дәрілерден күтеді. Бірақ егер адам өзінің ішкі қиындықтарын шеше алмайтын болса, онда оның шынайы азаттық алудан үміттенбей-ақ қоюына да болады.

Мүмкін, сіз Киелі кітапта әңгімеленетін адамдардың көпшілігінің күйзелістен зардап шеккендерін естігенде таңданатын боларсыз. Олардың тарихтары осы аурудың кейбір себептерін анықтауға көмектерін тигізе алады:

Мысалы, жүрегі қатты қалаған нәрсесіне қол жеткізе алмаған Ахаб патша күйзеліске ұшырады. Көршісі оның көңілі ауған жерді сатудан бас тартқан кезде Ахаб қатты қапаланып, «түнере ашуланған күйі сарайына қайтты... Сонда ол төсегіне жатып, бетін басқа жаққа бұрып, нәр татпады» (3 Патш. 21:4). Оны жаман ойларынан арылтпақ болған әйелі Езабел жерді иеленуге көмектесуге уәде берді. Ол күйеуіне былай деді: «Орныңнан тұрып, тамақ же! Ол туралы уайымдамай-ақ қой! Изреддік Набутайдың жүзімдігін мен-ақ қолыңа тапсырамын» (3 Патш. 21:7).

Менің өз өмірімдегі сезімдік құлдыраулар көбіне белгілі бір сәтсіздіктермен байланысты болып келетінін мойындауға тиіспін. Мен жүрегімнің түкпірінде ашудың бас көтере бастағанын сезінемін, бірақ оны сыртқа шығармай, мұны біреу байқап, Ахабқа көмектескен Езабел секілді маған да көмектесуге талпына ма деген үмітпен оны тежеп ұстаймын.

Жүністің тарихы күйзеліс пен өз-өзіне қол жұмсау туралы ойдың Құдайға деген ашудан да пайда болуы мүмкін екенін көрсетеді. Құдай Жүністің ойы бойынша өлімге лайық ниневиліктердің көзін құртпаған кезде «...Жүніс бұған қатты ренжіп, ашуланды. Ол Жаратқан Иеге сиынып былай деді: «...О, Жаратқан Ие, енді жанымды ала гөр. Маған тірі жүргенше, өлген артық». (Жүніс 4:1–3). Жаратқан Ие оның ашуға бой алдырғанын әшкерелеп: «Сенің ренжіп, ашулануға қандай қақың бар? — деген сұрақ қойды» (Жүніс 4:4).

Жүніс өзіне көлеңке беріп тұрған бұтаның қурап қалғанына бұдан қатты ашуланған кезде бұл әңгіме тағы қайталаңды. Құдай оның күйзелісінің жағдайларға емес, пайғамбардың тапсырманы қалай қабылдағанына байланысты екенін түсінгенін қалады.

Ханна Құдайға берілген, әділетті әйел болды, бірақ күндесімен на-шар қарым-қатынасының және орындалмаған арманының кесірінен күйзеліске ұшырады. Күйеуі оны өте жақсы көретін. Бірақ бізге бел-гісіз себептермен Құдай Ханнаға бала бермей қойды. Оның бұл уайы-мын балаларды бірінің артынан бірін дүниеге әкелген күндесі Пәнана тереңдете түсті. Ол Ханнаға үнемі тиісіп, оның қытығына тие беретін:

Бірақ күндесі Пәнана Ханнаны кекетіп-мұқатып,
Жаратқан Иенің оған перзент сыйламағанын бетіне басып,
ренжіте беретін. Ол жыл сайын солай істейтін.
Олар Шилоға Жаратқан Иенің үйіне өрлеп барған кезде
Пәнана Ханнаны осылай өкпелететін. Ханна болса
егіле жылап, астан дәм татпайтын.

1 Патш. 1:6-7

Біз орын алған жағдайлардан Құдайдың қолын көре алмасақ неме-се Онымен қарсыласа бастасақ, онда рухани жағынан да, сезімдік жағынан да әлсізденеміз.

Дәуіт патшаның өмірі күйзеліске кейде өз күнәларымыздың, ал кей кездері осы күнәһар дүниеде қашып құтылуға болмайтын жан азабының себепкер болатынын көрсетеді.

31-Зәбүр Барсабиямен жасаған күнәсіне және Ұрияны өлтіргеніне өкінген Дәуіттің жан азабын көрсетеді:

Күнәмді айтқым келмеп еді,
сонда аяқ-қолым сырқырай берді, ыңқылдап жүрдім
күні бойы. Себебі күні-түні Сенің қолың зілдей боп
үстімде жатты менің. Сол кезде жаздың аптабы семдірген
көк шөпке ұқсап солып қалдым мен.

Зәбүр 31:3/4

Бірақ Дәуіт барлық уақытта бірдей өз күнәларының кесірінен күйзеліске түскен жоқ. Оның өмірінде оқтын-оқтын қиын сәттер туын-

дап тұрды және бұл оның күнәларымен тікелей байланысты емес болатын. Ол өзінің торыгуын көптеген жырларда бейнелейді:

Назар аударып, жауап берші маған,
аһ ұрып, абыржып жүрмін қайғыдан... Жүрегім қинала
дірілдейді, өлімнің қорқынышы тап береді. Үрей мен қалтырау
басып алады, қорқыныш билейді тұла бойымды...
Көз жасымды көл қыламын күндіз-түні, себебі адамдар
менен күні бойы: «Құдайың қайда?» деп сұрай береді.

Зәбүр 54:3, 5,6; 41:4

Өмір жанына жарақат салған кезде Дәуіт Құдайды көмекке шақыруды үйренді. Ол шындықтарды қайталау керек екенін, өзіне қиын сауалдар қойып, Құдайдың мінез-құлқын түсінуі арқылы жұбануы керектігін түсінді.

Жан дүнием, неге сен мұңаясың,
Бойымда алаңдап, неге мазасызсың?
Жалғыз Құдайдан үмітіңді үзбе!
Өйткені Құтқарушымды — өзімнің
Құдайымды мадақтаймын әлі де.

Мұңаяды ішімдегі жан дүние.
Мен Иордан жағасындағы елде,
Хермон, Мизар тауларының жерінде
Аңсап ойлайтын боламын Сені...

Жаратқан күндіз рақым жасап маған,
Мен Оны түнде мақтап, жырлап шығам,
Һәм мінажаттарымды бағыштаймын
Құдайыма Өзіме өмір сыйлаған.

Зәбүр 41:6,7, 9

Доктор Мартин Ллойд-Джонс өзінің «Рухани күйзеліс» атты кітабында осы аяттарды қолданады және жабығып жүргендерге былай дейді:

Сіздер өз рухтарыңыздан: «Сен неге мұңаясың? Сені не алаңдатып, тыныштығыңды алып жүр?» — деп сұрауға тиіссіздер. Күңкілдеп, шағым айта берудің орнына сіздер өздеріңізді: «Құдайдан үмітіңді үзбе», — деп жігерлендіріңіздер. Сіздер Құдай туралы, Оның болмысы туралы, Құдайдың өздеріңіз үшін не істегені және тағы не істеуге уәде еткені жайында ойлануға тиіссіздер.

Жақыптың хатының соңғы тарауында күйзеліске ұшыраған адамдарға іс жүзіндегі кеңес беретін үзінді бар:

Кейбіреулерің азап шеккенде,
 Құдайға сиынсын, көңілді болғанда, мадақтау жырлары
 мен әндерін айтсын. Қайсыбіреуің ауырып қалса,
 қауым жетекшілерін шақыртсын. Олар соның
 маңдайына Жаратқан Иенің атынан май жағып,
 оның үстіне қолдарын жайып сиынсын.
 Сеніммен сиынғандарыңа бола Иеміз
 науқастың денсаулығын қайтадан қалпына келтіріп,
 сауықтырмақ. Егер ол күнә жасаған болса, кешірілмек.
 Сондықтан сауығып кету үшін, жасаған күнәларыңды
 бір-біріңе айтып мойындап, бір-бірің үшін сиыныңдар!
 Әділ адамдардың Құдайға сиынуларының
 күші орасан зор.

Жақып 5:13–16

Бұл жерде ең алдымен сезімдеріміздің немесе жағдайлардың қандай болғанына қарамастан, ең бірінші Құдайдан көмек сұрауымыз керектігі жайында айтылады. Жағдайымыз жақсы ма, жоқ әлде азап шегіп жүрміз бе, бақыттымыз ба, жоқ, қайғырып жүрміз бе, деніміз сау ма, әлде ауырып жүрміз бе — ең алғашқы қадам қашан да Құдайдың қатысуын сезіну болуы тиіс. Қиын жағдайларда Құдайдан соларға төтеп беруіміз үшін қажетті нәрселердің бәрімен қамтамасыз етуін өтінуіміз қажет.

Бірақ біз көп жағдайларда Құдай туралы ойламаймыз. Егер жанымыз ауыратын болса, онда біз жұбату іздеп бірден аурудан айықтыру-

дың материалдық көздеріне бет бұрамыз. Сайып келгенде, бізге Киелі кітапты ашып тізерлей отырып, «жанымыздың қараңғы түнінде» Құдайдың не айтатынына құлақ салғаннан гөрі, өзімізді тыңдап, жұбату сөздерін айтатын құрбымызға қоңырау шалғанмыз әлдеқайда жеңіл. Тәни қалауларымыздан кесімді түрде бас тартып, Рухта өмір сүргеннен гөрі бізге ауруымызды тамақтың күшімен немесе ұйқы арқылы басқанмыз әлдеқайда жеңіл. Өзімізді бағындырып, ашушаңдығымыз үшін кешірімді Құдай мен адамдардан іздегеннен гөрі, бізге өз сезімдерімізді теледидардың шуылымен басқан жеңілге түседі. Құдайдан басымызға түскен қиындықтардың себептерін сұрағаннан гөрі, бізге күйзеліске қарсы дәрілердің кезекті қорабын сатып алған оңайға түседі. Ал, мүмкін бұл біздің разы болмауымыздың, талапшылдығымыздың немесе қатты ренішіміздің кесірінен туындаған болар? Осы дүниелік құралдар уақытша ғана жеңілдік әкелуі мүмкін, олардың әрекеттері тез аяқталады. Мұндай кездері біздің терең қажеттіліктерімізді тек «жұбаныш пен жігер атаулының Құдайы» ғана қанағаттандыра алады.

Мен өзге құралдардың бәрі бірдей жаман деп тұрған жоқпын. Кішкентай үш баласы бар жас ананың, мүмкін, ұйқысын қандырғаны да дұрыс шығар. Кейде біздің көңіл-күйімізді дәмді тағам да көтеругі мүмкін. Күйзелістің кейбір белгілерін дене жаттығулары арқылы да жеңілдетуге болады. Егер шындықты есімізге салатын болса, онда бізді достарымыз да жұбата алады. Дәрігердің күйзеліске себепкер болған ауруды тауып, оны емдеп жазуы мүмкін. Бірақ тәндік және рухани қиындықтарды шешу үшін кәсіби мамандар мен дәрілердің көмегіне жүгіне беруге бейімділіктің соңы миллиондаған әйелдердің бұрынғысынан да нашар күйге ұшырауларына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Әрі қарай Жақып жараланған жүректі сауықтыруда Мәсіхтің рухани денесі болып табылатын қауымның маңызды рөл атқаратынын айтады.

Соңғы біраз жылда түрлі сезімдік және жүйке ауруларына ұшыраған адамдарға тек «мамандар» ғана көмектесе алады деп есептеу салтқа айнала бастады. Тіпті кейбір бағушылардың өздері мұндай адам-

дарға көмектесуге өздерін жеткілікті дәрежеде құзырлы сезіне алмай, оларды кәсіби психологтарға, психиатрлар мен психотерапевтерге жібереді.

Бұл кәсіби дайындықтан өткен адамдар пайдасыз дегенді білдірмейді, әрине, егер олардың кеңестері Құдайдың Сөзі мен Оның өсиеттеріне негізделген болса. Бірақ та Құдай Мәсіхтің Денесі — қауымы сол торыққан, мұқтаж адамдарға қызмет ететіндей етіп ойластырғанын ұмытпайық. Біз Құдайдың азап шеккен адамдардың жандарын сауықтыратыны жайлы айтқан сөзіне сенуге тиіспіз.

Сонымен, егер жаныңыз ауырып азап шегіп жүрсеңіз, онда Мәсіхтің рухани денесінің өзіңізге қызмет етуіне ерік беріңіз. Өз мұқтаждықтарыңыз жайлы достарыңызға — әсіресе, рухани жетекшілеріңізге айтып беріңіз және олардан өзіңіз үшін мінажат етуін өтініңіз. Сезімдік әлсіздігіңізге немесе ауруыңызға себеп болған күнәңізді мойындаңыз және Мәсіхтің рухани денесінің алдында жауапкершілікте болыңыз.

Әңгіме сезімдеріміз жайлы болғанда, біз өзгермейтін қуанышты көңіл-күйдің мәсіхшілік өмірдің түпкі мақсаты емес екенін есте ұстауға тиіспіз. Құдай өзінің жолын қушыларға барша «жағымсыз» сезімдерден азат боласыңдар деп уәде бермейді. Керісінше, біз жерлік тәнімізде қаншалықты ұзақ өмір сүретін болсақ, жан азабы мен қиындықтар да біздің жолымызда соншалықты көп кездеседі.

Келесі тарауда біз өз өмірімізде бәрінің «жақсы» болуына емес, Құдайды дәріптеуге және Оның ақтап алу жоспарына кедергі келтірмеуіміз керек екенін көреміз. Қалғанының бәрі өткінші. Шынайы қуаныш тек осы мақсатқа адалдықты сақтауда ғана.





ӨТІРІК

32. ЕГЕР МЕН БІР НӨРСЕНІ
СЕЗІНЕТІН БОЛСАМ,
ОҢДА МҰНЫҢ
ШЫНДЫҚ БОЛҒАНЫ

33. МЕН ӨЗ СЕЗІМДЕРІМЕ
ИЕ БОЛА АЛМАЙМЫН

34. ГОРМОНДЫҚ АҚАУ
КЕЗІНДЕ МЕН ӨЗ-
ӨЗІМЕ КЕПІЛДІК БЕРЕ
АЛМАЙМЫН

35. КҮЙЗЕЛІСТІ ЕҢ
БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ
ДӘРІЛЕР АРҚЫЛЫ
ЕМДЕУ ҚАЖЕТ
НЕМЕСЕ ПСИХИАТРҒА
ҚАРАЛУ КЕРЕК

ШЫНДЫҚ

- Өз сезімдеріме үнемі сенім арта беруіме болмайды. Көп жағдайда олар шындыққа сәйкес емес және менің соларға алданып қалуым мүмкін.
- Мен шындыққа сәйкес келмейтін кез келген сезімнен бас тартуға тиіспін.
- Сезімдерім мені басқаруға тиіс емес.
- Мен шындық туралы ойлануға, барлық ойларымды шындыққа құлақ асуға бағындыруға шешім қабылдай аламын және Құдайдың сезімдерімді басқаруына ерік бере аламын.
- Құдайдың рақымдылығымен мен нені сезінетініме қарамастан Оған бағынуға өз еркіммен шешім қабылдай аламын.
- Күнәһар әрекеттерге, адамдармен жаман қарым-қатынас және дөрекілікке ешқандай ақтау жоқ.
- Менің өмірлік (тәни және сезімдік) циклыдарым өзімді жаратқан, менің қамымды ойлайтын және менің өмірім жайлы бәрін де Білетіннің бақылауында.
- Күйзелістің тәни және сезімдік белгілері тез арада шешуге тиісті рухани мәселелердің салдары болуы мүмкін.
- Егер менің күйзелісім тәндік науқастың кесірінен болмаса, онда дәрілер мені азабымнан азат ете алмайды.
- Мен өзімді үнемі жақсы сезінуге тиіспін деген заң жоқ. Сезімдерімнің қандай екеніне қарамастан, мен Құдайға алғысымыды айта аламын, Оған құлақ асып, адамдарға қызмет ете аламын.
- Құдайдың рақымы, Киелі Рух, Сөз, Оның өсиеттері, Мәсіхтің Денесі — бұлар менің сезімдік қажеттіліктеріме толықтай жауап бере алады.

❁ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ ❁

1. Құдаймен КЕЛІСІҢІЗ.

Сіз сезімдер жайындағы қай өтірікке сендіңіз?

2. Жауапкершілікті өз мойныңызға АЛЫҢЫЗ.

Бұл өтірікке сену сіздің өміріңізге (адамдармен қарым-қатынасыңызға, іс-әрекеттеріңізге) қандай әсерін тигізді?

3. Шындықты ЖАРИЯЛАҢЫЗ.

Жоғарыда келтірілген шындықтардың барлығын дауыстап оқыңыз. Қазір олардың қайсысы сіз үшін аса маңызды?

Санаңызды Құдайдың Сөзімен жаңартыңыз. Келесі үзінділерді дауыстап оқыңыз. Бұл аяттар сізге өз сезімдеріңізбен қалай күресуді ұсынады?

Філіп. 4:4–8

Қолос. 3:1–4

Ишья 26:3–4

Ишья 50:10

4. Шындықтың негізінде ӘРЕКЕТ ЕТІҢІЗ.

Өміріңіз шындыққа сәйкес болуы үшін қандай қадамдар жасауыңыз қажет?

5. Құдайдан шындықта жүруге көмектесуін СҰРАҢЫЗ.

Әке, маған сезімдерді сыйлағаның үшін рахмет. Игіліктерге қуана білу мүмкіндігім үшін, тіпті, ауруды сезіне алатын мүмкіндігім үшін де алғысымды айтамын. Шындыққа сәйкес келетін, келмейтіні туралы ойланбастан, өзімнің сезімдеріме жиі сенім артатынымды мойындаймын. Мен Сенің Сөзіңді емес, өз сезімдерім мен сыртқы жағдайларды жиі басшылыққа аламын. Менің нені сезінетініме қарамастан, Сенің шындығыңның өзгеріссіз күйде қалатыны үшін рахмет. Қандай ауыртпашылық болса да Өзіңе сенім артуыма көмектес. Назарымды Өзіңе аударған кезімде маған тыныштық сыйлауға берген уәдең үшін рахмет. Амин.

ӘЙЕЛДЕР СЕНЕТІН ӨТІРІК... ...ӨМІРДЕГІ ЖАҒДАЙЛАР ЖАЙЫНДА

Қымбатты күнделік,

Бұл жыл біз үшін аса ауыр болды! Қабылдың әкесімен бірге құрылыс жұмыстарын жасап жүрген немерелерінің бірі биіктен құлап кетті. Сірә, оның жарақаты ауыр болса керек. Біз Қабылмен және оның отбасымен жақсы араласпайтындықтан, бұл туралы көбірек біле алмадық. Біздің қарымқатынасымыз әлі күнге дейін салқын. Өткенді еске алу менің жанымды ауыр азапқа салады.

Биыл астық нашар шықты. Бізді асырау үшін Адамның көп еңбектенуіне тура келуде. Оның үйге шаршап келетіні сондай, маған көмектеспек түгілі сөйлесуге де шамасы келмейді.

Осы уақыттың бәрінде оның нағыз қолдаушысы болдым деп айтқымақ келеді, бірақ менің өз қиындықтарым болды. Қазір ештеңеге қолым тимейді, әлі төрт баламыз бізбен бірге тұрып жатыр. Біздің өміріміз әбігершілікке толы. Күйеуіңнің, балаларың мен немерелеріңнің қамдарын ойлап, үй шаруаларымен айналысып және сонымен бір мезетте өзіңе көңіл бөлуге уақытты қалай табуға болады?!

Кейде шаршап кететінім сондай, бәрімен жанжалдаса бастаймын. Айтуға ұят, бірақ мен ашуымды балаларым мен Адамнан аламын. Мен қатты шаршадым.

Бір жаққа кетіп қалып, сәл де болса тыныққым келеді. Мүмкін, бұл бәріміз үшін пайдалы болар ма еді. Бір нәрсені өзгертетін уақыт жетті.

Бұл «ең жаман күндердің бірі» болды. Сіздің басыңызда да дәл осындай — ештеңенің сәті болмаған күндер болған шығар. Мүмкін, сіз бұл туралы Джудит Ворстың «Александр және ең жаман, ең пайдасыз күн» атты кітабынан оқыған боларсыз:

Мен сағыз шайнап жатып ұйықтап қалыппын, енді ол шашыма жабысып қалған. Ал бүгін таңертең төсегімнен тұрғанда абайсызда скейтбордты басып кеттім, содан соң кеудешемді шелектегі суға түсіріп алдым... сол сәтте мен бүгінгі күнімнің өте сәтсіз, түк пайдасыз күн болатынын түсіндім.

Оның ойы шындыққа айналды. Александрдың мектептегі күні сәтсіз болды, тіс дәрігері мен аяқ киім дүкеніне сапары да пайдасыз болды. Сәтсіздіктер мұнымен де аяқталған жоқ.

Түскі асқа үрме бұршақ дайындалыпты, ал мен оны жаратпаймын.
Теледидарда әлдекімдер сүйісіп жатты, ал мен сүйіскенді ұнатпаймын.
Ваннадағы су тым ыстық, көзіме де сабын тиіп кетті.
Ұйықтауға жатқан кезімде Ник маған өзі сыйлаған жастығын тартып алды.
Микки Маустың суреті бар түнгі шам күйіп кетті. Бұған қоса мен тілімді тістеп алдым.
Мысық менің емес, Энтонидің жанына жатқанды қалады.
Бұл өте сәтсіз, түк пайдасыз күн болды.

Көңілі жабырқаған баланы кешкісін оның ауыр күрсініп: «Ержете салысыммен бірден Австралияға қоныс аударамын!» — деген шешімге келгені үшін кім айыптай алады?

Александр мұндай жағдайды басынан өткерген жалғыз адам емес. Сірә, Құдайдың өздеріңізді адам тұрмайтын аралға апарып тастағанын қалаған сәттер бәріңіздің бастарыңызда болған шығар!

Зәбүрді жазушы да бірде дәл осы жайында мінажат етті. Оған бәрі өзіне қарсы көтерілгендей көрінді, бұл адам төзгісіз жағдай еді:

Сонда мен тілек тілеп былай дедім:
«Кештердің қанаттарын маған берер кім, бұл жерден

ұшып кетіп, тыншыр едім... Қастықтың дауылынан
тез құтылар едім.

Зәбүр 54:7, 9

Құдай жерді жаратқан кезде оған қарап, жақсы екенін көрді. Бүкіл әлем кішкентай молекуласынан бастап үлкен галактикаларға дейін кіршіксіз болды. Әлемде толықтай үйлесімдік патшалық құрды. Ешқандай абыржушылық та, жан ауруы да, жанжалдар мен торығушылық та болған жоқ.

Біз Адам мен Хауаның тамаша әлемнің қызығын көріп өмір сүргендерін білеміз. Олардың алғашқы үйлеріне тіпті Марта Стюарттың өзі қызғана қараған болар еді (Марта Стюарт — Америкадағы белгілі телешоу жүргізушісі; тұрғын үйлерді әрлеудің, бақтар мен бөлме өсімдіктерінің, жайлы өмірге қажетті нәрселердің бәрінің маманы).

Бәрі де тамаша болды. Ештеңені қайта жөндеудің қажеті болған жоқ. Ешкім ешқайда кешіккен жоқ, шаршаған жоқ және ешкім ашуланған жоқ. Ешкім қарызға батқан жоқ, азап шеккен жоқ, ауырған жоқ және өлген жоқ. Ешкім ешкімге ренжіген жоқ және ренжіткен жоқ, ешкім ешкіммен соттасқан жоқ. Дәрігерлердің, ақтаушылардың, психологтар мен сексопатологтардың қажеттілігі болған жоқ.

Бірақ Хауа шайтанның өтірігін тыңдап, онымен келіскен кезде бәрі өзгерді. Бір кездері өз жемістерін жомарттықпен бере салатын жерді енді өңдеп, арам шөптер мен тікенектерден тазарту қажет болды және қандай да бір азық табу үшін маңдай терді төге жұмыс істеу қажет болды. Баланың дүниеге келуі алғаш қуаныш және әйел өмірінің табиғи бір бөлігі ретінде ойластырылған болатын, енді әйел қорқынышты, толғақ пен ауыртпашылықты басынан өткеруге тиіс болды.

Адамдардың өмірінде арам шөптер мен дүниеге бала әкелудің қиындығына:

*қорқыныш, ұят, кінәлілік сезімі;
көңіл қалушылық;
ұрыс-керіс пен соттасу;
көз жасы мен жүйкенің жұқаруы;*

*дауылдар, топан су мен жердің сілкінуі;
зорлық-зомбылық пен қылмыс жасау;
кедейлік, ашаршылық, нәсілге бөлу және соғыстар;
артрит пен рак секілді тауқыметтер келіп қосылды.*

Әлемге енген өтірік өзінің белгілі бір салдарын алып келді. Стақанға тамызған бір тамшы бояудың ондағы судың түсін өзгертіп жіберетіні секілді, күнә да адамдардың өміріне, олардың тіршілік етіп жатқан ортасына «дақ түсірді».

Адамдардың көпшілігі көңіл қалушылықты, ашу мен торығуды бастарынан өткеруде, өйткені олар күнәмен құлдыраудан кейін осы дүниеге бойлай енген өздерінің өмірлік жағдайлары мен азаптар туралы өтірікке сенім артқан.



Өмірдегі қиыншылықтар болмағанда, мен басқаша адам болар едім

Осыдан бірнеше жыл бұрын екі жастағы бір және бір жастағы екі егіз ұлы бар жас ананың маған: «Мына егіздер дүниеге келмей тұрғанда мен төзімді адам едім», — деп шағымданғаны есімде. Жер бетіндегі көптеген адамдар секілді, бұл әйел де бізді өмірлік жағдайлар қалыптастырады деген өтірікке сенді.

Бәрі қиын жағдайлардың кесірінен, біздің көңіл-күйіміздің жаман болуына дәл солар кінәлі деп есептеу — бұл үлкен адасушылық. Мүмкін, мен секілді сіз де бір кездері: «Жалпы, мен қайырымды, жұмсақ, сүйші, ұстамды, Рухқа кенелген әйелмін. Бірақ... сіздер оның не бүлдіргенін білсеңіздер ғой, оған сенбес едіңіздер!» — деген боларсыз.

Біз: «Егер балам шаш кептіргішке су құйып жібермегенде немесе бүкіл жиһазға май жағып тастамағанда, мен ашуға ерік бермес едім!» немесе «егер де ата-анам мені бала кезімде үнемі ұрсып, түкке тұрмайтындығыма сендірмегенде, мен некеде бақытты болған болар едім» немесе «Егер күйеуім өзге әйелге кетіп қалмағанда, мен мұншалықты бақытсыз болмас едім», — дейміз. Біз: «Менің осындай болғаным адамдар мен жағдайлар кінәлі», — дегендей боламыз. Егер

өмірдің жағдайлары өзгеше болғанда (тәрбие, айналамыздағы адамдар), онда біз де басқаша болар едік деп ойлаймыз. Біз төзімдірек, сүюші, өмірге риза адамдар болар едік, бізбен өмір сүру жеңіл болатын еді деп есептейміз.

Егер бәріне жағдайлар кінәлі болса, онда біз құрбандықпыз. Дұшпанның да бізге дәл осыны сіңіргісі келеді. Егер құрбандық болсақ, онда өз әрекеттерімізге жауап бермейміз — өйткені біз өзімізді өзгерте алмаймыз ғой. Бірақ Құдай біздің жауапты екенімізді, бірақ өзгелердің күнәлары үшін емес, оларды және өз өмірімізді қалай қабылдайтынымыз үшін жауап беретінімізді айтады.

Шындығында жағдайлар бізді өзгертпейді. Олар тек біздің шынайы бейнемізді ашып береді. Әлгі егіз баланың анасы өзінің бұрыннан-ақ төзімсіз болғанын түсінбеген еді. Бірақ Құдай оның шын болмысын ашып беретін жағдай жасаған кезде ол мұны сезінді де, өзгере бастады.

Дұшпан бізді өмірдің жағдайлары өзгергенде ғана біз өзгере аламыз дегенге сендіреді. Сонда біз: «Егер де...» деп аталатын ойынды ойнай бастаймыз:

Егер де басқа жаққа қоныс аудармағанымызда ғой...

Егер де ата-анамызға жақын тұрғанымызда ғой...

Егер де үйіміз сәл үлкенірек болғанда ғой (шкафтар, орындар көп болатын еді)...

Егер де ақшамыз көбірек болғанда ғой...

Егер де күйеуім жұмысты азырақ істегенде ғой...

Егер күйеуге шыққанымда ғой...

Егер де күйеуге шықпағанымда ғой...

Егер де өзге біреуге күйеуге шыққанымда ғой...

Егер балаларым болғанда ғой...

Егер де осыншама балаларым болмағанда ғой...

Егер де баламнан айырылып қалмағанымда ғой...

Егер де күйеуім әңгімелесе білгенде ғой...

Егер де менің күйеуім рухани жетекші болғанда ғой...

Жағдай басқаша болғанда бақыттырақ болар едік деп есептеп, алдауға түсеміз.

Бірақ егер біз осы жағдайларда бақытсыз болсақ, онда бақытқа жалпы ие болуымыздың өзі екі талай.

XIX-ғасырда өмір сүрген жазушы Элизабет Прентисс елу жасында күйеуінің жаңа жұмысқа ауысқанын және сондықтан өздерінің Нью-Йорктен Чикагоға қоныс аударуларына тура келетінін білді. Қоныс аудару достарының бәрімен қоштасуды білдіретін және оның әлсіз денсаулығына қауіп төндіретін. Өзінің құрбысына ол былай деп жазды:

Біз тек Құдайдың ғана еркін білуді қалаймыз... Өткен қыста тартқан уайымдарым мені тұрған орын мен жағдайлардың бақытпен еш байланысы жоқ екеніне үйретті. Біз салтанатты сарайда бақытсыз, ал жер үйде рахаттанып өмір сүруіміз мүмкін... Мүмкін, бұл жан ауруы біздің... бұл өмірде жолаушы және келімсек екендігімізді есте ұстауымыз үшін қажет болар.

Джордж Вашингтонның әйелі Марта да өзінің құрбысы Мерси Уорренге жазған хатында осындай сенімділік білдірді:

Мен кез келген жағдайда бақытты және көңілді болып жүруге тырысамын, себебі біздің бақытымыздың немесе бақытсыздығымыздың жағдайларға қарағанда көңіл-күйімізге әлдеқайда артық байланысты екенін білдім.

Елші Пауыл өзінің кез келген жағдайда да разы болып, жемісті еңбек ете алатынын түсінді, өйткені оның қуанышы мен игіліктері тек Құдайдың өзгермес сүйіспеншілігі мен адалдығына және сондай-ақ өзінің Құдаймен қарым-қатынасына тәуелді болды. Міне, сондықтан да Пауыл былай деп айта алды:

Мен қандай жағдай болмасын,
қолдағы барды қанағат етуді үйрендім. Жоқшылықта да,
молшылықта да өмір сүре аламын. Мен не тоя тамақ жейін,
не аш жүрейін, молшылықта немесе мұқтаждықта

болайын, қай жағдайда да қанағат етудің құпиясымен
жақсы танысып алдым.

Філіп. 4:11,12

Пауыл біздің жағдайларға барлық уақытта бірдей ықпал жасай алмайтынымызды, бірақ олардың да бізге міндетті түрде ықпал жасауға тиіс емес екенін түсінді.

Біз өміріміздегі кез келген қиындықты түзете алатын дана, сүюші, құдіретті Құдайға сенім артуға тиіспіз. Кез келген оқиғаның біздің өмірімізге енбес бұрын Құдайдың сүюші қолынан өтетініне және Оның мәңгілік жоспарының бір бөлігі болып табылатынына деген сенімділіктің жемістері.



Мен азап шегуге тиіс емеспін

Қазіргі уағызшылардың көпшілігі күнәһарларға: Исаға келсең болды, таусылмайтын қуанышқа, тыныштыққа осы өмірдегі барша игіліктерге кенелесіңдер деп уәде береді. Шәкірттікке және айқышты алып жүруге шақырудан ада мұндай ілім өмірдің шайқасына қатысқысы келмейтін бүтіндей бір жасық ұрпақты дүниеге әкелді. Өмір жолдарында болмай қоймайтын сынақтар мен қайғы-қасіреттер кездескен кезде олар арыз айтып, наразылық білдіреді және басы ауған жақтарына қаша жөнеледі.

Тартқан азаптарымыздың жөнсіз екендігіне сендіру арқылы дұшпан бізді Құдайға ренжуге және Оның кіршіксіз еркі мен жоспарына қарсыласуға мәжбүрлейді.

Ал Иса бізді өз айқышымызды алып жүруге шақырды. Бұл шайқасқа, азап шегуге шақыру болатын.

Елші Пауыл азап шегу — әрбір сенушінің жолында міндетті түрде кездесетін кедергі екенін айтты: «...болашақтағы Құдай Патшалығының заманына жеткенше біз әлі де талай азап шегуге тиіспіз» (Ел. іст. 14:22).

Қытайдағы билік басына коммунистер келген кезде Артур Мэттьюс сонда уағызшы болып жүрген (1938–1949 жылдар). Ол сол заманғы

Қытайдағы ең соңғы уағызшылардың бірі болды. Төрт жылға созылған үй қамағынан кейін, 1954-жылы ол әйелі мен қызын алып Қытайдан кетті. Оның кітаптары өзінен бас тартып, тіпті қайғы-қасіретте де Құдайдың соңынан еруге деген кесімділікті білдіреді:

Біз өмірлік жағдайларды жоспарларымыз бен жайлы тұрмысымызға қалай әсерін тигізетіндігінің тұрғысынан қарастыруға бейімбіз. Біз шешімдерімізді осының негізінде қабылдаймыз. Алдымызда қиындықтар туындаған кезде біз Құдайға жүгіреміз, бірақ болып жатқан жағдай туралы Оның пікірін білу үшін емес, бізді осы ауыртпалықтардан азат етуін сұрау үшін. Біз үшін тек осы ауыртпалықтардың арқасында ғана жүзеге асатын Құдайдың жоспарынан гөрі өз басымыздың жайлылығы маңыздырақ...

Шынайы өмірден қашатын ұрпақтың өкілдері Құдайдың рақымының дәлелі — бұл қауіпсіздік, гүлденген өмір мен тәни игіліктер деп есептейді. Сондықтан да өмірімізде қиындықтар пайда болған кезде біз Оның ескертулерін түсінбей, жоспарын теріс қабылдаймыз.

Егер біз Құдайдың ізгі ниеттеріне сенбейтін болсақ, онда азаптарға міндетті түрде қарсылық көрсетеміз. Бірақ XVII-ғасырдағы пуритандық жазушы Уильям Лоудың айтуы бойынша, біз азап шегуді осы дүниеден бөлектеніп Құдаймен бұдан да әрмен жақын болудың жолы ретінде қуана қабылдауға тиіспіз:

Әрбір азапты, қиындықты, жан ауруын, қолайсыздықты, азғыруды, түнек пен жалғыздықты өзің үшін өлуге және Өзінен бас тартып, азап шеккен Құтқарушымен жақындықты сезінуге берілген игі мүмкіндік ретінде қуана қабылда.

Бір сәттік, уақытша бақыттан гөрі, Құдай біздің қасиетті болғанымызға әлдеқайда көбірек ұмтылады. Егер қасиетті болмасақ, онда біздің шынайы бақытқа ешқашан қол жеткізе алмайтынымызды Ол біледі.

Азап шегусіз қасиетті болу мүмкін емес. Тіпті Исаның Өзі жерде болған кезінде қандай да бір түсіндіруге болмайтын жағдайда «азап

шегуі арқылы кемелді Бастаушы» болды (Евр. 2:10) және «Құдайдың рухани Ұлы бола тұра, Мәсіх ауыр азаптар шеккен кезінде де Әкесіне мойынсұнуға үйренді» (Евр. 5:8). Біз Исаға ұқсас болғымыз келетінін дәлелдемек боламыз, бірақ бұған қол жеткізуге болатын жалғыз мүмкіндіктен бас тартамыз.

Жаңа Әсиеттің кітаптарын жазушылардың бәрі киелену мен ақталу жемістері біздің өмірімізде азап шегусіз пайда бола алмайтынын мойындайды. Петір тіпті азап шегудің — тек таңдап алынған қасиеттілер үшін ғана емес, Құдайдың әрбір баласына арналған шақырылу екендігін баса айтады: «Ол сендерді сол үшін де шақырды. Мәсіхтің Өзі бізге бола азап шегіп, үлгі қалдырды, сондықтан Оның ізімен жүруіміз керек» (1 Петір 2:21).

Шынайы қуаныш — бұл аурудың болмауы емес, азаптарымызда бізге қолдау көрсететін Тәңір Исаның қатысының болуы. Бұл процесстің күндерге, апталарға, айларға, тіпті, жылдарға созылуы мүмкін, бірақ бізде Оның мынандай уәдесі бар:

Ал барлық рақымның бастауы,
Құдай, біразырақ уақыт азап шегіп жатқан
сендерді қайтадан жетілдіріп, нығайтып, қуатты
да табанды етпек. Себебі Ол Мәсіх Иса арқылы сендерді
Өзінің салтанатты ұлылығын мәңгі
бөлісуге шақырды.

1 Петір 5:10



Менің өмірім ешқашан өзгермейді — бұл азаптарым мәңгілікке созылады

Бұл өтірік көптеген әйелдерді үмітсіздік пен торығудың түнегіне батырады.

Бірақ біздің ауруымыз, мейлі, ол тән азабы болсын немесе ерлізайыптылық өмірдегі ауырлықтар болсын, жолдан тайған баламыз жанға салған жара немесе т. б. болсын, олардың ұзаққа созылуы мүмкін, бірақ мәңгілікке созылмайтыны анық. Оның осындағы, жерде-

гі бүкіл өміріңіздің бойына созылуы мүмкін. Бірақ, тіпті бүкіл өмірдің өзі — бұл әлі мәңгілік емес.

Біз Құдайды көрген сәтте-ақ барша қайғымыз ұмытылады.

Осыдан бірнеше күн бұрын бір әйел маған қоңырау шалып, кеңес сұрады: оның некесінде үлкен қиындықтар туындапты. Ол отбасылында тыныштықтың соңғы рет қашан болғанын есіне де түсіре алмайды екен және өзгерістердің болатынына үміті қалмапты. Оның содан кейін айтқан сөздері мені қатты тебірентті: «Егер бұл өмір бойына жалғасын болса, мейлі, онда тұрған ештеңе жоқ. Мен уақыттың қысқа екенін білемін, ал мәңгілік шексіз. Бір кезде бұл өміріміз экрандағы кішкентай дақ секілді болып көрінетін уақыт болады». Бұл сөздерді ол өз тағдырына көнген адам секілді айтқан жоқ. Ол бәрінің өзгеріске ұшырағанын қалайды және бұл жағдайға ол мәңгіліктің тұрғысынан қарайды. Бұл тіпті отпен тазаланудан өткен кезінде де оның адал болып қалуына көмектеседі.

Көптеген жылдар бұрын конференциядан кейін тағы бір әйел маған келіп, былай деді: «Жұбайға сөзсіз адалдық таныту туралы айтқаныңыз үшін сізге алғысымды білдіргім келеді». Содан соң ол маған өз басынан өткен жағдайды әңгімелеп берді. Оның өте нашар адамға күйеуге шыққанына қырық жыл болыпты. «Осы жылдардың ішінде көптеген адамдар, оның ішінде мәсіхшілер де маған ажырасып кетуге кеңес беріп келді. Бірақ қандай да бір жолмен Құдай үйлену тойында берген антымды үнемі менің есіме салып отырды және мен күйеуімнен кетуге құқым жоқ деп есептедім», — деді ол. Аз үнсіз қалған ол сөзін ары қарай жалғастырды: «Күтуге бел байлағанымға өте қуаныштымын. Өйткені осыдан бір жыл бұрын күйеуім ақыры Құдайға бет бұрды және Құдай оны сондай өзгертіп жіберді. Мұнымен де біткен жоқ, — деді ол көзіне жас алып, — бұл азаптардың мені қалай өзгерткенін сіз көз алдыңызға елестете де алмайсыз».

Мәселе мынада, біздің Жер ғаламшарына байланып қалғанымыз сондай, көпшілігіміз үшін қырық жас — бұл бір бүтіндей мәңгілік болып көрінеді! Қалай осыншалық уақыт бойы азап шегуге болатынын біз көз алдымызға елестете де алмаймыз. Егер біз қырық жылдың, тіпті, одан да ұзақ уақыттың мәңгіліктің жанында түк емес екенін көре алсақ қой!

Тартқан азаптарымыздың қаншалықты ұзаққа созылатынына қарамастан, Құдай Сөзі оның мәңгілікке созылмайтынын айтады.

Сондықтан да еш мойымаймыз.

Тәніміз тозып әлсірегенмен, жан дүниеміз күн сайын жаңара түсуде. Уақытша көретін жеңіл азаптарымыз бізді өздерінен әлдеқайда зор, тіпті шексіз де мәңгілік ұлылыққа жеткізеді! Сонымен көзге көрінетін емес, көрінбейтін нәрселерге назар тігеміз. Себебі қазір көрініп тұрғандар өткінші, ал көрінбейтіндер мәңгі.

2 Қорынт. 4:16–18

Болашақта біз үшін анық көрінетін салтанатты ұлылықпен салыстырғанда, қазіргі заманның азаптарының түк емес екендігіне әбден сенемін.

Рим. 8:18

Кешке жылап-сықтау басым болады,
ал таң ата қуаныш тосып тұрады.

Зәбүр 29:6

Сіздің жылап-сықтауыңыздың айларға, тіпті, жылдарға созылуы мүмкін. Бірақ егер сіз Құдайдың баласы болсаңыз, онда бұл мәңгілікке созылмайды. Құдай сіздің азаптарыңыздың аяқталатын сәтін анық белгілеп қойды және бұл Оның қажет деп есептеген уақытынан бір мөйнет те артыққа созылмайды. Құдай Өзінің киелі, мәңгілік мақсаттарына жете салысымен-ақ азаптар аяқталады.

Осы өмірде жеңілдік ақыры келмейтін жағдайларда Құдай Сөзі күндердің күнінде азаптардың аяқталатыны, сенімнің көзге көрінетіні, түнектің нұрға, сеніміміздің сарқылмас қуанышқа айналатыны туралы жүздеген уәделер береді. Ол бір күні былай болады деп уәде етеді:

Сол кезде тіпті иен дала мен құла түз қуанып,
меңіреу дала да шаттанып, сарғалдақтар гүлдейді...
Жаратқан Иенің азат еткен халқы Сионға ән шырқап қайтып

келеді, олар ұдайы мәз-мейрам болады, қуаныш пен шаттыққа кенеледі; қайғы-қасірет, күрсінуге ағаулы бастарынан бірден алыстап кетеді.

Ишья 35:1, 10

Түнектің күші қаншама қоюланса да, соңғы тарау ендігі жазылып қойылды және жеңіс Құдайдың жағында!



Мен бұған енді шыдай алмаймын!

Шайтанның бұған бар күшін салып бізді сендіргісі келетін өтірігінің тағы бірі осы. Осылайша біздің үмітімізді жоғалтып, үнемі жеңілікке ұшырайтынымызды ол біледі. Бір әйел былай деп жазды:

Менің бір жасар егіз ұлдарым бар. Олардың созылмалы құлақ қабынуына шалдыққандарына және тұмауратып жүргендеріне екі айдың жүзі болды. Олар үнемі қыңқылдай береді. Мен күйеуіме және өзімді тыңдауға даяр болғандардың бәріне бұдан ары қарай шыдай алмайтынымды айттым. Бұл өтірік шындыққа айналып, жағдайым одан әрмен нашарлап кетті. Ақыры мен: «Иә, мен бұл қиындықтарға шыдап, өзімнің міндеттерімді атқаратын боламын», — деген кезімде мазасыздық пен күйзелістен бірден дерлік арылдым.



Кейде бізге де бұдан ары осылай өмір сүру мүмкін еместей болып көрінеді. Бұл жерде де жеңіске апаратын кілт — ол өтірікке қарсы тұра алатын шындық. Сезімдеріміз бен қиындықтарымызға қарамастан, Құдай Сөзі былай дейді: «...Менің рақымым саған жетер...» (2 Қорынт. 12:9). Бұл аятты көпшілігіміз білеміз, бірақ сынақтар мен қиын жағдайлар туындаған кезде оған сенім артатындар өте аз. Біз бұдан ары қарай шыдау мүмкін еместігіне көбірек сенеміз.

- Мен науқас баламның төсегінің жанында тағы бір түнді ұйқысыз өткізуге шыдай алмаймын.

- Күйеуіммен ендігәрі бірге тұра алмаймын.
- Енемнің мені тағы да қорлағанына шыдай алмаймын.
- Ауру анам мен жасөспірім үш балама қарауға шамам жететін емес.

Бірақ бұған сенгім келе ме, келмей ме, егер мен Құдайдың баласы болсам, онда «Оның рақымы маған жетеді». (Әрине, егер мен артық міндеттерді өздігімнен мойныма артып алмаған болсам. Ал егер олар Құдайдан берілген болса, Оның рақымының арқасында бәрін де көтере аламын). Өмірдегі әрбір сәт, әрбір қиындық, әрбір мұқтаждық пен әрбір сәтсіздік үшін Оның рақымы жеткілікті.

Мен әбден қалжырап, істерімнің бәрін аяқтай алмаған кезімде мен үшін Оның рақымы жеткілікті.

Жақын адамым немесе әріптесім ашуыма тиген кезде, мен үшін Оның рақымы жеткілікті.

Ашуымды айналамдағылардан алуға даяр екенімді сезінген кезімде мен үшін Оның рақымы жеткілікті.

Мен кезекті азғырылуға беріліп, артық тамақ жемек болған кезімде мен үшін Оның рақымы жеткілікті.

Мен өзімнің отбасымды ойрандап, өзімді қатал, тіпті қатігез ұстаған кезімде мен үшін Оның рақымы жеткілікті.

Не істерімді немесе қандай шешім қабылдарымды білмеген кезімде мен үшін Оның рақымы жеткілікті.

Қайғыдан немесе қазадан жүрегім сыздағанда, жақын адамымның қабірінің басында тұрғанымда мен үшін Құдайдың рақымы жеткілікті.

Құдайдың рақымы не үшін қажет? Сіздің балаңыз қаза болды ма? Қатты науқассыз ба? Күйеуіңіз сізді сүймей ме? Ақша тапшы ма? Әкесіз үш баланы жалғыз тәрбиелеп жатырсыз ба? Келесі айдың пәтеракысын төлейтін ақшаны қайдан аларыңызды білмей жүрсіз бе? Жұмыстан шығып қалдыңыз ба? Жақында ғана ешкімді танымайтын басқа қалаға қоныс аудардыңыз ба? Сіздің қауымыңыз екіге бөлінудің аз алдында тұр ма? Сіз өзіңізді жалғыз сезінесіз бе? Өзіңізді кінәлі сезінуден азап шегесіз бе? Қандай да бір дәріге тәуелдісіз бе?

Өз басыңыздағы жағдаймен толықтырып жазыңыз. Қазір қандай жағдайда болсаңыз да, сіз үшін Оның рақымы жеткілікті. Оның мүмкіндіктері шексіз, мұқтаждықтарыңыз қаншалықты үлкен болса да, сіз оларға қол жеткізе аласыз. Бұл шындық және ол сізді азат етеді.

Қымбатты Құдайдың баласы, Көктегі Әкең сені ешқашан Өзінің рақымы саған көмектесе алмайтын жерге апармайды. Ол Өзінің рақымы сенімен бірге көтере алатыннан артық нәрсені ешқашан сенің мойныға артпайды. Жол өте ұзақ болып көрінген кезде бекем бол. Назарыңды көкке бағытта. Азап атаулының бәрінің тоқтайтын күні келетінін есіңе ал. Сол күні Оның алдында тұратыныңды, осы өмірдің көз жасы мен қайғысының бәрі Оның даңқының нұрында көмескі тартатынын біл. Сонда сен міндетті түрде: «Оның керемет рақымы мені үйіме алып келді», — дейтін боласың.



Ең бастысы — менің өзім

Менің үстелімнің үстінде екі жарнамалық хабарландыру жатыр: олардың бірі — кеңсе заттарын шығаратын ірі компанияныкі, ал екіншісі — дүкендер жүйесінікі. Осы жарнамаларда мынандай сөздер бар:

Ең бастысы — бұл сіздің өзіңіз!

Бұл пәлсапа әлем секілді көне. Жылан Хауаға дәл осы мағынада айтты ғой: «Ең бастысы — бұл сенің өзің». Сол уақыттан бастап осы сенімнің негізіндегі жарнамалар табысты жүріп жатыр.

Жазушылардың бірі былай дейді: «Адамдардың көпшілігі өздерін әлемдегі ең ұлы адам ретінде санайды. Олардың өмірлері «мен» деген тақырыпқа қатысты шегі жоқ вариациялардан тұрады».

Бұл рас. Өзін төмен бағалау туралы барша әңгімелерге қарамас-тан, түйсік сезімімен біздің өміріміз өзіміздің айналамызда өрбиді. Бұл маған қалай әсер етеді? Мен бақытты бола аламын ба? Бұл жағдай неліктен дәл менімен болды? Ол мен туралы не ойлайды? Қазір менің кезегім. Менің үлесім қайда? Менің не ойлайтыным ешкімді де қызықтырмайды. Ол менің сезімдерімді қорлады. Өз қамымды ойлайтын уақыт жетті. Мені ешкім мазаламайтын болсын.

Өз әлеміміздің қазығы болғанымыз біз үшін жеткіліксіз. Біз Құдаймен қоса қалған адамдардың бәрінің де әлемінің түп қазығы болғымыз келеді. Ал басқа адамдар біздің алдымызда бастарын иіп, өз өмірлерін біздің бақытымызды іздеу мен сұраныстарымызды қанағаттандыруға арнаудан бас тартқан кезде біз оларға өкпелеп, өзіміздің өзімшіл мақсаттарымызға жетудің өзге жолдарын қарастыра бастаймыз.

Қауым — барлығы адамның емес, Құдайдың төңірегінде өрбитін жалғыз орын деп ойлағың келеді. Бірақ бұл үнемі осылай бола бермейді. Доктор Ларри Крабб өзінің «Құдайды табу» кітабында інжілдік қауымдардың осы азғыруға еруінің себептеріне терең талдау жасайды:

Қауымның қазіргі басты қызметі адамдардың өздерін сүйікті және қажетті сезінулеріне көмектесу болып табылады. Біз өзімізден бас тартуға және Оған қызмет етуге бола көп нәрселерді құрбан ете отырып Құдайға табынуға үйренбейтін болдық. Біз өзімізден бас тартуға емес, өзімізді көрсетуді, жаман құмарлықтарымызды жеңуді, күйзелістен шығуды, өзімізді жоғары бағалауды, адамдармен қатынасымызға шекара қоюды, өзімізді жақсы көруді үйренудеміз.

Адамдарды жан ауруынан арылту барған сайын қауымның ең маңызды ісіне айналып бара жатыр. Ал бұл қауіпті құбылыс...

Өмірімізге қиындықтар әкелетін жан ауруларының арқасында Құдайдың мінезі мен Оның жоспарын тереңірек тани түсудің орнына, біз оларды жеңілдетуге тырысамыз. Бізге өзімізді жақсы сезінуіміз Құдайды іздеуден маңыздырақ бола бастады.

Осының нәтижесінде біз өзімізді сүйікті сезінуімізге көмектесетін киелікітаптық ойлармен қуана келісеміз де, ал бізді бір саты жоғарылауға шақыратын аяттарынан аулақ жүреміз. Біз Құдайдың ақтап алушы сүйіспеншілігі мен Мәсіхтегі өз жағдайымыз туралы тамаша шындықтарды өз-өзімізді құрметтеу үшін кешірімге айналдырамыз. Біз шындықты көрмейміз, Өзін жек көрген адамдарды жақсы көрген Құдай туралы тамаша аянды, Оны бәрінен жоғары қоюға лайықты шындықты көрмейміз.

...Құдай енді құрметке лайық, себебі Ол бізді құрметтейді. Біз Оның өзімізге таң қаларлық рақымдылық көрсеткені үшін емес, бізге ең құнды нәрсені:

өз-өзімізге ұнау мүмкіндігін бергені үшін құрбандық «Тоқты лайықты» деп әндетеміз. Енді біз Құдайдан да маңыздымыз.

Елші Пауыл Құдайдың біз үшін емес, біздің — Құдай үшін тіршілік ететінімізді түсінді:

Өйткені көктегі әрі жердегі,
көзге көрінетін және көрінбейтін нәрселердің бәрін
Құдай Өзінің рухани Ұлы арқылы жаратты: тақтар
мен үстемдік иелері, билеушілер мен әміршілер бәрі
де Мәсіх арқылы және Мәсіх үшін жаратылған. Бүкіл әлем
жаратылмай тұрғанда-ақ Ол бар болатын, бәрін аман
сақтайтын да — Сол. Мәсіх — сенушілер қауымының,
яғни Өзінің рухани денесінің, Басы әрі оның өмірінің Бастауы.
Ол — өлімнен қайта тірілгендердің ең Бастысы да.
Сондықтан барлық жағынан
да Оның жолы үлкен.

Колос. 1:16–18

Пауыл неліктен римдіктердің түрмесінде Құдайды мадақтай алды? Өзін таспен атқылағанда, кеме апатына ұшырағанда, достары да, жаулары да оны айыптап, одан бас тартқан кезде ол қалайша Құдайға адал болып қала алды? Ашығып, шаршаған кезінде ол қалайша «үнемі қуана алды»? Өйткені ол өзінің алдына өмірлік мақсат қойды. Ол өзі үшін, өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өмір сүрген жоқ. Дамаскіге барар жолда Құдайға бет бұрған сәтінен бастап оның бір ғана — тек Құдайдың даңқы үшін ғана өмір сүру тілегі болды. Ол үшін тек Мәсіхті тану мен айналасындағы адамдарға Ол туралы күәлік ету ғана маңызды болды.

Бірақ мен өз жанымды ойламай,
тиісті өмір жолыммен жүре отырып, Иеміз Исаның
маған тапсырған ісін аяқтасам, Құдайдың рақымы туралы
Ізгі хабарды уағыздап жеткізсем болғаны.

Ел. Існ. 20:24

Пауылдың ұраны мынау болды: «Мен үшін өмір — бұл Мәсіх». Ол бұл шешімді қабылдағаннан кейін қалғанының бәрінің маңызы болмай қалды.

CORAM DEO

CORAM DEO — латын тілінен аударғанда бұл сөз «Құдайдың жүзінің алдында» дегенді білдіреді. Осыдан бірнеше жыл бұрын бір әйел маған әдебір мәтін жазылған суретті сыйлыққа жіберіпті. Бұл Жаратушымыздың еркі бойынша өмір сүрудің қандай болатыны жайлы қысқа, бірақ өте ауқымды ескерту болатын:

CORAM DEO

Құдайдың қатысуында,
Құдайдың билігінің астында және
Құдайдың даңқы үшін өмір сүру.

Бұл тарауды «CORAM DEO» өмір сүрген үш әйелдің тарихымен аяқтағым келеді.

Синди өзінің тарихын ұзақ хат арқылы баяндады. Ол он сегіз жасында күйеуге шығады. Ал жиырма бір жасында үш балалы болып үлгерді. Шомылдыру рәсімінен кішкентай кезінде өткеніне қарамастан, Синди Иса Мәсіхпен тікелей қарым-қатынастың не екенін білмейтін. Жасы отыздан асқан кезде ол анасы өлім аузында жатқан ауруханадан гедеондық Киелі кітапты тауып алып, Құдайдан көмек сұрап жалбарынады. «Сол сәттен бастап мен бір-ақ нәрсені — Құдайды тануды қаладым», — деп жазды ол.

Келесі жылдардың ішінде оның өмірі қиындаған үстіне қиындай түседі. Оның он төрт жасар қызы үйінен кетіп қалады, ал екі ұлы үнемі не полицияға түсіп, не мектепте дау-жанжалға ілігіп жүреді. Бірде Синди күйеуінен ажыраспақшы болып, екі аптаға үйінен кетіп қалады. Бірақ Құдай оны күйеуіне жаны ашуға үйретеді де, ол үйіне қайтып оралады.

Отбасылық тауқыметтер жалғаса береді, ал Синди жақын маңдағы қауымға барып, сол жерде Құдайдың сүйіспеншілігі жайлы және

Исаның күнәһарларды құтқару үшін өлгені туралы ізгі хабарды естиді. Сөйтіп ол өз жүрегін Мәсікке тапсырады.

Үйдегі жағдай барған сайын қиындай түседі. Оның балалары бақылаудан мүлде шығып кетеді. Әкесі үйге кіргізбей қойғандықтан, қызы бір жыл бойы далада түнеп жүреді. Содан кейін ол күйеуге шығып, бес балалы болады. Ал қазір ол жиырма бес жыл бірге тұрған күйеуінен ажырасқалы жүр екен. Оның әкесі қызымен әлі сөйлеспепті және немерелері мен шөберелерін бір рет те көрмепті.

Ұлдарының бірі әскерден масқаралықпен қуылып, төрт жыл түрмеде отырып шығыпты. Әкесі одан да бас тартыпты және олардың көріспегендеріне бірнеше жылдың жүзі болыпты.

Екінші ұлдары да нашақорға айналып, әскерден қуылыпты. Ол адам өлтіріп, жиырма екі жылын түрмеде өткізіпті. Сол жақта тәубеге келгенімен, қазір рухани мәселелерге ешқандай қызығушылық танытпайды екен.

Хатының соңында Синди жақындарының рухани мұқтаждықтары мен отбасындағы өзінің рөлі жайлы былайша ой толғайды:

Біздің үйімізде Туылу мерекесі де, алғыс айту күні де атап өтілмейді. Менің отбасымның рухани және сезімдік жағынан сауығар күні болар ма екен? Мұны тек Құдай ғана біледі. Ал Ол менің өмірімнің Қожайыны. Мен Оның өзімді отбасым үшін тірі қуәлік және жарық ретінде пайдаланғысы келетініне сенемін. Егер оларға Құдайдың таңқаларлық рақымын мен көрсетпесем, басқа кім көрсетеді? Тыныштыққа бөленген, адам тұрмайтын аралдардың біріне кетіп қалған ең оңай жол болар еді. Бірақ Құдай мені осында болып, сенбеуші күйеуім мен ұлдарыма қуәлік ретінде қызмет етуім керек деп шешті.

Күйеуімнің тәкаппарлығының күндердің күнінде түкке керексіз болып қалатындығын және оның Мәсіхпен бетпе-бет кездесуіне түра келетінін көруіне қалай көмектесем болады? Қызыма Құдайдың сүйіспеншілігінің сөзсіз шындығын қалай көрсете аламын? Түрмеден шыққаннан кейін Құдайдан теріс айналып кеткен үлкен ұлыма қалай көмектесем болады? Күйеуімнің екінші ұлыммен және

қызыммен татуласуына қалай көмектесуіме болады? — Құдайдың күші, Оның даналығы мен сүйіспеншілігі ғана бұл гажайыпты жасауға қабілетті! Сонда мен бар жан-тәніммен: «Иә, Тәңірім, қалағаныңның бәрін істей бер!» — деп жауап беремін.



Джейн Томпсон — күйеуі жақында ғана ақ қан ауруынан қайтыс болған жас әйел. Ол күйеуінен төрт баламен қалды — олардың ең үлкенінің жасы әлі жетіге жетпеген. Күйеуі қайтыс болғаннан үш айдан кейін жазылған жесір әйелдің хатынан Құдайдың мінезі мен жоспарларын терең түсінетіні анық көрінді.

Осы уақыттың бәрінде Құдай бізге адал болды және көмектесіп келді. Мен өзім және балаларым үшін бұл жолды ешқашан да таңдамаған болар едім, бірақ осы жағдайларда біз егер бәрі басқаша болған жағдайда ешқашан білмеуіміз мүмкін болған нәрселерді үйрендік. Құдай басқа жағдайларда ешқашан дәріптелмейтін дәрежеде мадақталды, сондықтан да мен Оны мадақтауға тиіспін.

Құдайдың мақсаты — мені «бақытты» ету емес, біздің Жаратушымыз және құдіретті Құдай ретінде Өзіне тиесілі даңқты қабылдау. Біздің бақытымыз болмашы нәрсе. Бастысы — біздің Құдайдың жоспары мен еркін орындауымыз. Дәл осы себептен мен ең жақын досымның, күйеуімнің және балаларымның әкесінің зиратының басында жылай тұра бақытты күйімде қала аламын.



1998-жылдың күзінде менің жақын құрбым және ұзақ жылдар бойғы мінажаттағы серігім **Дженис Гриссон** өзінің саусақтарының шаншып, содан кейін жансыздана бастағанын сезді. Содан бұл оның қолдарына бүтіндей жайыла бастады. 1999-жылдың басында дәрігер оның Шарко ауруына шалдыққанын хабарлады. Дженис сол кезде қырық екі жаста болатын. Оның төрт пен он екі жас аралығындағы төрт баласы бар болатын. Келесі тоғыз айдың ішінде ауру оның әлсіреген денесінің бір жағын, содан кейін екінші жағын меңдей бастады. Бұл айларда Дженис

өз жағдайын талқылауды қаламады. Телефоннан менің даусымды естіген әрбір сәтте ол: «Нэнси, мен сен туралы өте көп ойладым! Сен үшін қалай мінажат етсем болады?» — дейтін.

Сол жылдың қазан айында мен Дженис пен оның күйеуі тұратын Литтл-Рокқа келдім. Қол-аяғы істемей қалған, өкпесінің жартылай ғана істеуінің әсерінен эзер сөйлейтін ол бұл уақытта мүтедектер арбасына таңылған болатын. Бастарына түскен қиындықтарға қарамастан, бұл отбасының бар назарларын Құдайға аударулары мені тағы да қатты тебірентті. Дженистің: «Құдай бізге сондай рақымдылық көрсетті!» — деп қайталай бергені есімде. Кешкісін біз оның арбасын айнала қоршап тұрып мінажат еттік те, содан кейін оның ең сүйікті әнұрандарының бірін шырқадық:

Кеудеңде Сенің табамын тыны м,
Басылады жүрегім менің.

Келесі аптада Дженистің жағдайы күрт нашарлай бастады. Асусу ішуден қалған оны ауруханаға жатқызды. Содан ол үйіне қайтып оралған жоқ. Жағдайларын білу үшін он үшінші желтоқсан күні мен оның күйеуіне қоңырау шалдым. Бұл уақытта Дженис қатты әлсіреп, сыбырлап қана сөйлеп қалған екен. «Ал ең таңданарлығы, — деді Тим, — ол барлық уақытта өзге адамдар үшін мінажат етумен болды». Арада бірнеше сағат өткенде соңғы демін алған ол өзінің Көктегі Әкесіне аттанып кетті.

Дженис Гриссон өз-өзін ұмытып, Құдайды және адамдарды сүйіп қалай өмір сүрсе, дәл сол күйінде дүниеден өтті. Ол өзінің денсаулығын, жеке басының жайлылығы мен болашағын ешқашан жоғары қойған жоқ. Ол үшін ең бастысы қашан да Құдай болды. Ол өміріндегі барлық жағдайларда да тек Құдайды дәріптеудің қамын ойлады. Оның жалғыз тілегі: «...тірі жүремін бе, не өлемін бе, әрдайым болғандай, қазір де өз бойымда Иса Мәсіхтің дәріптелетініне үміт артып, соған нық сенемін» (Філіп. 1:20), — деген елші Пауылдың тілегі болды.

Бағушының әйелі, белгілі жазушы Сьюзан Хант былай дейді:

Адамзаттың барша тарихы — бұл ақтап алудың тарихы. Мен ақтап алу туралы пьесаның басты кейіпкері емеспін. Мен ең бастысы емеспін. Бірақ Құдайдың

рақымының арқасында мен осы пьесаның бір бөлшегіне айналдым. Менің сюжеттік желім пьесаның желісімен бірге өріледі. Өзіңнің түкке тұрмайтын қойылымыңда басты рөлді ойнағаннан гөрі шағын рөлді сомдаған әлдеқайда маңызды. Бұл тамыры мәңгілікке кететін әлемдік тарих. Мен өз рөлімді разылықпен, қуана орындаймын ба, әлде шын мәнінде мүлде мағынасыз әрі өте қысқа өзімнің пьесамды таңдаймын ба?

Шындық сіздің пьесаның бас кейіпкері емес екендігіңізде. Мен де басты кейіпкер емеспін. Басты кейіпкер — Ол. Мүмкін, шындық сіздің өміріңіздегі жағдайларды дәл қазір өзгерте қоймас, бірақ ол сізді өзгертеді. Шындық сізді азат етеді.



ӨТІРІК

ШЫНДЫҚ

- | | |
|--|---|
| <p>36. ӨМІРДЕГІ
ҚИЫНШЫЛЫҚТАР
БОЛМАҒАНДА, МЕН
БАСҚАША АДАМ БОЛАР
ЕДІМ</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Жағдайлар мені қалыптастырмайды, олар тек менің шынайы бейнемді ашып береді. • Егер мен өзімнің қазіргі өміріме риза болмасам, онда ешқашан ештеңеге разы болмаймын. • Мүмкін, мен өз өмірімдегі жағдайларды бақылауымда ұстай алмаспын, бірақ олар да маған ықпал жасауға тиіс емес. • Менің өміріме әрбір қиындықты Құдай Өзінің сүюші қолдарымен әкеледі. |
| <p>37. МЕН АЗАП ШЕГУГЕ ТИІС
ЕМЕСПІН</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Азап шегусіз қасиетті болу мүмкін емес. Егер біз қиындықтар арқылы өтпейтін болсақ, онда біздің өмірімізде ақталудың жемісінің болуы мүмкін емес. • Біз азап шегуге шақырылғанбыз. • Шынайы қуаныш — бұл жан ауруының болмауы емес, жанымыз ауырған кезде Исаның бізбен бірге болуы. • Азап шегу — бұл осы дүниеден бөлектенуге, Құдаймен жақындыққа апаратын жол. |
| <p>38. МЕНІҢ ӨМІРІМ
ЕШҚАШАН ӨЗГЕРМЕЙДІ
— БҰЛ АЗАПТАР
МӘНГІГЕ СОЗЫЛАДЫ</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Менің азаптарымның ұзаққа созылуы мүмкін, бірақ олар мәңгілік емес. • Менің жанымды ауыртатын жағдайлар Құдай Өзінің мақсатына жеткен сәтте бірден өзгереді. • Бір күні азаптар мен көз жасы мәңгілікке тоқтайды. |
| <p>39. МЕН БҰҒАН ЕНДІ
ШЫДАЙ АЛМАЙМЫН!</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Басымдағы жағдайларым қандай болса да, Құдайдың рақымы мен үшін жеткілікті. • Құдай маған оларды көтеретін рақымдықтан артық сынақтарды ешқашан жібермейді. |

40. ЕҢ БАСТЫСЫ – МЕНІҢ
ӨЗІМ

- Құдай — бәрінің басы, соңы және түп қазығы. Барлығы Ол үшін және Ол арқылы жаратылды. Ол — ақтап алу туралы пьесаның басты кейіпкері!
- Менің өмірім бастысы емес. Мен Құдайға қуаныш әкелу үшін және Оны дәріптеу үшін жаратылғанмын.

1. Құдаймен КЕЛІСІҢІЗ.

Сіз өмірлік жағдайлар мен азаптар жайындағы қай өтірікке сендіңіз?

2. Жауапкершілікті өз мойныңызға АЛЫҢЫЗ.

Бұл өтірікке сену сіздің өміріңізге (адамдармен қарым-қатынасыңызға, іс-әрекеттеріңізге) қандай әсерін тигізді?

3. Шындықты ЖАРИЯЛАҢЫЗ.

Жоғарыда келтірілген шындықтардың барлығын дауыстап оқыңыз. Қазір олардың қайсысы сіз үшін аса маңызды?

Санаңызды Құдайдың Сөзімен жаңартыңыз. Келесі үзінділерді дауыстап оқыңыз. Бұл аяттар сізге қиын, жанды ауыртатын жағдайларды қалай қабылдауды ұсынады? Бұл мәселеге Құдай қалай қарайды?

Філіп. 4:11–13

Жақып 1:2–5

2 Қорынт. 4:16–18

2 Қорынт. 12:7–10

Евр. 12:2–11

Аян 21:4–6

4. Шындықтың негізінде ӘРЕКЕТ ЕТІҢІЗ.

Өміріңіздің шындыққа сәйкес болуы үшін қандай қадамдар жасауыңыз қажет?

5. Құдайдан шындықта жүруіңізге көмектесуін СҰРАҢЫЗ.

Ұлы Бағушым, болып жатқан жағдайларға қарамастан менің Құдайым болып қала беретінің үшін, бұрынғысынша рақымыңды көрсететінің үшін және Өзіңнің тағыңнан түспейтінің үшін Саған өте ризамын. Мені сынақтар мен қиындықтар арқылы Өзіңе үміт артуға үйрететінің үшін, мені рухани жағынан Өзіңе ұқсас етіп, сенімді және осы өмірде Өзіңді дәріптеуге деген қабілетімді нығайтатының үшін рахмет. Осы айқышты қабылдаудың орнына Саған ренжіп, қиындықтармен қарсыласып олардан қашып құтылмақ болғаным үшін мені кешірші. Өмірімдегі барлық оқиғалардың Сенің сүйоші қолдарың арқылы өтетіні үшін рахмет. Болашағымды Өзіңе сеніп тапсыруыма көмектес. Мені өз-өзіме және қиындықтарыма аса көп көңіл аударудан азат ет. Қиындықтарды қалай қабылдайтыным әлемге Сенің рақымыңның ұлылығын көрсететіндей болсын. Бір күні барша қайғы мен қиындықтарды жоямын деген уәдең үшін рахмет. Сол бақытты күнге дейін Өзіңе сенім артуыма және Өзіңді дәріптеп жүруіме көмектес. Амин.

III-БӨЛІМ

ШЫНДЫҚТА ЖҮРУ



ӨТІРІККЕ ҚАРСЫ ШЫНДЫҚ



Біз қазіргі заманның мәсіхші әйелдеріне тән көптеген жалған нанымдарды қарастырып өттік. Бірақ дұшпанның қаруы бұлармен бітпейді. Өтіріктің түрлері көп және шайтан дәл сізге әсерін тигізе алатын өтірікті таңдап алады. Тәжірибелі балықшы секілді, ол сырттай күнәсіз болып көрінетін, бірақ құрбандықты өзіне тартатын өтірікті таңдайды. Оған біздің неге сенгеніміз бәрібір, тек шындыққа сенбейтін болсақ болғаны. Ол қарсы тұра алмайтын жалғыз нәрсе — шындық, бұл оны әлемге билік жүргізу мүмкіндігінен айырады.

Шайтанның өтірігіне қарсы тұратын шындыққа соңғы рет көз тастамас бұрын (11-тарау), осы кітаптың негізгі екі ойын есімізге түсірейік:

ӨТІРІК БІЗДІ ҚҰЛЫНА АЙНАЛДЫРАДЫ



ШЫНДЫҚ БІЗГЕ АЗАТТЫҚ ӘПЕРЕ АЛАДЫ



Біз құлдыққа түсу шайтанның өтірігіне құлақ асуымыздан басталатыны туралы айттық. Біз телехабарлар, фильмдер, әуендер, кітаптар мен журналдар арқылы өмірімізге енетін осы дүниелік ойларда тұрған жаман еш нәрсе жоқ деп есептейміз. Біз теріс көзқарастардың ой-са-

намызды өзгертетінін түсінбейміз. Сондықтан да Құдай «құдайсыздар кеңесіне бармайтын, күнәкарлар жолымен де жүрмейтін және мазақтаушылармен бірге отырмайтын» (Зәбүр 1:1қараңыз) адамға айрықша батасын беруге уәде етеді.

Шайтанның өтірігі өзіміздің ерік беруіміз бойынша санамызға енген сәттен бастап, біз ол туралы ойлана бастаймыз. Егер біз теріс түсініктен бірден бас тартпай, санамызға енуіне ерік беретін болсақ, онда ерте ме, кеш пе, өтірікке сене бастаймыз. Ал біздің нанымдарымыз міндетті түрде соларға сәйкес әрекеттер жасауға алып келеді.

Біздің әрекеттеріміздің негізінде түптің түбінде бізді құлдыққа апаратын әдеттеріміз қалыптасады.

Сандраның куәлігі өтірікке сенудің Құдаймен және адамдармен еркін қарым-қатынасты қалай бүлдіретінінің дәлелі бола алады:

Мен Құдайдың өзімді шын мәнінде сүйетініне және қабылдайтынына сенбейтінмін және өзімді қуыс кеуде бишара санайтынмын. Мен бір сәтке де тыным алмастан кіршіксіздікке ұмтылып, айналамдағы адамдардың қолдауына қол жеткізуге тырыстым. Маған тек егер кіршіксіз мәсіхші болсам ғана Құдайға жағатындай болып көрінетін. Егер күнә жасасам, онда Оның мені қабылдамайтынына сендім. Мен жаман мәсіхші әйел болып шықтым, себебі өзімнің күнәсіз емес екенімді білетінмін. Осындай теріс ойларым маған тек айыптау мен құлдыққа түсуді ғана алып келді.

Менің тәкаппарлығым екі жақтан көрінді: 1) кіршіксіз бола алмауым мүмкін екенін мойындаудан қорыққандықтан, мен өзімнің күнәмді мойындаудан бас тарттым, ал Құдай мені қабылдамайды деген ойға жол беріп келген жоқ. 2) Үнемі жеңіліс тауып келгеніме қарамас-тан, мен өз күшіммен әділетті мәсіхші бола аламын деп үміттендім. Сондықтан да мен Құдайдың өзімді қабылдайтынына сене алмадым. Мен осы тұйық шеңбердің аясынан шыға алмадым да (ұмтылыс/жеңіліс/күнә/кінә), соның кесірінен кешірімді, азаттық пен Құдаймен қарым-қатынаста болудың қуанышын шынайы сезіне алмадым. Мен айналамдағы адамдардың қолдауына қол жеткізуге тырыстым, сондықтан бар ынтамды сала бәріне ұнауға тырыстым. Мен бәрі-

не үнемі «иә» деп жауап бердім. Құдайдың өзіме адамдармен қандай қарым-қатынаста болу керектігін ұсынатыны жайлы көп ойланбайтынмын, сондықтан да айналамдағы адамдардың қолдауы мен үшін өз-өзімді құрметтеуімнің негізгі бастауына айналды. Ешкімді ренжітпеуге тырысып, ашық сын айтуға бармайтындығымнан, менің адамдармен қарым-қатынасым көбіне адал болған жоқ. Мен өзімнің шынайы сезімдерімді жасыратын беттерде киіп жүрдім, оның үстіне өз қиындықтарымды айтып, адамдарды мазалағым келмейтін. Мені ешкім де шын мәнінде жақсы білмегендіктен, өзімді жалғыз сезіндім және өзімді «пайдаланған» адамдарға ызаланатын болдым (олардың бұлай етуілеріне өз әрекеттерімнің себепші болғанына қарамастан). Мен өзімнің кемшіліктеріме төзе алмадым. Әрбір қателікті немесе кемшілікті өзімнің бишаралығымның дәлелі ретінде қабылдадым. Мен үнемі алдыма орындалмас мақсаттар қойып, үнемі жеңіліс табумен болдым. Мен өзімнен мүлде кіршіксіздікті талап етіп, оған қол жеткізе алмаған кезде өзімді аяусыз сынга алатынмын. Өзіме қойған талаптарым адам төзгісіз қиындықтарға айналып, отыз жасымда қатты күйзеліске ұшырадым.

Осыдан бірнеше ай бұрын мен өзімнің құлдықта екенімді және өзім сенетін өтіріктің бұғауынан ажырауым керектігін сезіндім. Бірақ егер өзімнің әлсіздігім мен күнәарлығымды мойындасам, Оның менен бірден бас тартатынын сезінгендіктен, мен көп уақыт бойы Одан көмек сұрауға бата алмай жүрдім.



Сандра конференцияға қатысып, өтіріктің қауіптілігі мен шындықтың күші жайлы естіген кезде, жүрегіне жарық түскендей сезінді және алғаш рет үміт пайда болды:

Конференция кезінде Киелі Рух менің Құдай Сөзіне немқұрайды қарайтынымды әшкереледі. Оның Сөзі шынайы. Егер мен өз өмірімдегі шайтанның өтірігінің жартасын бұзғым келсе, онда Сөз менің бүкіл өміріме сіңуі тиіс. Бұл менің жалғыз үмітім екеніне шын сенемін. Бірақ бұл тек жүрегім мен санамды Құдайдың Сөзімен тол-

тырғанымда ғана жүзеге асады. Мен Киелі кітапты күн сайын оқып, шындық туралы ойлануға бел байладым. Санамның жаңаруы ұзаққа созылатын құбылыс екенін жақсы түсінемін. Жаңа теріс нанымдар бас көтеріп отырады және оларды Құдай Сөзімен жеңіп отыруыма тура келеді. Мен Жазбаның ғаламат күшке ие екенін білемін. Мен Оның уәдесін ұстанамын — шындық маған азаттық әпереді!



Осы кітапты оқып отырып, сіз өзіңіздің өтірікке сеніп, өміріңізді соған сәйкес құра бастағаныңызды байқадыңыз ба? Егер солай болса, онда өміріңізде сізді құлына айналдырған бір немесе бірнеше сала бар. Бұлардың салмақты, сіздің өміріңізде тамырын жайып алған қиындықтар немесе сізге болмашы нәрсе болып көрінетін сұрақтар болуы мүмкін. Сіз өміріңіздің осы тұстарын жаудың қолына беріп қойып, көп жылдардан бері одан арылуды аңсап жүрген болуыңыз мүмкін. Немесе, мұндай қиындықтардың бар екенін алғаш байқаған болуыңыз да мүмкін.

Қалай дегенде де азаттыққа апарар жолда сізге кем дегенде үш қадам жасау қажет:

1. Өміріңіздің құлдыққа түскен немесе күнәһар әрекеттері бар тұстарын анықтаңыз.
2. Солардың негізінде жатқан өтірікті анықтаңыз.
3. Өтірікті шындықпен алмастырыңыз.

Шындық кез келген өтірікті жеңе алады. Ал шайтан дәл осыны сізден жасыруға тырысады. Сіздің бұған сенбеуіңіз үшін ол қолынан келгеннің бәрін жасайды. Ал сіз осы шындықты танып, оған сенім артқан және соның негізінде әрекет ете бастаған сәтте-ақ қапастың есігі айқара ашылып, сіз бостандыққа шығасыз.

Ақиқат бізді азаттыққа жеткізеді (Жохан 8:32 қараңыз) және біздің санамыз бен жүрегімізді жалған нанымдар мен сезімдерден қорғайды. Бойымды ашу, теріс ойлар, қорқыныш, бәрін бақылауда ұстау тілегі, реніш сезімдері билеп алатын сәттер болады. Сонда мен шындық-

ты іздеп, соның қалқасына жасырынамын. Құдай Сөзі бізге былай деп уәде етеді: «...Сені Өзінің «қанатымен» жауып алады, «қалқан мен қамалың» — Оның адалдығы, осылай өмірің қауіп-қатерсіз болады» (Зәбүр 90:4).

Шындық біздібү дүниеден бөлектеп, санамызды, жүрегіміз бен рухымызды тазарта алады. Айқышқа шегеленердің алдында Иса Сөзінің тазалаушы күшін шәкірттерінің есіне салды (Жохан 15:3 қараңыз). Жазбада Оның былай деп мінажат еткені туралы айтылады: «...Оларды шындығың арқылы Өзіңе бағыштап, таза жүргізе гөр. Сенің сөзің — шындық» (Жохан 17:17). Мен Жазбаны қолыма ұстап тұрып жиі былай мінажат етемін: «Әке, мені Өзіңнің Сөзіңмен шомылдыршы. Сенің Сөзің шындық. Менің жүрегім мен санамды шындықпен тазартшы».

Шындықтың жолын таңдағанда

Дұшпан шабуыл жасаған кезде, біз жүрегімізді шындыққа бағыттауға және сезімдеріміздің немесе санамыздың не «айтатынына» қарамастан соның негізінде әрекет етіп үйренуге тиіспіз.

Шаршауға, әлсіздікке берілген кезімде, санам немесе сезімдерім өтірікті қабылдаған кезде мен тоқтап, өтірікке қарсы тұра алатын шындықты табуға тырысамын.

Мен шындықты өз-өзіме айтамын және қажет болған жағдайда, шындық менің жүрегімдегі өтірікті алмастырғанға дейін қайталап айта беремін. Шындық бойынша әрекет ету үшін Құдайдан рақым сұраймын. Мен шындықтың таң қаларлық күшіне көп рет куә болдым. Ол менің ішімде буырқанған сезімдерді басады, ойларым мен өмірімді ретке келтіреді.

Жақында мен ұзақ уақыт жиналып тұрған сезімдердің қалай ернеуінен асып, лап ете түскенінің куәсі болдым. Бір адам мені жазықсыз жазғырды. Бұл мен үшін өте ауыр тиді.

Мен үйге келіп, өз-өзімді ұстай алмай ұзақ жыладым.

Бірнеше сағаттың ішінде дұшпан менің ойларым мен жүрегіме әбігершіліктің тұқымын сеуіп үлгерді. Мен тек ол адамның істегенінің

дұрыс еместігі және оның мені қатты ренжіткені туралы ғана ойлаумен болдым. Мен кек алу тілегінің жүрегімде тамырын жаюына ерік бердім. Өзім ұмытып кеттім деп ойлап жүрген бұрынғы реніштерім қайта бас көтеріп, мен өзімді ақтауды және кінәсіздігімді дәлелдеуді алдыма мақсат етіп қойдым. Менің сезімдерім ырқыма көнбей, өзіме ашулана және аяушылықпен қарай бастадым.

Қазір мен сол кезде өзімнің бірқатар теріс көзқарастарға сенгенімді түсінемін, мысалы:

- Ол жаман адам. Ол маған зияндық жасауға тырысты.
- Мен өзіммен жақсы қарым-қатынас жасауға лайықпын және мұндай нәрселерді тыңдауға міндетті емеспін.
- Әлгі адам толықтай кінәлі. Ал менің түк кінәм болған жоқ.
- Мен ол адамды кешіре алмаймын.
- Ол маған үлкен зиян келтірді.
- Біздің қарым-қатынасымызды қайта қалпына келтіру мүмкін емес.
- Ол адам мені ашулануға мәжбүр етті.
- Менің ашулануға құқым бар.
- Менің өзімді қорғауға және бәріне шындықты айтып беруге құқым бар.
- Мен мұны осылай қалдыра алмаймын. Мен сезімдерімді өзгерте алмаймын.

Бұл өтірікке сену маған көп сағаттарға созылған мазасыздық пен рухани күресті алып келді.

Келесі күні таңертең мен өзімнің Киелі кітабымды ашып, соңғы рет тоқтаған жерімнен ары қарай оқи бастадым; мен Жохан жазған Ізгі хабардың 5 және 6-шы тарауларын оқыдым. Осы жерде менің шындықпен бетпе-бет келуіме тура келді:

Кішіпейіл жандар бақытты...
Мейірімділер бақытты...
Татуластырушылар бақытты...

Ал Мен сендерге айтамын: зұлымдық
жасағаннан кек алма! Егер біреу бетіңнің оң
жағын ұрса, оған сол жағын да тос...
жауларыңды жақсы көріңдер...
өздеріңді қудалағандар үшін Жаратқан Иеге
мінажат етіңдер...

Егер өздеріңе күнә жасағандарды кешірсеңдер,
онда көктегі Әкелерің сендерді де кешіреді.
Ал егер басқалардың күнәларын кешірмесеңдер,
онда көктегі Әкелерің сендердің
де күнәларыңды кешірмейді.

Маттау 5.5, 7, 9, 39, 44; 6:14,15

Мен енді таңдау жасаудың алдында тұрдым. Өтірікке сенемін бе, жоқ әлде шындықты қабылдаймын ба? Нағыз күрес осы сәтте басталды. Мен ренішті едім. Мен ашуланып, өзімді ренжіткен адамның жанына жара салғым келді. Бірақ іштей мұндай шешімнің тек құлдыққа ғана апаратынын сезіндім.

Қолыма беті ашық Киеді кітапты ұстап, Құдайдың алдында тіземді бүккен мен шындықты таңдадым. Мен оны кешіріп, оған кек сақтамауға тиіс болғанымды білдім. Оны кешіре алмайтынымды сезіндім, бірақ мәселе менің кешіре алмайтынымда емес, кешіргім келмегендігінде екенін білдім. Мен егер шындықта жүргім келсе, онда кек алу құқынан бас тартуға және бұл адамды өз сүйіспеншілігімнен айырмауға тиіс екенімді білдім.

Мен өзімді ақылға шақырып, шындықты іштей қайталаумен болдым.

Мен кешірмеудің салдары туралы, егер өзгелерге мейірімділік көрсетпесем, онда өзім де одан айырылғалы тұрған рақым туралы, егер Оның өсиеттеріне бағынатын болсам, онда өзім ие болатын игіліктер туралы ойландым.

Мен кешіру туралы тілектің оянуын күтуге болмайтынын, Құдайға мойынсұну жолын таңдау керектігін ұқтым. Сезімдерімнің басылатынын білдім. Тізерлеп отырған кезімде жан дүниемде күрес әлі де

жүріп жатты, бірақ мен бәрібір ақ туды жоғары көтердім. Былайша айтқанда, мен Құдайға: «Сен жеңдің», — дедім.

Мен өзімді және әлгі адамды Құдайдың қолына тапсырдым және оны кешіруге келістім. Бұл қаншалықты қиынға түссе де, мен ренішпен «қоштасуға» келістім.

Сезімдік азаттық бірден келген жоқ. Мен біраз уақытқа дейін ренішімнің басылмағанын сезіп жүрдім. Кейде қайтадан сезімдеріме ерік бергім немесе қандай да бір жолмен жасырын түрде кек қайтарғым келіп кететін. Бірақ Құдайдың рақымымен өз жүрегіме шындықты айтуды және сол бойынша өмір сүруімді жалғастыра бердім. Құдай Сөзіне мойынсұнушылықтан мен өзімді ренжіткен адаммен қарым-қатынасымды қайта қалпына келтірудің жолдарын іздей бастадым.

Келесі апталарда менің сезімдерім еркіме бағына бастады. Өз уақытында Құдай маған жағдайды дұрыс бағалай білуді берген еді. Ол менің жағдайларға қатысты жасайтын әрекеттерімнің себептерін ашып берді және жүрегімнің терең түпкіріндегі, тіпті мен олардың бар екенін сезбеген және оларды шешуге тиісті мәселелерді көрсетіп берді. Сол үшін мен Оған ризамын. Әлгі жағдайды мені Мәсіхтің бейнесіне жақындату үшін пайдаланғаны үшін мен Оған алғысымды айтамын.

Шындықтың қайта өзгертуші күші

Құлдықтан азат болу — бұл шындықты танудың, шындыққа және соған негізделген өмір салтына сенім артудың тәтті жемісі. Ал шындықты қалай тануымызға болады? Біз шындықтың жай ғана ой немесе пәлсапа емес екенін есте ұстауға тиіспіз. Шындық — бұл Тұлға, Иеміз Иса Мәсіх. Ол Өзі туралы былай деді: «Жол, шындық және шынайы өмір Менмін...» (Жохан 14:6). Иса адамдарға қандай да бір діни жүйені емес, Өзін уағыздады. Өздерін Оның жолын қушылармыз деп санағандарға Ол былай деді:

...Егер сендер айтқандарымды естеріңе сақтап,
жүзеге асырсаңдар, шынымен Менің шәкірттерім боласыңдар.

Сонда ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді... Сонымен егер Құдайдың рухани Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе, шынымен азат боласыңдар.

Жохан 8:31–32, 36

Шынайы азаттыққа тек Иеміз Иса Мәсіхпен қарым-қатынас арқылы ғана қол жеткізуге болады. Иса (тірі Құдай Сөзі) Өзін Жазбада ашты (жазылған Құдай Сөзі). Егер Оны танығымыз келсе, егер шындықты білгіміз келсе, онда өзімізді Құдай Сөзін оқу мен зерттеуге және ол туралы ойлануға арнауға тиіспіз. Мұны ештеңемен алмастыруға болмайды және бұл жолды қысқартуға да болмайды. Өтірік арқылы дұшпан бізге үнемі шабуыл жасайды. Бұл өтірікті жеңу үшін, біз санамыз бен жүрегімізді Мәсіхпен, Оның Сөзімен толтыруымыз қажет.

Бірақ шындықты біліп қана қою жеткіліксіз. Біз шындыққа бағынуға тиіспіз. Бұл біздің қажет болған жағдайда ойлау салтымызды Құдай Сөзіне сәйкес етіп өзгертуге дайын болуымыз керектігін білдіреді. Өздерін мәсіхшіміз деп санайтын миллиондаған адамдар алданып жүр — олар Киелі кітап бойынша өмір сүрмейді. Олардың өмірдегі құндылықтары, болып жатқан жағдайларды қабылдаулары, адамдармен ара қатынастары, қабылдайтын шешімдері мен басымдықтары олардың алданып жүргендерінен және осы дүниеше ойлайтындарынан куәлік етеді.

«Елдің бәрі солай ойлайтындықтан» немесе бұған өзіміз үнемі сеніп келгендіктен немесе белгілі мәсіхші жазушының осы ұстанымды ұстанатындығынан немесе осыған жақын досымыздың немесе жан қамқоршымыздың кеңес бергені үшін ғана белгілі бір көзқарасты дұрыс деп есептеу қате. Біз өз сезімдерімізді Құдай Сөзімен салыстыруға тиіспіз. Ол біздің жалғыз беделіміз.

Шындықпен сәйкес өмір — бұл өтіріктен саналы түрде бас тартып, шындықты қабылдау. Зәбүрді жазушының: «Жалғандық жолын алшақтата гөр менен... Шындық жолымен жүруді таңдап алдым...» (Зәбүр 118:29,30), — деп мінажат етуі де сондықтан.

Жазбаның бетін ашқан сайың, Құдай Сөзін естіген сайың біз Құдайдан өміріміздің қай саласына шайтанның өтірігінің енгенін көрсетіп беруін сұрап мінажат етуге тиіспіз. Сонымен қатар, біздің жүрегімізден: «Тәңірім, Сенің сөзің шындық болып табылады, мен Сенің айтқандарыңның бәріне де бағынамын. Мұның маған ұнайтын не ұнамайтынына, оны орындағым келетіні не келмейтініне, онымен келісетін не келіспейтініме, маған оның түсінікті болатыны не түсінікті болмайтынына қарамастан, бәрібір өз өмірімді Сенің Сөзіңе бағындыруға шешім қабылдаймын».

Біз шындықты танып, сол бойынша жүрген кезімізде, Құдай айналамыздағыларды да біздің көмегіміз арқылы шындыққа әкеледі.

...Біз бұдан былай әрбір ой толқынына тәлкек болған жас баладай кез келген ағымдағы ілімге ілесуден, әрі қу, айлакер адамдардың алдап-арбауына еріп азғындық жолға түсуден аулақ боламыз. Қайта, бір-бірімізге шындықты сүйіспеншілікпен айтамыз және қауымның Басы — Иса Мәсіхпен тығыз байланысымызда жан-жақты өсіп жетілеміз... Сондықтан өтірікті тастап, әрқайсың басқаларға шындықты айтыңдар! Бәріміз біріккен бір рухани дененің мүшелеріміз ғой.

Ефес. 4:14–15, 25

Жоғарыда айтып кеткенімдей, мен бұл кітапты әйелдердің шындықта азаттыққа ие болғандарын қатты қалағандықтан жаза бастадым. Бұл тілек Жақыптың жолдауының соңғы тарауында айтылады:

...Бауырластарым, қайсыбіреуің ақиқат жолынан тайса, басқа біреуің оны кері қайтарсын! Естеріңде болсын: кім күнәкарды теріс жолдан қайтарса, сол оның жанын рухани өлімнен құтқарып, көптеген күнәларының кешірілуіне себепші болады.

Жақып 5:19,20

Қазіргі күндері «күнәһарларды жалған жолдарынан қайтару» туралы ой адамдарға ерсі әрі түсініксіз болып көрінеді. Біздің заманымыздың мәдениетінің ұраны — «Сен қалай өмір сүргің келсе де өзің білесің, бірақ маған ақыл айтуға тырыспай-ақ қой. Менің өмірімнің саған қатысы жоқ» дегенді білдіреді. Бұл өтірік біздің мәдениетімізге тамырын жайып алған кезде, төзімсіз және мардымсыз адамдар деген атаққа ие болудан қорыққан көптеген сенушілер шындықты қорғауды қойды.

Көптеген мәсіхшілердің «өзің өмір сүр және өзгелердің де өмір сүрулеріне мүмкіндік бер» деген ұстанымдары осы дүниеге ғана емес, шындықпен жүрмейтін мәсіхшілерге де қатысты көрінеді. Олардың тыныш тұрған «қайықты шайқағылары» келмейді. Олар қатал және мін таққыш болып көрінгілері келмейді. Оларға бәрін сол күйінде қалдырған жеңіл секілді болып көрінеді.

Біз Мәсіхтің шындығының, Оның Сөзінің шындығының адамдарды азаттыққа жеткізетінін есте ұстауға тиіспіз. Ізгі хабар дегеніміз де осы! Бұл аса маңызды хабар! Біздің таныстарымыз бен жақындарымыз түнектің құлдығынан, өтірік пен өлімнен басқаша жолмен ешқашан құтыла алмайды. Егер біз оларды шын жақсы көретін болсақ, онда батыл түрде мінажатта оларды Құдайға қайтаруға ұмтылатын боламыз.

Тіпті ол біздің қоғамымыздың «көзіне шыққан сүйелдей болып көрінсе де», біз шындықты танып, сол бойынша өмір сүруге тиіспіз. Біз шындықты батыл, сенімді түрде және жанашырлықпен жариялап, күнәһарларды жалған жолдарынан шындықтың жолына қайтаруға ұмтылуға тиіспіз.



БІЗДІ АЗАТ ЕТЕТІН ШЫНДЫҚ



сы кітапты жазу үстінде өтіріктің кейбір түрлеріне өзімнің де сенетініме көз жеткіздім. «Қажетті нәрсенің бәрін істеуге уақытым жетіспейді!» «Бүгін Құдаймен азырақ сөйлесем де жетеді». «Мен өз сезімдеріме ие бола алмаймын». «Менің бұлай істеген себебім, қатты шаршадым... өйткені маған үнемі кедергі жасайды... өйткені мен көп нәрселерді істеп үлгеруім керек»... «Бұған бұдан әрі шыдай алмаймын!»

Асығыстыққа жол берген және торығуға түскен кездерімде Құдай менің жүрегіме шындықтың ұрығын әлсін-әлсін сеуіп отырды. Шындықты естіп, ол жайында ойланған кезімде мен оған сеніп, бағынамын, Киелі Рух мені азат етеді — сезімдерім сабасына түсіп, болып жатқан жағдайларға Құдайдың көзқарасымен қарай аламын. Құдаймен қаншалықты ұзақ өмір сүрсем, шындықтың күші мені соншалықты қайран қалдырады!

Біз шайтанның бойымызға сіңіргісі келетін өтіріктерінің түрлерін қарастырдық және оған қарсы тұратын шындықтар туралы білдік. Осы соңғы тарауда қазіргі әйелдер үшін аса қажетті бірнеше шындықты атап айтқым келеді. Менің өзім де соларға үнемі оралып отырамын. Олар менің санамды, еркім мен сезімдерімді берік сақтайды. Бұл шындық мені азат етеді және ол сізді де азат ете алады.

Сіздің бұл тарауға жай ғана көз жүгіртіп өтуді қалауыңыз мүмкін. Мұның орнына мен сізді өзіңізді азат етуге қабілетті әрбір шындық ту-

ралы терең ойлануға шақырамын. Ойлау салтыңыз өзгеріп, Құдайдың ойлау салтымен сәйкес келгенге дейін әрбір шындықты дауыстап, қайта-қайта оқыңыз. Тіпті, осы тізімді және әрбір шындықты айғақтайтын киелікітаптық сілтемелердің бәрін жаттап алса артық болмайды.

Болашақта, өзіңіздің кезекті өтірікке сенгеніңізді байқаған кезде бірден осы тізімге оралып, оны қайталап оқып шығыңыз, санаңызды жаңғыртыңыз, жүрегіңізді шындыққа бағыттаңыз.

1. *Құдай ізгі* (Зәбүр 118:68; 135:1 қараңыз). Күн жарқырап тұрғанда, сіздің банкілік есеп шотыңызда ақша болғанда, деніңіз сау болғанда, елдің бәрі сізді тамаша адам деп ойлаған кезде Құдайдың ізгілігі мен қайырымдылығына сенім арту оңай. Ал бірақ сіз жұмысыңыздан айырылғанда, жақын адамыңыздың айықпас дертке душар болғаны белгілі болғанда, қауымыңызда дұрдараздық болғанда немесе күйеуіңіз сізбен енді бір шаңырақтың астында тұрғысы келмейтінін айтқан кезде сахнаға шайтан шығады да, сізді Құдайдың ізгілігіне күмәндауға мәжбүрлейді.

Бірақ орын алған жағдайларға, сіздің сезімдеріңіз бен ойларыңызға қарамастан, Құдай ізгі және оның істегендерінің бәрі — игілік.

2. *Құдай мені сүйеді және маған тек жақсылық тілейді* (Рим. 8:32; 38,39 қараңыз). Құдай бізді сүйкімді және жақсы адамдар болғандығымыздан емес, Оның Өзі Сүйіспеншілік болғандықтан сүйеді. Біз Оның сүйіспеншілігіне лайықты болатындай еңбек сіңіре алмаймыз. Біз Оның шүбәсіз сүйіспеншілігін түсіне алмаймыз, бірақ егер біз оған сеніп, қабылдайтын болсақ, онда ол біздің өмірімізді өзгертеді.

Құдай ізгі және бізді сүйеді, яғни, Ол Өзінің біз үшін жоспарлаған өмірдің қуанышын көргенімізді қалайды. Ол біздің шынайы және мәңгілік қуанышты тек Өзінде ғана табатынымызды біледі. Ол біздің Өзіне келуіміз керектігін баса айтады, себебі біз нағыз қанағаттануды сонда ғана сезіне аламыз.

3. *Құдай мені толықтай қабылдайды* (Ефес. 1:4–6 қараңыз). Мүмкін, сізді ата-анаңыз, жұбайыңыз, досыңыз немесе балаларыңыз қа-

былдамайтын болар. Бірақ егер сіз Мәсіхке сенетін болсаңыз, онда Ол сізді қабылдайды. Бізге Оның өзімізді қабылдауы үшін күш жұмсаудың қажеті жоқ. Бұл үшін рухани биіктердің бәрін бағындыру қажет емес. Біз Қасиетті Құдайдың рақымын ешпенемен де жаулап ала алмаймыз. Бірақ біз — өлімге кесілген күнәһарлар — Құдайдың алдында таза да кінәсіз болып тұра аламыз, Ол бізді қабылдап қойды. Неліктен? Өйткені Ол таза, күнәсіз Исаны қабылдайды, ал біздің Онымен бірлескен өміріміз Құдайдың алдында.

4. *Менің бақытымды тек Құдай ғана құрай алады* (Зәбүр 22:1 қараңыз). «Жаратқан Ием — менің Бағушым; мен еш нәрседен де тартыпаймын...». Мүмкін, бұл аят сізге бала кезіңізден таныс болар. Бірақ сіз осы шындыққа сенесіз бе? Сіз Оның Бағушыңыз екеніне шын мәнінде сенесіз бе? Онда біздің тыныштығымыз бен бақытымыз үшін қажеттінің бәрі де бар.

5. *Құдайға сенім арту қажет* (Ишая 28:16 қараңыз). Құдай Өзінің уәделерінде тұрады. Ол бізді ешқашан тастап кетпеуге уәде берді (Евр. 13:5 қараңыз). Ол біздің сенімімізді ақтауға уәде берді. Ара-тұра менің: «Құдай менің көңілімді бір рет қалдырған жоқ, яғни, қазір де қалдырмайды» дегенді есіме салып тұруыма тура келеді. Колин атты әйел көп жылдарға созылған күрес пен азаптардан кейін жұбанышты осы шындықтан тапты:

Құдайға толықтай сенім артуға болатынына мен алғаш рет сендім. Мен азаттық алдым, енді маған осы дүниеден өзімнің орнымды іздеудің қажеті жоқ. Оның осы әлемді билейтінін, мені жетелеп, үйрететінін, қорғайтынын, жұбататынын және қуаныш сыйлайтынын білетіндіктен енді еркін тыныстауыма болады.



6. *Құдай қателіктер жасамайды* (Ишая 46:10 қараңыз). Адамдар — біздің бүкіл өмірімізге әсерін тигізетін үлкен қателіктер жасаулары мүмкін. Ал Құдай барлық уақытта да өзінің мақсаттарына жетеді

және бұған адамдардың ешқандай қателіктері кедергі жасай алмайды. Егер біз Мәсіхте болсақ, онда Оның қолдарында тыныштық табамыз. Біздің өмірімізде тек Оның Өзі жол берген нәрселер ғана бола алады.

Әйүп айтып жеткізгісіз азап тартқан, оған қарай шайтанның жебелері ұшып жатқан кездің өзінде Құдай жағдайды Өз бақылауында ұстады. Құдайдың құлына қолын тигізу үшін шайтанның рұқсат сұрауына тура келді. Біздің өмір жолымызда кездесетін азаптардың қаншалықты күшті болатынын және қаншалықты ұзаққа созылатынын Құдай айқындайды. Ол Өзінің балаларының өмірінде қателіктер жасамайды. Біреу былай деді: «Құдайдың еркі — бұл егер біз Құдайдың білетінінің бәрін білетін болсақ, онда біз де соны таңдап алатын нәрсе». Мәңгілікке барған кезде біз артымызда қалған жердегі өмірімізге қараймыз және осыған дейін өзіміз сеніммен қабылдаған нәрсені өз көзімізбен көреміз: Ол бәрін дұрыс істеді.

7. *Құдайдың рақымы маған жетеді* (2 Қорынт. 12:9 қараңыз). Мен Құдайдың баласымын, сондықтан Құдайдың рақымы жетпейтіндей жағдайларға ешқашан тап болмаймын. Күнә көбейген жерде рақымдылық одан да артық болады. Мен әлсіз болғанда, Ол күшті. Мен шаршағанда, Оның күші тасып тұрады. Мен шаршаған кезде, Оның күші сарқылмайды.

Қазір сіз қандай жағдайда болсаңыз да, сіз үшін Құдайдың рақымы жеткілікті болады. Сіз өміріңізде ертең, ендігі жылы немесе елу жылдан кейін не болса да, сол кезде де Құдайдың рақымы сіз үшін жеткілікті болады.

Өткеннің жанға бағар естеліктері мен сәтсіздіктеріне төзу үшін Оның рақымы жеткілікті. Оның рақымы жалғыздықта өткен бүкіл өмірге де, жаман адаммен бір шаңырақтың астында өткен елу жылға да жеткілікті. Оның рақымы төрт бала бағып отырған жалғыз басты анаға жеткілікті. Оның рақымы мектеп жасына дейінгі немесе жасөспірім үш баланың анасы үшін жеткілікті. Оның рақымы кәрі әке-шешесін бағып-қағып жүрген әйел үшін, ер жетіп, өз алдарына кеткен балалардың анасы үшін, өмірінде үлкен қиындықтар көріп жүрген ана үшін,

өкіметтің жәрдем ақысына өмір сүріп жатқан жесір әйел үшін және қарттар үйіндегі мүгедек үшін жеткілікті.

Бізге шындықты өзімізге, бір-бірімізге қайталап отыру қажет. Өмірдің кез келген саласында, кез келген жағдайда Оның рақымы жеткілікті. Ол мен үшін де, сіз үшін де жеткілікті.

8. *Мәсіхтің қаны кез келген күнәні тазарта алады* (1 Жохан 1:7 қараңыз). Менің өткенімде немесе болашағымда кешірілмейтіндей және Исаның қанымен тазармайтындай бірде-бір күнә жоқ. Бірақ бұл біздің бойымызда күнәға жеңіл қарауды тудырмай, керісінше, күнәларымыздың Иеміз Исаның қаны төгілуін талап ететінін сезінуді әкелуі тиіс. Ол біздің рухымызды бағындырып, бізді бойымыздағы Киелі Рухтың күшіне сүйене отырып, мойынсұнудың жолымен жүруге итермелеуі тиіс.

Зәбүрді жазушы өзінің күнәсінің қаншалықты зор екенін түсінді, сондай-ақ ол күнәларын мойындаған күнәһарларға деген Құдайдың рақымының күнәдан үлкен екенін де түсінді: «Ием, Сен күнәларды есіңнен шығармасаң, кім алдыңда тірі қалар, уа, Жаратқан? Бірақ Сен кешірім беруге әзірсің, содан бәрі Сені қастерлей берсін!» (Зәбүр 129:3,4).

9. *Мәсіхтің айқышы менің күнәһар тәнімді жеңе алады* (Рим. 6:6–7 қараңыз). Иса Мәсіхтің өлімі және өзімнің Онымен біріккенімнің арқасында күнәнің билігінен азат болдым. Мен енді күнәнің құлы емеспін. Егер күнә жасайтын болсам, оған қарсы тұра алмайтындығымнан емес, өзімнің бұрынғы қожайыныма саналы түрде бағынатындығымның кесірінен жасаймын. Ал шындық — менің күнә жасамай жүре алатындығымда (Рим. 6:14 қараңыз).

10. *Өткендегілерім менің жанымды ауыртуға тиіс емес* (1 Қорынт. 6:9–11 қараңыз). Мен Пауыл өткендері қараңғы болған сенушілерге осы туралы айтқан үзіндіні өте жақсы көремін. Ол күнәнің шын мәнінде де Құдайдан алыстататынын олардың естеріне салады және содан кейін Мәсіхтің ең үмітсіз деген күнәһардың өзін тазартып, жаңарта алатынына сендіреді.

Әділетсіздердің Құдай Патшалығынан орын алмайтынын білмейсіңдер ме? Алданбаңдар: азғындар, жалған тәңірлерге құлшылық етушілер, неке адалдығын бұзушылар, нәпсіқұмарлар, еркекжанды еркектер, ұрылар, дүниеқоңыздар, маскүнемдер, өсекшілер және тонаушылар үшін Құдайдың Патшалығында орын жоқ! Бұрын кейбіреулерің сондай болдыңдар. Алайда сендер күнәдан тазардыңдар; енді Иеміз Иса Мәсіхтің атына сиынып Құдайымыздың Рухы арқылы Оның қасиетті халқы болып, ақталдыңдар.

1 Корынт. 6:9-11

Мүмкін, бұрын сіз күйеуіңіздің көзіне шөп салып немесе адам өлтірген боларсыз. Маскүнем немесе әйелжанды болған шығарсыз. Мүмкін, сіз жасанды түсік жасатқан немесе жеңіл жүріске барған боларсыз. Мүмкін, құмарлықтың, ашудың немесе тәкаппарлықтың құлы болған шығарсыз. Бірақ Мәсіхте сіз бұрынғы адам емессіз. Сіз мүлде басқа адамсыз. Сіз Мәсіхтің қанымен тазартылдыңыз және Құдайдың алдында әділетті деп жарияландыңыз.

Құдай Сөзінің шындығы туралы конференциядан кейін Лиза маған өткеннің ауыр естеліктерінен қалай құтылғаны жайлы былай деп жазды:

Менің сол жасанды түсікті жасатуға итермелеген өзімшілігімді немен ақтауға болады? Кісі өлтіргенің үшін өзіңді қалай кешіре аласың? Енді ештеңені өзгерте алмайсың. Құдай мені бедеулік жіберу арқылы жазалай алатын еді, бірақ Ол олай істеген жоқ. Ол менің балаларым дүниеге арушаң немесе мүгедек болып келетіндей етіп жасай алар еді, бірақ Ол олай істеген жоқ. Жиырма жеті жыл бойы мен жазасыз кешірімнің болмайтынын сезініп келдім. Осы конференцияда мен өз өмірімді Құдайдың қолына тапсырдым, енді Оның кешірімін қабылдаймын. Сол кезде, осыдан көп жыл бұрын мен жүрегімді мөрлеп қойғандай болып едім. Енді ешкімді сүймейтін боламын деп серт берген едім. Қазір Құдай сол мөрді жұлып алып

тастады. Мен қайтадан азаттық алдым, мен адамдарды сүйе аламын және олардың да мені сүйулеріне ерік бере аламын. Мен жеңіске жеттім!



Біздің өткеніміз — балалық шағымыз, біздің тартқан жан ауруларымыз бен адамдарға тартқызыған жан ауруларымыз, — мұның бәрі табысқа жету жолында кедергі келтірмеуі тиіс. Құдайдың рақымының арқасында бұл тіпті жеңіске және жемісті өмірге апаратын кезекті қадамға айналуы да мүмкін.

11. *Құдай Сөзі мені басқара, үйрете және сауықтыра алады* (Зәбүр 18:8; 106:20; 118:105 қараңыз). Көптеген сенушілер қазір Құдайдың Сөзінің күшіне, оның өмірді түбегейлі өзгертетін, құлдықтан құтқаратын және Құдайдың еркін көрсететін қабілетіне деген сенімдерін жоғалтты. Жазба олар үшін шындықтың көптеген көздерінің бірі немесе басқа еш амал қалмаған кезде ғана қолданатын құрал болып есептеледі.

Ал шын мәнінде Құдай Сөзі тірі және әрекетті, ол біздің азап көрген жүректерімізді сауықтырады және біздің қалжыраған жанымызға тыныштық әкеледі. Ол біздің жолымызға жарығын түсіреді. Қажеттіліктеріміз бен жағдайларымыз қандай болмасын, Құдай Сөзі біздің мұқтаждықтарымызды қанағаттандыруға қабілетті. Ол біздің туыстарымыз бен таныстарымызға көмектесуге қабілетті.

Азап шегіп жүрген адамдар біздің пікірлеріміз бен ұсыныстарымызды қажет етпейді. Олар Құдайдың не айтатынын білулері қажет. Олар Оның бұйрықтарын, уәделері мен жолдарын білулері қажет. Егер адамдарға шын мәнінде көмектескіміз келсе, онда біз оларға шындықты нұсқауға, ал содан кейін бірлескен мінажатта нақты жағдайда оны қалай қолдану керектігін сүйіспеншілікпен үйретуге тиіспіз.

12. *Киелі Рух Құдайдың бұйрықтарының бәрін орындауыма көмектеседі* (1 Салониқалықтарға 5:24; Філіп. 2:13 қараңыз). Құдай бізге рақымдылық берілмеген нәрселерді істеуді бұйырмайды, сондықтан да Оған сенім артуымызға болады. Яғни,

- біз кешіре алмайтындай ешбір адам жоқ (Марқа 11:25 қараңыз);
- біз сүйе алмайтындай ешбір адам жоқ (Матай 5:44 қараңыз);
- Оған барлық жағдайларда да алғыс айта аламыз (1 Салониқалықтарға 5:18 қараңыз);
- Біз Оған барлық жағдайда да разы бола аламыз (Евр. 13:5 қараңыз).

Мәселе біздің Құдайға құлақ аса алмайтынымызда, көңілімізді қалдырған ата-анамызды кешіре алмайтынымызда, әріптесімізді жақсы көре алмайтынымызда, буырқанған дауыл кезінде Құдайға алғыс айта алмайтынымызда.

Мәселенің мәні біз Құдайға құлақ асамыз ба, жоқ па, сонда. Көбіне біз жай ғана кешіргіміз келмейді, жақсы көргенді қаламаймыз, Құдайға алғыс айтудан және Оның бергендеріне қанағаттанудан бас тартамыз. Мойынсұну — бұл біздің Құдайдың ғажайып күшіне сенім артып жасайтын таңдауымыз. Киелі Рухтың күшімен біз кешіруге шешім қабылдай аламыз, Оның біз арқылы айналадағы адамдарды сүйіне ерік бере аламыз, біз кез келген жағдайда да Құдайға алғыс айтуға және барлық уақытта бәріне разы болуға шешім қабылдай аламыз.

13. Мен өз әрекеттерім, шешімдерім мен өмірдегі қиындықтарды қалай қабылдағаным үшін Құдайдың алдында жауап беремін (Ез. 18:19–22 қараңыз). Мен жасөспірім кезімде-ақ өзгелердің әрекеттері үшін жауап бермейтінімді, бірақ сол әрекеттерді қалай қабылдайтыным үшін жауап беретінімді білдім.

Біз өміріміздегі жағдайларды бақылауымызда ұстауға қабілетсіз де шығармыз. Біз қандай отбасында дүниеге келуіміз керек екенін, келбетіміздің, тәрбиеміздің қандай болуы керектігін таңдай алмаймыз. Өмірімізді қалыптастырған көп нәрселерге қатысты біздің дауыс беру құқымыз болмады. Бірақ Құдайдың рақымының арқасында біз жағдайлардың құрбандығы болмауға тиіспіз — біз өмірімізде орын алуына жол берілген жағдайларға көзқарасымыз бақылауда ұстай аламыз.

Адамдар мен жағдайларды кіналауды қойған кезімізде, өз әрекеттеріміз үшін жауапкершілікті өзгелердің мойнына артуды тоқтат-

қан кезімізде, өз таңдауымыз үшін жауапкершілікті өз мойнымызға алған кезде біз өзімізді бейшара құрбандық ретінде сезінуден арыламыз. Біз болып жатқан жағдайларға қарамастан Құдайға құлақ асу азаттығына ие боламыз.

14. *Мен не ексем, соны орамын* (Ғалат. 6:7–8 қараңыз). Жасым келген сайын, «не ексең, соны орасың» деген заңның өз өмірімдегі әрекетін жиірек байқап жүрмін. Жалпы алғанда менің бүкіл өмірім — осы жылдардың ішінде қабылдаған шешімдерімнің нәтижесі. Жас кезімде қандай кітап оқу керектігі, кіммен араласу, билікке қалай қарау, бос уақытты қалай өткізу керектігі жайлы қарапайым шешімдердің өз өмірімде қаншалықты маңызды рөл атқаратыны туралы білмейтін едім. Қазір сол және басқа да шешімдерімнің жемісін көріп жүрмін. Дәл осы секілді біздің бүгінгі жасаған таңдауымыздың да салдары болады. Олар біздің ғана емес, болашақ ұрпақтарымыздың өмірлеріне де әсерін тигізеді. Менің бүгін қабылдаған өзімшіл, күнәһар әрбір шешімім — бұл тамыр жайып, жеміс беретін және бір емес, бірнеше жеміс беретін ұрық. Ал әрбір мойынсұнушылық әрекет — бұл да ұрық, бірақ ол біздің және жақындарымыздың өміріне игіліктің жемісін әкелетін ұрық. Түсім бірден келмейді, бірақ ол міндетті түрде болады.

15. *Шынайы қуаныштың құпиясы — бұл өз өміріңе деген құқықты Құдайдың қолына тапсыру* (Матай 16:25; Лұқа 1:38; 1 Петір 5:7 қараңыз). Көріп отырғанымыздай, күнәмен құлдырағаннан кейін әйелдердің барлығы да өз өмірлерін өздері басқаруға ұмтылатын болды. Біз айналамызға және өмірімізге билік жүргізуге тырысамыз, бірақ мұнымыз көбіне сәтсіз болып шығады. Бірақ біз қанша тырыссақ та, бұл билік бізге басынан берілмеген. Біз сол билікке ұмтылып, адамдарды басқармақ боламыз, бірақ онымыздан ештеңе шықпайды.

Шынайы азаттық пен тыныштықты сезінудің жалғыз мүмкіндігі — бұл шылбырды босатып, басқару билігін Құдайдың қолына тапсыру, өйткені Оған сенім артуға болады және Ол біздің барлық қиындықтарымызды шешуге қабілетті. Өткен аптада мен бір қызметкеріме деген ренішімді жеңуге талпындым. Бізге, әйелдерге тән қасиет бойынша

мен болған жайдың бәрін қайтадан көз алдыма елестетумен болдым. Содан соң мен өзімнің бар болғаны беделімді сақтап қалуға тырысатынымды түсіндім де, мен үшін мінажат етуін өтініп жақын құрбыма қоңырау шалдым. Біз біраз әңгімелесіп, қоштасып жатқан кезде ол кетет: «Нэнси, саған қалай айтарымды білмей тұрмын, бірақ есінде болсын... сен Құдай емессің ғой», — деді. И-иә.

Құдайдың Құдай болуына ерік беру неге соншалықты қиын? Оның дүниені басқаруына рұқсат ету неге сонша қиын? Оны тек Құдай ғана басқара алады ғой. Ол біздің өміріміздегі ешбір нәрсені назарынан тыс қалдырмайды. Өз өмірімізге деген құқымызды Оған сеніп тапсырудан бас тартқан кезімізде, біз Оның жұмысын атқармаққа талпынамыз. Азаттыққа апаратын жол өз өмірімізге, отбасымызға және жағдайларға бақылау жасаудан бас тарту арқылы өтеді. Тек осылай болғанда ғана біз Құдайдың ғана қолынан келетін кереметтерге куә бола аламыз.

16. *Азаттықтың ұлысы — өзімнің үстімнен қойылған билікке бағынуымда* (Ефес. 5:21 қараңыз). Егер біз билікке қарсылассақ, онда әлсізденеміз. Хауаның өзі билігіне бағынуға тиісті күйеуіне тәуелсіз әрекет жасауға бел буған кезде күнә жасағанын есіңізде ұстаңыз. Екінші жағынан, егер біз өз орнымыздан табылып, Құдай белгілеген билікке бағынатын болсақ, онда Оның қорғанышына ие боламыз. Сол кезде біз Құдайдың үстімізден қойылғандардың өмірлерінде әрекет жасауына ерік береміз, осы дүниеге Құдайдың тәртібінің кереметтігін ашып береміз, Оның әлемді билеуге деген құқын жариялаймыз. Шайтан Құдайды құлата алмайды, біз жер бетінде Өзінің Патшалығын құруына көмектесу арқылы Құдаймен қызметтес боламыз.

17. *Әйел және ана болудан асқан ұлы да қасиетті міндет болмайды* (Тит. 2:4, 5 қараңыз). Шынайы қанағаттанушылық пен қуанышты тек өз міндетіңді сезінгенде ғана табуға болады. Құдай әйелді күйеуіне көмекші ретінде жаратты, дүниеге жаңа өмір әкеліп, оны әлпештеп өсіру үшін жаратты. Әйелдердің көпшілігіне Құдай некеге тұруды және ана болуды белгіледі.

Күйеуге шыққан әйелдер үшін Құдайдың шақыруы көбінесе олардың отбасындағы атқаратын рөлдеріне қатысты. Титке Пауыл қауымындағы жас әйелдердің мыналарға үйренуі керектігін айтты:

...Егде әйелдер қыз-келіншектерді күйеулері мен балаларын сүйіп, байсалды, кіршіксіз таза, үй шаруасына ұқыпты әрі мейірімді болып, күйеулеріне мойынсұнуға жігерлендіріп үйретсін. Осылайша олар Құдай сөзінің жамандалуына жол бермесін.

Тит. 2:4, 5

Әйел және ана үшін мансабы да, сүйікті ісі де, адамдармен қарым-қатынасы да, ештеңе де оның отбасы мен балаларынан маңызды болмауы тиіс. Жұмыс сізге қанағаттану сезімін әкелуі мүмкін. Ол сізге өзіңіз басқаша жолмен ала алмайтын материалдық игіліктер әкеле алады. Бірақ бәрібір өз отбасыңды құрып, күйеуіңмен бірге Құдайды мадақтаудан, балаларың мен немерелеріңді тәрбиелеуден, оларды өздерінен бас тартып, өзгелер үшін өмірін қиюға үйретуден асқан міндет, одан асқан қуаныш жоқ. Әйелдің ең басты міндеті де осы.

18. Уақытша бақыттан гөрі, біздің қасиеттілігіміз маңыздырақ (Ефес. 5:26–27 қараңыз). Осы дүниенің көзқарасына қарамастан, бір сәттік бақыт — бұл мүлде ең үлкен игілік емес, тіпті, біздің оған құқымыз да жоқ.

Құдай бізді осында және дәл қазір бақытты ету үшін құтқарған жоқ. Ол бізді «...бүкіл жамандық атаулыдан азат етіп, тазартып, Өзінің меншікті, игі істерге ынталы халқы ету үшін» (Тит. 2:14) құтқарды. Иеміз Иса Өзінің көктегі үйін тастап жерге түсіп, Өзінің өмірін рахатымызға бола емес, біздің азат болып, өзіміз Соның рахатына бола жаратылған Құдай үшін өмір сүруіміз үшін қиды.

Мойынсұнудың жолына түсу оңай емес. Кейде бұл белгілі бір құрбандықтарды талап етеді: біздің жайлы тұрмысымыздан бас тартуымызға тура келеді. Бірақ біздің кез келген құрбандығымыз уақытша, ол мәңгілікте қол жеткізетін қуанышымызбен салыстыруға да кел-

мейді. Қасиеттілікке ұмтылу арқылы ғана біз шынайы бақытқа қол жеткізе аламыз.

19. *Құдай менің қиындықтарымды шешіп қана қойғысы келмейді, Ол мені өзгертуді және мен арқылы дәріптелуді қалайды* (Рим. 8:29 қараңыз). Алдымыздан қиындықтар туындаған кезде, бірден оларды шешуге тырысуымыз табиғи нәрсе. Егер біз Құдайдың жоспарын көре алмасақ, еркін қабылдасақ, онда бар зейінімізді осы қиындықтан шығаратын жолды іздеуге арнаймыз. Біз Оның дауысын естуден қалып, Оның бізге «көмектеспейтініне» ашуланамыз.

Бірақ Құдай тек менің қиындықтарымды шешу үшін ғана жүрген жоқ қой. Бұл Ол менің сезімдеріме немқұрайды қарайды дегенді білдірмейді, әрине. Бірақ, өмірлік құндылықтарымызды құрған кезде біз Құдайдың нені маңызды деп санайтынын есепке алуымыз қажет.

Әрбір адамның Құдайдың даңқын көрсеткені маңызды. Ол бізді Өзінің бейнесіне жақындату үшін бәрін жасайды. Бізді бәрінен көп мазалайтын қиындықтардың кейбірі шын мәнінде де Оның мақсаттарына қарай жүруімізге көмектеседі. Егер біз осы қиындықтардың шешімін табуын талап ететін болсақ — мінезі адам төзгісіз бастығымыздан, қаржылық қиындықтардан, денсаулығымызға, некемізге байланысты мәселелерден құтылуға тырысатын болсақ, онда Құдайдың өзіміз үшін даярлап қойған игіліктерінен айырылып қалуымыз мүмкін. Бізді Өзінің Ұлына ұқсас етуді ойластырып, Құдайдың Өзі жіберген қиындықтарды қабылдамау қандай жетесіздік десеңізші.

20. *Азап тартусыз қасиеттілікке қол жеткізу мүмкін емес* (1 Петір 5:10 қараңыз). Азаптар бізді Исаға ұқсас ету үшін жаратылған Құдайдың қолындағы құрал екендігін сезінген кезімізде мүлде басқаша қабылданады. Қасиеттену тек біз азаптардан бас тартпай, оларды қабылдаған кезімізде ғана жүзеге асады.

Еремия пайғамбардың кітабынан бізді тазарту үшін жіберілген азаптарды қабылдамаудың салдарының қандай болатынының жарқын мысалын көреміз:

Моаб жастық шағынан-ақ тыныш өмір сүріп келді,
 ол қуғын-сүргін атаулыны мүлдем көрген емес.
 Ол дайын болғаннан кейін бірде-бір рет басқа ыдысқа
 құйылмай, ашытқының үстінде сақталған шарапқа ұқсайды.
 Сондықтан ол өзінің иісі мен дәмін
 жақсы сақтап келеді.

Еремия 48:11

Еремияның заманында шарап жасаған кезде жүзімнің шырынын меске құйып, оның қышқылы түбіне тұнғанға дейін бірнеше аптаға қойып қоятын. Содан соң жаңа тұнбасы шөгуі үшін шарапты басқа меске ауыстырып құятын. Шарап толықтай тазарып, тәтті дәмі кіргенге дейін осылай жалғаса беретін.

Моаб халқының тарихы тыныш болды, олар тазарудың бір азаптан екінші азапқа «құйылу» процесінен өткен жоқ. Нәтижесінде, моабтықтардың бойларында күнәнің қою, ащы тұнбасы тұнып қалды, олардың «дәмі» өзгерген жоқ. Азап шегу — бұл өзіміздің біз бен күнәміз тұнып, Оның Киелі Рухының шарабы таза да дәмді болғанға дейін бізді бір ыдыстан екінші ыдысқа ауыстырып құйып отыру болып табылады.

21. *Менің азаптарым мәңгілікке созылмайды* (1 Қорынт. 4:17, 18 қараңыз). Өзіміз оттың ортасында жүргендей, бізді бір ыдыстан екінші ыдысқа ауыстырып құйып жатқандай болып көрінгенде, бізге бұл мәңгілікке созылатындай болып езілді. Ондай сәттерде мұның ұзаққа созылмайтынын есте ұстауымыз қажет. Бұл мәңгілікке созылмайды.

Әрбір азаптың өз мақсаты бар. Құдай қиындықтарды біздің өмірімізге айрықша бір мақсатпен жібереді. Оның мақсаттарына жету үшін қандай күштегі азапты тарту керектігін және бұның қаншалықты ұзаққа созылуы тиіс екенін Ол анық біледі. Ол біздің азаптарымыз Өзінің еркін орындауға қажетті шамадан артық болуына және одан ұзаққа созылуына жол бермейді.

Құдай «...енді қайтып өлім, жоқтау, зар еңіреу мен ауру болмайды» (Аян 21:4), — деп уәде берді. Сондықтан да, Құдайдың баласы, көздерің

жасқа толғанда, ешқандай үміт жоқ секілді болып көрінгенде бекем бол. Басыңды көтеріп, Құдайға алғысыңды айт және жақын арада сеніміңнің ақталатынын, өзіңмен аяғына дейін бірге болуға уәде Бергенді көретініңді біл.

22. *Басты кейіпкер мен емес, Ол!* (Қолос. 1:16–18; Аян 4:11 қараңыз). Мен осы дүние менің айналамда өрбу үшін жаратылмағанын үнемі есімде ұстауға тиіспін. Сіз бен мені қоса бүкіл әлем Құдай үшін жаратылған. Құдайдың жоспары мен мақсаттары біздің көретіндеріміз бен ойлайтындарымыздан әлдеқайда маңызды. Менің банкідегі есеп шотым, жан ауруы мен жарақаттары, қалауларым мен қажеттіліктерім — ең бастысы өзім емес, Ол екенін есіме алған кезде мұның бәрі маңызсыз болып қалады.

Өміріміздегі жағдайларды дұрыс қабылдау үшін, алдымен біз: «Менің өмірімнің мақсаты қандай?» — деген сұраққа жауап беруге тиіспіз. Егер менің мақсатым — бақытты болу, біреуге қажет немесе сүйікті болу болатын болса, онда мен кедергілердің бәрін дұшпанның шабуылы ретінде қабылдаймын.

Екінші жағынан, Құдайдың даңқы үшін өмір сүріп жүргенімізге келіскен кезімізде, барлық жағдайларды Оның жоспарының бір бөлшегі ретінде қабылдай аламыз. Біз «қиындықтардан» қашпаймыз, оларға ренжімейміз және қарсыласпаймыз. Біз оларды өзімізді Исаға рухани жағынан ұқсас ету үшін және Өзін дәріптеу үшін Құдай жіберген достар ретінде қабылдаймыз. Біз Оның бетіне тура қарап: «Мен басты кейіпкер емеспін. Басты кейіпкер — Сенсің. Саған ұнамды нәрселер мен үшін де ұнамды болады. Тек Сенің Атың дәріптелсе болғаны!» — деп айта аламыз.



СӨЗ СОҢЫ

Қымбатты күнделік,

Бүгін біздің үйімізге әйелі мен екі қызын ертіп шөберелеріміздің бірі Қайнан келді. Олар өз бақтарынан жемістер мен жидектер әкеліпті. Неме-релеріміз бен шөберелеріміз бізге жақсы қарайды, әсіресе қазір, біз қартайып, денсаулығымыз сыр бере бастаған шақта.

Менің көру қабілетім күннен-күнге нашарлап барады. Бірақ кейбір нәрселерге менің көзім енді ғана ашылып келеді. Көп жылдар бұрын, жа-нарым жарқырап тұрса да көрсоқыр болыптым. Жыланға сенуге бол-майтынын көре алмаптым. Сол жалғыз ғана қате таңдауымның қандай ауыртпалықтар әкелетінін көрмеппін. Балаларымызға қандай азап әкелетінімді түсінбептім. Алғашқы күнәміз бен соның кесірінен біз ұшыраған қарғысқа Құдайдың Адамды жауапты санайтынын білсем де, мен бәрібір жыланның қармағына түскенім үшін өзімді кінәлі сезінемін.

Сол сәтте мен алдымнан тек жаным қалаған жемісті, өзіме қатты қажетті болып сезілген нәрсені ғана көрдім. Мен қалағаныма қол жеткіз-дім, бірақ оның салдарының қандай болатынын білмедім. Бір сәттік құлақ аспау жан ауруы мен ащы өкінішті алып келді!

Құдайдың бізді қаншалықты сүйетінін және үнемі қамымызды ойлап келгенін мен тек қазір, шет-шегі жоқ қашу мен азап шегуден кейін ғана түсіне бастадым. Оның жолдарының әділетті екенін, Оған құлақ асып, Оның соңынан ерудің қаншалықты маңызды екенін қазір мен айқын көріп тұрмын. Эх, шіркін, өтірік болып шыққан нәрсеге жоғалтқан жылдарымды кері қайтара алсам зой!

Қазір мен өткен өміріме көз тастағанда, Құдайдың рақымына қайран қаламын! Сол бір қарғыс атқан күннен кейін Оның бізді мәңгілікке ұмтыуына болар еді. Бірақ Ол үнемі бізбен достығын қайта жаңғыртуға ұмтылды. Екі ұлымыздан айырылғаннан кейін Ол бізге Сет атты ұлмызды, содан кейін тағы төрт ұл мен қыздарымызды берді. Бірақ біз үшін дәл осы Сет — Құдайдың бізге сыйлаған қайта жаңару мен қуаныштың белгісі іспетті.

Құдай сондай-ақ дүниеге тағы бір Ұлдың келетініне уәде берді. Бізді жаралағанындай, жылан Оған да шабуыл жасап, жаралайды. Бірақ содан кейін Ол жыланға жойқын соққы береді.

Адамзаттың күнамен құлдырауына осыдан көп жылдар бұрын күйеуіммен бірге дәл мен, әйел, себепкер болдым. Мен сол бір сұмдық оқиғаның орнын ешқашан толтыра алмаймын. Бірақ, Құдайдың рақымын қараңызшы! Ол сол Ұлдың дүниеге әйел арқылы келетінін айтты. Сол Ұлдың арқасында күнәнің салдары жойылады. Менің қарсыласқанымға қарамастан, ол менен бас тартқан жоқ, Ол мені кешірудің жолын тапты және рухани жеміс әкелуім үшін мені өзгертуді ойластырды. Ол— Ақтап алушы. Иә, шынымен де солай.

Мен Оның уәделерінің қашан және қалай орындалатынын білмеймін. Бірақ мен Оның сөзіне сенетінімді анық білемін. Жер бетінде қанша өмірім қалса да, мен оны шындықта, Оған мойынсұнушылықта өткізім келеді. Бұл жөнінде туыстарыма да көмектескім келеді. Өтірікке сену бір кезде менің және бүкіл отбасымның өмірін ойран етті. Бірақ, қазір мен Оның шындығының арқасында қайтадан азаттық алдым!



*Ненси Демосс
Әйелдер сенетін өтірік*